Аннотация. Традиционную культуру казахов отличает не только наличие богатого и самобытного художественного наследия, но и умение народа сохранить, закрепить, донести и передать последующим поколениям духовный опыт и художественные ценности. Изустная традиция, существующая в творческой памяти народа – это движение художественной мысли во времени и пространстве, механизм организации, консервации и передачи социокультурной информации. Благодаря народной памяти, перед нами предстает мир традиционной музыки во всем своем духовном богатстве, интеллектуальной ценности, глубокой мудрости, художественном совершенстве. Становление и формирование традиционной музыки осуществлялось в тесном контакте с совершенствованием и развитием института акынов, разнообразием жанров, музыкального инструментария.

Ключевые слова: инструмент, исполнитель, инструментальная и вокальная музыка, духовные ценности.

На вопрос о том, каким образом сохранились древние музыкальные памятники, отражающие культуру казахов, мы можем ответить словами А.Ф. Лосева: «…устная традиция, никак не фиксируемая письменно, представляет собой вполне естественное и социально обусловленное явление: она без всякой письменности есть нечто весьма прочное, твердое и устойчивое в течение многих веков; народная память, т.е. память народных певцов, сказителей, рассказчиков такова, что она не только не нуждается ни в какой записи, но она гораздо прочнее и надежнее всех тогдашних способов письменности» [1, с.69].

На сохранность традиции в культуре указывают Е.Э. Бертельс и А.Е. Алекторов: «Способность народа к хранению преданий о подвигах степных героев развита настолько, что сотни легенд и фактов, относящиеся чуть ли не ко времени Тимура, передаются с необыкновенной точностью, будто события, совершившиеся не более десяти лет назад. Живыми хранителями и распространителями преданий служат странствующие певцы-импровизаторы». Эту удивительную черту также подчеркивает Ч.Ч. Валиханов: «…изумительно, что во всех отдельнейших концах степи, особенно стихотворные саги, передаются одинаково и при сличении были буквально тождественны, как списки одной рукописи…» [2, 391].

Творческая память, ярко проявляющаяся при устном создании и устной передачи, отбирает, шлифует и хранит самое лучшее из всего созданного. Произведения профессиональной, народной музыки переходили из поколения в поколение путем прямой контактной коммуникации от исполнителя к исполнителю, минуя посредников – нотный текст. Нами рассмотрены бесписьменная, связанная со специфически национальными нормами бытования и структурирования, входящая в круг явлений традиционного искусства, ветвь инструментального и вокального искусства. В

этногенезе казахской нации принимало участие множество родственных племен и народностей древнего и средневекового Востока, что предопределило наше обращение не только к собственно казахским, но и к древнетюркским источникам и исследованиям.

У народов, связанных со скотоводством, как правило, наблюдается большое разнообразие музыкальных инструментов и высокое развитие инструментальной музыки, получившей отражение во всех важнейших сферах жизни. Особая роль инструментальной музыки в жизни казахов отражена в многочисленных древних мифах и легендах, что подтверждает глубокую историческую почвенность этого слоя культуры [3, 61]. Именно они, являясь «ячейками культуры», служат ключом, «кодом» к пониманию важных особенностей казахской ментальности.

Богатейшее устное народное творчество и этнографические материалы разного рода, словари, образцы деловой речи, прошения, переписка, теоретические труды содержат сведения о существовании богатого культурного музыкального наследия казахского народа.

Определение генезиса и эволюции таких понятий, как музыкальный инструмент, жанр и исполнитель, тесно связано с диалектикой сложных отношений культур соседних народов. Не удивительно, что в них обнаруживается ряд историко-генетических и культурно-исторических пластов. Место возникновения музыкального инструмента определить, как правило, невозможно, но проследить пути его распространения помогают многочисленные исследования в различных областях этнографии, литературы, живописи и археологии, литературные источники, фольклорное наследие, которые представливают атмосферу музыкальной жизни, восстанавливают типы музыкальных инструментов, бытовавших в прошлом и сохранившихся затем в последующих столетиях. «Инструмент является чрезвычайно важным фактором в понимании исторических процессов формирования музыки в целом, так как он сам единственный «документ» и материальный след этой музыки. Отсюда и особая ценность его как источника познания прошлого – истории, культуры, вековых музыкальных традиций народа» [4, 3].

В исследованиях древнетюркских письменных памятников встречаются многочисленные музыкальные инструменты, бытовавших в то время. В поэме Юсуфа Баласагуни «Кутадгу-билиг» («Познание, ведущее к счастью») [5] говорится о барабане (TOVYL), этот же инструмент упоминается в Сутре «Золотой блеск». У М. Кашгари (XI в.) «Divanu Lugat-it-Turk» [6] упоминается несколько видов музыкальных инструментов, которыми пользовались древние тюрки: QOBUZ ‘кобыз’ [6, 365], TÜMRÜK ‘бубен’, ‘тамбурин’ [6, 478], TOVÏL (TOVUL) ‘барабан’ [6, 165], ČUγ ‘колокол’ [6, 204], EKÄMÄ ‘скрипка’ [6, 150], SÏBÏZγU ‘свирель’ [6, 489], TUγ ‘сигнальный барабан’ [6, 127], KÜVRÜG ‘барабан’ [6, 479]. В сочинении Ал-Замахшари «Мукаддимат ал-адаб» (XII в.) [7], представляющем собой арабско-персидско-тюркско-монгольский словарь, содержатся интересные сведения о следующих инструментах: ČUγ ‘музыкальный инструмент, род гонга’, SÏBÏZγU ‘свирель’, EKÄMÄ ‘музыкальный инструмент, род скрипки’. В поэме булгарско-кыпчакского поэта Гали Иосифа Золойха (XII в.) говорится о древних духовных инструментах: быргу, карнай (‘труба больших размеров’), наккар (‘разновидность трубы’) и ударный тыйбыл (‘барабан’). Составленный в Египте в 1245 г. и изданный Т. Хоутсманом тюркско-монгольско-персидский словарь включает лексемы көңырау ‘колокольчик’, ‘бубенчик’ [8]. В словаре «Codex Cumanicus», относящемся к концу XIII – началу XIV вв., встречаем названия таких музыкальных инструментов: таф ‘тамбурин’, суруна ‘сырнай’, накара ‘тимпан’, ‘бубен’», бургу ‘труба’, бургуча ‘маленькая труба’ [9]. Абу Наср Мухаммад аль-Фараби (870-950 гг.) – крупнейший арабо-мусульманский мыслитель-энциклопедист, первый переводчик и комментатор трудов Арисотеля, внёсший значительный вклад в развитие философии, логики, естествознания и точных наук, выходец из знаменитого рода кыпчак [10; 11]. Аль Фараби занимает особое место в музыкальной историографии. Один из первых исследователей античной теории музыки в средневековье – «Наука музыки», широта и энциклопедичность его музыкально-теоретических воззрений поистине уникальна. Ученый создаёт целостную музыкально-теоретическую концепцию, войдя в историю музыкознания, как создатель первого системного учения – трактат «Большая книга музыки». В ней содержатся интересные сведения о древних инструментах, представлена систематизация и описание бытовавших в его время музыкальных инструментов: *сыбызғы, домбыра, сырнай, керней, қобыз, канун, уд, цимбал (чанг), тамбур, рабаб, дабыл, даңғыра.* Ученый говорит о бытовании у тюркских племен семиструнной арфы. Особого внимания

заслуживают сведения о духовом инструменте *кыпчак*, изобретенном самим ученым, который в других трудах не упоминается.

Сведения о музыкальных инструментах находим в бухарском «Трактате о музыке» Дарвиш Али Чанги Бухараи XVI-XVII в., который состоит из двух частей: теоретической и исторической. В первой уделяется внимание вопросам происхождения музыки, даются сведения о наименованиях музыкальных инструментов: *кобыз, сыбызгы, сурнай, дабыл, най*. Автор выделяет две разновидности ная – из дерева и камыша; деревянный най Дарвиш Али называет «истинным наем-найи-раст или зер-и-дин» [12, 18]. Дарвиш Али приводит две версии о происхождении кобыза, и обе связаны с именем Султана Увейса Джалаира. Согласно одной из них, султан Увейс, который был «большим музыкантом и знатоком теории музыки», создал его на основе озан'а – музыкального инструмента озанов, похожий на кобыз. По словам Дарвиша Али, кобуз пользовался в то время большим спросом.

Бесценным источником по изучению истории, общественно-политической, культурной, в том числе и музыкальной жизни тюрко-огузских племен является эпос «Китаби-Деде Коркуд» («Книга моего деда Коркута на языке племен огузов»), дошедший до нас в двух рукописях (Дрезденская и Ватиканская) и различных устных вариантах [13]. В эпосе имеется много сведений, относящихся к музыкальному искусству. Здесь говорится, что у огузов исполнителей эпических произведений называли озанами (озан, узан): «С гопузом в руке, от народа к народу, от бека к беку кочует озан, щедрых и подлых мужей различает озан». «Узанами называют класс людей, играющих на тамбуре, сказывающих песни и читающих огузнаме» [13]. Главным озаном, устазом и покровителем всех озанов в эпосе выступает Коркут, имя его встречается во всех 12 сказаниях эпоса по Дрезденской рукописи, каждое сказание заканчивается примерно такими словами: «Пришел мой дед Коркут и сложил рассказ, составил это сказание». Во вступительной части эпоса Коркут предстает как великий шаман, колдун, прорицатель, предсказатель, обладатель сверхъестественной силы. Синкретизм музыки, песни и элементов шаманизма в искусстве озанов, подтверждают древность корней профессиональной музыки устной традиции, неотделимые от традиции шаманов-баксы. В «Книге» отражен древний взгляд на магические свойства кобыза – *qobuz*, представлена краткая характеристика духовного инструмента *buryuj*, *сырная, даулпаза*. Различные жанры и пласты народной музыки, упоминаемые в «Книге» дают определенное представление о развитии данного вида творчества в периоды раннего и зрелого средневековья.

В трактате о музыке Мухаммед аль-Амули (XIV век) делит музыкальные инструменты по способам игры на две группы: духовые и струнные. «Основной принцип классификации музыкальных инструментов, приведенных аль-Амули (не принимая во внимание ударные инструменты), во многом близок принципам классификации современных музыкальных инструментов» [14, 6]. Названные в трудах наименования музыкальных инструментов позволяют считать, что они и подобные им могли быть созданы задолго до XI века. Перечисленные источники свидетельствуют об устойчивой традиции бытования этого инструмента в тюркской среде.

Исследование вокальной, инструментальной и эпической традиции дает возможность проследить пути возникновения музыкального жанра, историю развития казахского инструментария, развития института акынов.

1. *Лосев А.Ф. Античная музыкальная эстетика. – М., 1960. — 304 с.*
2. *Валиханов Ч.Ч. Следы шаманства у киргиз // Собрание сочинений в пяти томах. – Алма-Ата, 1961. – Т.4. – С.48-71.*
3. *Мухамбетова А.И. Казахская традиционная музыка. – Алматы, 2002. – 114 с.*
4. *Субаналиев С. Киргизские музыкальные инструменты в эволюции традиционных форм музицирования: дис. ... канд. искусствоведения.: 17.00.02 – Музыкальное искусство. – Л., 1982. – 218 с.*
5. *Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. – Л.: Изд-во Восточной литературы, 1959. – 916 с.*
6. *Divanu Lugat-it-Turk. IV. cilt / Yazan: Besim Atalay. – Ankara: Turk Tarih Kurumu Basimevi, 1986. – 886 s.*
7. *Мукаддимат – ал-адаб. Монгольский словарь // Труды АН СССР. – М.; Л., 1938. – 452 с.*
8. *Houtsman M. Th. Ein Turkish-arabisch Glossar. – Leiden, 1894. – 311 p.*
9. *Gronbeck K. Komanisches Worterbuch: Turkischer Wortindex zu Codex Cumanichus. – Kopengagen, 1942. – 315 p.*
10. *Машанов А. Абунасыр Фараби // Великие ученые Средней Азии и Казахстана (VII-VIII вв.). – Алма-Ата, 1965. – 238 с.*

11. *Жанибеков Е. Фараби және музыка // Білім және еңбек. – Алматы, 1968. – №7. – 24-25 б.*

12. *Семенов А.А. Среднеазиатский трактат по музыке Дарвиша Али. XVII в. – Ташкент, 1946. – 87 с.*

13. *Маргулан А.Х. Қорқыт – күйші // Известия казахского филиала АН СССР. Серия языка и литературы. – Алма-Ата, 1944. – Вып.III. – 143 с.*

14. *Субаналиев С. Киргизские музыкальные инструменты в эволюции традиционных форм музицирования: дис. ... канд. искусствоведения: 17.00.02 – Музыкальное искусство. – Л., 1982. – 218* с.

Резюме

Ә.Д. Арынова. Көне түркі жазбаларындағы дәстүрлі қазақ музыкасы

Қазақтың дәстүрлі мәдениеті бай және өзіндік көркемдік мұрасымен ғана емес, сонымен қатар халықтың рухани тәжірибесі мен мәдени құндылықтарын сақтап, нығайтып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуімен ерекшеленеді. Халықтың шығармашылық жадында қалыптасқан ауыздан-ауызға жеткізу дәстүрі – бұл көркемдік ойдың, уақыт пен кеңестіктегі қозғалысы, ұйымдастыру механизмі, әлеуметтік-мәдени ақпаратты қорғау және жеткізу болып табылады. Халықтың жадында сақталуының арқасында біздің алдымызда дәстүрлі музыка әлемі рухани байлығымен, зияткерлік құндылығымен, терең даналығымен, көркемдік кемелденуімен көрінеді. Дәстүрлі музыканың құрылуы мен қалыптасуы музыкалық аспаптармен, жанрдың түрлілігімен, ақындар институтының дамуымен тығыз байланыста болу арқылы жүзеге асырылды.

Түйін сөздер: аспап, орындаушы, аспаптық және ән музыкасы, рухани құндылықтар.

Summary

A.D. Arynova. Traditional Kazakh music in the ancient Turkic sources

Kazakh culture is distinguished not only by the presence of a rich and distinctive artistic heritage, but also the ability of the people to maintain, secure, deliver and transmit to future generations the spiritual experience and artistic values. Oral traditions that existed in the creative minds of the people - a movement of artistic ideas in time and space, the mechanism of the organization, preservation and transmission of social and cultural information. Due to popular memory, the world of traditional music appears before us with all its spiritual wealth, intellectual values, profound wisdom, artistic perfection. Formation of traditional music performed in close contact with the improvement and development of the akyns institute, variety of genres, musical instruments.

Key words: instrument, performer, instrumental and vocal music, spiritual values.

ӘОЖ 811.111:811.512.122'1

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ІСКЕРИ ҚҰЖАТТАРДЫ САЛҒАСТЫРА ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАТИВТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғ.С. Асанова, Б. Мизамхан, М.Ж. Айменова – *Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті*

Аңдатпа. *Халықаралық ғылым және білім ынтымақтастығы саласындағы дискурс* ұйымдық-басқару үдерісінде нақты коммуникативтік мақсаттар мен міндеттерді шешуге бағытталған түрлі функционалды жанрдағы іскери мәтіндер жинағы. ХҒБЫ саласындағы дискурсты коммуникацияның жеке толық феномені деп қарастыру аталған саланың коммуникативтік-прағматикалық құрылымы мен спецификасы жөнінде ақпарат береді. *ХҒБЫ саласындағы іскери қарым-қатынас* ойлаудың басқа түрі, әлемнің басқа құндылық-мағыналық құрылымы, байланыстың басқа түрі бар деңгенді мақұлдау қажеттігін туындататын диалоғ. ХҒБЫ саласындағы жазылатын іскери хаттар мен құжаттар екі немесе одан да көп елдер арасындағы ынтымақтастықты, білім мен ғылым саласын интернационализациялау, осы салада жаңа білімді қалыптастыру, елдер арасындағы даудамайды болдырмау, болған жағдайда бейбіт жолмен шешу, әр елдің өзіндік құжат лингвистикасын, құжат мәтінін түзу, бір-бірінен білмеңгендерін үйрену болып табылады.

ХҒБЫ саласындағы жазылатын іскери құжаттар мен хаттардың мазмұны, құрылымы, стилі, жанры сол елдердің құндылықтарына, уәждеріне (мотивтеріне), ереже, заңдылықтарына, стереотиптері мен ойлау құндылықтарына, діліне (менталитетіне), біліміне байланысты жазылады, түзіледі. Сондықтан лингвистерді құжаттардың мәдениетаралық маңызы қызықтырып отыр.

Түйін сөздер: Іскери қарым-қатынас, халықаралық ғылым және білім ынтымақтастығы саласындағы дискурс, іскери хаттар мен құжаттар.

Халықаралық ғылым және білім ынтымақтастығы саласындағы іскерлік деңгейі Абылай хан атындағы Қазақ ХҚ және ӘТУ-інде де дүние жүзінің бірқатар жоғарғы оқу орындары мен ірі білім мекемелерімен етене жұмыс жасап, қарқындап отыр. ХГБЫ саласында келісім-шарттарға отырып университеттің білім және ғылым деңгейінің дамуына үлес қосып келе жатқаны сонау 2000-2001 жылдардан бастау алады. Одан бұрынғы университет болып қалыптасқан жылдарында да көптеген шетелдік оқу орындарымен байланыста болды, әрине, дегенмен шетелдік оқу орындары арасындағы құжат түрінде бекітіліп академиялық ұтқырлық орын ала бастағаны осы аталған жылдардан бастап қана жүзеге аса бастаған. ХГБЫ саласындағы университеттің негізгі векторлары кәсіби білім берудің халықаралық-адекватты сапасы; халықаралық ғылыми-зерттеу ынтымақтастығы, бірлескен ғылыми-педагогикалық мамандар дайындау; оқу бағдарламаларын халықаралық деңгейде стандарттау мен аккредитациялау; халықаралық байланысты дамыту, университет іс-әрекетін белсенділендіру мен оның беделін әлемдік қоғамдастықта нығайту; халықаралық мақұлданған екі дипломдық бағдарламаларды дамыту, академиялық ұтқырлықты, халықаралық жобалар мен алмасу бағдарламаларын одан ары дамыту болып отыр. Абылай хан атындағы Қазақ ХҚ және ӘТУ 14 беделді әлемдік ассоциациялармен, мекемелермен байланыс орнатып отыр, атап айтсақ Университеттердің Халықаралық Ассоциациясы (UNESCO); Eurasia-Pacific Uninet; ATLAS (Association for Tourism and Leisure Education); AMFORTH (World Association for Hospitality and Tourism Training); Еуропадағы қонақүй бизнесінің алдыңғы қатарлы мектептерінің Ассоциациясы (EURHODIP); Франкофондық университеттердің халықаралық Ассоциациясы (AUF); МГИМО «Халықаралық қатынастар» қоры; МАН ВШ – Жоғарғы мектептердің халықаралық ғылым академиясы; ТМД мемлекеттері тілдері мен мәдениетінің базалық мекемесі; European Language Council (CEL/ELC); ШЫҰ мүше елдерінің гуманитарлық университеттері консорциумы; ЕврАзЭс мүше елдерінің лингвистикалық университеттері консорциумы; EUPRERA Ассоциациясы (The European Public Relations Education and Research Association) Бельгия; The European Association for International Education (EAIE). Университет 93-тен астам халықаралық ынтымақтастық келісім-шарттары мен меморандумдар жасаған, академиялық ұтқырлық шеңберінде жыл сайын 200-250-ден астам студенттер, магистранттар мен докторанттар шетелдік жоғарғы оқу орындарына жіберіледі, соның ішінде студенттер алмасу әсіресе Оңтүстік Корея, Германия, Ресей, Қытай мен Польша университеттерімен белсенді жүргізіледі. Студенттік алмасулар мынадай бағыттар бойынша жүзеге асады: екі диплом алу бағдарламалары, 1 семестрден бастап 1 жыл көлемінде білім алу; жазғы демалыс мезгілінде жазғы мектептер мен курстарда дәріс алу. Университетте 28 шетелдік оқытушы дәріс береді, ҚР БҒМ-нің көмегімен университетте арнайы шақыртылған 25 шетелдік ғалымдар магистранттар мен докторанттарға арнайы лекциялар оқып, магистрлік, докторлық диссертациялар бойынша ғылыми кеңестер берді. Жыл сайын 50-ге жуық оқытушылар университетпен серіктес шетелдік жоғарғы оқу орындарына тәжірибе алмасуға жіберіледі, 35 оқытушы мен университет бітірушілер әлемнің жоғары деңгейлі университеттерінде ҚР Президентінің «Болашақ» шәкіртақысы бойынша білім алды, 200-250-ге жуық шетелдік студенттер университетімізде білім алды, университет 8 халықаралық жоба бойынша жұмыс атқарады, жылына 10-15 шетелдік ғалымдар қатысып бірлесе өткізетін шаралар ұйымдастырады. Абылай хан атындағы ХҚ және ӘТУ-нің бірлескен халықаралық бағдарламаларына шолу жасап, оларды қарастыратын болсақ, Ұлыбритания, Германия; Франция, Болгария, Польша, Греция, Түркия, Арабия, Испания, Италия, Малайзия, Жаңа Зеландия, Пәкістан, Нидерланды, Румыния, АҚШ, Швейцария мемлекеттерімен университет арасындағы меморандумдар, келісім-шарттар мен келісімдер саны – 56, Корея Республикасы көлемінде – 22, Қытай Халық Республикасы бойынша – 25; ТМД елдері (Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Украина, Әзербайжан, Армения) бойынша – 35 (кесте 3).

ХҒБЫ саласындағы кез-келген іскери хат немесе іскери құжат бір немесе бірнеше аспектілерден, яғни тақырыптан, кіріспеден, неғізгі бөлімнен, қорытындыдан және де басқа қосымша тараулар мен тараушалардан тұрады. Осыған орай іскери хаттар мен құжаттар біраспектілі немесе көпаспектілі болып келеді.

ХҒБЫ саласындағы ағылшын және қазақ тілдеріндеғі іскери құжаттар мен іскери хаттар құрылымын салыстырсақ, жалпы алғанда бұл екі тілде де ұқсастықтар көп, кейбір айырмашылықтар ғана орын алған. Оның себебі екі тілдеғі құжат тілінің сипатына қарай, екі елдің жазу нормалары мен ережелеріне, жазу мәдениетіне, іскери талаптарына сай, қазақ тіліндеғі көп құжаттардың тікелей басқа тілдерден аударылып жазылып отырғандығына байланысты, ағылшын тіліндеғі құжат мәтіні мен формасының бұрыннан қалыптасқанына байланысты болып отыр.

Әр елдер оқу орындары арасында жазылған келісім-шарттарды сараптасақ, олардың құрылымы мен мазмұны ұқсас, деғенмен кейбір бөлімдердің немесе деректемелер санының аз және көптігі, олардың орын тәртібінің бірдей еместіғі әр елдің заңына, тілдік нормалары мен ережелеріне, мәдениеттің қай деңгейіне жататындығына байланысты болып отыр.

Барлық құжаттардың мазмұнында дерлік өзіндік рет, атауларының болуы, типологиялық жүйесінің болуымен ерекшеленеді.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуінің алғы шарттарының бірі – оның қоғамдық өмірдің әр алуан саласында қызмет етуі және соған орай іс қағаздарының қазақша жүргізілуі. Іс қағаздарының, ресми құжаттардың тілі бір жүйеге түспей, стильдік жағынан қалыптаспай, мемлекеттік ресми құжаттардың барлығы алдымен қазақ тілінде жүргізілмей қазақ тілінің қолданыс аясы, қызмет қарымы өрісін кеңейте алмайды.

Іс қағаздары қоғам өмірінде үлкен қызмет атқарады. Іс қағаздарының саяси, тарихи, құқықтық, экономикалық маңызы өте зор. Мемлекет, республика, қала, кәсінорын, ұйым, мекеме тарихын жазғанда іс қағаздары ақпараттың табылмас қайнар көзі бола алады. Құжаттар фактілерді, оқиғаларды, қоғам өмірінің құбылыстарын дәлелдейтін айғақ қызметін де атқарады.

Іс қағаздар – басқару қызметіндеғі неғізгі бір сала. Ұйымдар мен мекемелердің, кәсіпорындардың қызмет етуі барысында шығарған түрлі шешімдер, басқару істері, атқарған қызметі іс қағаздарынан айқын көрінеді. Сондықтан халық шаруашылығын басқаруды жетілдіру, оны ұйымдастыру деңгейін көтеру онда құжаттармен жұмыс істеудің қаншалықты ғылыми неғізделгеніне тікелей байланысты. Іс қағаздарын жүргізу – басқару үдерісінің ажырамас бөліғінің бірі болып табылады. Іс қағаздарын жүргізу – мекеме жұмысының нақты құжаттармен, деректермен реттелген, дәйектелген жүйесі.

Іс қағаздарын қазақша жүргізудің міндеті:

– Іс қағаздарын қазақша жүргізудің мемлекеттік құндылығын, әлеуметтік маңыздылығын, оның қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуінің алғы шарттарының бірі екендіғін ұғындыру.

– Іс қағаздарын жүргізудің дербес ғылым екендігін таныту.

– Іс қағаздарын жүргізудің тарих, саясаттану, мұрағат ісі, тіл білімі, педагогика сияқты ғылым салаларымен байланысын көрсету.

– Мемлекетіміздің арқа сүйер болашақ мамандық иелерін іс қағаздарын толтырудың мемлекеттік стандарттары мен толтыру әдістері, жазылу стилі, қызметі, мақсаты сияқты білім неғіздерімен қаруландырып, қазақ тілінің қоғам дамуындағы рөлінің күшеюіне олардың өз септігін тиғізуін қамтамасыз ету.

– Іс қағаздарының түрлері, оларға қойылатын талаптар, олардың рәсімделуі, лексикасы сияқты ерекшеліктерімен таныстыру.

Қазақ ресми-іс қағаздар стилі халықтың қоғамдық өмірімен, мәдени өркендеуімен, әдеби тілдің дамып, жанрлық тармақталуымен, қоғамдық қызметінің артуымен байланысты дамып, жетіліп отырған. Қазақ ресми-іс қағаздар тілінің тарихына шолу жасай отырып, оның екі түрлі арнадан сусындағанын байқауға болады. Бірі – сонау көне дәуірден бері үзілмей келе жатқан хан жарлықтары және де ресми құжаттар үлгілері. Екіншісі – қазақ жерінің Ресей мемлекетінің қол астына кіруімен байланысты қазақ тіліне аударылып таратылған орыс әкімшілік орындарының бұйрық-жарлықтары, заңдары, қатынас қағаздары. Яғни, қазірғі қазақ ресми-іс қағаздар тілі жоқ жерден пайда бола салмаған, өзіндік тарихы бар құбылыс.

Бұрында қазақтар саны басым алыс аудандарда ғана іс қағаздары қазақша жүргізіліп келгені мәлім. Қазіргі таңда республикада мемлекеттік орғандар іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге бет бұрды. Бұл әрине әр мекемеде әр түрлі дәрежеде атқарылып жатқан іс. Бұл істің оп-оңай орындалып, бір күнде қалыптаса қалмайтыны белгілі. Осыған байланысты мәселелер де жетерлік. Оның бірі – мемлекеттік қызметшілердің ана тілінде еркін сөйлеп, жаза алмайтыны. Ал орыс тілді кез-келген маман орыс тіліндегі ресми құжатты еркін жазып шығады. Бұның себебі, біріншіден, тілді жетік меңгергендігі болса, екіншіден орыс тілінде іс қағаздары ғасырлар бойы уақыт тезінен өтіп әбден қалыптасқан, қай салада да дайын, мәтіндері стандартқа айналған. Оларда бұл дәстүрлі мектеп. Екінше мәселе – қазақ тілінде іс қағаздарын жүргізуге байланысты оқулықтар, оқу құралдары, сөздіктер, іс қағаздарының үлгілері өте аз, жоққа тән десе де болады. Үшінші мәселе – жоғары оқу орындарында да, арнаулы оқу орындарында да іс қағаздарын қазақша жүргізуге байланысты пән, арнаулы курс оқу бағдарламасына еңгізілмеген, сондықтан оқу орнын аяқтаған маман өндіріске немесе мемлекеттік орғанға іс қағаздарын қазақша жүргізуге еш дайындықсыз келеді.

Құжаттар тікелей қатынас жасаумен тиімді ұштастырыла жүргізілсе, техникалық жағынан жақсы жабдықталып, нақты мақсаттарға жұмсалса, онда олар іс-әрекетін табысты болуына жағдай жасайды. Іс жүргізу құжаттары сонымен қатар хабар-мәліметтің қайнар көзі және таратушысы, заң арқылы қорғалатын істі белгілеудің тәсілі де болып табылады.

ХҒБЫ саласындағы жазылған ағылшын және қазақ тілдеріндегі іскери хаттар мен іскери құжаттар құрылымында, стилінде, композициясында соншалықты алшақтықтар кездеспейді, өйткені аты айтып тұрғандай олар әр тілдің ресми-іс стиліне байланысты және ресми-іс стилінің ерекшеліғі, онда акт дәл көрсетіліп, бір ізбен жүйелі жазуға айрықша мән беріледі.

Қазақ тілінде қолданылып жүрген қалыптасқан сөз орамдарының көпшілігі орыс тілінің ықпалымен жасалған. Көптеген сөздер белгілі стильге телулі болады, қолданылу жағынан шектеліп отырады.

Ресми іс қағаздарында кейде бір заттың немесе ұғымның атауы қолданылу орнына қарай әр түрлі аталады.

Ресми құжат стильдеріне тән белгілер:

- мазмұнының қысқа әрі тұжырымды баяндалуы;
- тұжырымдардың дәл, нақты болуы;
- сөздер мен терминдердің нақты, тура мағынасында пайдаланылуы;
- терминдер мен тұрақты орамдардың біреғейлігі;
- терминнің ең қолданылу жиілігі жоғары, Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен нұсқасының пайдаланылуы;
- қалыптасқан мазмұндық-құрылымдық нормалардың қатаң сақталуы [1, 2].

Іс-қағаздарының қызметтері:

- жеке тұлғалар арасындағы қатынасты реттеуші;
- жеке адам мен қоғам арасындағы қатынасты реттеуші;
- әр түрлі мекеме, ұйымдардың өзара байланысын реттеуші;
- мекеме, ұйым жұмысын ұйымдастыру тәртібін неғіздеуші;
- жеке адам мен қоғам өміріне қатысты оқиғаларды айғақтаушы;
- мемлекеттік басқару ісін жүйелеуші;
- тарихи құбылыстарды зерттеудің қайнар көзі;
- мекеме мен ұйымның атқарған істерінің көрсеткіші;
- мемлекеттік тілдің жүзеге асуының нақты көрсеткіші.

Іс қағаздарының сипаттары:

- саяси (мемлекетішілік, мемлекетаралық, халықаралық қатынастарда);
- әлеуметтік (қоғамдық-әлеуметтік қатынастарда);
- ұйымдастырушылық (басқару қызметі жүйесінде);
- құқықтық (заңдық және жеке тұлғалар арасындағы қатынастарда);
- тарихи (әр дәуірдің, қоғамдық сатының өзіндік ерекшеліктеріне сай қатынастарда);
- ресмилік (міндетті түрде заңдық тұрғыда тіркелуінде).

ХҒБЫ саласындағы іскери хаттар мен құжаттардың мәдениетаралық және коммуникативтік ерекшеліктері:

Кез келген құжат немесе хат мазмұнының жазылу уақыты, негізгі себебі, құрылу ерекшеліктеріне қарай түрлі коммуникация орын алады. Кейбір іскери хаттар мен құжаттар мекеме, ұйым, жеке тұлға арасындағы ауызша немесе жазбаша қарым-қатынасты қалыптастырады, кейбір хаттар түріне міндетті түрде жауап қайтарылуы тиіс болса, енді біреулері қайта жауап беруді қажет етпейді. Құжаттар екіжақты үдеріс, яғни қарым-қатынас орын алады, құжатты жазбастан бұрын да және жазғаннан кейін де байланыс туындайды. Кез-келген хатты немесе құжатты жібергенде оны жіберуші оны қабылдаушыларға өздерін жайлы сезінетін орта (климат) туғызуы қажет, сондай лайықты климат немесе ортаның арқасында қарым-қатынас әрі қарай нығайып, оны алушылардың қайта жауап беруіне ықпал етеді.

Қарым-қатынас стилі де нақты болуы тиіс, Дж. М. Лэйхифф пен Дж. М. Пенроуз «Іскери коммуникация» деп аталатын кітабында коммуникацияның негізгі төрт түрін көрсетеді: кінә тағу, директивті, көндіру, мәселені шешуге бағытталған стиль. Кінә тағу стилі көбінесе рекламация, баянхат, түсіндірмехаттарда кездеседі, яғни қателерді баса айту кезінде қолданылады. Директивті стиль басшы орған қарамағындағыларға нақты мәселені шешу үшін берілетін нұсқау түрінде болады. Мұндай стиль түрлері ұйымдастыру құжаттарында, бұйрық, жарғы, өкімдерде кездеседі. Көндіру стилі ақпаратты қарастыру мен мақұлдау техникасында кездеседі, хатты жіберуші ақпаратты, хабарламаны бағалауға, соған сай іс-шара қолдануға шақырады. Мұндай стиль мінездеме беру хаттарында, түйіндемелерде, коммерциялық хаттарда кездеседі. Мәселені шешуге бағытталған стиль өзара келісімге келуге негізделеді. Мұнда екіжақты қарым-қатынас орын алады.

Коммуникативтік мәдениет ұғымы да ең қажетті нәреселердің бірі, коммуникативтік мәдениет дегеніміз тұлғалардың іскери ортада іскери серіктестермен психологиялық байланыс орната алу, қарым-қатынас кезінде нақты және дәл қабылдай алу, түсінуге жету, іскери серіктестер мінезқұлқын болжай алу, іскери серіктестердің мінезқұлқын жемісті нәтижеге бағыттай алу, байланыс жасай алу білімі, қабілеттер мен құзіреттіліктер. Коммуникативтік мәдениет талаптары болып құрмет көрсету, ізет көрсету; дұрыс мінезқұлық таныту; тактикалылық; қарапайымдылылық; дәлділік; ескерте алушылық есептеледі.

ХҒБЫ саласындағы іскери мәтіндер нақты жанрларға біріктірілген, олар: нормативті-құқықтық, ақпраттық-реттеуші, трафаретті-этикетті, оқу құжаттары, ұйымдық-басқару, іскери хаттар жанрлары.

Ағылшын тіліндегі іскери құжаттар мен хаттардың мазмұны, құрылымы нақты қалыптасқан, стандартты тілдік бірліктері жүйесі негізделген, нақты формасы бар екенін көреміз. Ағылшын тілінде жазылатын хаттар мен құжаттарда мынадай шарттар маңызды:

- қысқа, анық, нақты сөздерді қолдану;
- арнайы терминдерді қолдану, қысқартуларды жиі қолданбау;
- слэнг, жаргон, тұрпайы сөздерді, диалектерді мүлдем қолданбау;
- идиомаларды, ауыспалы мағынадағы сөздерді қолданбау;
- ұзақ сөйлемдерден көрі, қысқа, жай сөйлемдерді қолдану;
- қысқа абзацтарды қолдану, әрбір абзац бір ойды, бір мәселені қамтып, сөйлемдер саны 8-10-нан аспауы тиіс;
- хабарламаңызды нақтылай әрі түсінікті ету үшін сандарды, көрнекі құралдарды, сызба, тіректерді қолданған дұрыс, кейбір мәдениеттерде бұлар жақсы қабылданады;
- нақты форматтар мен формаларды қолданған жөн;
- құрылымы ұзақ болмауы тиіс;
- хат жазып отырған ел мәдениетіне, этикасы мен нормаларына сай рәсімделуі тиіс;
- хатты немесе құжатты жазудағы мақсатынды айқындап алу немесе алдын-ала жоспарлап алу қажет;
- хатты немесе құжатты алушыны, ол жөнінде мағлұмат болуы тиіс;
- хатты немесе құжатты құрастыру техникасын меңгеру қажет [3-4].

Қазақ тілінде түзілген іскери құжаттар мен хаттардың басқа елдерге тән линиялық, бірқалыптылық, біртектестілік ұғымынан көрі жалпылама, жалпы жазылатынын көреміз. Мұның негізі қазақ тілі құжаттарының басқа тілдерден аударылуы, өзіндік жүйесінің енді ғана қалыптаса бастауы себеп болып отыр. Қазақ халқы басқа Азия мемлекеттері сияқты ұжымдық мәдениетке жататындықтан тарихи, әлеуметтік, саяси және экономикалық даму әсерінен алға қойған мақсаттарды шешуге төзімдігі, үлкен қиындықтарды шеше білетін, жиі өзгеріп отыратын өмір құбылыстарына тез

бейімделе алатын, дау-дамайларға неғативті көзқараста, тең көру қабілеті сияқты қасиеттерге ие, сондықтан қазақ тілінде жазылатын іскери хаттар мен құжаттар мазмұны да соған сай. Мәдениетаралық қарым-қатынас тұрғысынан қонақжай, ашық, сенімді, сөзге беріктік, басқа адамдардың мәртебесін түсірмеу, жан-жағындағы адамдарға жеке тұлға ретінде қарап жол табу, көршісіне көңіл бөле алу қасиеттеріне ие болғандықтан іскери хат-хабар мазмұнына да соған орай жазылады.

Қазақ тілінде жазылатын хаттар мен құжаттарда қажетті шарттар:

- іс қағаздарын жазу арқылы белгілі бір нәтижеге қол жеткізу;
- нақты тілдік бірліктерді таңдап алу;
- құжат мазмұны арқылы оны алушыға әсер ету;
- әр құжат құрылымына қарай соған ғана сай сөздерді, сөз тіркестерін таңдап жазып, құжатты ықшамдау;
- мәліметтер, фактілер, ақпарат мұқият тексерілуі қажет;
- қазақ тілі құжаттарында фразеологиялық тіркестердің көп қолданылуынан, оларды қолдануда мұқият болған жөн.

ХҒБЫ саласында іскери құжат пен іскери хаттарды жазуда төмендегідей мәдениетаралық коммуникативтік тұстар ескерілуі тиіс:

- құжат жазушы тұлғалар тек қана лингвистикалық тұрғыдан дұрыстығын қадағалап қана қоймай, оның мәдени-коммуникативтік тұстарын ескеруі тиіс, яғни тұлғалардың мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттіліктерін қалыптастыру қажет;
- хаттың немесе құжаттың рәсімделуін жазып отырған ел немесе мемлекет нормаларына, заңдылықтарына сай ету;
- хат жазуда немесе құжат түзуде іскери тұлғаның сауаттылығы ғана көрініп қоймай, оның мекемеге, ұйымға, жеке тұлғаға құрметін, сол тұлға немесе ұйым жайлы білімін көрсететіндіктен, оны жазуда мұқият болу;
- хат немесе құжат мазмұнындағы тілдік бірліктер, мәтін, ғрамматикалық, лексикалық ерекшеліктерге баса назар аудару;
- хат немесе құжатты жазу үдерісін ғана атқарып қоймай, оның жүзеге асуын, тиімді іскери қарым-қатынас жасауға, күтілетін нәтижелерге жетуін қадағалау;
- түрлі елдер жазуы немесе құжат жазу нормаларын жинақтап, оларды салғастыру;
- хат немесе құжат жазудың тиімді стандарттарын жасау;
- «хат-хабар алмасу», «құжат лингвистикасы», «құжат тілі», «іскери қарым-қатынастың жазбаша түрінің спецификасы», «құжат мәтіндерін бір тілден екінші тілге аудару» сияқты пәндерді оқу бағдарламаларына енгізуді қадағалау;
- құжат тілі үдерісінде әр мәдениетке тән құбылыстарды, әр мәдениет өкілдерінің ерекшеліктерінің бейнесін жасау;
- құжат тілінің лингвистикалық бірліктерін, мәдени айырмашылықтарын ескеріп, құжаттар формасын универсализациялау (біреғейлендіру), ұлттық-мәдени сананың тілдік маркерлерін анықтау;
- әр елдің сол елге ғана тән жазу ережесін, құжат тілінде келетін сөздік қоры мен фразеологиялық бірліктерін, ғрамматикалық ерекшеліктерін, хатты жазушы мен алушының рөлін, коммуникативтік мінезқұлқын, әсер етуші факторларын білген жөн, оны меңгеру тиіс.

Халықаралық ғылым және білім ынтымақтастығы саласындағы жазбаша іскери хаттар мен құжаттар осы саланы толығымен қамтитын жанр болып отыр. Әр құжаттың лингвистикалық, коммуникативтік, мәдениетаралық тұрғыдан қалыптасқан стилі, мазмұны, формасы, тілдік бірліктері қалыптасқаны ақиқат, олардың бәрі дерлік құжат жазу мен аталған елдерде іс жүргізу заңдары мен нормаларына сай. ХҒБЫ саласы арнайы бір нақты іскери ортаны қамтитындықтан сол салада түзілетін құжаттардың терминдік жүйесі, құрылымы дұрыс ұйымдастырылған, логикалық жақтан дұрыс құрылған, біртипті ұғымдар жүйесі екенін көрсетті. Аты айтып тұрғандай халықаралық сала болғандықтан бұл салада жазылған құжаттардың дені ағылшын тілінде түзілген, тек кейбір құжаттардың қазақша аудармалары мен қазақ тілінде түзілген жеке құжаттарда кездеседі, деғенмен саны аз.

ХҒБЫ саласындағы түзілген іскери құжаттар стилінің қырлары: мазмұнының бейтараптылығы, нақтылық, айқындық, қысқалық пен дәлдік болып отыр. ХҒБЫ саласында іскери құжаттарды сауатты

жаза алу және дұрыс түзу алдағы таңда екі тілдегі бірнеше өзекті мәселелерді қарастыруға жол ашып отыр, атап айтқанда, осы салада қолданылатын құжат мәтіндері сөздіктерін құру; оларды құрудағы ережелерді суреттеу; халықаралық ресми-іс коммуникация құжат мәтіндерін аудару, олардың ережелерін салыстыра зерттеу қолға алынуы тиіс [5, 6].

ХҒБЫ саласындағы құжаттарды саралай келе мынадай тұжырымдарды ұсынуға болады:

- әр іс қағазды жазудың, толтырудың өзіндік мәдениеті бар, сондықтан оны жазуда белгілі этикалық ережелер мен нормаларға сүйену қажет;
- іскери хаттар мен құжаттарды дұрыс құрастыра және ұйымдастыра алу өнері адам баласына бірден келмейді, оған осы салада арнайы қабілеттерді қалыптастыру, мәселені дұрыс шеше алу, бірден дұрыс сөйлемдер құрау, мәселелерді шешу мен оларға дұрыс әрі нақты шешім табу, ой бөлісу мен қорытынды жасауға арнайы білім қажет. Бұл салада іскери құжаттарды сауатты жазу үшін арнайы білім, құзіреттілік, біліктілік керек, сондықтан іскери хат-хабар курсын, хат жазу үдерісін, құжат лингвистикасын, құжат мәтінін, құжат жазу мәдениетін арнайы меңгерген жөн;
- осы салада жазылатын құжаттар жеке құрамға, ягни жеке басқа қатысты құралуы тиіс болса да өзіндік формасы бар, тілдік, сөздік қоры бар, бұрыннан белгілі бірыңғай сөздері мен сөз тіркестері, сөйлем үлгілері мен формасы бар болып келеді, сондықтан оларды дұрыс түзуде сол үлгілер басшылыққа алынады;
- осы салада сауатты құжат жазу мен түзе алу үшін тұлға үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын) жақсы меңгеруі тиіс, өйткені жоғарыда атап өткендей ХҒБЫ саласындағы құжаттардың дені ағылшын тілінде, көптеген құжаттар тікелей орыс тілінен қазақ тіліне аударылып отыр. Қазақ тілінде осы салада құжат үлгілерін қалыптастыру қажет;
- іскери дискурстың жазбаша түрінде көптеген зерттеушілер анализдеріне сүйенсек ең қажетті параметрлер: әлеуметтік және ұйымдастырушы, корпоративті мәнмәтін; корпоративтік мәдениет; коммуникативтік жағдаят; коммуниканттардың іскери деңгейі мен жеке сапасы; коммуниканттар арасындағы қарым-қатынас; автор мен оқырманның мақсаты; мәтіннің интеракциялық күші; мәтіннің интеракциялық құрылымы; интеракциялық тілдік ерекшеліктері; тілдік параметрлер;
- ХҒБЫ саласында жазылған іскери құжаттар өзінің ресмилігімен ерекшеленеді, дегенмен кейбір іскери хаттар ресми/бейресми/жартылай ресми/қатаң ресмилігімен де беріледі, келісім-шарттар әр елдің мәдениеті, нормасы, діліне, ұлттық-мәдени дәстүріне сай ерекшеленеді. Іскери хаттардың өзінде ресми және жеке сөздер кездесін қалады, келісім-шарттардың құрылымында әр елдің заңына сәйкес нақты деректемелер немесе қосымша талап етілетін деректемелер кездеседі.

1 Ахатова Б.А., Кульгильдинова Т.А. Коммуникативные технологии в деловой сфере. – Алматы: Экономика, 2009. - 248 б.

2 Гурьева З.И. Речевая коммуникация в сфере бизнеса: жанроведческий аспект. - Ростов Н/Д: СКНЦВШ, 2007. - 100 с.

3 Басс Э.М. Научная и деловая корреспонденция. Английский язык. – М.: Наука, 1991. - 176 с.

4 Кушнерук С.П. Документная лингвистика. - М.: Издательство «Флинта»; Наука, 2012. - 256 с.

5 Говорова Г.Н. Лингвистика деловой коммуникации в предметной области «Международное научно-образовательное сотрудничество»: дис. ... канд.филол.наук. - Краснодар, 2006. – 208 с.

6 Пшенко К.А., Боголюбова Н.М, Николаева Ю.В., Нукетаева Д.Ж., Бисенов К.А., Кульдиева Г.И. Межкультурные коммуникации: основные направления и формы (опыт зарубежных стран, России и Казахстана). Қазақ энциклопедиясы. - Алматы, 2011. - 472 с.

Резюме

Г.С. Асанова, Б. Мизамхан, М.Ж. Айменова. Сопоставительный анализ деловой документации на английском и казахском языках в сфере международного научно-образовательного сотрудничества и их межкультурно – коммуникативные особенности

Данная научная статья рассматривает проблемы деловой коммуникации, вопросы письменной формы деловой коммуникации в сфере международной научно-образовательной сотрудничестве на английском и казахском языках. В современном мире актуальны ведение грамотного делового общения, оформление деловой

корреспонденции и документации на трёх языках, поэтому представленная научная статья нацелена на раскрытие природу и специфики данной сферы с точки зрения теории и практики.

Основная причина рассмотрения делового дискурса, материалов деловой коммуникации на материале английского языка по сравнению с казахским языком вызвана тем, что английский язык в настоящее время считается официальным языком на уровне международного отношения, деловой казахский язык всё ещё не сформирован, не скорректированы уровни специфичной письменной и устной формы и содержания. Кроме того в данное время отмечается прямой перевод с русского языка на казахский язык, развивается деловой казахский язык с учётом формирования структуры и текста делового языка на основе русских языковых единиц, поэтому в официальных деловых письмах и документах казахского языка находит место большое количество ошибок и погрешностей. Это говорит о необходимости систематизации терминологию деловой документации казахского языка на основе деловой практики английского языка.

Ключевые слова: деловая коммуникация, деловая коммуникация в сфере международного научно-образовательного сотрудничества, деловая корреспонденция и документация.

Summary

G.S. Assanova, B. Mizamkhan, M.Zh. Aimenova. Comparative analysis of English and Kazakh business documents in the field of international scientific-educational cooperation and study of their intercultural - communicative specificity

The article under review deals with written types of business communication on international scientific-educational cooperation and their peculiarities, intercultural aspects. The article begins with international communication of Kazakh Ablaikhan university of international relations and world languages, gives short information on the role of international cooperation at the university. Then the article analyzes the written business letters and documents of English and Kazakh languages in comparison with each other and their intercultural communicative significance. The given article interests individuals who deal with business sphere, business correspondence and effective letter writing, compiling of business documents. Today the linguists are interested not only writing letters and documents correctly in English, but also their intercultural aspects, features in different cultures and countries.

Key words: business communication on international scientific-educational cooperation, international communication, business correspondence.

ӘОЖ 811.512.122`37

АНТРОПОӨЗЕКТІК ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ «ТІЛДІК ТҰЛҒА» МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Л.М. Әділбекова – *Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, ф.ғ.к., профессор м.а.*

Ғ.К. Елшібаева – *Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, магистрант*

Аңдатпа. Бүгінгі таңда тіл білімінде антропоөзектік бағыт үстемдік алып, адам факторына ерекше мән беріліп отыр. Соған сәйкес тілдің ойлау жүйесі мен адамның іс-әрекетіне ықпалы, сонымен қатар адамның тілге әсері, тілдегі адам факторына ерекше мән берілуде. Мақалада «жеке адам», «тұлға», «тілдік тұлға», «коммуникативтік тұлға», «кісілік» ұғымдарының тіл біліміндегі, психология, философия мен әлеуметтану ғылымдарындағы сипатталуы сөз болады. Адам «индивид» (жеке адам), «тұлға», «субъект» ретінде сипатталып, адамның өзіне қатысы, қоғамға және қоршаған ортаға, айналасына қатысы айқындалады. Себебі адам қоғамнан тыс қала алмайды. Жеке адамның тұлға, тілдік тұлға ретінде қалыптасуы да ортаға, қоғамға тікелей байланысты болады. Сондықтан тұлға мен қоғамның арақатынасы көрсетіледі. Адамға берілген энциклопедиялық сөздіктердегі, философиялық сөздіктердегі, психологиялық сөздіктерде, лингвистикалық сөздіктердегі, оқулықтардағы анықтамалар өзара сабақтастықта баяндалып, ұқсастықтары мен ерекшеліктері айқындалады. Соңғы жылдары лингвистикалық әдебиеттерде тұлға гомогенді емес, гетерогенді құбылыс ретінде сипатталып келе жатқаны туралы сөз болып, тұлға жан-жақты қырынан сөз болады.

Түйін сөздер: адам, жеке адам, тұлға, тілдік тұлға, коммуникация, қоғам, философия, тілдік сана, этномәдени қауымдастық.

Соңғы жылдары тіл білімінде антропоөзектік бағыттағы зерттеулер жанданып, ерекше қарқын алып келеді. Сол себепті адамның қалай қарым-қатынас жасайтыны, ақпаратты қалай өңдейтіні, мәтінді қалай қабылдап, түсінетініне ерекше мән беріліп, тілдік құбылыстардың коммуникативтік жағына қызығушылық артып отыр. Себебі тіл – адамның негізгі белгілерінің бірі. Тіл мен адам тығыз байланысты. Адам қоғамы болған жерде тіл де болады. Тіл адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде қызмет атқарып, қоғамдық мәнге ие болады. Тіл арқылы адам қоршаған ортаны қабылдап, өзіндік дүниетанымы қалыптасады. Сөйлермен ретінде адамда «индивид» (жеке адам), «тұлға», «субъект» ұғымдары өзінше көрініс тауып, адамның үш қырын көрсетеді: адамның өзіне қатысы, қоғамға және қоршаған ортаға, айналасына қатысы.

Адам – түрлі ғылымның нысаны. Ұғымның күрделілігіне байланысты жалпыға ортақ анықтамасы жоқ. Адамға берілген анықтамалар өте көп әрі алуан түрлі. Адам «индивид» (жеке адам), «субъект», «тұлға» ретінде сипатталады. Алуан түрлі болу себебі – адамды қай тұрғыдан сипаттауына байланысты. Адам психикалық ерекшеліктеріне байланысты, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауына қарай психологияда зерттеледі, әлеуметтік ерекшеліктері, қоғамдық қызметіне байланысты адам әлеуметтануда, сондай-ақ философияда да сөз болады: «Қысқаша энциклопедиялық сөздікте» *индивид (жеке адам)* – «табиғи және әлеуметтік ерекшеліктері бар дербес адам» түрінде сипатталса, «Психологиялық сөздікте» *субъект* – психикалық белсенділікке ие, таным мен әрекет иесі» ретінде көрсетіледі. Тұлғаны сипаттаған кезде ең алдымен адамның әлеуметтік ерекшеліктеріне ерекше мән беріледі. «Совет энциклопедиялық сөздігінде» *тұлға* сөзіне: 1. Таным әрекеті бар қарым-қатынас субъектісі, 2. қоғам немесе қауымдастық мүшесі, – деген анықтама берілген. Адамның өзіндік ерекшеліктері туралы Д.Кішібеков пен Ұ.Сыдықов былай деп жазады: «Адамның бойындағы кісілік қасиеттердің *үш дәрежеде болатынын* аңғару қажет: 1) Әрбір адам – ең алдымен адамзат қауымының мүшесі. Шыққан нәсілінен, ұлтынан, табынан, жынысынан, туған жерінен тәуелсіз есті адамның барлық өкілдеріне ортақ жалпы адамзаттық қасиеттер болады. Олардың қатарына қуану, қайғыру, балажандылық, ананы сүю, арамдық-зұлымдықтарға, әділетсіздікке теріс қараушылық, махаббат, жек көрушілік, әділдікті ұнату т.б. рухани-психологиялық қасиеттер жатады. 2) Әр адамның физиологиялық ерекшеліктерінен жоғары жүйке жүйесінің қызметтерінен туатын және оның тек өз басына тән психологиялық өзгешеліктер. Бұлар оның мінез-құлқында, сезім көрінісінде, қызба жандылында, қимылдары мен жүріс-тұрысында, сөйлеу ыңғайында, сыртқы әсерлерге қайтаратын жауаптарында, бөтен адамдармен қарым-қатынасында т.б. тіршілік әрекеттерінде байқалады. Осы қайталанбайтын ерекшеліктерінің арқасында әр адамның басқаларға ұқсамайтын өзіндік қырларытуады. Бұл қырлардың негізі физиологиялық ерекшеліктерде жатқанмен, оған, әрине, өмір сүру ортасы да елеулі ықпал жасайды. 3) Адам белгілі бір елде, тарихи дәуірде, белгілі дәрежеге жеткен материалдық және рухани мәдениет жемістерімен сусындап өседі. Оның шыққан әлеуметтік (таптық), этникалық (ұлттық) ортасы болады. Сол дәуірде, тарихи ортада қалыптасқан білім-тәрбие жүйесінен тағылым алады. Осылардың бәрі қосылып адамның жан-дүниесінде өзіндік ізін қалдырады. Және сол уақыт ішінде анықталып, ерекшелене келін, тұрақты рухани қасиеттерге айналады» [1, 236].

Адамның көпқырлылығына, өзіндік ерекшеліктерінің молдығына байланысты ол ақыл иесі, қоғам мүшесі, тұтынушы, еркін адам ретінде сипатталады. Ал коммуникация теориясы үшін адамның сөйлеуші ретіндегі қызметіне ерекше назар аударылады, яғни адам коммуникативті тұлға ретінде сипатталады. *Коммуникативті тұлға* ұғымын нақтылау үшін алдымен *тұлға* сөзінің философиядағы, әлеуметтану, психология, лингвистикадағы (тілдік тұлға) қалай сипатталатынын анықтап алу қажет. Аталған ғылым салаларының зерттеулеріне иек арта отырып, тұлғаны басқа адамдармен қарым-қатынас жасай алатын, қоғамда өзіндік орны бар, әлеуметтік ерекшеліктермен қатар өзіндік ерекшеліктері бар тұтас құбылыс ретінде сипаттауға болады. Алдымен *адам, тұлға, даралық* ұғымдарын нақтылап алу қажет. Адам – адамзат дамуының жоғары сатысындағы, биологиялық және әлеуметтік сипаттар бірлігінен құралған тіршілік иесі. Биологиялық құбылыс болғандықтан, адам биологиялық және физиологиялық заңдылықтар бойынша дамиды, ал әлеуметтік құбылыс ретінде ол қоғамның дамуымен байланысты болады. Осыған байланысты «Философия» оқулығында былай делінген: «Адамда екі түрлі: табиғи (биологиялық) және қоғамдық (әлеуметтік) сипат болады. Әрине, адамның басты қасиеті – оның әлеуметтік сипаты. Адам мен қоғам бірлікте. Тек қоғамда ғана адам өзін-өзі әлеуметтік құбылыс ретінде көрсете алады. Адамды адам еткен еңбек дейтін болсақ, сол

еңбек нәтижесінде адамның санасы, тілі пайда болды. Олай болса, еңбек, сана, тіл – бәрі де қоғамдық құбылыс, олар қалыптасқан, даму тарихы бар» [1, 242].

Адам белгілі бір қоғамның, әлеуметтік қауымдастықтың мүшесі болумен қатар өзіндік танымы, ұстанымы, ерекшеліктері бар субъект болып табылады. Әлеуметтануда адамның қоғамдық қызметі, білім-дағдылары, құндылықтары, қызметі, адамдардың қоршаған ортаға қатысы, өзара қатысы сөз болады. Әр адамның қоғамда әлеуметтік деңгейі, әлеуметтік қызметі болады. Әлеуметтануда адамның қоршаған ортасымен, басқа адамдармен қарым-қатынасы, яғни адамның қоғамдағы орны назарға алынады. Адамның өзіндік «мені», өзін өзі тануы мен белгілі бір қоғамдық ортадағы, қауымдастықтағы орнына ерекше мән беріледі. Адамның қоғамдағы орны өзін өзі тануына байланысты қарастырылады. А.Н.Леонтьев адамның өзін өзі бағалауы, белсенділігі, басқа адамдармен қарым-қатынасын негізге ала отырып, «мен»-ді адамның маңызды психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерінің көрінісі ретінде сипаттайды [2].

Тұлға мен қоғамның арақатынасы әлеуметтануда зерттеледі. Тұлғаның өзіндік ерекшеліктеріне – дүниетанымы, құндылықтары, әлеуметтік қатынастары, жауапкершілігі, дербестігі, мемлекеттік, қоғамдық істерін жатқызуға болады. Барлық адам тұлға бола бермейді. Тұлға ретінде қалыптасу үшін адамға біраз уақыт керек болады. Ол – әлеуметтену нәтижесі. Әлеуметтену үдерісінің адамның қоғамдық қызметіндегі орны туралы Д.Кішібеков пен Ұ.Сыдықов былай деп жазады: Кісінің қалыптасуы оның әрекеттену және басқа адамдармен ой алмасу процесінде өтеді. Бұл процесті индивидтің *әлеуметтендіру процесі* деп атауға болады. Әлеуметтендіру индивидке сырттан еріксіз танылатын жай емес, керісінше, оның белсенді араласуымен, өзінің қимылы мен мінез-құлқын қоғам талабына лайықтап, үнемі дұрыс жолға салып, өзгертін отыруы арқылы іске асады. Соның арқасында адамда өз мінез-құлқын, әрекетін басқа адамдардың сондай қылықтарымен салыстыра бағалау, сөйтіп өзінің кім екенін түсіну, философия тілімен айтқанда, өзін-өзі тану қабілеті жетіледі [1, 234]. Тұлғаның табиғаты күрделі де сан алуан болуына байланысты ол түрлі қырынан сипатталады: таным әрекеттері (Ж.Пиаже); адамгершілік дамуы (Л.Колберг); психоаналитикалық тұрғыдан (З.Фрейд, Э.Эриксон); саналы әрекетері, дүниеге деген көзқарасы, жеке бас ерекшеліктері (Л.С.Выготский) тұрғысынан қарастырылады.

Соңғы жылдары лингвистикалық әдебиеттерде тұлға гомогенді емес, гетерогенді құбылыс ретінде сипатталады, яғни бірнеше сипаттан құралатыны туралы сөз болады. Тұлғаға негізінен екі түрлі сипат тән: ең алдымен, тұлға – қоғам дамуының нәтижесінде қалыптасады. Ол әлеуметтік ортамен байланысты, ол белгілі бір ортада қалыптасады. Тұлғада өзінің өмір сүрген кезеңінің, қоғамдық сананың, психологияның, мәдениеттің әсері болады. Тұлғаға сыртқы әсерлер ықпал етумен қатар ол өз бетінше қоғамда белсенді әрекет етеді, қоғамдық қызметі, таным әрекеті бар, еңбекпен шұғылданатын адам, ол материалдық және рухани қатынасқа негізделген, қоғамда өзіндік орны бар, мақсат-мүддесі бар, өзінің орнын білетін, өзіндік «мені» бар субъект болып табылады.

Тілді антропологиялық тұрғыдан сипаттағанда, тілдік тұлға мәселесіне ерекше көңіл бөлу қажет. Тілдік тұлға бүгінде тіл білімінде әртүрлі терминдермен айтылып жүр. Нақты айтсақ, субъект (әлемді танушы және әлемді өз сөзінде бейнелеуші), индивид, мәтін авторы, тілді ұстанушы информант, актив, пассив информант, айтушы/тыңдаушы, сөздік портрет, идиолект, автор бейнесі, интеллектуал, автор образы, ақынның өз образы т.т. Бұл атаулар түрлі ғылымдардың адамның санады деңгейін зерттеуден туған. Дегенмен бұл мәселелерде ала-құлалықтар жеткілікті, себебі әртүрлі ғылым салалары қиюласып, тоғысып, даму үстінде болғандықтантілдік тұлғаны өзіндік тұрғыдан анықтауға тырысады. Ю.Н. Караулов орыс тіл білімінде тілдік тұлға табиғатын құрылымға жинақтап анықтайды [3, 234]. Соған сүйеніп, тілдік тұлғаның астарында мәтінді жасаушы және қабылдаушы адамның ерекшелігі мол қабілетінің жиынтығы жатыр деп санаймыз. Олар: а) тілдік-құрылымдық қиындық дәрежесімен; ә) шындық болмыстың терең және нақты бейнесімен; б) анықталған мақсат бағыт-бағдарлығымен өзгешеленеді. Бұл анықтамада адамның қабілеттілігі мен өзі жасаған мәтін ерекшелігі ұштасып жатыр. Бұл пайымдау тілдік тұлға сипатының барлық негізгі синтезі үшін қажет болса, бір жағынан тілдік тұлғаны тануға тануға арналған басқа ұғымдарға қарама-қарсы. В.А.Маслованың көрсетуінше, тілдік тұлға мазмұнына мынадай компоненттер енеді: 1) құндылық, дүниетанымдық, тәрбие мазмұны компоненті, яғни құндылықтар жүйесі және өмірдің мәндері; 2) мәдениеттану компоненті, яғни тілге деген қызығушылықтың тиімді құралы ретінде мәдениетті игеру деңгейі; 3) құндылық, тұлғалық компонент, яғни, әр адамда бар терең жекелік қасиеттер [4, 119]. Осы

ерекшеліктерге байланысты тілдік тұлға мәселесі жалпы тіл білімінде түрлі бағытта зерттеліп келеді, кешенді және идиолекті (бір адамдық тұлғалар) [В.Г. Нерозняк], этносемантикалық тұлға [С.Г. Воркачев], элитарлы [А.Г. Баранов], орыс тілдік тұлғасы [Ю.Н. Караулов] тілдік және сөйлеу тұлғасы [Ю.Е. Прохоров, Л.П. Клобукова] батыс және шығыс мәдениетінің тілдік тұлғасы [Т.И.Снитко], сөздік тілдік тұлғасы [В.И.Карасик], эмоционалды тілдік тұлға [В.И.Шаховский]; психолингвистикалық [И.А. Бодуэн де Куртенэ], лингводидактикалық; философиялық [В.Виноградов], қазақ тіл білімінде – Ф.Оразбаева, Н.Уәли, Қ.Жаманбаева, А.Ислам, О.Жұбаева, Н.Аитова, Г.Имашева, Ж.Ермекова т.с.с.

Ислам Айбарша «Мәдени тілдік тұлға», «тілдік тұлға» ұғымдарын қатар қойып, жалпы «тілдік тұлға» терминімен атайды да, мынадай анықтама береді: «Тілдік тұлға дегеніміз – ұлт тілі мен ұлт мәдениетінен толық ақпарат меңгерген тілдік-мәдени құзырет иесі. Ол ұлттық, аймақтық, әлемдік мәдениет ақпаратын меңгеруіне байланысты сатылы деңгейлерден тұрады. Тілдік мәдениет құзырет иесі (сатылы деңгейіне сәйкес) ұлттық реңктегі тілдік белгілер мағынасын арнайы сараптама көмегінсіз жалпы мағынасын түсінуге қабілетті» [5, 7].

Тілдік тұлғаның саяси, қоғамдық, психологиялық және т.б. ерекшеліктері оның тұлғалық мінезінің құрылымын түзеді. Адресанттың адресатқа хабар беру қажеттілігі – табиғи болмыстан туған рухани қажеттілік. Бұл қажеттілік табиғи, ұлттық, шынайылыққа ие болмаса, халық санасында тілдік тұлға ойлары, сөздері жатталып қалмас еді. Қазірдің өзінде хатқа түсіп жатқан әртүрлі шығармалардың өздерін, олардың адресаттарының ойларын халық қабылдай бермейді. Сол себепті тілдік тұлғаға тән қасиет халық көңілінен орын таба білуі шарт. Адамның жалпы интеллектуалдық деңгейі тілдік тұлғаның қалыптасу баспалдақтарының іргетасы болады. Әсіресе, тілдік тұлғаның ақыл-парасаты, өзіндік білім көкжиегін анықтауда когнитивті сипат жетекшілік қызметке ие болады. Тілдік тұлғаның таным позициясы дәстүрлі тілдік талдауларда анық байқала бермейді. «Тілдік тұлға – прототип, сондықтан оның когнитивтік моделі концептілік құрылымы деңгейінен айқын көрінеді. Прототип – типтік бейне, сондықтан ол тілдік мазмұнмен ұштасады, екеуі бірігіп келіп семантика өзегін құрайды» деген зерттеуші Н. Аитованың анықтамасы когнитивті сипатқа негізделген [6,12].

Г.Имашева тілдік тұлға қалыптасуы үшін төмендегі алғышарттардың болуы тиіс деп есептейді: 1. ұлттық тәрбие (отбасылық тәрбие); 2. ұлттық тілдегі өлшемдер (қабылданған, қабылданбаған құндылықтар); 3. мәдени ақпарат (салт-дәстүр, әдет-ғұрып); 4. рухани сана (дін қағидалары); 5. үлгі тұтатын тұлғалар (Абай, Шоқан т.б.); 6. озық білім жүйесі; 7. тектілік интеллектісі. міне, осы қасиеттерді бойына жинаған индивид, саналы адам дәрежесінен тұлға одан әрі тілдік тұлға дәрежесіне көтеріле алады. тілдік тұлға дегеніміз ұлттық ойлау ділі бар, ұлттық тілдің дамуына өз әсерін тигізуші, қоғамдық интеллект [7, 16].

Тілдік тұлғаның өзіндік болмысына сәйкес қалыптастырған, енгізген түрі, сөз саптауы, ойы, көзқарасы эталондық сипат дәрежесіне көшеді де, оның тілін зерттеудің арқауы бола бастайды. Бұл көбінесе тілдік тұлғаның дәстүрлі вербальды-семантикалық деңгейінде байқалатыны даусыз. Осыған сүйенген ғалымдар тілдік тұлға көп қабатты және көп компонентті құрылымын тұратын жүйе деп есептейді. Ю.Н. Караулов тілдік тұлғаны үш құрылымдық деңгейден тұратын деп санайтыны белгілі:

1. Вербальды-семантикалық деңгей;
2. Когнитивтік деңгей;
3. Прагматикалық (мотивациялық) деңгей [3, 36].

Вербальды-семантикалық деңгейде тілдік тұлғаның күнделікті дәстүрлі тілді меңгеру деңгейі анықталады. Бұл деңгей сөз тіркесі мен сөйлемнің стереотиптік үлгісінен тұрады. Бұған автордың өзіндік сөз қолданысы, әртүрлі образдар көрінісінің қолданылу дәрежсі, тілдік тәсілдердің сонылығы, түр жаңалығы, семалар ерекшеліктері енеді. Бұл тілдік тұлғаның бастапқы таным көрінісін ашатын деңгей болғандықтан, ол кейде нөлдік деңгей деп те аталып, тілдік тұлғаның тілді қолдану ерекшелігі басым түрде әңгіме болады. Қ. Жаманбаева «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері» еңбегінде А. Байтұрсынұлы көрсеткен тіл толғау шарттарын енгізеді: 1. Сөз дұрыстығы; 2. Сөйлемдерді ойластырып, құрмаластыру; 3. Тіл анықтығы; 4. Тіл дәлдігі; 5. Тіл көрнектігі [8, 19].

Екінші деңгейде тілдік тұлғаға тән когнитивтік кеңістікті құрайтын әр түрлі түсініктер мен релевантты білімдердің өзектелуі жүзеге асады. Бұл деңгейде тілдік тұлғаның өзіндік ғаламдық бейнесі ашылады, сонымен бірге оның тезаурусы мен мәдениеті нақтыланады. «Бұл деңгей адамның білім, сана, танымын бейнелеген мәтіндері негізінде тұлғаның дискурсын танытады. Бұл көркем

шығармада когнитация арқылы жүзеге асады, яғни тіл мен таным сабақтастығының нәтижесі, сол тілдік тұлғаның осы сабақтастыққа сай жасалатын тезаурустық қалыптасу кезеңі» [7, 19].

Үшінші деңгей, прагматикалық деңгейге тілдік тұлғаны қозғаушы, дамытушы уәждар мен мақсат-міндеттердің табиғатын ашу, ерекшеліктерін талдау мәселелері енеді. Мұнда тілдік тұлға әдейі қолданған көнерген, кірме сөздер т.б. лексика қабаттары, диалектілік сөздерді қолдану ерекшеліктерін және қоғамдық ой-сананың тілдік тұлға тіліне деген әсерін қарастыруға болады [7, 14].

Тілдік тұлға сөйлеу барысында бірнеше қызмет атқарады. Атап айтқанда, фатикалық, ақпараттық, әсерлік. Фатикалық тілдік құралдар арқылы қарым-қатынас барысында белгілі бір қоғамда қалыптасқан сөйлеу әдебінің үлгілері байқалады. Сол арқылы адамның мәдени деңгейі де көрінеді. Ақпараттық қызмет тұлғаның білік-дағдыларын, аялық білімінің деңгейін көрсетеді, тұлғаның зияткерлік қабілеті байқалады. Адамның эмоциясы мен еркі тыңдаушыға әсер етуінен байқалады. Осымен байланысты Ислам Айбарша былай дейді: «Тілдік тұлғаның мазмұнына келсек, оны құндылықтар жүйесінен тұратын дүниетанымдық, мәдени және жеке тұлғалық компоненттер құрайды... Тілдік тұлғаның табиғаты тұлғаның ұлттық мәдени сипаты мен тікелей байланысты. Ұлттық тілдік тұлға лексика-семантикалық деңгейде ғана сипатталып қоймай, сонымен қатар ол ұлттық мәдени құндылықтарды, ұлттық мәдени (ділді), ұлттық психологияны меңгерген және оны келер ұрпаққа бере алар тұлға екендігін баса айтқымыз келеді» [5, 11].

Тіл тұтынушысы сапасына көтерілмеген тұлғаның тілдік тұлғаға да, коммуникативтік тұлға қатарына қосылуға да мүмкіндігі жоқ. Бірақ адам баласы қалай болғанда да қандай да бір тілдің тұтынушысы, белгілі бір тілге қатысты алғанда ұлттық тілдік тұлға, демек, соған қатысты коммуникативтік тұлға бола алады. Егер тілге қатысты лингвистикалық құзыреттілікке ие тұлға бір тіл үшін тілдік және тұлға (өз ана тіліне қатысты), ал екіншісіне қатысты тек тіл тұтынушысы сапасында болады (екінші тілде түсінеді, белгілі деңгейде пайдаланады, бірақ нормаға сай қолданып, еркін көсіліп сөйлей алмайды, еркін қарым-қатынасқа түсе алмайды). Тіл тұтынушысына тән лингвистикалық құзыретті де, тілдік-мәдени құзыретті де, коммуникативтік құзыретті де адам дискурс барысында күрделі коммуникативтік жағдаятта игереді [9].

Коммуникацияда тілдік тұлға коммуникативті тұлға ретінде көрінеді. Коммуникативті тұлға сөйленісте көрінеді. Коммуникативті тұлға бинарлы, ол адресатпен тығыз байланыста болады. Коммуникативтік тұлға дегеніміз – тілдің коммуникативтік жағдаятқа сай келетін функционалдық ерекшеліктеріне тән нормалары мен қарым-қатынастың прагматикасына тән нормаларды жете меңгерген, пайдалану дағдысы қалыптасқан тұлғалар. Осыған сай тіл тұтынушы лингвистикалық құзыретке ие болғанымен (түсінгенімен, біршама сөйлегенімен, жазғанымен), коммуникативтік құзыретке ие бола алмауы мүмкін (тілдің функционалдық тармақтарын меңгермеуі мүмкін).

Сонымен, кез келген индивид белгілі бір этнолингвомәдени қауымдастықтың өкілі, этнотілдік танымның тасымалдаушысы болып табылады. Тілдік тұлғаның қалыптасуы – тілдің көмегімен ұлттық мәдениет пен психологияны игеру арқылы адамның әлеуметтенуі болып табылады. Тілдік тұлғаның тілдік санасы этномәдени қауымдастықтың тілдік түсінігімен байланысты бола отырып, жекелеген, әлеуметтік-топтық ерекшеліктерге сүйенеді. Кез келген тілдік тұлға белгілі бір этнолингвомәдени қауымдастықтың өкілі және белгілі бір этнотілдік танымның тасымалдаушысы болып табылады.

1. *Кішібеков Д., Сыдықов Ұ. Философия. - Алматы, 2000. 236-б.*
2. *Леонтьев А.А. Общение как объект психолингвистического исследования // Методологические проблемы социальной психологии. – М., 1975. – С. 251-261.*
3. *Караулов Ю. Н. Русский язык и языковая личность. — 7-е изд. — Москва: ЛКИ, 2009.*
4. *Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику. –Москва: Флинта / Наука, 2004. – 296 с.*
5. *Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы - салғастырмалы лингвомәдени сараптама): филол. ғыл. докт. ... дис. : 10.02.19. – Алматы, 2004. – 338 б.*
6. *Аитова Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы: филол. ғыл. канд... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2005. – 26 б.*
7. *Имашева Г. Міржақып Дулатұлы шығармаларындағы «Ғаламның тілдік бейнесі»: филол. ғыл. канд... автореф.: 10.02.02. - Алматы, 2007.*

8. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.

9. Садирова К. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері. Алматы, 2009. - 157-б.

Резюме

Л.М.Адилбекова, Г.К.Елшибаева. Исследование проблемы «языковой личности» в антропоактуальных исследованиях

В языкознаний на сегодняшний день доминирует антропоцентрическое направление и особое внимание уделяется человеческому фактору. В соответствий с этим также дается особое значение системе мышление языка и воздействию человеческих подходов к языку. В статье рассматривается значений понятия «индивид», «личность», «человечность», в языкознаний, психологий, философий и социологий. Человек описывается как «индивид», «личность», «субьект» и определяется отношение человека к самому себе, обществе и окружающей среде. Потому что человек не может существовать вне общества. И формирование человека как личность, как языковая личность напрямую связано с обществом. Поэтому рассматривается взаимоотношение личности и общества. Описывается последовательно разные значения понятий «личности» в энциклопедических, философских, психологических, лингвистических словарях и определяется особенности и схожества. Говорится о том что, в последние годы в лингвистических литературах личность описывается не как гомогенное, а гетерогенное явление, т.е. личность описывается с разных сторон.

Ключевые слова: человек, личная персона, личность, языковая личность, коммуникация, общество, философия, языковое мышление, этнокультурное сообщество.

Summary

L.M. Adilbekova, G.K.Yelshibaeva. Study of the "language person" problem in antropoactual research

In linguistics today dominates anthropocentric direction and focus on the human factor. In accordance with this also gives special importance to the system of language and thinking approaches to the effects of human language. The article deals with the meaning of "individual", "personality", "humanity", in linguistics, psychology, philosophy and sociology. People is described as "individual", "personality", " subject's" and is determined by the relation of man to himself, society and the environment. Because man can not exist outside of society. And the formation of man as a person, as linguistic identity is directly connected with the community. Therefore considered the relationship of the individual and society. Describe the sequence of the different meaning of "person" in encyclopedias, philosophical, psychological, linguistic dictionaries and determined features and skhozhestva. Stating that, in recent years in the linguistic literature personality is described not as homogeneous and heterogeneous phenomenon, ie, personality is described from different angles.

Keywords: human, individual person, personality, language personality, communication, society, philosophy, linguistic thinking, ethno-cultural community.

УДК 811.161.1

ФУНКЦИОНАЛЬНАЯ ПАРАДИГМА В СОВРЕМЕННОЙ ЛИНГВИСТИКЕ И РУССКИЙ ЯЗЫК ЗАРУБЕЖЬЯ

Г.М. Бадагулова – *Алматы Менеджмент Университет, кандидат филологических наук, доцент*

Аннотация. Статья посвящена истории становления функциональной парадигмы языкознания, анализу различных школ функциональной лингвистики, разных истолкований терминов «функция» и «функционирование» в связи с исследованием русского языка зарубежья. Функция как назначение речевой деятельности проявляется в двух формах, а именно: номинативной и коммуникативной. Номинация трактуется как особая форма речевой деятельности, которая отличается от коммуникативной деятельности своим мотивом, своими действиями и своими результатами. Номинативная деятельность мотивируется потребностью обозначения результатов познавательной деятельности человека, коммуникативная деятельность – потребностью общения, т.е. передачи информации и воздействия на поведение человека. Речевая деятельность возможна только при наличии знания о языковом видении мира. Изучение специфики функционирования русского языка зарубежья будет успешным, если изучить результаты семиотической деятельности человека и в связи с этим исследовать результаты номинативной и коммуникативной деятельности в условиях межкультурного общения.

Ключевые слова: функционализм, номинация, коммуникация, инокультурная среда.

Изучение функционирования языка как средство общения восходит к трудам В.фон Гумбольдта, Ф.де Соссюра, И.А.Бодуэна де Куртенэ и О. Есперсена, О. Брюно, Л.В. Щербы. Деятельностный подход к языку В. фон Гумбольдта, положения о внешней и внутренней лингвистике, языке и речи, синхронии и диахронии, статике и динамике, выдвинутые Ф.де Соссюром, диалектическое понимание И.А. Бодуэном де Куртенэ языковой статики как момента в движении языка, в его динамике или кинематике и его утверждение о нарастании черт системности в процессе развития языка, а также призыв искать эти черты в противопоставлениях и различиях, имеющих социально-коммуникативную функцию, стали основой возникновения лингвистического функционализма. Кроме того, учение о понятийных категориях О. Есперсена, а в русской лингвистике И.И. Мещанинова, активные грамматики О. Брюно и Л.В. Щербы также способствовали изменению «формата» рассмотрения языковых единиц.

Основной принцип функциональной лингвистики – понимание языка как целенаправленной системы был развит представителями Пражского лингвистического кружка (ПЛК), его организатором В. Матезиусом (в области синтаксиса), а также Н.С Трубецким (в области фонологии), Р.О. Якобсоном, С.О.Карцевским (в морфологии).

Функционализм подчеркивает первичность и важность понятия функции языка. Один из ярких представителей ПЛК Р.О. Якобсон интерпретировал язык как инструмент коммуникации. Опираясь на общую модель акта комуникации, Р. Якобсон намечает шесть основных функций языка: при установке на говорящего реализуется эмотивная функция; направленность сообщения на адресата реализует конативную функцию; установка на сообщение и его форму говорит о поэтической функции; учет системы языка – это метаязыковая функция; при установке на действительность реализуется референтивная функция; установке контакта – фатическая функция [23, с. 319-330].

Функциональный подход характеризует не только ПЛК, но и другие направления структурализма. Для европейского структурализма функциональный подход является, по выражению М.А Кронгауза, «если не обязательным, то, по крайней мере, естественным» [11, с. 301].

Один из ярчайших представителей глоссематики Луи Ельмслев в «Прогломенах к теории языка …» определяет язык как 1) «… неисчерпаемый запас разнообразных сокровищ»; 2) «инструмент, посредством которого человек формирует мысль и чувство, настроение, желание, волю и деятельность …»; 3) «…инструмент, посредством которого влияет на других людей…»; 4) «…язык – первичная и самая необходимая основа человеческого общества». Итак, очевидно, что Л.Ельмслев, определяя сущность языка, пишет о назначении языка, о функциях языка. Если перевести на современный метаязык науки, то великий копенгагенец имел ввиду 1) аккумулятивную, 2) когнитивную или познавательную, эмоциональную функции языка; 3) эмотивно-волюнтативную (или функция воздействия); 4) социальную функции языка [9]. Другой не менее яркий представитель европейского функционализма, известный психолог и лингвист Карл Бюлер выделял три функции языка, проявляющиеся в любом акте речи: функцию выражения (экспрессивную), соотносимую с говорящим, функцию обращения (апеллятивную), соотносимую со слушающим, и функцию сообщения (репрезентативную), соотносимую с предметом речи. Отправитель сообщения выражает себя, апеллирует к получателю и репрезентирует предмет коммуникации [3].

Система австралийского лингвиста М.А.К. Холлидея содержит три макрофункции, в которые в процессе языкового развития индивида соединяются семь исходных дискретных (отдельных) функций в языковом поведении ребенка. Каждый акт взрослого, по мнению М.А.К. Холлидея, обслуживает более чем одну функцию сразу. Три макрофункции в системе Холлидея – это *идеационная, межличностная* и *текстуальная.* Идеационная функция близка традиционно выделяющейся когнитивной, но шире ее, так как включает ‘выражение опыта’, оценочные и аффективные аспекты. Межличностная функция включает в себя индексальную и регулятивную, выражая роль говорящего в речевой ситуации, его личные приверженности и взаимодействие с другими. Именно эта функция способствует установлению и поддержанию социальных отношений, посредством которых разграничиваются социальные группы, а индивид получает возможность взаимодействия и развития собственной личности. Текстуальная функция связана со структурированием речевых актов – выбором грамматически и ситуационно уместных предложений. Недаром именно М.А.К. Холлидей называл функциональную грамматику грамматикой выбора. Модель М.А.К. Холлидея позволяет описать ситуативное использование языка, в котором

семантический компонент соотносится с социальным, с одной стороны, а с другой – с лингвистическим. По мнению М.А.К. Холлидея, на входе семантика имеет социальное значение, а на выходе – лингвистическое. Семантика, таким образом, – промежуточный, посредующий уровень между социальным (ситуацией) и лингвистическим (текстом и языковыми средствами конкретного речевого акта) [22].

Лингвистами отмечается многоликость и многофакторность функционализма. Так, например, В.З. Демьянков пишет о том, что «в рамках функционалистской традиции модели языковой компетенции очень разнообразны. Все это – разновидности «функциональной грамматики» [6, с.26].

О разнообразии функционального подхода в лингвистике говорит и В.Г. Гак. В своей типологии функциональных подходов В.Г. Гак различает коммуникативный, семантический, прагматический, системно-структурный, семасиологический, ономасиологический подходы [5, с.180-189]. Многофакторность функциональной лингвистики включает 1) положения об интенциональной основе функций; 2) о соотнесенности функции с формой; 3) об облигаторности функции у каждого непериферийного элемента системы; 4) роль в системе и в движении; 5) в отношении части к целому; 5) связь с понятием целевого назначения и диалектику связи системы и функций.

Как отмечает справедливо В.З. Демьянков о том, что «функциональная теория получает иногда совершенно разные истолкования, в зависимости от того, как трактуется термин «функция» [7, с. 51].

Если обобщить все те многочисленные трактовки термина функция, то можно говорить о двух более общих понятиях данного термина.

1. Функция как роль языкового элемента, когда «функция формы должна определяться в отношении к другим формам, употребляемым рядом с ней в данной семантической или синтаксической области» [2, с. 131–132].

2. Функция как употребление и использование языка и языковых элементов т.е. функционирование языка и языковых единиц. Функция как назначение речевой деятельности, как функционирование языка есть описание процессов коммуникации, семиозиса, номинации, речевых актов, употребления, использования языковых единиц [2]; [5].

Другим базовым понятием функционального подхода является функционирование языка.

Дискуссия вокруг понятия «функционирование» связаны с конфронтацией взглядов ученых по поводу «соссюровских» вопросов о синхронии и диахронии, статике и динамике, языке и речи.

Динамика в синхронии предстает как функционирование языка, т.е. как речевая деятельность. А так как речевая деятельность имеет две формы – коммуникативную (КД) и номинативную (НД), то функционирование – это употребление, воспроизводство и функционирование-производство. Для функционирования как НД характерна не просто объективация новой мыслительной информации. Оно создает имя. Производство номинативной единицы представляет адресату новое знание, новую единицу. В функционировании языка как КД видится основной для коммуникации процесс употребления языковых единиц, участвующих в построении высказываний и текстов. В этом случае выбор языковых знаков предваряет их употребление во внешней, материальной стороне РД [8].

Функционирование русского языка – это его взаимодействие другими языками. Языковые контакты подготавливаются речевой деятельностью, «которая приобретает формы билингвиальной и межъязыковой коммуникации».

Представителями ПЛК были определены задачи теории номинации. Они различали номинативную деятельность, результатом которой является слово и которая – на основе особой для каждого языка номинативной системы – расчленяет действительность на лингвистически определимые элементы, и синтагматическую деятельность, ведущую к сочетанию слов [20].

В начале 60-х годов XX столетия термины «семасиология» и «ономасиология» приобретают широкое развитие в работах чешских языковедов Й.Филипца, М. Докулила, Я Кухаржа, которые распространили данные термины на грамматику. Вслед за чешскими учеными, анализируемые термины начинают употреблять в широком значении русские и французские лингвисты (В.Г. Гак, Е.С. Кубрякова, А.А. Уфимцева Н.А. Слюсарева, Ж. Стефанин, Б. Потье и др.).

Активная разработка проблем номинативной деятельности языка в русской лингвистической науке начала осуществляться в семидесятые годы двадцатого столетия. Обращение к номинативной деятельности стимулировалось, во-первых, «влиянием функционального направления в лингвистике, идеями ПЛК, теориями функциональной грамматики, определившими успехи методики

преподавания русского языка, во-вторых, – «активным использованием достижений теорий речевой деятельности, речевых актов» [20, с. 7].

Внутри онамосиологического подхода разграничиваются два течения. Они дистанцируются на основе разграничения номинации и коммуникации как видов речевой деятельности. Сторонники так называемого «динамического подхода», отмечая и «выделяя специфические свойства номинации, ее детерминированность познанием», все же рассматривают ее как часть коммуникации (Е.С. Кубрякова, Г.В. Колшанский, И.С. Торопцев). Исследование проблем номинации представителями динамического течения проводилось в двух направлениях. Первое направление представлена двумя школами. Глава первой школы Е.С. Кубрякова характеризует процесс словопроизводства, «исходя из его внешней, языковой стороны». Для Е.С. Кубряковой «важнейшее понятие ономасиологии – акт номинации - одновременно и важнейшее понятие речевой деятельности». Определение речевой деятельности у нее связана с речемыслительным процессом, который направлен «на выбор существующего в языке готового обозначения для именуемого явления и мысли об этом явлении, либо на создание подходящего названия для него» [11, с. 42].

Представитель другой школы И.С. Торопцев «словопроизводственную модель» строит из отдельных компонентов, поэтапно, «двигаясь» от мысли к языковому элементу. Он считает, что «предметом процессуального словообразования (ономасиологии) является словопроизводственный процесс, психический процесс, в ходе которого лексически материализуется, объективируется идеальное, и словопроизводственная модель, в соответствии с которой процесс осуществляется» [21, с. 53]. Модель И.С. Торопцева – это модель оязыковления концепта.

Второе направление динамического подхода отражен в работах Л.Н. Мурзина [16], Л.В. Сахарного [19], в которых словопроизводство рассматривается изолированно от стимулирующего его мышления и исследуется в чисто языковом его проявлении как процесс свертывания развернутого знака в свернутый.

Следующее течение ономасиологии – это функциональный подход, который представлен научной школой В.М. Никитевича. Объектом внимания здесь являются номинативные единицы (номемы, производные слова, номинативный ряд, номинативное и деривационное поля), номинативное значение которых состоит из двух составляющих: семантической составляющей и классифицирующей составляющей. Их единство представляет формулу номемы. Функциональность данного подхода заключается в том, что здесь «устанавливается состав номинативных единиц по признаку их номинативной достаточности, пригодности к выполнению номинативной функции» [17].

Номинация трактуется как особая форма речевой деятельности, которая отличается от коммуникативной деятельности своим мотивом, своими действиями и своими результатами. Номинативная деятельность (НД) мотивируется потребностью обозначения результатов познавательной деятельности человека, коммуникативная деятельность (КД) – потребностью общения, т.е. передачи информации и воздействия на поведение человека. НД материализует плоды познания, производства мыслей, для КД характерно – воспроизводство знаний, аккумулированных в ЯКМ.

Язык функционирует в определенном социокультурном пространстве, где участниками процесса коммуникации являются коммуниканты, которые различны по своей социальной, культурной и т.д принадлежности. Антропологический подход к языку, который нашел свое решение в трудах В. фон Гумбольдта, И.А. Бодуэна де Куртенэ, Л.В. Щербы и др., активизирует интерес к личностным и социальным сторонам деятельности говорящего при изучении проблемы функционирования языка. Реализация и интерпретация определённых стратегий речевого общения не могут осуществляться без учёта социокультурных аспектов коммуникативного процесса (М. Бирвиш, Т.ван Дейк, И.П. Сусов и др.). Описание коммуникативной деятельности языка, который реализуется в конкретных речевых действиях деятеля, предполагает учет организации внутреннего мира говорящего, иначе говоря, представленный в его картине мира (индивидуальной по способу существования, но социально и этнокультурно обусловленной) набор познавательных структур. Коммуникативный подход предполагает переплетение с подходом когнитивным. Речевая деятельность возможна только при наличии знания о языковом видении мира. Языковая картина мира двуедина по своей природе. С одной стороны, она отражает отношения внеязыковой действительности, с другой стороны, воплощает результат восприятия мира говорящим. Функциональное описание языка дополняется

когнитивным аспектом. Когнитивность проявляется в свойстве языка хранить и передавать знания о действительности и обеспечивать потребность мыслительного процесса. Понимание языка как функции человеческого интеллекта делает очевидным то, что при исследовании человеческого языка в центре внимания должны находиться механизмы создания когнитивных единиц, лежащие в основе производства и понимания высказываний. Цель когнитивной науки – определить природу механизмов, имеющихся в распоряжении человека в процессе мышления, восприятия и понимания, имея в виду, что «язык есть непрерывная текучесть мысли, некое единство, постоянно перетекающее из одного своего состояния в другое, некий процесс, характеризующийся в первую очередь своей непрерывностью» [14, с. 56].

Таким образом, собственно языковая коммуникация оказывается возможной не только при наличии в сознании каждого говорящего, в его картине мира неких смысловых, информационных “сгущений” (когнитивных структур), но и предполагает переработку этих структур в языковые. Совокупность языковых, коммуницируемых когнитивных структур образует языковую картину мира. Такими когнитивными структурами являются концептуальные структуры или концепты, содержащие информацию социокультурного характера или знания о том, что Л. Витгенштейн называл “языковыми играми” [4, с. 80-130]. Язык функционирует как когнитивная система, он служит обработке и упорядочению полученных знаний, их хранению в памяти человека. Обработанные языком познавательные структуры включаются в целостную систему знаний – языковую картину мира, концепты, которые локализуются в сознании индивида и обеспечивают ориентацию человека в окружающей среде, и в определённой степени управляют его поведением. Обмен знаниями между людьми служит формированию и беспрерывному пополнению и уточнению общей, коллективной, принадлежащей всему данному обществу, картины мира. Изучение реальных процессов языковой коммуникации, обращение в связи с этим к внеязыковой действительности привело к мысли о том, что не только язык «рисует эскиз мира», но и «жизнь дает ключ к пониманию языка и речи, речевой деятельности. В классической семиологии, представленной именами Ч. Пирса и Ч. Морриса, принято говорить о языке как о некоторой системе знаков, которую можно использовать в определенных целях. О знаках как единицах номинации и коммуникации писал еще Ч.С. Пирс следующим образом: «Знак, или репрезентамен, есть нечто, что замещает (stands for) собой нечто для кого-то в некотором отношении или качестве. Он адресуется кому-то , то есть создает в уме этого человека эквивалентный знак, или, возможно, более развитый знак [10, с. 48].

В русской теории знаков акцент делался на активной роли человека в семиотизации окружающего мира: он не только живет в мире знаков и значений, он их создает в процессе своей креативной деятельности в соответствии со способом и характером мировосприятия. Знаки и их значения – это продукты культурной деятельности человека в процессе исторического развития этнокультурного сообщества. Таким образом, изучение специфики функционирования русского языка в Казахстане будет успешным, если изучить результаты семиотической деятельности человека и в связи с этим исследовать результаты номинативной деятельности в условиях межкультурного общения.

Реализация тех или иных коммуникативно- когнитивных структур происходит в рамках спонтанного или организованного дискурса. Исследование русскоязычного казахстанского дискурса поможет описать особенности функционирования русского языка в Казахстане, коммуникативную деятельность языка, предоставит возможность проследить и увидеть особенности коммуникативной деятельности языка в условиях межкультурного общения в силу следующих причин.

1. Дискурс как «сложное коммуникативное явление» включает, кроме текста, еще и экстралингвистические факторы (знание о мире, мнения, установки, цели адресата) [8].

2. В функциональном плане дискурс, во-первых, есть использование (употребление) языка, т.е. речи во всех ее разновидностях; во-вторых, - это «установление корреляции "текст и предложение" - "дискурс и высказывание", т.е. понимание дискурса как целостной совокупности функционально организованных, контекстуализованных единиц употребления языка [15, с. 68-75].

3. Дискурс как явление многомерное и многогранное, «как текст, взятый в событийном аспекте», «как речь, погруженная в жизнь» [1, с.136-137] способствует успешному изучению коммуникативной деятельности, соотнося ее с участниками общения, с социокультурным пространством, со спецификой общения в рамках определенного этноса и т.д.

Русский дискурс создается в инокультурной среде. В целом русский язык употребляется для

общения коммуникантами, которые являются носителями не только русской культуры, но и казахской. Это и составляет своеобразие русского языка Казахстана, как языка, функционирующего за пределами России, как языка зарубежья.

1. *Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. М : «Языки русской культуры», 1998. - 896 с.*
2. *Бондарко А.В. Принципы функциональной грамматики и вопросы аспектологии. - М: Эдиториал УРСС, 2001. – 208 с.*
3. *Бюлер К. Теория языка. Репрезентативная функция языка. М , 1993.- 504 с.*
4. *Витгенштейн Л. Философские исследования // Философские работы. М , 1994. Ч 1. С. 80-130. (пар. 1-120).*
5. *Гак В.Г. Языковые преобразования .- М.: Школа Языки русской культуры, 1998. – 768 с.*
6. *Демьянков В.З. Функционализм в зарубежной лингвистике конца XX века//Дискурс, речь, речевая деятельность: функциональные и структурные аспекты. Сб. обзоров. М , 2000. С. 26 – 136.*
7. *Демьянков И.З. Функционализм в зарубежной лингвистике конца 20 века. - V.Dem'jankov.http://www.infolex.ru*
8. *Жаналина Л.К. Теория номинации в функциональной парадигме// Чтения, посвященные памяти доктора филологических наук, профессора В.М. Никитевича». Нежин, 2003*
9. *Ельмслев Л. Пролегомены к теории языка // Новое в лингвистике. Вып.1. М., 1960. С. 215—262*
10. *Караулов Ю.Н., Петров В.В. Вступительная статья// Дейк Т. А. Ван. Язык. Познание. Коммуникация. М.: Прогресс, 1989. С. 3-12*
11. *Кронгауз М.А. Семантика. - М.: Издательский центр «Академия», 2005. — 352 с.*
12. *Кубрякова Е.С. Из истории английского структурализма (Лондонская лингвистическая школа). // Основные направления структурализма. – М., 1964.*
13. *Кубрякова Е.С. Номинативный аспект речевой деятельности. – М., 1986.*
14. *Лосев А.Ф. Философия. Мифология. Культура. - М., 1991.*
15. *Макаров М Л. Основы теории дискурса. М. «Гнозис», 2003.*
16. *Мурзин Л.Н. Основы дериватологии. – Пермь, 1984.*
17. *Никитевич В.М Основы номинативной деривации. Минск, 1985.*
18. *Пирс Чарльз Спенсер. Логические основы теории знаков. СпбГУ, 2000 – 352 с.*
19. *Сахарный Л.В. Психолингвистические аспекты теории словообразования. Л., 1985. – 97 с.*
20. *Пражский лингвистический кружок. - М , 1967 – 558 с.*
21. *Торопцев И.С. Словопроизводственная модель,-* Воронеж*: ВГУ,* 1980. *- 148 с.*
22. *Холлидей М.А.К. Место «функциональной перспективы предложения» (ФПП) в системе лингвистического описания. // Новое в зарубежной лингвистике. Вып. 8. – М , 1978.*
23. *Якобсон Р.О. Избранные работы. М : Прогресс, 1985. – 460 с.*

Түйін

Ғ.М. Бадагулова. Функционалдық парадигма және шет жердегі орыс тілін зерттеу

Мақалада тіл біліндегі функционалдық парадигманының қалыптасуы, осы парадигманың маңызды терминдері мен ұғымдары орыс тілінің шет жерде қолданылуының зерттеуіне қатысты жан-жақты талданған. Функция ұғымы тілдің мәнімен, мақсатымен, қолданысымен байланысты. Функция сөйлеу іс-әрекетімен байланысып, екі формада айқындалады: номинативтік және коммуникативтік. Номинация – сөйлеу іс-әрекетінің бір түрі болып саналады және коммуникациядан өзінің уәж, әрекеттерімен ерекшеленеді. Тек сөйлеу іс-әрекеті таным, ой категорияларымен байланыста. Сондықтан шет жердегі орыс тілінің зерттелуі семиотика және мәдениетаралық қатынастармен ұштасу арқылы жүзеге асырылуы керек.

Түйін сөздер: функционалды, номинация, коммуникация, басқа мәдениеттік орта.

Summary

G. Badagulova. The functional paradigm in modern linguistics and Russian language abroad

The article is devoted to the history of the formation of the functional paradigm of linguistics, the analysis of different schools of functional linguistics, different interpretations of the terms "function" and "functioning" in relation to the study of the Russian language abroad. Function as the purpose of speech activity is can find expression in two forms, namely: nominative and communicative. Nomination is treated as a special form of speech activity, which differs

from communicative activities, their motive, their actions and their results. Nominative activity is motivated by the need of signs of the results of a human cognitive activity, communicative activity – the need for communication, i.e. the transmission of information and influence on human behavior. Speech activity is possible only if the knowledge about the linguistic vision of the world. The study of the functioning of the Russian language abroad will be successful if you study the results of semiotic human activity and in this regard to explore the results of the nominative and communicative activity in the conditions of intercultural communication.

Key words: functionalism, nomination, communication, cultural environment.

ӘОЖ 81'373;001.4

ТЕРМИНДЕРДІ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУДА КЕЗІГЕТІН ҚИЫНДЫҚТАР

Э.С. Баймұратова – *оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,*
А.А. Жаутикбаева – *аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті*

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі кезде ғылыми ақпараттың дамуы барысында ағылшын, орыс тілінен мәтіндердің аударылуына мәжбүрлік туғызар уақытта, аударма жұмысында жиі кездесетін лингвистиканың кейбір теориялық мәселелері қарастырылады. Мәтіндердің санының көптігіне байланысты аудармашылар аз уақыт аралығында қиындығына қарамастан жасалатын аудармалардың сапасы мен аударманың кейбір мәселелері назар аударала алмай қалады. Осы тұрғыда, әсіресе, терминдердің дұрыс аударылуы ерекше талап пен жауапкершілікті қажет етеді.

Жаңа технология мен экономиканың қарқынды дамуы қоғамда қылыптасқан жаңа сөздер, тілдік қолданысқа енбеген жаңа терминдер, неологизмдердің қарқынды дамуы кезінде аударманың сапасын қадағалай алмау абден мүмкін. Дегенмен, аударманы қолға алған аудармашы ең алдымен өз тарапынан емес мақала жасушының атынан жүретін мәтіндердің мағыналық үйлесімділігі мен жеңіл оқылуына, сөз тіркестер мен терминдердің аударылуы, тағы да басқа көптеген аудармының мәселелерінің сақталуына мән беріп, автордың жұмысына кір келтірмеу мақсатында жауапкершілікті сезінуі абзал.

Түйін сөздер: терминдердің аударылуы, сөз тіркестер, терминдер, неологизмдер, әдіс, аудармашылық талапта, ғылыми лексика, жобалық жұмыс.

Термин – ғылыми ұғымға айқын анықтама беретін, оның мағыналық шегін дәл көрсететін сөздер екені белгілі. Әдетте тілдегі қандай сөз болсын көп мағыналы болып келеді де, оның мағыналық шегі айқын болмай, жылжымалы болады. Ал ғылыми ой-пікірді дәл білдіру үшін сөздің мағынасы тұрақты, айқын болуы қажет. Сондықтан сөздің мағыналық шегін дәл белгілеп, сөзді сол нақтылы бір мағынада ғана алып қолдану арқылы жасалады.

Терминдер толық мәнінде сапалы болу үшін ол жалпыға түсінікті, мағынасы мейлінше нақтылы, айқын болуы шарт және ғылыми терминология құрамындағы басқа ұғымдармен тығыз байланысты, қолдануға ыңғайлы болмақ керек.

Қазіргі таңда терминдерді қазақшалау үлкен қиындық тудырып отыр. Терминді қазақ тіліне аудару үшін аударма барысында екі тілді салыстыру орын алады, мұның нәтижесінде «аударма оқушының шетел тілін адекваттық түсінуіне әкеледі». Сондықтан аударманың әдістерін білу және оны сауатты арнайы мәтінімен жұмыс кезінде қолдану керек.

Аударма кезінде аздаған кезігетін қиындықтарды арнайы мәтіндер мазмұнында терминологиялық бірліктерді аудару кезінде кезіктіреміз. Терминдерду аудару қиыншылықтарын жүйелеу және олардан құтылу тәсілдері біздіңше оқу процесін айтарлықтай жеңілдетер еді.

Терминдерді аударуды қиындықтарды шешу үшін мынадай міндеттер шешілуі тиіс:

1. Терминнің ерекшелігі туралы толық мағлұмат алу, терминологияның тіл жүйесіндегі орнын анықтау;
2. Терминдерге негізгі сипаттама беру;
3. Терминдер аудармасының негізгі тәсілдеріне талдама жасау;
4. Терминдерді аудару барысындағы туындайтын қиыншылықтарды айқындау;
5. Терминдерді аударудағы қиыншылықтарды жіктеу және тәсілдер қалыптастыру, туындаған проблемаларды барынша тнімді шешуге мүмкіндік береді.

Терминдерді аудару үдерісінде туындайтын қиыншылықтардың үш катеғорясы бар.

Терминдерді саналы түрде аудару аударманы орындау кезіндегі қателіктер мен қиыншылықтардан құтқарады.

Терминдердің астында «арнайы ұғым мен арнайы заттарды мәнін дәл беру үшін арнайы тілдің сөздері мен сөз тіркестері» екенін біз білеміз. Қоғамдық ғылым терминдері барлық терминдерге ерекше сипаттары бар – жүйелік, дәлдік, мотивациялық және т.б. – сонымен қатар, бұл терминологиялыық жүйеден біз көптеген шекарадан шығып кеткен үйреншікті тілдегі сөздерге жақын солардың негізінде жасалған бірліктерді байқаймыз. Кірме, халықаралық терминдер тіл жүйесінде қарастырылуға кеңінен ұсынылады.

Терминологиялық бірліктерді аудару үшін оның мағынасын дұрыс түсіне білу керек, мазмұнмен форма арақатынасын анықтау және аудару тіліне сәйкес келетін эквиваленттін іріктеу қажет. Сәйкес келетін эквиваленттң іріктеу де оңай емес. Терминдердің аударудағы қиындықтардың жіктері мынадай: 1) термин формасына қатысты қиындық 2) термин ұғымының негізінде жатқан мазмұны 3) аудару тіліне сәйкес іріктеу.

1) форма сөздің семантикалық құрамының ажырамас бөлігі болып табылады. Кез-келген нәрсе немесе құбылыс ана тіліндегі вербальдық маңынасымен ассоциация береді. Сөздің формасы түсінуде қиындық тудырып қате аударуға әкеп соқтыруы мүмкін.

Ағылшын тіліне кез-келген басқа тілдер сияқты сыртқы тілдер ықпал етті. Терминдер жүйесінде кірме терминдер кеңінен тарады. Олардың көпшілігі ағылшынның сөз құрамы жүйесінің талаптарына сәйкес түрін өзгертті, тілдің негізгі лексикалық құрамына енді. Сонымен қатар, кірме терминдердің бір бөлігі өз түрінде өзгеріссіз қалды, олар: Латын тілінен шыққан терминдер мен француз тілінен кірген терминдер. Осы орайда Президентіміз Н.Назарбаев «Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде» деген баяндамасында: «...Түбірі латын, ғрек тілдерінен алынып, Еуропа тілдерінің бәріне сіңісті болып кеткен термин сөздерді орынсыз қозғаудың реті жоқ, тілімізде бұрын бар сөзді қолдан жасаған жаңа терминге таңбасақ та, ешқайда кетпейді, тілдік қорымызда сақталады. Ал түбірі таза орыс, славян тілдерінен алынған сөздерге қазақша балама табуға болады деген пікірді толық қуаттаймын...» деген еді. Терминдерде аударуда кезігетін қиыншылықтар туралы бірқатар қазақстандық ғалымдардың пірікіне тоқталсақ: Терминолоғ – ғалым Шерубай Құрманбайұлы: Кез келген ұлттың тілінде терминдер аударылуы керек. Бірақ ел-жұрт болғаннан кейін, мемлекет арасында саяси, ғылыми, мәдени байланыстар орнамай тұрмайды. Сондай әртүрлі қарым-қатынастардың нәтижесінде сөз алмасулардың болуы заңды. Бірақ біз халықаралық термин деп танып отырған сөздерді өз тілдеріне аударып отырған мемлекеттер де бар. Жалпы, бізде екі үрдіс қалыптасқан. Терминдерді халықаралықтандыру және ұлттық тіл неғізінде аудару – десе, ғалым Өмірзақ Айтбайұлы: Халықаралық терминдерді аударатын баламасы табылса, мағынасын, ұғымын бере алса, онда аударып алған жақсы. Бұрын түсініғімізде болмаған сөз болса, сол қалпында қабылдауымыз қажет. Қабылдаудың да, аударудың да тәртібі, жүйесі, жөні бар - деген пікірлер айтады.

Кейбір мемлекеттік тілдеғі аударылған терминдерді оқысаңыз, мәнін дұрыс түсінбей қаласыз да, оны түсіну үшін алдымен орысшаға аударуға тура келеді немесе орысша нұсқасы болса, сол нұсқа үлгісін оқуыңызға тура келеді. Мұның барлығы кейбір терминдердің әлі де болса бір ізге келмей, аудармашыларымыздың аударма жұмысын жүргізудің әдіс-тәсілдерін толық меңгере алмай отырғандығын көрсетеді.

Аударма жұмысы барысында аудармашыға екі талап қойылады:

1. Қостілділік; 2. Сауаттылық

Аударылатын тілдерді еркін меңгерген адамға орыс, ағылшын тіліндеғі мәтіндерді қазақ тіліне аудару көп қиындық тудырмайды. Аударма жасаушы ағылшын немесе орыс тілдерінің ішкі заңдылықтарын, сөйлемнің терең мәнін түсініп, сөйлемдеғі сөздердің орналасу тәртібін иғеріп, стильдік тұрғыдан сөйлемді дұрыс құрай алғаны жөн. Сонымен қатар, тілдерді еркін меңгерін қана қоймай, аудармашы сол мәтін мазмұнының бағытынан хабары болғаны дұрыс. Өз мамандығының мәнін терең түсінген тұлға ғана аударылатын мәтінге немесе құжатқа терең мән беріп, ондағы әрбір сөздің мазмұнына, сөздердің стильдік тұрғыда өз орнын тауып сөйлем құрып, мәтін түзіп, сауатты аударма жұмысын жүргізе алады.

Аударма барысында ең бастапқы міндет – сөйлемді оқып, түсініксіз болса, бірнеше рет оқып, мәнін түсініп алған жөн. Аударылатын дүниенің ағылшынша, орысша баламасын түсінбей қазақ

тіліне аудару мүмкін емес. Кейбір аудармашыларымыз сөйлемді түсінбесе де сөздердің орын тәртібін сақтамай, аудара салады да, ол сапасыз аударма болып шыгады. Сондықтан, сөйлемдегі негізгі ұгымды түсініп барып қана аударма жүргізген жөн.

Терминдер сөздігінде терминнің қазақша баламасы табылмаса гана орысша-қазақша сөздікке жүгінуге болады. Сонымен қатар, сөздікке көп сүйене бермей, әрбір сөздің аудармасын ең алдымен сөйлемдегі мәнине қарай жүгініп аударган жөн.Техникалық сөз тіркесі тұргысындагы терминдердің қазақша баламасының бірнеше варианттылыгы кездеседі. Ол варианттылық сөздіктерде сол терминнің әр түрлі аударылуының әсерінен болады. Мұндай жагдайда түсінуге жеңіл, коп қолданыста жүретін актив аударма сөздерді қолдану керек.

Аударма жұмысында пассив қолданылатын терминдер кездесуі мүмкін. Олардың қазақша баламасы терминдер сөздігінде болмаса да орысша-қазақша сөздікте кездесуі мүмкін. Бірақ аудармашы ол термин сөздің түпкі мәнін түсінгенмен, аудармас бұрын ең алдымен оның қандай термин екеніне көз жеткізуі тиіс. Қазақ тілінің сөздік қорында жалпыхалықтық терминдер де болуы мүмкін. Жалпыхалықтық терминдер – белгілі бір гылым саласында барлық халықтар қолданатын латын, француз, т.б. сөздер. Ол сөздің этимологиясын анықтау үшін С.И.Ожеговтың «Толковый словарь русского языка» атты сөздігін қарап, ондагы сөздің шыгу төркініне мән берген дұрыс. Егер кез-келген сөз латын, француз, грек тілдерінен алынып, жалпыхалықтық қолданыста жүрген термин болса, оны аударудың ешқандай қажеттілігі туындамайды, термин сөзді аудармасыз сол күйінде қалдырган дұрыс.

Терминдердің көп бөлігі калькалау арқылы аударылады, ягни сөзбе-сөз аудару.

Терминдерді аудару мәселесі жауапты әрі маңызды іс. Терминдердің бірізді, жүйелі болуы үшін көпшіліктің талқысына ұсыну керек.

Терминдерді аудару мәселесінде, орыс тілінен енген сөздерді аударамыз. Алайда халықаралық терминдерді аударуга болмайды. Мысалы, дүниежүзінде барлық ел халықаралық терминдерді түпнұсқасында қалдырган, одан олардың тілі жогалып, құрып кеткен жоқ. Мысалы, әр саланың, әр мекеменің іші самсап тұрган терминология, түрлі салада қазақ тіліне енген 20 мыңнан астам халықаралық терминдер бар екен.

Терминология саласының ірі маманы академик Ө.Айтбаев гылымда аталып жүрген мына тәсілдерді атап, оларга талдау жасаган: «1) семантикалық тәсіл, 2) морфологиялық тәсіл, 3) синтаксистік тәсіл, 4) калькалау тәсіл, 5) сөз қысқарту (аббревиациялау) тәсілі». Ғалым терминжасамның семантикалық тәсілін талдай келе, ол пікірлерін төмендегіше қорытады: «Сонымен, семантикалық тәсіл терминжасамның негізгі тәсілдерінің бірі ретінде терминологиялық лексика қабатының толыга, байи түсуіне үлкен септік жасайтын негізгі амалдың бірі болып табылады. Мұның тагы бір атап айтылуга тиісті ерекшелігі сол арқылы жасалган терминдер терминжасамның өзге амалдарына қараганда, әрі қысқа, әрі нұсқа болып шыгатыны. Сондықтан да терминжасам процесінде бұл тәсілді сарқа пайдаланып отыру қажет». Ғалым еңбегінде калькалау тәсілі туралы жай аудармадан калькалаудың айырмасы мәселесіне жақсы түсінік берген. Сондай-ақ, галым калькалану арқылы жасалган сөздерді зат есім сөздер тобына жатады деп танып, калька-терминдердің екі түрін, ягни магыналық және магыналық-құрылым тұргысындагы түрін атаган. Оны галымның өз сөзімен келтірген дұрыс. Ол төмендегідей: «Калькалану тәсілі арқылы жасалып, тілімізге енген терминдерді екі ыңгайда қарастырып, танып білу керек сияқты. Бірі – магыналық калька, ягни сөзбе-сөз аударма емес, түбір сөздің негізгі магынасын беру, екіншісі – магыналық құрылымын беру. Бұл тәсіл бойынша термин сөзбе-сөз аударылады. Онда сөздің негізгі магынасын берумен қатар, оның бөлінбес бөлшектері мен синтаксистік құрылымын да сақтау көзделеді».

Қазақ гылым тілінің толық қалыптасуына тікелей әсер етуші фактор ретінде терминдердің дұрыс жасалуы оның өміршеңдігінің кепілі екендігін профессор К. Хұсайын былайша түйіндейді: “Тілді зерттеудің, дамытудың теориялық негізі тіл білімі болса, осы тіл біліміндегі мемлекеттік тілдің өміршеңдігін қамтамасыз етуге жауапты саланың бірі – терминология”.

Терминолог – галым Ш. Құрманбайұлы “Қазақ лексикасының терминдену үрдісі” атты жұмысында қазіргі қазақ тіліндегі терминология саласының жагдайы жайлы егжей-тегжейлі зерттеу жүргізген. Автор термин сөз бен оның жасалуына негіз болган термин емес сөздің магыналарын құрайтын ортақ семаларды анықтауга болады, ал семалар ортақтыгы термин сөз бен оның жасалуына

негіз болған жалпы қолданыстағы сөз мағыналарының арасындағы байланысты көрсетеді деген пікір айтады.

Бұрын тілдік қолданыста бар сөздер жаңа бір құбылысқа атау болуы үшін ол өзінің неғізгі тура мағынасынан келтірінді – ауыспалы мағынаға көшеді.

Терминдердің жасалуының алғашқы кезеңінде олардың жарыспалы қолданылуы әр тілде де кездесетін құбылыс. Оның жағымсыз жағы – бір мәтіннің ішінде немесе бір оқулықтың ішінде, болмаса бір саланың оқулықтарының әрқайсысында бір терминнің қазақ тілінде әртүрлі болып берілуі оқырманның (студенттің) материалды түсініп қабылдауына кедергі келтіреді.

Терминдерді бір жүйеге келтіру көп іздену мен сараптауды және уақытты талап етеді. Нәтижесінде студенттердің немесе басқа да оқырманның тілін ұғынуы жеңіл болатын мәтін немесе құжат үлгілерін ұсына аламыз. Ал, халықаралық терминдерге аударма жасамай сол күй қабылдау оқытушылардың студенттермен жұмысы барысында жеңілдік тудырары сөзсіз. Ағылшын тілін оқып жүрген студенке сырттан енген терминдердің мәнін түсіну аса қиындық келтіре қоймасы мәлім. Қазіргі дамыған заманда терминдердің мағынасын ұғыну үшін түрлі сөздіктер жеткілікті, ал сол мағынасына сәйкес қазақ тіліне аударма жасау, оның тілге сіңін кетуі арнайы мамандардың шеберлігіне қатысты деп ойлаймын.

1. *Нелюбин Л.Л. Толковый переводоведческий словарь. - М ,2001ж.*
2. *Мамаева Г.Б. Әскери саладағы терминдерді қазақ тіліне аудару мәселесі(мақала)*
3. *Мамаева Г.Б. Сөзжасам, терминжасам тәсілдері олардың байланысы*
4. *Әбединова С. Терминология тыңғырыққа тіреліді; Айқын республикалық қоғамдық газеті, 2010*

Интернет көздері:

1. *http://www.wikipedia.org ашық энциклопедиясы*
2. *http://www.rusnauka.com*
3. *http://associatedpress.com*

Резюме

Э.С. Баймуратова, А.А. Жаутикбаева. Проблемы перевода терминов в казахском языке

Перевод терминов занимает особое место среди других видов перевода. Практика показывает, что осознанный подход к переводу терминов способствует лучшему усвоению материала, более быстрому темпу работы по переводу специальных текстов, повышает мотивацию и заинтересованность обучаемых в выполнении работы. Чтобы перевести терминологическую единицу, необходимо правильно понять ее смысл, сопоставить содержание и оригинал и подобрать подходящий эквивалент в языке перевода. Особенно содержание должно оставаться неизменным при переводе, его неправильный перевод может привести к полному или частичному искажению всего высказывания. Переводчик несет ответственность за качество перевода. Профессиональная этика занимает важное место в переводческой деятельности, потому что это профессия связана, прежде всего, с передачей информации. Он прежде всего должен ценить работу автора и его труд.

Ключевые слова: перевод терминов, словосочетания, термины, метод, трансформация, научная лексика, проектная работа.

Summary

E.S. Baimuratova, A.A. Zhautikbayeva. Problems of translation of the terms in Kazakh language

Translation terms occupies a special place among other types of translation. Practice shows that an informed approach to the translation of terms lead to a better understanding of the material, a faster pace of work on the translation of specialized texts, increases students' motivation and interest in the performance of work. To translate the terminology unit, you must properly understand its meaning, content and compare the original and choose the appropriate equivalent in the target language. Especially the content should remain unchanged in the translation, it mistranslation may lead to full or partial distortion of the whole utterance. Translator is responsible for the quality of the translation. Professional ethics is important in translation work, because it is a profession related primarily to the transfer of information. He must first of all appreciate the work of the author and his work. author opinions and his work.

Key words: translation of terms, phrases, terms, method, transformation, scientific vocabulary, project work.

ӘОЖ 811.512.122'1

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ САН-МӨЛШЕР КАТЕҒОРИЯСЫН ТАНЫП-ТАНЫТУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТАЛАСТАР

А.А. Бакиева – *Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің 1-курс магистранты,*
Л.М.Әділбекова - *Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті*
филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

Аңдатпа. Қазақ тіл білімінің ғылым ретінде қалыптасып, дамып келе жатқанына бір ғасырдан астам уақыт өтті. Осы кезең ішінде қазақ тіл білімі түрлі бағыттар мен көзқарастардың куәсі болды. Алайда қазақ тіл білімінде әлі де шешімін таба алмай келе жатқан мәселе баршылық. Сондай дау тудырып жүрген мәселенің бірі – сан-мөлшер катеғориясы. Мақала авторы Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы еңбектерінен бастап қазіргі ғалымдардың еңбектеріне дейін шолу жасай отырып, сан-мөлшер катеғориясын танып-танытудағы қайшылықтарды сөз етеді. Бұл орайда сан есім катеғориясына қатысты еш талас тудырып жүрмеген есептік сан есім, жинақтық сан есім, реттік сан есім, бөлшектік сан есімдерге қатысты басы ашық мәселелер сөз болмай, негізінен ғылымда әлі де орнықты пікір қалыптаса қоймаған тұстар ғана сипатталды. Сол арқылы зерттеушілер назарын осы мәселелерге аударып, мәселенің түйіні көрсетіледі. Осы мәселеге қатысты түрлі зерттеушілердің қарама-қарсы пікірлерін келтіре отырып, даулы пікірталастардың не себепті туындап отырғанын анықтап, соның негізінде қазақ тіл білімінде қалыптасқан ғылыми бағыттар көрсетіледі. Мақала тіл білімінде қалыптасқан қағидалар мен тұжырымдарға жаңа қырынан үңіліп, оның өзіндік ерекшеліктерін тануға жол ашады.

Түйін сөздер: сан-мөлшер катеғориясы, сан есім, көптік жалғау, жұрнақ, морфологиялық, лексика-семантикалық, ұлттық тіл білімі.

Қазақ тіл сан-мөлшер категориясының арнайы сөз бола бастағанына екі ғасырдай уақыт өтті. Ы.Алтынсарин сын есімді «есеп аттары» (имя числительное) деп атап, оған: *бір – один, екі – два, үш – три, төрт – четыре, бес – пять, алты – шесть, он бір – одинадцать* т.с.с. сөздерді жатқызса [1], А.Байтұрсынұлы **нәрселердің есебін һәм ретін көрсететін сөздер**ді «сан есім» деп атайды [2]. Сөз табы ретіндегі атауы, негізгі ұғым-түсініктер А.Байтұрсынұлы еңбектерінде қалыптасып, тұрақтанып қалды. Ғалым тұжырымдары кейінгі ғалымдарда сабақтастық тауып келді. Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев «Қазақ тілінің грамматикасы», «Қазіргі қазақ тілі», «Современный казахский язык», А.Данияров «Категория множественности в современном казахском языке» [3], «Қазақ тілінің грамматикасы», А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» т.б. еңбектерінде «көптік категориясы морфологиялық, лексикалық, синтаксистік тәсілдер арқылы берілетіні» туралы айтылып, көптік кетегориясының морфологиялық тәсілмен жасалуына -лар/-лер жұрнағы; лексикалық тәсілмен жасалуына көптік жалғауын қабылдамай-ақ көптік мәні бар халық, ел аттары, ұсақ заттар, абстракт зат есімдер, жинақтық ұғымды білдіретін сөздер ретінде *түлкі, қоян* т.с.с. сөздер аталып, осы топқа *ата-ана, ұсақ-түйек* сияқты қос сөздер жатқызылып келді; ал синтаксистік тәсіл арқылы жасалуы деп сан есім мен зат есімнің тіркесуі, қайталама қос сөздер, *топ, аз, әлденеше, көп* т.б. сөздермен тіркесуі түсіндірілді.

Алайда сан-мөлшер категориясын танып-танытуда әлі күнге дейін шешімін таппай келе жатқан мәселелер баршылық. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде сан мен мөлшер (шама) өзара жіктелген. Сол себепті ғалым: «Нәрсенің дәл *санын* білуге сұрағанда неше? деп сұраймыз. Мәселен: «Неше кісі келеді?» – «Үш кісі келеді». Нәрсенің дәл санын білуге емес, *шамасын* ғана білуге сұрағанда қанша? деп сұраймыз. Мәселен: «Қанша күн жүресің?»– «Үш-төрт күн жүремін», – дейді [4]. А.Байтұрсынұлы тұжырымдары М.Балақаевтың еңбектерінде де жалғасын тапқан. Алайда бүгінгі таңда сан есімдердің осындай ерекшелігіне көп мән берілмей отыр.

Сондай-ақ Қ.Жұбановтың сан есімді сипаттауы басқа ғалымдарға ұқсамайды. Ғалым заттың белгісін білдіруіне байланысты сан есім мен сын есімді бірге қарастырады: «Есімнің бірқатары заттың өзін емес, заттың не істің тұрғылықты белгісін көрсетеді. Мұның өзі екі түрлі: сан белгі, сыпат белгі. Осыған қарай бірін сан есім, бірін сын есім дейміз. Сын есім морфологияда -рақ, -рек, -лау, -леу қосымшаларын, қосақты қосар буынды өзіне ерте алады: *қызыл-қызылырақ, қызылдау, қып-қызыл;* сан есім морфологияда -ншы қосымшасын тағына алады: *бес-бесінші.* Сын есім мен сан есімнің екеуі де синтаксисте затты да, істе де анықтауышты не бірі бірін сала алады: *биік* (сын есім,

анықтауыш), *тас* (зат есім, анықтауыш), *үй* (анықталушы); бес *биік үй; биік бес үй* дегендер сияқты» [5].

Сан-мөлшер ұғымын түрліше сипаттауына байланысты ғалымдар оны түрліше атайды: *сан, квантитатив, көптік, сан-мөлшер* т.с.с. С.Исаев сан-мөлшер категориясының орнына көптік жалғау категориясы, көптік категориясы сияқты терминдердің қолданылып келгенін айта келіп, көптік ұғымды жекелікпен қатар, бірге қарастыру қажеттігін ескертеді: «Көптік ұғым мен оған қарама-қайшы жекелік я даралық ұғымның болуы – жалпы зат атаулыға тән қасиет. Міне, осы көптік және жекелік ұғымдардың (грамматикалық мағыналарының) арақатынасынан және сол ұғымның белгілі морфологиялық тұлғалар арқылы (жекеліктің арнайы тұлғасы болмай, көптік ұғым көптік жалғау арқылы) берілуінен сан-мөлшер категориясы туады. Сан-мөлшер категориясын (кейбір еңбектерде көптік категориясы деп аталып жүр) тек көптік жалғау ұғымының сыр-сипаттары, қызметі, стильдік ерекшеліктері т.т. айқындалғанмен, грамматикалық категориялық сипаты ашылмай қалар еді, тек жекелік (даралық) ұғыммен сәйкесті, қатысты қарағанда ғана, оның категориялық сипаты айқындалады. Сондықтан да әңгіме көптік жалғау немесе көптік ұғым жайында болса да, ол жерде грамматикалық тұрғыдан оған қарама-қайшы мәндегі жекелік (даралық) ұғым есте болатындығын ұмытпаған жөн» [6, 65-б.].

Сан есімнің лексика-семантикалық топтарын жіктеуде есептік сан есімнің көптік формасын Н.Ильминский, М.Терентьев, П.Мелиоранский, И.Лаптев, Н.Созонтов топтау сан есімдері деп атаса, А.Байтұрсынұлы, Т.Шонанов, Қ.Кемеңгерұлы оқулықтарында ол сан есім ретінде сипатталмайды. Қ.Жұбанов реттік, есептік, жинақтау және бөлшектік сан есімдерді атайды да, реттік сан есімдерді өз ішінен тең үлес түрі (*екі-екіден* т.б.); болжал түрі (*бес-он; бестер, он шақты* т.с.с.) деп жіктейді. І.Кеңесбаев, С.Аманжолов есептік, реттік, бөлшектік, жинақтау сан есімдерінің үстіне топтау және болжалды сан есімдерін қосып, сан есімді 6-ға жіктейді. Бұл топтастыру қазіргі грамматикаларда да өріс алып келеді: «Современный казахский язык», «Қазақ тілінің грамматикасы», А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» т.б. еңбектер мен мектеп оқулықтарында болжалды сан есім мен топтау сан есімдері сан есімнің мағыналық топтары ретінде қарастырылуда.

А.Ысқақов былай дейді: «Атау формада тұрғанда, өзі арқылы заттың біреуін емес, жиынын топтап ия қамтып атайтын зат есімдер де бар. Мысалы, *сүт, ұн, жүн, алма, ақыл, өмір, шындық, алтын, жел, құйын* деген сияқты зат есімдерді алсақ, олардың әрқайсысы – белгілі бір жеке-дара затты ғана атамайды, оны тобымен атайды. Осындай затты жеке-даралап атамай, оның жиынын тобымен атайтын зат есімдердің көптік мәнді есімдер деп атаймыз». Ғалым көптік мәнді есімдерге мынадай зат есімдерді жатқызады:

1) сұйық заттардың атаулары: *айран, шай, тұздық т.б.;*
2) газ тектес заттардың аттары: *азон, бу, түтін, тұман т.б.;*
3) уақ, ұнтақ заттардың, ұйысқан майда заттар мен бытыранды, таранды, үгітінді заттардың атаулары: *ұн, шаң, тозаң, бетеге, жусан, жүн түбіт, шаш, кірпік, жиде, алша т.б.;*
4) дерексіз ұғымдарды білдіретін заттардың атаулары: *айла, ақыл, дау, қасірет, сүйеніш, шындық т.б.;*
5) өздігінен табиғи бөлшектенбейтін кесек заттардың атаулары: *алтын, қола, құрыш, шойын т.б.;*
6) жаратылыс құбылыстарының атаулары: *боран, жаңбыр, қар, жел, құйын т.б.* [7].

Ғалым «түптік табиғаты жағынан көптік мәнді білдіретін зат есімдер», «табиғи жұп болып келетін зат есімдер (*аяқ, көз, құлақ, етік, байпақ, туфли, кебіс, бәтеңке, шаңғы* т.б.)» мен «нәрсенің я заттың бөлінбейтін табиғи бөлімі я атауларын да (көбінесе, көмекші есімдер, мысалы: *асты, үсті, жаны* т.б.)» осы топқа жатқызады.

А. Даниярoв семантикалық тәсілге (лексикалық) халық аттары (*орыс, қазақ, өзбек, найман*), хайуан аттары (*жылқы, сиыр, арыстан, аққу*), қосарлы дене мүшелерінің аттар (*көз, құлақ, бүйрек, қол, аяқ*), санауға көнбейтін заттардың аттары (*құмырсқа, көбелек, қамыс, сұлы, шыбын*), жинақтық ұғымды білдіретін сөздерді (*мал, ағаш, шөп*) жатқызады [7]. Бұл орайда ғалым Ы.Мамановтың ұстанымы мүлде бөлек. Ғалым қазақ тілінде көптік форманың негізгі мағынасы – біртекті жалпы есімдердің біреуден артық, көп екенін білдіру екенін негізге ала отырып, көптік форманың негізгі сөздің семантикасына, контекске байланысты, негізгі мағынасынан басқа, бірнеше жанама қосалқы мағына (мағыналық қырлар) білдіретінін ескертеді: «Қазақ тілінде грамматикалық көптік форма біреу-ақ. Ол -лар/ -лер, -дар/ - дер, - тар/ - тер қосымшалары арқылы жасалады. Қазақ тілінде жалпы

есімдер сөйлемде контекске байланысты көптік ұғым білдіруі және зат есімдерге алдынан сан есім келгенде, көптік жалғауы жалғанбай айтылуы – осы тілдің стильдік ерекшелігі» [8].

Ы.Маманов «Қазақ тіліндегі көптік форма» деген мақаласында:

- халық аттары, хайуан аттары, қосарлы дене мүшелерінің аттары т.б. сөздердің жинақтылық мағына білдіре алмайтынын;

- жинақтылық ұғымды қос сөздер ғана білдіре алатынын;

- *көп, мол, қыруар, бірталай, әлденеше* т.б. сөздердің білдіретін көптік ұғымы олардың ішкі семантикасынан екендігін, ендеше, олар грамматикалық көптік форма бола алмайтынын;

- *біз студентпіз, кеше келдік, үйде отырмыз* дегендегі *студентпіз, келдік, отырмыз* сөздері де көптік мағына білдіргенмен, бұл сөздер көптік формада емес, жіктік формада қолданылып тұрғанын, бұлардың білдіріп тұрған көптік мағынасы – жіктік форманың қосымша жанама мағынасы екенін;

- сөздің ішкі семантикасы мен грамматикалық форманың білдіретін мағынасын бір рамкада қарауға болмайтынын, *бала-шаға, ыдыс-аяқ, құрт-құмырсқа* сияқты қос сөздер жинақылық ұғым білдіретінін, *көп, мол, талай, бірсыпыра* сөздері көптік ұғым білдіретінін, бұлардың білдіріп тұрған жинақтылық және көптік ұғымы – сол сөздердің ішкі семантикасы екенін, сондықтан бұлар грамматикалық көптік форма бола алмайтынын, көптік категорияға да жатпайтынын;

- сан есім және көптік ұғымды білдіретін *көп, талай, бірнеше* т.б. сөздер мен зат есімнің тіркесуі аналитикалық форма құрай алмайтынын, себебі олар біртұтас сөз дәрежесіне жетпегенін, түрлі сөз таптарына жататынын айта келіп, көптік форма лексикалық (семантикалық) және синтаксистік тәсілдер арқылы жасала алмайтынын дәлелдейді [8].

Ы.Маманов көлемдік-мекендік септіктер мен көптік форманың контекске немесе түбір сөздің мағынасына байланысты әртүрлі мағыналық қырлары болатынын айта келіп, сан есімнің шығыс септік формасы (*бестен, бес-бестен)* мен көптік формасын (*ондар, жүздер*) мағынаға бағындырып, сан есімнің лексика-семантикалық топтарына жатқызудың ғылыми тұрғыдан негізсіз екендігін айтады [8].

Зерттеушілер жинақтық ұғымды білдіруіне байланысты санауға көнбейтін зат атауларын грамматикалық көптік форманың лексикалық тәсілі ретінде атайды [7]. Ал Ы.Маманов санауға көнбейтін заттарға көптік жалғауы жалғанғанда, сол заттың өзінің көптігін емес, солардың иесінің, орнының, ыдысының көптігін білдіретінін ескерте келіп: «*Шаштарыңды тарап жүріңдер, сақалдарыңды өсіріп жібермеңдер* дегенде, шаштың, сақалдың көптігі емес, олардың иесінің көптігін білдіреді... Сөздің ішкі семантикасы мен грамматикалық форманың білдіретін мағынасын бір рамкада қарауға болмайды. *Көп, мол, талай, бірсыпыра* сөздері көптік ұғым білдіреді. Бұлардың білдіріп тұрған жинақтылық және көптік ұғымы – сол сөздердің ішкі семантикасы. Сондықтан бұлар грамматикалық көптік форма бола алмайды және көптік категорияға да жатпайды», – дейді [8].

Қазақ тілінде дерексіз зат есімдердің көптік тұлғада қолданылмайтын ерекшелігі туралы Ә.Бөкейханов еңбектерінде де сөз болады. Байтасұлы Абдолланың Ю. Уагнер «Жануарлар туралы әңгімелер» (Ташкент, 1924. -126 б.) мен Гейкіден аударған «Пизикелік жағырапия» (Ташкент, 1924. - 204 б.) сияқты оқулықтарының тіліне талдау жасай келіп, Ә.Бөкейханов (Қыр баласы) мұнда дерексіз зат есімдердің көпше тұлғада берілгенін, бұл – орыс тілінің әсері екенін, қазақ тілінде дерексіз зат есімдер көптік жалғауын қабылдай алмайтынын айтады [9].

Н.Уәли: «Тілдік жүйе бойынша *ақыл, қуаныш, ғылым, ой, сана* т.б. дерексіз ұғымды білдіретін сөздер әдетте көптік қосымшамен түрленбейді. Денотаты «жоқ» мұндай сөздерді *ақылдар, қуаныштар, ғылымдар, ойлар, саналар* т.б. деп қолдану қазақ тілінің жүйесіне жат. Өйткені қазақ тілінің табиғатында көптік қосымша санамалап айтуға болатын заттың, нәрсенің атын білдіретін сөздерге жалгануды «ұнатады». Денотаты «жоқ», санамалауға келмейтін сөздерді көптік қосымшасы тосырқап тұрады. Дерексіз ұғымның атауларына көптік қосымшасының жалғанбауы – жүйеге тән, шартты түрде айтсақ жүйелік норма», – дей келін, тілдік жүйе тұрғысынан *ғылымдар* деп қолдану – нормаға қайшы болатынын ескертеді. Сол себепті кезінде республиканың бас ғылыми мекемесі *ғылымдар академиясы* емес, *Ғылым академиясы* деп аталғанын, алайда қазіргі кезде ресми қолданыста *математика ғылымдарының докторы, биология ғылымдарының кандидаты* деп қолдану дағдыға айналып, мұндай сөздер узустық норма мәртебесіне ие болғанын айтады [10, 138-б.].

«Қазақ грамматикасында» көптік пішінде тұрған сөздерге көптік жалғауы жалгануын ғалымдар қате қолданысқа жатқызып жүргенін айта келіп, А.Айғабылов тілде бұл жағдай қолданыста

азаймағанын, ол пішіндерді қолдануының азаймауы еселеу принципінің нәтижесі болуы мүмкін екенін, сондықтан *бәріңіз* деудің орнына *бәрілеріңіз*, *барлығыңыз – барлықтарыңыз*, *біз* деумен бірге *біздер* деп күшейтіп айту бар құбылыс екенін ескертеді [11, 164-б.].

Сан-мөлшер категориясы өз ішінен санауға болатын (дискретті) және санауға келмейтін (дискретсіз) болып жіктеледі. Адамның күнделікті тұрмыстық, ойлау және сөйлеу әрекетінің негізінде түзілетін «сан-мөлшер» концепті сандық түсініктер мен сандық ұғымдардан құралып, дискретті және дискретті емес заттардың шамасы туралы білім мен сан-мөлшер ұғымы мен оның тілдегі көрінісі туралы білімдерді біріктіреді. Бұл екі субкатегорияның ерекшеліктері туралы профессор Қ.Рысалды былай дейді: «Дискретті сан сапалық жағынан біртектес көптікті білдіреді, ол есептеуге келеді де *көп, аз, бірнеше* деген мөлшерде сипатталады. Бұл субкатегория өз ішінде семантикалық жіктеуге түседі. Ғылым тілінде сандық ұғымның бұл түрі экстенсивтілік деп қалыптасқан. Екінші дискретсіз сандық субкатегория сын-сипаттың дәрежесін білдіреді. Ол дәреже салғастыру арқылы айқындалып, *көбірек, азырақ, тең* ұғымына саяды да, сынның интенсивтік дәрежесін, мөлшерін білдіреді [12, 49-б.].

Сондай-ақ көптік жалғауды танып-танытуда да ғалымдар арасында пікірталастар бар. Бұл орайда Қ.Кемеңгерұлы, С.Исаев, А.Айғабылов сынды ғалымдардың ұстанымдары басқа ғалымдардан ерекше [9, 49-б.]. Қ.Кемеңгерұлы жалғаудың 3 түрін ғана көрсетіп (септеу, тәуелдеу, жіктеу), көптік жалғауын жалғаулар қатарында танымайды. Ғалым көптік мән үстейтін қосымша ретінде **-лар/-лер** аффиксін ғана атайды да, оның жинақтау ұғымын білдіретін сөздерге жалғанбайтынын айтады. Көптік мәннің берілу жолдарын түсіндіруде де ғалымның Н.Ильминский, М.Терентьев, П.Мелиоранский, И.Лаптев, Н.Созонтов еңбектерімен таныс болғаны байқалады. Алайда Н.Ильминский, П.Мелиоранский, Н.Созонтов еңбектеріндегі көптік жалғау халық, ру аттарына, жануар, дене мүшелерінің атауларына, қос сөздерге *(бала-шаға)* жалғанбайтыны туралы ойларын ғалым өз еңбектерінде келтірмейді [9, 49-б.].

Ғалымның көптік форманы жалғау емес, жұрнақ деп танып-танытуы профессор С.Исаевтың еңбектерінде де жалғасын тапқан. Бұл орайда ғалым: «Көптік жалғау қазақ тілінде жалғау деп аталғанмен, тікелей көптік мағынаны білдіргенге, басқа жалғаулар сияқты қосымшаның жалғау деп аталатын түріне тән сөз байланыстырушылық қызмет атқара алмайды. Көптік жалғау бұл жағынан, қосымшаның жалғау түрінен гөрі форма тудыратын жұрнақтар қатарына өте жақын... Көптік жалғау қазақ тілінде затты көптігін білдіргенде (зат есімге жалғанғанда), сол затқа көптік мән үстейді де, сөз байланыстыру қызметін атқармайды. Көптік жалғаудың сөз байланыстырғыштық қызметі бірінші және екінші жақта предикаттық қатынасқа түскен сөздерде ғана байқалады. Бұл жағынан келгенде көптік жалғау тәуелдік, септік, жіктік жалғаулармен бір қатарда тұра алмайды, жалғау болып аталуы шартты деп ұғу керек, шындығында, бұл жағынан форма тудыратын жұрнақ қатарына қосуға болады», – дейді [6, 65-б.].

А.Айғабылов та «Қазақ тілінде грамматикалық сан-мөлшер категориясы бар ма?» деген мақаласында көптік жалғауының сөздерді байланыстырушылық қасиеті жоқтығын айта келіп, оны форма тудырушы жұрнақтар қатарына қосу керектігін айтады. Сан-мөлшер категориясы категория ретінде танылуы үшін оның ішінде біртектес, мәндес кем дегенде екі грамматикалық мағына, тұлға болуы қажет. Ал көптік форманы білдіретін **-лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер** қосымшалары – бір жұрнақтың варианттары ғана. Яғни, ол парадигма құрай алмайды. Оның үстіне жалғаулардың негізгі қызметі – сөздерді байланыстыру болса, көптік жалғауы (жіктік жалғауының II жағынан басқа жағдайда) ондай қызмет атқара алмайды: *бала келді – балалар келеді* т.с.с. Бұл – көптік жалғаудың емес, жіктік жалғаудың қосымша мағынасы. Сондықтан көптік форманы жалғаулар қатарында тану біраз талас тудырып келеді [9, 49-б.].

Сонымен, қазақ тіліндегі сан-мөлшер категориясы тіл білімінде әлі де талас тудырып келеді. А.Байтұрсынұлы ұстанымдарына сәйкес алдымен сан және шама деп нақты жіктеп алу қажеттігі байқалады. Сонымен қатар ғалымдар арасында талас тудырып, әлі де біржақты шешім таба алмай жатқан мәселелер осы мәселелерге ерекше көңіл бөлін, егжей-тегжейлі зерттеу қажеттігін көрсетеді. Қазақ тілінің өзіндік нормаларына сәйкес өзіне ғана тән ерекшеліктерін айқындап, атадан балаға бұзбай, саф күйінде сақтап, ұлттық грамматикамыздың заңдылығын айқындап алуымыз қажет.

1. *Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2003. – 1-т. – 183-226-б.*
2. *Байтұрсынұлы А. Тіл - құрал (қазақ тілінің сарфы). - Орынбор, 1915. - 27-б.*

3. Данияров А. Категория множественности в современном казахском языке. Автореф. дис. канд. - Алматы, 1965. –23с.

4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.

6. Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 624 б.

7. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 382 б.

8. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 488 б.

9. Жұбаева О. Қазақ тілі грамматикалық категорияларының антропоөзектілігі): филол. ғыл. докт. ... дис. : 10.02.02. – Алматы, 2010. – 296 б.

10. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 329 б.

11. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 783 б.

12. Рысалды Қ. Сын дәрежесі категориясы: функционалды-коммуникативтік табиғаты (қазақ және неміс тілдері негізіндё): филол. ғыл. докт. ... дис.: 10.02. 20. – Алматы, 2007. – 256 б.

Резюме

А.А. Бакиева, Л.М.Адилбекова. Дискуссии по познанию количественно-объемной категории в языкознании казахского языка

Сформирований и развитий казахского языка как наука прошел больше одного века. В течений этого времени знание казахского языка стало свидетелем различных направлений и взглядов. Однако, в знаний казахского языка до сих пор имеются не решимые вопросы. Одна из таких проблем является – категория числа-размера. Автор в этой статье рассматривает споры связанные с ознакомлениями категорий числа-размера начиная с трудов Ы.Алтынсарина, А.Байтурсынулы и современных ученых. Здесь характеризуется в основном те моменты отзывов, которые не поставили в науке устойчивое мнение и все еще формируется, а про решенных вопросах касающиеся количественных числительных, собирательных числительных, порядковых числительных, дробных числительных, которые не создают проблемы относительно категорий имени числительных и речи нет. С этим обратив внимание исследователей на эту проблему будет показано дальнейшее решение проблемы. На основе противоречивых и спорных мнений различных исследователей, касательно этой проблемы, будет показано сформированные научные направления в знаний казахского языка. Статья заглянув с новой стороны на принципы и выводы сформированные в знаний языка, откроет им путь в узнаваний своих особенностей.

Ключевые слова: категория числа-размера, имя числительное, множественное окончание, суффикс, морфологический, лексико-семантический, национальное языкознание.

Summary

L.M. Adilbekova, A.A.Bakiyeva. Discussions on cognition of quantitative-volume categories in science of kazakh language

It was past a century since Kazakh language had been formed as a science. Through these centuries Kazakh language became a witness of different directions and views. Though, there are definite problems that have not any decisions Kazakh language. One of these problems are categories of numerals. Beginning with authors books about numeral (I.Altynsarin, A.Baitursinuly) passing to the books of contemprorary authors we can definitely, say that there exist several disputes. The following numeral cardinal numerals, fractional numerals haven't any disputes. Therefore, this article touches the problems that don't have any decisions in language. The disputes of scientists are also exampled here. On the basic of conflicting and controversial opinions of varieses reseaches regarding this issue. This paper indicated formed scientific directions of the Kazakh language. Looking from the principles and conclusions of this science can be said that in this work can be found expecially numbers (numerals) and their use.

Key words: the category of number, size, numeral, plural termitation, suffix, morphological, lexical-semantic, national linguistics.

УДК 378

МИР НОСИТЕЛЯ ЯЗЫКА, КАРТИНА МИРА

С.С. Джансеитова – *доктор филологических наук, профессор*
Г.М. Жаксымбетова – *магистрант филологии, преподаватель, Казахская национальная консерватория имени Курмангазы*

Аннотация. В процессе познания мира формируются две концептуально-когнитивные формы его постижения: «модель восприятия мира» и «картина мира». Они взаимосвязаны как единая система и являются той формой, через которую и посредством которой человек «встраивается» в существующий мир. Картина мира исторически представлена сложной многоуровневой структурой. Каждый из ее уровней имеет автономную форму детерминации.

Ключевые слова: функции моделей восприятия мира, языковая картина мира.

В общественном сознании исторически складывались и постепенно изменялись разные картины мира, которые человек воспринимал как данную реальность. Понятие «картина мира» выражает образно-понятийную копию Вселенной. Она возникает на основе определенного мировоззрения, являясь духовным образованием, служит важным средством управления человеческой деятельностью, помогает ориентироваться в реальной жизни.

Модель восприятия с точки зрения ее содержания и уровня представляет собой определенную картину мира. Мы выделяем следующие подходы к рефлексии термина «картина мира»: 1) с позиций рассмотрения онтологии мира (объективного плана) и 2) субъективных позиций – в виде мировоззрения субъекта (субъективного плана). Мировоззренческий подход отражает социальный и личностный аспекты проблемы. Социальный аспект картины мира – это совокупность знаний коллективного социального субъекта о мире. Личностный – это отражение индивидуально-субъективных особенностей, познавательных способностей, ценностных установок человека. Современные гуманитарные и естественные науки выделяют множество картин мира. Трансформация особенностей отражения действительности осуществляется на основе разнообразных сочетаний объективного и субъективного факторов в познании, формируя множество форм картины мира.

Картина восприятия мира как определенная парадигма восприятия выступала в качестве непосредственной данности, как относительно постоянное качество восприятия окружающего мира в том или ином историческом, пространственно-временном промежутке существования человечества. Картина мира в значительной мере детерминирована субъектом мировоззрения. В ней осуществлена духовная объективация мировоззренческой информации, обуславливающая своеобразие «множественности миров». В структуре познавательной деятельности человека она имеет синтезирующую функцию в образовании новых эмпирических и теоретических знаний, осуществляя экспликацию исходных представлений о мире в целом.

Природа картины мира, ее назначение, целеполагание проявляются в ее функциях. Она выполняет мировоззренческую функцию в форме мировоззренчески информационного конструкта, определяющего способ, тип мыслительного процесса для теоретического освоения действительности и повседневных, житейских знаний. Эта функция позволяет ориентироваться в мире природных и социальных явлений, оставаться духовным каркасом в жизнедеятельности человека. Гносеологическая функция картины мира является средством для получения новой информации, выступает в качестве исследовательской программы. В ней присутствуют целостность, системность и согласованность, признак ее идентичности с действительностью, т.е. ее данные достоверны и истинны.

Прогностическая функция картины мира**.** В самой колыбели своей истории людей волновали проблемы предвидения. Они стремились познать не только настоящее, но еще в большей степени – будущее. Прогнозирование может выступать на житейском и научном уровнях своего проявления. Научный прогноз содержит более достоверную информацию, чем знание, полученное на основе житейской практики.

Аксиологическая функция. Картина мира обязательно выступает в качестве актуально функционирующей системы ценностей. Человек живет в мире ценностей. Аксиологическое сознание выражает особое отношение людей ко всему происходящему, способствует выработке целей, интересов, потребностей и смысла жизни, позволяет определить значимость, дает оценку явлениям как внешнего, так и внутреннего мира человека. Коммуникативная функция. Картина мира способствует не только коммуникации, развертыванию диалога, но и взаимопониманию между людьми, организации человеческого общения. Обмен мыслями, общение между людьми происходит в рамках определенного мировоззренческого пространства.

Объяснительная и описательная функции моделей восприятия мира раскрывают связи и отношения, существующие в системе представлений о природных и общественных явлениях. С позиций теории отражения научное объяснение и описание представляют собой раскрытие сущности, внутренней природы исследуемого объекта.

Нормативно-регулятивная функция картины мира. Для картины мира характерны нормативные признаки, определяющие ориентир, систему установок, общие течение любой практической деятельности. В роли исходного ориентира выступает образец, который выражает культурную норму и является эталоном в деятельности человека.

Прагматическая функция картины мира. Сформированная субъектом картина мира мотивирует его действовать, во-первых, определенным образом для достижения конкретных целей, во-вторых, она выражает стратегическую модель действий, в-третьих, в картине мира должен быть план действий, определяющий тактику человеческой деятельности.

Человек способен понимать мир и самого себя благодаря языку, он универсален в своей основе и национален по различным способам выражения, в нем закрепляется общественно-исторический опыт – как общечеловеческий, так и национальный. Последний и определяет специфические особенности коцептосферы языка на всех его уровнях. В силу специфики языка в сознании его носителей возникает конкретная языковая картина мира, сквозь призму которой человек видит мир.

Феномен «картина мира», ставший базой для изучения культурного развития народа, интерпретируется учеными В. фон Гумбольдтом, Н.Д. Арутюновой, Ю.Д. Апресяном, А. Вежбицкой, Ю.Н. Карауловым, Э.Б. Кондельяки, А.А. Потебней и др. как языковая картина мира, в которой отражается: иерархия смыслов и ценностей национальной личности [4]; язык творит ценностную картину мира [5]; «способ укоренения человека в действительность – его индивидуальная направленность на чувственное и / или рациональное отражение действительности, определяющая соотношение субъективного и объективного в языковых обозначениях» [6]; «мир в зеркале языка», картина мира (образ мира) понимается как «отображение в психике человека предметной окружающей действительности» [8]; «совокупность зафиксированных в единицах представлений народа о действительности, отраженное в значениях языковых знаков – языковое членение мира, языковое упорядочение предметов и явлений, заложенная в системных значениях слов – информация о мире» [10].

Каждый язык по-своему членит мир, т.е. имеет свой способ его концептуализации. Отсюда заключаем, что каждый язык имеет особую картину мира, и языковая личность обязана организовывать содержание высказывания в соответствии с этой картиной. И в этом проявляется специфически человеческое восприятие мира, зафиксированное в языке.Язык есть важнейший способ формирования и существования знаний человека о мире. Отражая в процессе деятельности объективный мир, человек фиксирует в слове результаты познания. Совокупность этих знаний, запечатленных в языковой форме, представляет собой то, что в различных концепциях называется «языковой промежуточный мир», «языковая репрезентация мира», «языковая модель мира», «языковая картина мира». В силу большей распространенности мы выбираем последний термин.

Итак, понятие картина мира относится к числу фундаментальных категорий, определяющих специфику человека и его бытия, взаимоотношения его с миром.Знания о мире, как результат работы мышления, упорядочиваются сознанием. Картина мира, используемая в различных смыслах, применяется для обозначения мировоззренческих структур, лежащих в фундаменте культуры определенной исторической эпохи, в этом же значении используются фразеосочетания: образ мира, модель мира, видение мира, характеризующие целостность мировоззрения. «Картина мира существует столько же, сколько существует и сам человек, ему изначально свойственно создание в

своем воображении определенной модели – картины мира. Рожденная в лоне религиозного и мифологического сознания, по мере познания Мира, модель картины мира подвергается изменениям, развитию, т.е. эволюционирует и может быть определена как парадигма миропонимания» [1]. Картины мира чрезвычайно многообразны, так как это всегда своеобразное видение мира, его смысловое конструирование в соответствии с определенной логикой миропонимания и миропредставления, мирощущения, объединенные в картине мира специфическим для данной эпохи, этноса образом.

Мировосприятие, как чувственно-образная часть, представляет совокупность наглядных образов культуры, человека, его места в мире, взаимоотношений с миром. Мировоззрение можно определить как ядро индивидуального образа мира, содержащее структурированные представления о закономерностях, которым подчиняется мир, общество и человек. Мироощущение – это особый склад мышления, соотношение понятий, особая система категорий. Новое мировоззрение формирует новое мировосприятие, мироощущение, в конечном счёте – новую картину мира, передающее изменение и развитие индивидуальных и групповых картин мира, формируя культурные ценности, парадигмы научного познания и т.д.

Картина мира, будучи исторически и социально изменчивой, имеет чисто этнические особенности, поскольку определяется во многом принадлежностью субъекта видения мира к определенной национальной культуре. Г.Гачев, сопоставляя болгарскую, русскую, киргизскую и германскую картину мира, определяет национальную картину мира как «сетку координат», какой «данный народ улавливает мир, такой космос (в древнем смысле слова: строй мира, миропорядок) изображает он в своем творчестве» [2]. Понимание картины мира как некоего кода или ядра, обусловливающего особенности национальных или региональных культур, находим у Т.П.Григорьевой [3]. Человек способен понимать мир и самого себя благодаря языку, он универсален в своей основе и национален по различным способам выражения, в нем закрепляется общественно-исторический опыт – как общечеловеческий, так и национальный. Последний и определяет специфические особенности коцептосферы языка на всех его уровнях. В силу специфики языка в сознании его носителей возникает конкретная языковая картина мира, сквозь призму которой человек видит мир.

Как видим, картины мира, будучи достаточно самостоятельным образованием, взаимодополняют друг друга, внося свою лепту не только в представлении о человеке, мире, но и о многообразии связей человека и мира, связей опосредованных и детерминированных культурой. В процессе познания мира формируются две концептуально-когнитивные формы его постижения: «модель восприятия мира» и «картина мира». Они взаимосвязаны в единую систему, являются той формой, через которую и посредством которых человек «встраивается» или «вживается» в существующий мир.

1. *Аязбекова С.Ш. Картина мира этноса: Коркут-ата и философия музыки казахов: Монография. – Изд. 2-ое. – Астана, 2011. – 284.*
2. *Гачев Г. Национальные образы мира. – М: Academ A, 1998. -430.*
3. *Григорьева Т. П. Образы мира в культуре: встреча Запада с Востоком // Культура, человек и картина мира. – М : Наука, 1987. – С. 297.*
4. *Гумбольдт В. фон. Избранные труды по языкознанию. – М., 1984. – 397с.*
5. *Кузнецов А.М. Национально-культурное своеобразие слова // Язык и культура. – М., 1987. – С.141-163.*
6. *Хроленко А.Т. Основы лингвокультурологии. – М.: Флинта; Наука, 2006. – 184 с.*
7. *Леонтьев А.А. Языковое сознание и образ мира // Язык и сознание: парадоксальная рациональность. – М., 1993. – С. 16-21.*
8. *Попова З.Д., Стернин И.А. Когнитивная лингвистика. – М : «АСТ-Восток-Запад», 2007. – 314.*

Түйін

С.С. Джансеитова, Г.М. Жаксымбетова. Тіл тұтынушысының әлемі, әлем бейнесі

Әлемді тану барысында оның концептуалды-когнитивтік екі формасы қалыптасады: «әлемді қабылдау үлгісі» және «әлем бейнесі». Бұл екі ұғым бір-бірімен тығыз байланысты және адамның өмір сүріп жатқан қоғамға бейімделу процесінде басты рөл атқарады. Әлемнің бейнесі күрделі, көпдеңгейлі құрылымнан тұратындығы тарихтан белгілі. Оның әр деңгейінің өз алдына жеке заңдылықтары бар.

Түйін сөздер: әлемді қабылдауда тілдің атқаратын қызметі, тілдің әлемдік бейнесі.

Summary

S.S.Djanseitova, G.M.Zhaxymbetova. World is native speakers, picture of the world

In the process of learning about the world are formed two conceptual-cognitive form of his comprehension: "Model of perceiving the world" and "world view." They are interconnected as a single system and is the form through which and by which man "embedded" in the present world. Picture of the world have historically presented a complex layered structure. Each of the levels it has an autonomous form of determination.

Key words: function models of perception of the world, language picture of the world.

УДК 81

СЫН ЕСІМДІ ТУРА ТОЛЫҚТАУЫШТЫҢ КЕЙБІР ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Г.Қ. Есжанова – *әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филол.ғ.к., доцент,*

М.Ж. Амирова – *әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, аға оқытушы*

Аңдатпа. Сын есімдердің синтаксистік қызметі, оның ішінде тура толықтауыш қызметінде жұмсалуы туралы айтылады.

Жалпы сын есімдер тура толықтауыш қызметінде жұмсалғанда сапалық та, қатыстық та түрлері қатысады. Олардың байланысатын сөздері әрі етістік, әрі ортақ басыңқылы баяндауыштар болады. Бұрын сын есімдердің тура толықтауыш қызметінде тек жалғаулы болып жұмсалуы ғана айтылса, бұл мақалада табыс жалғауының түсіріліп айтылуы да кездеседі. Сол сияқты сын есімдер дара, күрделі түрде де табыс септігінде келе береді. Онда екі түрлі жағдайда болады. Біріншіден, күрделі сын есімдердің табыс жалғауда келуі арқылы жасалуы. Екіншіден , сын есімдер сан есім және сын есім сөздерімен түйдектеліп келіп тура толықтауыш жасалуы да сөз болады. Кейде табыс жалғаулы сын есімдердің етістіктермен байланысуы да көрсетілген.

Түйін сөздер: тура толықтауыш, синтаксистік қызмет, сын есімдер, сапалық, қатыстық.

Сын есімдердің синтаксистік қызметі, оның ішінде тура толықтауыш қызметінде жұмсалуы морфологиялық, синтаксистік еңбектерде берілуі өте көп емес. Дегенмен салыстыра айту үшін біз қазақ тіл біліміндегі оның берілу жолдарын көрсетпекпіз.

А.Байтұрсынов зат есім сияқты сын есімдердің де толықтауыш болуын алғаш рет айтты. Онда автор сын есімдер тек жалғаулы күйде ғана толықтауыш болатынын ескертін: *Күштіден істі-озды* - сөйлемі арқылы *күштіден* қатыстық сын есімінің шығыс жалғауда келуі арқылы жасалуын көрсеткен болатын [1, 280]. Әрине автор барлық толықтауыш туралы айтпағанымен дәл мына сөйлемі арқылы оның табиғатын дұрыс тұжырымдайды. Осылайша сын есімнен толықтауыштың жасалуына бір-ақ сөйлем берілуінен тура толықтауышты арнайы көрсетпегенін байқаймыз. Проф. С.Аманжолов толықтауыштың жасалуында зат есім, сын есім, есімдік, есімше сөз таптарын қысқаша атап өтеді [2, 77]. Автор сын есімнің де толықтауыш болатынын ескерте келін, мына мысалды келтіреді:

Өлең сөздің патшасы,сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы,
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы (Абай) [2, 77].

Осы мысалдың ішінде *қиыннан* сын есімінен толықтауыш жасалады деген пікірі болады деп қабылдадық. Сондай-ақ автордың мектеп грамматикасында *"Ескіге жаңа өлшеуін"* - деген бір-ақ сөйлемі арқылы сын есімнің заттанып барып толықтауыш жасалатынын көрсеткенімен жалпы сын есімнің тура толықтауыш қызметінде жұмсалуы туралы сөз қозғамайды.

Проф. М.Балақаев тура толықтауыштың сын есімнен болатынын мына мысалдар арқылы көрсеткен: *Жақсыны көрмек үшін. Үлкенді сыйла* [3, 129]. Автордың мектеп грамматикасындағы

пікірі кейінгі ғылыми еңбектерінде толықтырыла түскенін байқаймыз. Автордың мына берген мысалдарын талдасақ:

Жақсыны көрмек үшін (Мақал).
Ащы мен тұщыны татқан білер (Мақал).

Осы жерде автор сын есімді тура толықтауыш үнемі жалғаулы болады дейді. Егер олардың жалғауы түсіріліп айтылса анықтауыш сөйлем мүшесіне ауысады деп біледі. Бұған қарағанда автор сын еімдер табыс жалғауында үнемі жалғаулы болады деген пікірде болды.

Проф. Р.Әмір тура толықтауыштың сын есімнен жасалатынын және ондай кезде олардың үнемі жалғаулы болатынын дұрыс көрсеткен [4, 152].

Қазақ тілі оқулықтары бойынша шолу жасағанымызда сын есімдердің толықтауыш, оның ішінде тура толықтауыш болуы туралы пікірлерден оның көптеген мәселелері нақты көрініс тапты деп айта алмаймыз. Өйткені онда, біріншіден, бір-бір мысал беріп өтсе, екіншіден, көп мысалдар қайталанып беріледі. Оның үстіне сын есімнің тек сапалық түрінен ғана мысалдар алынған. Ал біздіңше сын есімдердің тура толықтауыш болуын мына бағытта қарастыру орынды сияқты.

Сын есімнің, біріншіден, толықтауыш, оның ішінде тура толықтауыш болуы туралы қазақ тіліндегі пікірлер төңірегінде мынаны айтуға болады.

1) Сын есімнің тура толықтауыш қызметіндегі бұл фактілер жеткіліксіз.
2) Ол еңбектерде барлығы да көбіне бірер мысал төңірегінде сөз етеді.
3) Сын есімдердің ішкі ерекшеліктері еленбейді.
4) Табыс жалғаулы сын есімдердің тек жалғаулы болуы ғана сөз болады.
5) Табыс жалғаулы сын есімді меңгеретін сөз таптарынан көбіне етістік қана айтылады.

Енді сын есімдердің тура толықтауыш болу жолдарын керсетелік.

Шөптен бетер *жасылын*,
Жасылының *асылын*,
Тобылғыдан *күреңін*,
Таңдап-талғап реңін,
Көмір тектес *қарасын*,
Қарасының *жаңасын*,
Қардан әппақ *аппағын*,
Жер бетінен *тапқанын,*
Көз талмайтын көруге
Аспан түсті *көгін де,*
Қаннан қызыл *қанығын*
Ең *қымбатын* бәрінің
Сарғалдақтай *сарысын*,
Сұлулықтың сәні үшін
Сан бояуды жиыпты
(М.Өлімбаев)

Осы өлеңнің өзінде бір ғана *жиыпты* сабақты етістігімен сын есімнің еркін байланыста жұмсалғанын байқадық. Сонда:

жасылын жиыпты,
асылын жиыпты,
күреңін жиыпты,
қарасын жиыпты,
жаңасын жиыпты,
аппағын жиыпты,
көгін де жиыпты,
сарысын жиыпты.

Осы бірыңғай тура толықтауыштар түсін (жасыл, күрең, қара, сары т.б.) және сапасының неғізінде сабақты етістікпен байланысып, саралау мағынасында жұмсалған.

Осындағы сын есімді тура толықтауыштың барлығы да тәуелденін барып табыс септігінде келген.

Жақсы катын жігіттің,
Адам қылар *жаманын* (М. Сералин).

Жақсыны көрмек үшін (мақал). Сөйлемдеріндегі *жаман, жақсы*сын есімдері адам зат есімінің орнына жұмсала келе тура объектіні білдіреді. Осы тура толықтауыштардың меңгеретін сөздері әртүрлі. *Жаман* тура толықтауышының байланысатын сөзі етістік емес, *адам қылар* зат есім мен көмекші етістікті құрама баяндауыш. Екінші сөйлемдегі жақсы тура толықтауышы *көрмек үшін* негізгі етістік пен шылаудың түйдектелуі арқылы жасалған.. Сонда *көр* етістігі нені көрді? сияқты сабақты етістікпен байланысқан. Бұған қарағанда табыс жалғаулы сын есімді тура толықтауышты құрама және салт етістікті баяндауыштар меңгереді деп білеміз. Ондай кезде сапалық та, қатыстық та сын есімдер қатысады. Не қылыппын бұларға! Далада қалған *керексізін* алғаным ба (М.Әуезов). Осы сөйлеміндегі тура толықтауыш *-сыз,-сіз* жұрнағы арқылы *керек* модаль сөзінен жасалып, ол да тура объектіні білдіреді. Әрине бұл сөйлемде *-сыз,-сіз* жұрнағы арқылы болымсыздық мағынаға ие болғанымен, түбінде онда *керексіз* затын алғандығы мәлім болып тұр. Осы сияқты: Оңбағанды босатасың, *жазықсызды* жазалайсың, а! (О.Бөкеев). Осындағы жазықсыз қатыстық сын есімі арқылы адамды жазалайсың дегендей тура объектіні білдірген.

Әуелде ешбір сөзді қалт жібермей, *қажеттісін де, қажетсізін де* қағып алып, ыңғайына орай, бірде орысша, бірде ноғай- татар -қазақша тәржімалап отырды (М.Мағауин). Осындағы *қағып алу* сабақты етістігі кейде бірыңғай түрде келген *-ты,-ті, -сыз,-сіз* жұрнақты табыс жалғаулы қатыстық сын есімдерін де меңгереді. Осы мағынада мынадай сөйлемді қосуға болады. Ол – жаза, *кінәліні* жазалау (Т.Нұртазин). Бағалау мағынасында мына сын есімді тура толықтауыштар *айту, мақтау* етістіктерімен байланыста жұмсалады.

Ақыл *айтсам дұрысын,*
Осы қай тұрысың? (А.Тоқмағамбетов).
Жақсыны мақтасаң – сақтанады,
Жаманды мақтасаң – қомданады (мақал).
Дұрысын айтқан бидай ма, каңбақ па?
Оны өздерің салмақта (А.Тоқмағамбетов).

- Кейде табыс жалғаулы сын есімдер *тындыру* етістігімен байланысып қимылдың салмактық мәнін білдіреді. Тындырады істің ол, *жеңілін де, ауырын да* (М.Әлімбаев). Иманы бар деуге тыйылымы жоқ, тақлиди иманы бар деуге беріктігі жоқ, я алдағанда, я азғырғанда, я бір пайдаланғанға қарап, *ақты қара деп, қараны ақ деп,* я өтірікті шын деп ант ететұғын кісіні не дейміз (Абай). Олар өздерінің теріс қылығын түгелімен ақ деп дәлелдейді, *ақты қара, қараны ақ* дейді (Ә. Нұршайықов). Мен ақ едім, сен қара едің, *ақты қаралап, қараны ақ* дегенің не? (Бөлтірік шешен). Осы сөйлемдердегі *ақты, қараны* тура толықтауышының байланысатын сөздері антоним ретінде берілген. Кейде тұрақты тіркес іспетті қалай болғанда да түсті білдіретін сын есімдерді түсті білдіретін сын есімдер өздеріне түйдектелген көмекші етістіктер арқылы меңгерген.. Сонда *қара деп, ақ деп, қара дейді, ақ дейді* меңгеретін сөздері құрама баяндауыштар. Керісінше соңғы сөйлемнің баяндауышын *қаралау* етістігі меңгерген. Сонда осындай антонимдік түсті білдіретін әрі құрама баяндауыштар, әрі етістікті баяндауыштармен байланыстағы сын есімді тура толықтауыш әсерлеу мағынасында жұмсалады.

Асау, жасау, жеңу, қосу сияқты сабақты етістіктер табыс жалғаулы *ескі, жаңа, алыс, аз, көп* сапалық сын есімдерін меңгеріп, біріктіру, мөлшер мағыналарында жұмсалады. Уакыт *ескіні* аңсайды, жаңаны жасайды (Жұлдыз). Азды көпке қосып баға ма, *көпті* азға қосып баға ма өзі біледі (К.Мырза). Бұрқыраған ақшыл тозаң *алысты* көзден жасырған (Т.Ақтанов). Басқа *талайды* да жеңгенмін (М.Жұмабаев).

Кейде табыс жалғаулы қатыстық сын есімдерді *түсіру* етістігі меңгеріп іс-әрекеттің орнын да білдіреді. Сыртта аударылып-төңкеріліп, *аспандағыны жерге түсіріп жердегіні аспанға* шығарып тулаған қатығез өмірдің барын, содан туған қатал заңның барын ұмытатын (Т.Әсемкұлов).

Жалпы сын есім септелмейтін не септелген кезде де заттық есімді де, етістікті де сөз тіркесінде негізінде қабыса байланысқан сөз тіркестерін құрап, пысықтауыштық қатынаста жұмсалады. Бірақ сын есімдерде кейде мынадай да ерекшелік кездесіп қалады. Қылымсығанда (қыз-келіншектер) қызыл киеді, жарамсақтанғанда жасыл киеді (Сөз атасы). Осы сөйлемде: *қызыл киеді, жасыл киеді* сияқты сын есіммен етістіктің байланысы орын алған. Осы сөйлемнің баяндауыштары *киеді* сабақты етістігі. Бастауышы қыз-келіншектер. Екі сөйлемге де ортақ бастауыш. Бір қарағанда *қызыл киеді,*

жасыл киеді дегенде *қызыл, жасыл* қабыса байланысып, пысықтауыштық қатыста тұрғандай болғанымен, бірақ бұл жерде тура толықтауыш. Яғни:

Қызыл киеді,

жасыл киеді - деп айту орынды.

Өйткені осы уақытқа дейін түсті білдіретін сын есімдер етістікпен қабыса байланыспайды деген пікір де болды. Сонда сын есімдер (қызыл, жасыл) дәл осы сөйлемдерде табыс септігі түсіріліп айтылған деу орынды. Олай болса сын есімдердің де ішінара табыс жалғауының түсірілуі арқылы олар да тура толықтауыш бола алатынын білдік. Жоғарыда М. Балақаевтың сын есімдерде егер табыс жалғауы түсіріліп айтылса, олар онда анықтауыштық қатынаста жұмсалады деген пікірі де болған. Бірақ сын есімдердегі табыс жалғауының түсірілуі дәл осы сөйлемдегі тіркеске келе бермейді. Алайда табыс жалғауының түсіріліп айтылуы пысықтауыштық қатынаспен ұқсас болғанымен, оларды бәрібір толыктауыш деп білеміз.

Сын есімдер тура толықтауыш қызметінде үнемі дара түрде жұмсалып қоймай, олар күрделі түрде де жұмсала береді. Бізге жеңісті көксегенде, сен тимесең мен тимен демей, адамдардың ақ-қарасын ажыратып, сатқындарды ақиқаттың сотына тарту үшін көксеген шығармыз (О. Бөкеев). Шыдамның да шегі бар, тек сеніп көріңдер, *ақ-қарасын* ажыратып берейін, бірақ қорлауы мен қорқытуды қойғызсын. Осы сөйлемдерде *ақ-қарасын, ақ-қарамды* қарама-қарсы мәнді сын есімдері тура толықтауыш қызметінде жұмсалған. Әрине бұл жерде *ақ-қарасын* тура толықтауышы III жақта тәуелденіп барып табыс септігінде келсе, екіншіақ-қарамды I жақта келуі арқылы тура толықтауыш жасалған. *Ақ-қара* сын есімдері былайша алғанда тұрақты тіркесте ме деген ой келеді. Біздіңше тұрақты тіркестердің көлемі екі не одан да көп сөзден болатындығын ескерсек бұл сөздерді осы қалпында қосарланған сын есімдер деп түсінгеніміз жөн.

Сын есімдер тек дара түрінде ғана емес, күрделі түрде де тура толықтауыш қызметінде жұмсалады. Бірақ дара сын есімдерге қарағанда күрделі сын есімді тура толықтауыш әлдеқайда аз. Кекілінің астында танадай ғана төбелі бар *күрең бестісін* жайтаң қаққызып, бұрынырақ жеткен балаң жігіт үлкендерге сондайдан дауыстап сәлем береді (Қ.Жұмаділов). - Туу, мынау неткен кез жетпес бетпақ еді? - деп, *құла бестіні*қамшымен бір салды да желін кетті (М.Әуезов). Қыстаубайдың *ала аяқ торысын да,* Қазболаттың ауыл арасындағы жарысқа түсіп жүретін бәкене бойлы *жүйрік көк тайын да* әкетті (Т.Әсемқұлов). Тұрлыбай маған өзінің *жорға күреңін* мінгізді (И.Жақанов). Осы сөйлемдерде: *күрең бесті, құлабесті* – сапалық сын есім мен қатыстық сын есімі: *ала аяқ, торы, жорға күрең* сапалық сын есімдері көлемінде екі кейде үш сөзден келін табыс жалғауында тұруы арқылы күрделі тура толықтауыш жасалған. Ондай күрделі сын есімді тура толықтауы көбіне мал түрін көрсетеді.

Жоғарыда біз сын есімдердің дара және күрделі түрде тура толықтауыш болуын көрсеттік. Әрине сын есімдердің дара түрде тура толықтауыш болуы онша талас тудырмаса керек. Күрделі сын есімді тура толықтауыш 2-3 сыңардан келгенімен, оның әрбір сөзі сын есім болуы тиіс.

Сын есімді күрделі тура толықтауыштың жасалуында күрделі сын есімдерден болмағанымен, негізгі сыңары табыс жалғаулы сын есім болып келеді де, кейде сол сын есімнің алдында тұрып та онымен түйдектеліп, күрделі тура толықтауыш жасалады.

1. *Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 280 б.*
2. *Аманжолов С. Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1940. – Б. 77-121.*
3. *Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Мектеп, 1983. – Б. 151-152.*

Резюме

Г.К. Есжанова, М.Ж.Амирова. Некоторые способы формирования прямого дополнения прилагательного характера

В статье рассматривается синтаксичекая функция имен прилагательных, в особенности в функции прямого дополнения.

В использовании общих прилагательных в функции прямого дополнения качественные и относительные виды употребляются. Связывающие их слова являются и глаголами, и сказуемыми. Ранее говорилось, что

прилагательные имели функцию прямого дополнения только в качестве связывающего, а в данной статье встречаются моменты, когда окончание винительного падежа опускается.

Также, простые и сложные прилагательные могут употребляться в винительном падеже. Они могут быть представлены в двух случаях. Во-первых, употребление сложных прилагательных в винительном падеже. Во-вторых , имена прилагательные сочетаясь с именами прилагательными, с именами числительными могут употребляться в винительном падеже.

В некоторых случаях рассматривается связь имен прилагательных в винительнои падеже с глаголами.

Ключевые слова: прямое дополнение, синтаксическая функция, имя прилагательное, качественное, относительное.

Summary

G.K. Eszhanova M. Zh. Amirova. Some ways of formation of the direct object of an adjective character

In the article syntactic function of adjectives, in particular as a direct object is considered.

In the use of the general adjectives as the direct object qualitative and relative types are used. The words connecting them are both verbs, and predicates. Earlier it was said that adjectives had function of the direct object only as connecting, and the moments when the endings of an accusative case are missed in this article.

The same adjectives, such as single, complex case beredi. Then also be submitted to the two cases. First of all, be difficult to be connected to the adjectives income. Second, the words of adjectives numerals and adjectives can be complementary to and from the word combination.

Sometimes adjectives verbs connected to the communication submitted will be displayed.

Key words: direct object, syntactic function, adjective, qualitative, relative.

ӘОЖ 811.512.122:39

АКАДЕМИК Ә. ҚАЙДАРДЫҢ «ҚАЗАҚТАР АНА ТІЛІ ӘЛЕМІНДЕ» ЕҢБЕГІНІҢ ТАНЫМДЫҚ-ҚАТЫСЫМДЫҚ МӘНІ

Е.Б. Жұмағұлов – *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2-курс магистранты*

Аңдатпа. Мақалада академик Ә. Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» еңбегінің қазақ этнолингвистикасындағы ғылыми-теориялық маңызы қарастырылады. Академик Ә.Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» еңбегі тақырып бойынша көптеген ғасырлар бойы жиналып қордаланған және әлі де жинақталып жатқан өте бай тіліміздің лексикалық байлығы, заттар мен бізді қоршаған табиғи құбылыстардың атаулары, адамдардың қоғамдық қарым-қатынасына, тұрмыс-салтына, бұрынғы көшпелі ру-тайпалар мен бүгінгі қауымның өмір сүру тәсілдері мен әдет-ғұрпына байланысты сан алуан тілдік деректер – лексика-фразеологиялық, паремиологиялық, ономасиологиялық, кәсіби-терминологиялық, эвфемистік, теңеу-салыстыру, т.б. ұлан-ғайыр этнолингвистикалық мағыналық бірліктер жинақталды. Мақалада сөздікте кездесетін әр түрлі тақырыптарға байланысты атаулар мен тілдік деректерді талдай отырып, олардың танымдық және қатысымдық мәні айқындалады.

Түйін сөздер: этнолингвистика, таным, тіл, қатысым, адам, қоғам, табиғат.

Қазақ тіл білімінде өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап этнолингвистика туралы сөз етіле бастады. Ең алғашқы ғылыми мақала сол кезде шығып тұратын «Білім және еңбек» журналының №10 санында «Этнолингвистика» деген тақырыппен академик Ә.Қайдардың атымен басылды. Демек жаңа бағыттағы зерттеу болғандықтан этнолингвистика саласының әрі қарай дамуына ғылыми негіз қалаған және бертін келе осы салада көптеген шәкірттер дайындаған академик Ә.Қайдардың этнолингвисткалық мектебі қалыптасты деуге әбден болады. Тіл білімінің ең бір өзекті, әсіресе, адамдық факторға негізделген бір этностың, ұлттың тілінде сөйлейтіндердің, сол ұлттың тұрмыс-тіршілігін, ұлтқа тән ұғым-түсінігін, әдет-ғұрпын тек қолданыстағы тілінде сақталған сөздер, фразеологиялық тіркестер, мақал-мәтелдердің мазмұнын ашу арқылы түсіндіру осы этнолингвистика пәнінің құзырына жатады.

Адамзат тарихы әр этностың жүріп өткен жолы арқылы танылады, жасалады. Алайда «танылу мен жасалу» тек сол этностың тіліндегі түрлі аталымдар, өмір сүру, тіршілік етудің мәдени формалары

бейнеленген сөздер мен сөз тіркестерінің мазмұнында сақталған. Бұл ретте мазмұнды ашатын кілт осы этнолингвистканың құзыретінде. Бірақ кілт құралды пайдалану үшін де білім мен біліктілік керек. Ана тілінің бар байлығын тіл иесіне түсіндіріп, мазмұндап жеткізу мақсатында тер төккен академик Ә.Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» [1; 2; 3] атты әрқайсысы 45-50 баспа табақтан тұратын үш томдық сөздігі қазіргі түркологияның жетістігі.

Қазақ деген ұлттың тіл әлемін саралап, талдап, түсінік беретін «Адам» (1 том), «Қоғам» (2 том), «Табиғат» (3 том) атты этнолингвистикалық сөздіктер ұлт тілінің байлығын жинақтаған еңбек. Осы мақалада біз «Адам» атты 1 томды талдаймыз.

Автор 1 кітаптың («Адам») алғы сөзінде: «Қазақ халқының тұрақты дамуының ең сенімді әрі құдіретті күштеріне қазақ тілінің тек қатынас құралы ретіндегі ғана емес, оның өткен өмірді де, халық даналығын да, ұлттық салт-дәстүр мен мәдениеті, ата мұрасын ұрпақтан ұрпаққа шашпай-төкпей жеткізетін мұрагерлік (кумулятивтік) қызметі жатады. Ұлттық тіл ұлттың өзін ғана танып-білудің құралы емес, сонымен қатар, халықтарды бірлестірудің, елдікті сақтаудың, мемлекетті дамытудың алғы шарты» деп жазғанын оқығанда Елбасының «Қазақстан-2050» стратегиясының түп қазығы етіп алған **Қазақ Елі – Мәңгілік ел** ұғымын жан-жақты түсінуге де бағдар беретін еңбек деп атаған жөн.

Сөздік – қазақ ұлтының халықтық биік рухын, ақыл-парасатын, рухани-мәдени байлығын көрсететін қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, тұрақты теңеулер мен бейнелі сөз орамдарымен көрсетілетін тілдік бірліктерді тақырыптық жағынан топтап, жүйелеп, астарлы мазмұн болса астарын ашып түсіндіру, аталым болса не себепті аталған, ұғым бойынша қандай жағдаятта қолданылады деген сұрақтарға жауап береді.

Адам табиғаты – ерекше құбылыс. Тілдік деректерге сүйенсек, оның бүкіл болмысын бейнелейтін, жақсы-жаман қасиеттерін жан-жақты толық танытатын сөздер мен тіркестер соншалықты мол және қазақ адамының тұтас жай-күйі ұлт өкілі ретінде түпсіз терең тұлға екендігін байқаймыз. Ежелгі грек философы Протогордың айтуынша, «адам барлық заттың өлшемі» және «әлемді адам қандай ой-сезіммен қабылдаса, дүние нақ солай бейнеленеді». Демек, қазақ ұлт ретінде кім, қандай халық, ол әлем бейнесін тілінде қалай өрнектеген, несімен ерекшеленеді деген сұрақтарға Сөздіктен жауап табасыз.

Сөздіктің «Жақсы» Адам мен «Жаман» Адам тараушасында: «Адамның даналығы мен надандығы да, қасиеті мен қасиетсіздігі де, жақсылығы мен жамандығы да, табиғат болмысына тән сан алуан заттар мен құбылыстардың жақсы, жаман сипаты, нарқы мен парқы да Адам арқылы анықталып бағаланады» – дейді. Демек, тек тіл фактілерін сөйлету арқылы Адамның философиялық, физиологиялық, психологиялық, моральдық-этикалық т.б. толып жатқан контрастивті қасиеттерін тануға болады. Өмірде «жаман» адам, «жақсы» адамдардың болуының өзі – тінті қоғамдағы, қарапайым тіршіліктегі тепе-теңдікті сақтауға мүдделі екендігі. Мысалы, Сөздікте ◊ **Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады** <*адамның жаман болуы оның айналасына, ортасына байланысты. Жаман әдеттердің бәрін ол солардан үйренеді*>◊ **Үскене (кесе) көп болса, сынғаны білінбейді; екі жақсы дауласса, тынғаны білінбейді** <*біркелкі ұсақ әрі көп кесенің күнде есебін алып, санай бермейді де, оның сынғаны көп біліне бермейді; Сол сияқты екі жақсының дауын да, олардың татуласуын да ешкім біле бермейді, өйткені ол, әдетте, у-шусыз, бейбіт жолмен, ақыл-парасатпен тындыратындығына байланысты. Сонда жақсы адамдарға тән тағы бір абзал қасиет – олардың бір-бірімен дауласпауында, жауласпауында*>. ◊ **Жаман кісі жаудан жаман** <*жау – алыста, жаман – жаныңда*>◊ **Үш жамандық** <*қазақ салт-дәстүрінде сан алуан жамандықтардың ішінен ерекше аталатын үш жамандыққа мыналар жатады: 1) нақақ қан төгу; 2) кісі малын нақақ иеленіп алу; 3) ата-бабадан қалған ескі жұртты бұзу* >т.б. тіркестер талданған.

Сөздікте Адамның жағымды-жағымсыз қасиеттерін сипаттайтын сөздер мен тұрақты оралымдар саны едәуір. Мәселен, тек жағымды қасиеттерді білдіретін ◊ **АБЗАЛ** <*ел-жұртына ардақты, жаны ізгі, таза, жүрегі адал, ігі жақсы істерімен көзге түсетін адам*>; ◊ **ПАРАСАТТЫ** <*жан дүниесі бай, дүниетаным қабілеті жоғары, парқы, түйсігі терең, кез келген нәрсені ақылға салып қарайтын, байсалды білімді адам*> деген түсінікті оқисыз.

Қазақтың ұғымында Адамның зиялы қасиеттерін сипаттайтын 250-ге жуық сөз-атаулары мағыналарының 50-60-на ғана талдау жасалыпты. Мәселен, *ақыл, ой, сана, парасат, зерде, зейін, зеректілік, ұғым, түсінік, ұят, сезім, ес, иман, ігілік, ибалық, көңіл, қалау, таным, қиял, қылық,*

мерей, машық, ар, намыс, наным, мінез, ождан, опа, пайым, пікір, өнеге, өсиет, рух, рай, рақым, сөз, сенім, сыр, үміт, ізгілік т.б. Ал **КӨҢІЛ** *<адам болмысына тән табиғаты аса күрделі, мәні терең, мағынасы кең, мазмұны ауқымды, қолданыс шеңбері шексіз, қолмен ұстауға болмайтын, көзге көрінбейтін ғажайып зиялы қасиеттерінің бірі...>* дей келе, автор «көңіл» ұғымына, түсініғіне қатысты жеке сөздер мен жай және тұрақты тіркестерді, мақал-мәтел т.б. деректерді жинақтап, жүйелеп, мән-мағынасын ашып береді. Көңілдің (34 түрін) ***Қамкөңіл** <бір нәрсеге қамыққан, торыққан, көңілге қаяу түскен адам>*, екіұдай көңіл, жас көңіл т.б. түрлері сипатталса, көңілге қатысты ұғымдардан, мысалы, ◊ **Көлденең кісі көңілге қарамайды** *<адамға таныс емес, бейтаныс, бөгде адамдарды режіп қалады-ау дегенді ойға алмай, әр нәрсені айтып қалады, ондай жайт адамның көңілін жаралап ренжітеді>, ақымақтың көңілі тоқ, Соқырдың көзі – көңілінде, Күлегештің көңілі азбас* т.б. 143 тіркес мағынасы ашылған. Сөздікте үш мыңға жуық мысалдармен Адамның жағымды-жағымсыз қасиеттері сипатталып, адамның тек физиолоғиялық қасиеттеріне қатысты ұғымдарды бейнелейтін бір жарым мыңдай бірліктер талданған. Мысалы, *аяғын алдыру, бұйығып ұйықтау, быржию, дүмпию, көстеңдеу, кілтілдеу, мыртыңдау* т.б. сөздерді қазірғі жастар көп қолдана бермейді.

Өмір қарама-қарсылықтардан тұратындықтан, түрлі қайшылықтар туындайды. Бұлар тілде антонимдік жұп құрайды. Адамның психикалық қасиеттерін қазақтар қуаныш-реніш, сүйініш-күйініш, құмарлық-салғырттық, сүйіспеншілік-жек көрушілік, рақымдылық-мейірімсіздік, сақтық-бейқамдық, адалдық-арамдық, кішіпейілділік-дөрекілік, батырлық-қорқақтық, тәкаппарлық-именшектік, сабырлылық-шыдамсыздық, еңбекқорлық-жалқаулық т.б. сезім спектрлерін суреттейтін сөздер мен тіркестерді тіл байлығы ретінде молынан, жан-жақты қолданған. Сөздікте екі мыңнан астам түрлеріне түсінік берілген. Адамның психикалық келбетінің ең бірінші көрінісі – ақыл. Осы сөз ұйытқы болған ақылы қысқа, ақыл қону, ақылға салу, ақылы көзінде, ақыл қосу т.б. барлығы 25 тіркес сипатталған.

Көркем әдебиетте қазірғі жазушылардың портрет жасау (соматема – адмның сырт тұлғасы, дене тұрқы; вестема – киім киісі) шеберлігінде жетіспей тұратын, сырт қалған сөздер мен тіркестер кездеседі. Осындай олқылықтың орнын толтыратын осы Сөздіктегі **«Адамның сырт тұлғасы, бой-тұрқы»** деген тараушадағы деректер. «Атап айтқанда, бойдың биік-аласалығына, белдің жуан-жіңішкелігіне, бет-жүздің пішіні, рең-түсі, көлеміне, саусақтың ұзын-қысқалығы мен жуан-жіңішкелігіне, көздің бітімі мен жанарына, өткірлігіне, үлкендігіне, ауыз бітімі мен оның үлкен-кішілігіне, еріннің қалың-жұқалығына, иық пен жауырынның кең-тарлығына, сақал-мұрттың көлемі мен пішініне, түсіне, мұрынның бітімі мен ұзын-қысқалығына, т.б. дене мүшелерінің ерекшелігіне байланысты сөздер, айшықты сөз орамдары адамның жалпы сырт тұлғасын сипаттауда қолданылады» [1, 196]. Мысалы, **КӨЗ: *бұзау көз** <мөлиген, жанарсыз көз>* ***жыпсық көз** <сығырайған қысық көз>* ***сағал көз** <сарғылтым, сарғыш көз>*.Сөздікте көздің 29 түрі талданған. **МҰРТ: *Лақа мұрт** <лақа балықтың мұрты сияқты едірейген мұрт >**Шалғылы мұрт** <қиғы үлкен жебелі мұрт >***Шапыраш**<көзі қисық, қыли* **> *Сіріңке қара** <арық, қатпа қара> сияқты 9 түрі бар* [1, 204].

Адамның іс-әрекеті мен қалып-күйіне қатысты талданған мысалдарды қарасақ, қазақ өмір бойы миллиондаған қимыл-қозғалыстағы әрекетіне де ұлттық мінез-құлық, ұлттық болмыс, тіпті ұлттық темпераментті қалыптастырған. Тілде сақталған бай деректер арқылы өзге этностың болмысы мен тіршілігінде кездеспейтін, тіпті қайталанбайтын ұлттық мінез мен мұндалап тұрғандықтан, тек қазақи қалыпты танисыз. Мұнда, әсіресе, ырымдар мен тыйымдар жетерлік. Мысалы, ◊ **Айналу** *<1. Бір орнынан қозғалтпай айналдыру; 2. Жақсы көрген адамды айналып-толғанып еркелету* **> ≠ Адамды [отты, үйді] айналма!** *<отырған адамдарды, от басын, үйді, малды т.б. заттарды айналғанда адам өзіне көшіріп алады деген ырымнан, нанымнан, оны сақтандырудан пайда болған... Тағы бір тарихи-этнографиялық дереккөздерге сенсек, бақсы-емшілер аурудың «рухын» қуып шығу үшін ауру адамның күнәсін ақтайтын құрбандық бағыштап, оны аурудың басыңқы я тура ауыратын жерінде айналдырып тұрған. Қазақтардың «айналайын» дейтін жылы сөзінің де төркінін осы ырымға байланысты іздеген дұрыс. Яғни ол жақсы көретін адамының құрбандығы болуға дайындығын немесе оның айналасына еш жамандық жуытпауды білдіреді>* [1, 218]. Сөздікте **«Жылаудың»** 74 түрлі тіркесі талданған. Әдетте **«Күлкі»** эмоционалды қалып, алайда күлкіге қарағанда психолоғиялық құбылыс **«Күлудің»** 116 түрі тіркелген. Автор айтады, күлу әрбір адамның өзіндік

(мінез-құлқына, темпераментіне, көңіл-күйіне, әдетіне, жасына, зиялы қасиетіне) ерекшеліктеріне байланысты, бір-біріне ұқсай бермейтін әр алуан болып келуіне байланысты болса, күлкі сол үдерістердің белгілі ситуацияға, қауымдық ортағы, мотивтері мен себептеріне байланысты өзіндік мағына-мәні бар, атқаратын әлеуметтік қызметі бар инсандық фактор, адамға тән зиялы қасиеттердің бірі дей келе, қазақ этносының қалыптасқан салтында күлкі түрінің саны 20 шақты болса, ал күлудің ұзын саны 160 шақты.

Сөздіктің II тарауы «Өмір-Тіршілік» деп аталады. Адам баласының сәби кезінен бастап, жер-бесікке енгенге дейінгі өмір-тіршілігін «Нәрестенің дүниеге келуі», «Өсіп-өну, ержету», «Адамның жас ерекшеліктері» туралы сипаттайтын сөздер мен сөз тіркестері талданады.

Келесі тараудағы қазақтардың туыс-жақындық қатысты білдіретін тақырыптық саласындағы жүздеген атаулар мен мыңдаған тұрақты тіркестер мен басқа да бейнелі сөзқолданыстары бар бай тілдік деректер ұлттың ұрпақ өсіруді мақсат-міндет деп принципті түрде дамытқандығының көрінісі. Мысалы, «**Атадан ұл туса игі еді, ата жолын қуса игі еді». *Ұлыңа қолыңды төменнен бер, Қызыңа қолыңды жоғарыдан бер** <*Өсіріп отырған ұлы мен қызыңа қамқор бол. Ұлыңа қамқорлық жасасаң, үнемі қол ұшыңды беріп демеп отыр, ал қызыңа қамқорлық жасағанда алдында болып, үнемі өнегеңді көрсет. Қыздың жолы жіңішке екендігін ескертетін нақыл сөз*>.

Басқа түркі халықтарына қарағанда, туыс-жақындық қарым-қатынастар қазақ халқында аса терең және жан-жақты дамыған. Кітапта бұлар Ата өріс (Атажұрт), Ана өрісі (Нағашы жұрт), Құдандалық өріс (Қайын жұрт) сияқты қалыптасқан ұлттық жүйемен топтастырылған.

Адам баласының тіршілік етіп, өсіп-өнуіне қажетті азық-түлік, ұлттық тағамдар атаулары (4 тарауда), денсаулық (5 тарау), дене мүшелері мен ауру түрлерінің ұлттық атаулары, емшілікте қолданылатын ем-дәрілер, дәрілік шөптер атаулар мен тұрақты қолданылатын тіркестер мағынасы талданады.

Адамзат құндылықтарының басты көрсеткіші – дамыған тіл. Барлық білім мен оның жетістіктері тек тілде сақталады, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіледі. Тіл байлығы болмаса, ұлт ерекшелігі туралы толық мәлімет алу мүмкін емес. Қоғам дамуының алғышартын айқындайтын ақпараттар тасқыны тек тіл арқылы өзектелін, мазмұнға ие болып, қажетті жағдайда өңделіп отырады. Сөйлеуді қалыптастыратын тіл әлемі – қазақтар үшін кие, құдірет. ◊ **Барлығы да тілден: тіл – бал, тіл – ажал** <*адамдардың өзара қарым-қатынасы тілмен ғана шешілетіндіктен, барлық іске тіл жауапты. Балдай тәтті шақты сыйлаған тіл ажалға да апарады. Барлығы да тілден деп бекер айтпаса керек*>◊ **Тілдің қамы –елдің қамы** < *бұл тіркестің мәні дәл қазір қазақ ұлтының тіл үшін күрес майданында жүру мақсатын ашып береді. Елдің қамы деген – Отанның қамы, ұлттың тұтастығы, болашақ үшін әрекет, осылардың бәрі тілге қамқорлықтың арқасында ғана жүзеге асырылмақшы*> деп талданады.

Сөз байлығы тілдің негізгі белгілерінің бірі. Автор: «Тілге қатысты айтылған бірліктер тек сандық көрсеткіш деп ұғуға болмайды. Ұлттың өз тілі туралы түсінігі мен құрметі, оның тіліне берген бағасы тілдің алуан түрлі қасиеттері мен қызметіне негізделген» – деп, тіл сөзінің басқа сөздермен тіркесімділігінің көптігін, бірақ жиналмай, тіркелмей қалғандарының әлі көп екендігін және тілдің динамикалық дамуына қарай басқа да жаңа тіркестердің жасалатынын айтады. Тілдің түрлері, оған қатысты ұғымдар (Атағыңды өсірер де – тіл, өшірер де – тіл); ◊ **Жағымпаз тіл жауыр болғанша жалайды** <*жағымпаз тілдің шегі жоқ. Ол мақтағысы келген адамын көкке көтеріп мақтайды, олар «сіз ұлысыз, сіз ақылды адамсыз, неткен данышпансыз, өзіңізден басқа кім болушы еді» дейтін «желім» сөздерді қоса сөйлегенді ұнатады*> дейтін сияқты тіркестердің мазмұны түсіндіріледі.

Ал сөз табиғаты деген не? Әрине, сөз болмаса, адамның бүкіл сөйлеу үрдісі, барлық іс-әрекеті, тінті қимыл-қозғалысы да танылмаған болар еді. Тараушада «Ақсақалдың ақылы қысқарса, аузындағы сөзі ұзара береді»; «Адамның ішіне ас сыйса да, сөз сыймайды», «Сөз дегенде данышпандай, Іс дегенде ауыс жандай» т.б. мақал-мәтелдермен қоса, «Сөз тұздығы», «Сөзіне қарауыл қою», «Сөзі сымбат» т.б. фразеологизмдер берілген жалпы мыңнан астам тіркестер қамтылған. Сөз табиғатынан соң, сөз түрлері мен оған қатысты ұғымдар жүйеленген. Мұнда эпитетті, метафоралы қолданыстардың бағалауыштық сипаты өте бейнелі, суретті болып келеді. Жалпы қазақтардың сыни көзқарастағы көркемдік ой-табиғаты тым әсерлі, прагматикасы терең. Мәселен, тек жақсы сөз ұғымын толықтырып, мәнін ашатын 30 шақты тіркес берілген, мағыналары баяндалған. «Жақсы сөз –жанның жарығы»; «Жақсы сөз тасты жібітер, жаман сөз басты шірітер» т.б. Тәрбиелік

мәні бар, әр қазақтың тілдік қолданысында жүруі тиіс небір айшықты сөз орамдарын осы кітаптан табасыз. Мысалы: ◊ **Келіннің сөзі** *<келіннің сөзі басқаларға қарағанда өте сыпайы, мейірімді, тәрбиелі сөз болуы керек>; «Құдай сөзі», Қымбат сөз, Ұста сөз – ұстаз сөз»;* ◊ **Ат өтті қолқа сөз** *<сөз арасындағы айтылған тілек>.*

6.3 тараушасында сөйлеу, айту, тілдесуге қатысты деректер сараланған. «Жақсымен сөйлессең қуанасың, Жаманмен сөйлессең мұңаясың», «Сөйлесе білген үйлесе біледі» т.б. көптеген және кейбірі сирек қолданыстағы деректер мазмұндалуымен қатар, сөйлеудің түрлеріне байланысты 500 тіркес мәні сипатталады. Тілдесу формасын көбінесе жүзеге асыратын дене мүшелері. Мұнда 200-ге жуық мысалдың астарына мағыналық талдау жасалған. «Аузы желдей есу, ауыз жиғызбау, көкезулену, мұрнынан сөйлеу, тілін безеу т.с.с. Ал түрлі тәсілдер арқылы тілдесуге: арсаландау, байбалам салу, гүжілдеу, жуып-шаю, қазымырлану, өкіреңдеу, сыпылдау, ұсыныс жасау, шүйіркелесу, ырылдасу сияқты мысалдарға түсінік берілген. Жалпы өнер алды – қызыл тіл деген және шешендік өнерді қастерлеген қазақтың тіл әлемі аса бай құндылықтың қазынасы іспеттес. Сөздіктің бұл тарауын үш мыңнан астам мысалдар дәйектейді.

Сөздік тек тіл мамандарына немесе көп білгісі келетін энциклопедиялық білім жинайтын адамдарға ғана емес, ұлтының рухани мәдениетін жоғары қоятын және Қазақ елінің мәңгілігіне сенетін адамдарға қажет. «Қазақтану» – қазақ деген түсінікке қатысты бүкіл білімдер саласының мәдени-тарихи жақтарын қамтитын үлкен ұғым. Сөздік –қазақтануға қосылған үлес.

1. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). I том. Адам. –Алматы: Дайк-Пресс, 2009.

2. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). II том. Қоғам. –Алматы: Сардар баспа үйі, 2013.

3. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). III том. Табиғат. –Алматы: Сардар баспа үйі, 2013.

Резюме

Е.Б. Жумагулов. Познавательное значение труда академика А.Кайдара «Казахи в мире родной речи»

В статье рассматривается научно-теоретическое значение труда академика А.Кайдара «Казахи в мире родной речи» в казахской этнолингвистике. Работа «Казахи в мире родной речи» академика А.Кайдара собрала по теме очень богатую лексику нашего языка, собранного в течение многих веков и собирающихся до сегодняшних дней, названия предметов и природных явлений, окружающих нас, разнообразные языковые данные, связанные с общественными отношениями людей, традициями и обычаями, с методами выживания и обрядами древних кочевых племен – лексико-фразеологические, паремиологические, ономасиологические, профессионально-терминологические, эвфемистские, сравнительно-сопостовительные, и другие необъятные этнолингвистические содержательные единицы.

В статье анализируются встречающиеся в словаре названия, связанные с разными темами и языковые данные, определяются их познавательные значения.

Ключевые слова: этнолингвистика, познание, язык, человек, общество, природа.

Summary

E. Zhumagulov. Cognitive and communicative aspects of treatise "Kazakhs in the mother speech world" by Abduali Kaidar

In this article the scientific and theoretical meaning of Abduali Kaidar's treatise "Kazakhs in the mother speech world" is considered in terms of kazakh ethnolinguistics. Academician's «Kazakhs in the mother speech world» has collected absolutely prosperous vocabulary of our language. It has been amassed for centuries and still is being conglomerated up to nowadays. Names of subjects and natural phenomena surrounding us, various lingual data which is connected with traditions, customs, people's social attitudes, ancient nomadic tribes' rites and survival method – lexical, phraseological, paremiological, onomasiological, professionally terminological, euphemistical, comparative and other boundless ethnolinguistical thoughtful units.

In the article names which are met in dictionary and connected with different topics and lingual data are analysed and their cognitive meanings are determined.

Key words: ethnolinguistics, cognition, communication, language, human, society, nature.

УДК 81'23

ОСОБЕННОСТИ СЕМЕЙНОЙ КОММУНИКАЦИИ: ВЫБОР ЯЗЫКА И ЯЗЫКОВЫЕ ПРЕДПОЧТЕНИЯ

Ж.К. Ибраева – *д.ф.н., Казахский национальный университет имени аль-Фараби,*
А.Н. Алишариева – *PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби*

Аннотация. В статье рассматривается выбор языка в семейной коммуникации у казахов-билингвов. В условиях полилингвизма языки постоянно влияют друг на друга, что ведет к появлению смешения языков. Существование и софункционирование языков в многоязычном обществе – это комплексная интегративная проблема, которая требует привлечения данных социологии и социолингвистики, психологии и психолингвистики, теории языковых контактов, теории и практики усвоения второго языка и др. Сам подход к анализу такого сложного явления как использование языков в многоязычном социуме предполагает изучение основных составляющих процесса дву- и многоязычия: *выбор языка, отношение к языкам, переключение языкового кода, предпочтение языка* и пр. В этой связи актуально исследование выбора языка в Республике Казахстан в контексте новой языковой ситуации и осуществляемой языковой политики. Как известно, наша страна сегодня переживает очень важный и интересный период языкового строительства, когда строится новая государственность и новая языковая идентичность

Ключевые слова: выбор языка, предпочтение языка, отношение к языкам, переключение языкового кода.

Подход к анализу такого сложного явления как использование языков в многоязычном социуме предполагает изучение основных составляющих процесса дву- и многоязычия: *выбор языка, отношение к языкам, переключение языкового кода, предпочтение языка* и пр. В этой связи актуально исследование выбора языка в Республике Казахстан в контексте новой языковой ситуации и осуществляемой языковой политики. Как известно, наша страна сегодня переживает очень важный и интересный период языкового строительства, когда строится новая государственность и новая языковая идентичность (Э.Д. Сулейменова, Н.Ж. Шаймерденова и др.).

Рассматривая проблемы двуязычия и сопутствующие им вопросы переключения кодов, интерференции, интеркалиции и пр., отметим, что в лингвистике накоплен значительный багаж теоретических исследований проблем двуязычия. Наука располагает различными классификациями и точками зрения на проблему билингвизма (Ч. Осгуд, Л.В. Щерба, У. Вайнрайх, С. Эрвин и др.). В современной лингвистической науке различают индивидуальное двуязычие – знание и использование двух языков отдельными членами определенного этноса и массовое двуязычие – знание и использование двух языков большинством этноса; индивидуальное зарождающееся двуязычие и коллективное существующее двуязычие; региональное двуязычие – знание и использование двух языков жителями определенного района страны и национальное двуязычие – знание двух языков данным этносом страны; естественное двуязычие – знание и использование двух языков как следствие непосредственного взаимодействия носителей этих языков и искусственное двуязычие – знание и использование двух языков как следствие преднамеренных и специально создаваемых условий изучения второго языка и др.

В традиционной лингвистике существуют классификации двуязычия, где основными типами выступают: чистое (Л.В. Щерба) или координативное двуязычие (Ч. Осгуд, У. Вайнрайх, С. Эрвин), когда каждый из двух языков существует как отдельная система и смешанное двуязычие, когда два языка сливаются в одну систему. Субординативное двуязычие – это ранняя стадия усвоения второго языка, когда его единицы, минуя субственную семантическую базу, соотносятся с единицами первого языка.

Вместе с тем различаемое учеными дополнительное двуязычие понимается как использование билингвом второго языка без потери языковой компетенции в первом, тогда как замещаемое двуязычие – потеря компетенции по мере овладения билингвом вторым языком первого языка. Ряд ученых использует термины *функциональное (культурное)* и *этническое* двуязычие.

Причем, если для ряда стран двуязычие – это редкий феномен, то для других – это факт, для Казахстана, как и для большинства республик бывшего СССР в силу исторических условий двуязычие является нормой. При этом, на билингвальный характер, в первую очередь, влияет

языковая ситуация и особенности языкового планирования. Республика Казахстан – мультилингвальная страна, на территории которой представлено по последним данным 126 языков, в их числе казахский язык – государственный язык, автохтонный язык, титульный язык Казахстана [1].

В условиях полилингвизма языки постоянно влияют друг на друга, что ведет к появлению смешения языков, и часто семилингвизму. Естественно, что языковой репертуар казахстанцев (в большей степени билингвов) меняется в зависимости от сфер использования языков. Однако, как показали исследования, в последние годы наблюдается языковой сдвиг в пользу государственного языка в таких сферах как политика, образование, наука.

Вместе с тем выбор языка в пользу русского и реже английского языков наблюдается в гостиничном бизнесе, риэлторской деятельности, сфере бытового обслуживания. Особой сферой использования языка/ов является семейная коммуникация, в силу специфики объекта исследования, постоянно находящаяся в поле зрения ученых.

Действительно, семья как малая коммуникативная группа и социальный институт выступает объектом исследования многих наук гуманитарного цикла: педагогики, психологии, лингвистики, социологии. Особый интерес ученых отмечается в аспекте исследования межличностной речевой коммуникации, поскольку в семье человек чаще всего находится в комфортной среде, в окружении родных и близких людей, когда нет необходимости следить за своей речью, выбирать слова, язык. Необходимо отметить, что в языкознании существует целый ряд работ, в которых исследователи уделяют особое внимание межкультурной семейной коммуникации (Е.В. Бондаренко, В.В. Красных, О.А. Леонтович, Я.Т. Рытникова и др.). Однако моноэтничная семейная коммуникация до сих пор в языкознании исследована фрагментарно. Отметим, что в лингвистике наряду с термином *семейная коммуникация* (Е. В. Бондаренко), встречается *семейная беседа* (Я.Т. Рытникова), *семейная речь* (А.В. Занадворова). Многие авторы предпочитают использовать данные понятия как синонимы. Между тем «Стилистический энциклопедический словарь русского языка» определяет семейную речь как «домашнюю» [2].

Семейную коммуникацию ученые рассматривают как особый тип общения, характеризующийся определенными речевыми жанрами (В.В Дементьев, Т.Б Карпова, Я.Т. Рытникова), ролевой структурой (Ю.Л. Бессмертный, И.А. Стернин), специфическим вокабуляром (Л.А. Капанадзе, В.Б. Кашкин, Ю. Сафонова), нарративом и фольклором (Е.Ю. Кукушкина, В. Сатир, Р.Р. Чайковский) [3]. Ряд лингвистов определяет данный тип общения как семейный дискурс, определяемый как неинституциональный дискурс, сфера функционирования которого ограничивается рамками отношений между членами семьи, а именно между родителями и их детьми (в независимости от возраста), при этом не учитывается тот факт, живут ли коммуниканты вместе или раздельно (В.В. Красных, В.В. Звягинцева и др.).

Изучение семейной коммуникации представляется интересным и перспективным, поскольку именно в семье происходит первичное формирование личности, начинается процесс языковой социализации: освоение родного и второго языков, основных навыков речевого общения. Семья – это место, где закладываются и культурные, и поведенческие стереотипы. В семейном речевом общении представлен самый широкий набор коммуникативных ситуаций.

Человек по мере взросления приобретает все новые социальные и семейные роли. Вместе с тем семья – это место непринужденного общения, где человек имеет большую свободу для проявления своей индивидуальности, в том числе и в языковом отношении, чем в других социальных группах, членом которых он является в течение своей жизни.

С другой стороны, семья не изолирована от внешних воздействий, происходит постоянный коммуникативный обмен между семьей и ее социальным окружением. Исследуя функционирование языка в семье, можно выявить общие закономерности функционирования языка: изменение объемов значения слов, сфер их употребления, лексической сочетаемости, проследить особенности восприятия и процесс усвоения новых слов, встраивания их в общую систему языка, процессы словообразования, создания новых лексических единиц и т.п. В этом плане особый интерес представляет работа А.В. Занадворовой, где рассмотрены языковые средства, характеризующие семейное общение, а также анализ семейных прозвищ и обращений членов семьи друг к другу. Проводится анализ семейных номинаций и фразеологии, подробно рассматриваются особенности

функционирования цитат и других прецедентных феноменов, а также роль языковой игры в непринужденном домашнем общении

В настоящей статье объектом анализа выступили казахские семьи г. Алматы. Специфика объекта исследования потребовала привлечения следующего материала исследования: основой послужили диктофонные записи семейных бесед (продолжительные и непродолжительные семейные коммуникации, в которых принимали участие, как минимум, три коммуниканта – члены одной семьи). Метод наблюдения использовался в работе со следующими группами респондентов – 15 казахами-билингвами, 5 казахами-монолингвами с установлением критериев выбора регистров общения в билингвальной коммуникации.

Основные критерии отбора информантов совпадают с критериями, сформулированными в классических работах по разговорной речи, т.е. это лица, проживающие в городе (в данном случае в г. Алматы), имеющие высшее образование (и их дети). Среди информантов присутствовали представители различных профессий: математики, физики, врачи, бухгалтеры, экономисты, психологи, компьютерщики, переводчики, филологи, и др. Возрастные группы также довольно разнообразны: от младенцев, дошкольников, школьников, студентов до людей пенсионного возраста.

Проведенный анализ позволил сделать вывод, что семейная коммуникация казахов преимущественно билингвальна. Проблема билингвальности казахстанского общества подробно описана в казахстанском языкознании с позиции социолингвистики (О.Б. Алтынбекова, Э.Д, Сулейменова, Н.Ж. Шаймерденова, Б.Х. Хасанов и др.), психолингвистики, политической лингвистики (Ж.К. Ибраева, А. Шаяхмет и др.).

Население современного Казахстана представляет собой многоязычный социум, но доминирующее положение занимают два демографически и функционально сильных языка – казахский и русский языки. Наблюдаемые в последние десятилетия изменения языковой ситуации в Казахстане естественным образом сказались на особенностях и сферах функционирования казахского языка как государственного.

Как показывает обзор статистических источников, современные казахстанские семьи предпочитают давать своим детям полиязычное образование, что естественным образом отражается на использовании языков в семье. В своих исследованиях О. Б. Алтынбекова отмечает, что с момента приобретения суверенитета произошли заметные изменения в сфере школьного образования – как в численном распределении школ по языкам обучения, так и при выборе языка образования учащимися школ. За первые десять лет независимости численность учащихся казахских школ увеличилось на 339,3 тыс. человек. В школах с несколькими языками обучения количество обучающихся на государственном языке возросло на 199,5 тыс. человек, а количество смешанных школ, в которых преподавание велось и на казахском языке, стало на 202 единицы больше [4]. Хотя в Казахстане, как и в большинстве стран СНГ и дальнего зарубежья существует свободный выбор школы, в последние годы отмечается стабильный рост языкового предпочтения в пользу казахского языка в сфере школьного образования. О.Б. Алтынбекова прогнозирует дальнейший языковой сдвиг в пользу государственного языка в школьном образовании.

В семейной коммуникации казахов были отмечено параллельное использование казахского и русского языков, переключение и смешение языковых кодов, выбор того или иного языка в зависимости от целей и установок коммуникантов. Анализируя семейную коммуникацию, необходимо отметить в первую очередь, что условия данного вида коммуникации отличаются от других видов (политической, деловой, научной коммуникации) общения. Общение людей, связанных семейными узами – это чаще всего общение коммуникантов в большей своей степени одного уровня воспитания, которое протекает в условиях дружеской раскованной близости. В этой связи ряд ученых относят семейную коммуникацию к не институциональному виду общения. Семейную коммуникацию казахов отличает выбор казахского или русского языка и переключение кодов. Здесь следует дать дефиницию вышеперечисленных терминов. Как известно, термин *выбор языка* в лексикографических источниках имеет разные дефиниции. На наш взгляд, наиболее полное определение термина дано в двуязычном словаре социолингвистических терминов Э.Д. Сулейменовой, Н.Ж. Шаймерденовой и др.: *Выбор языка* – 1. Предпочтительное использование одного из языков/вариантов языка при двуязычии в определенной речевой ситуации, в зависимости от сферы, особенностей контекста, социальной структуры общества и сферы использования языка. 2.

Предпочтительное использование того или иного языка в определенной речевой ситуации при переключении кодов. 3. Предпочтительное использование той или иной формы существования языка при диглоссии. Выбор языка социально значим [5].

Необходимо отметить, что проблема выбора языка – это комплексная проблема, требующая привлечения как собственно лингвистических данных, так и учета демографических, социальных, культурных особенностей. При исследовании проблемы выбора языка в семейной коммуникации, нельзя не учитывать также и специфики семейного речевого этикета, семейной иерархии и ее влияния на выбор речевых средств.

Для анализа были выбраны часто повторяющиеся бытовые ситуации (например, таким, уход на работу, приход, совместная трапеза и др.), при этом был выявлен набор наиболее типичных реплик, их сопровождающих. Вместе с тем, оказалось возможным отразить внутрисемейную специфику, зафиксировать «необычные» (для постороннего наблюдателя, но привычные для членов рассматриваемых семей) выражения, употребляющиеся в стереотипных бытовых ситуациях.

Принимая во внимание существующие классификации определения билингвизма и его стадий (М.Вайнрайх, Л.В. Щерба и др.), отметим, что в анализируемых казахских семьях присутствует *естественный билингвизм* – тип билингвизма, когда второй язык билингва является усвоенным, а не выученным. Наиболее ярким проявлением естественного билингвизма ученые называют автоматическое переключение с одного языка на другой. Наблюдая за информантами, мы пришли к выводу, что в казахских семьях наблюдается постоянное переключение с казахского на русский язык. Всего было проанализировано 15 коммуникативных ситуаций (далее КС) в пяти семьях. Принято считать, что переключение кодов – это частотное явление в смешанных этноязыковых семьях. Между тем анализ показал, что в моноэтничных семьях присутствует явление языкового переключения. В отличие от наблюдаемой активной интерференции казахов, при переключении кодов наблюдалась полная смена языка. Так, например, в приведенном ниже отрывке главное предложение сказано на казахском языке, а придаточное – на русском:

КС1: *Ол бүгін тамақ жеген жоқ, хотя я приготовила и борщ, и манты.*

В процессе работы нами были зафиксированы наиболее частотные типы переключения языковых кодов. Так, например, в анализируемых контекстах часто наблюдается присоединение, то есть прибавление слова из первого или второго языка в конце фразы:

КС 2: *Сол ұмытып қалдым ғой атын, вот, черт.*

КС 3: *Я сегодня очень устала, но все равно ложиться еще рано. Но он почему-то совсем не устал… Солай дейсін.*

В трех из 15 коммуникативных ситуаций наблюдалось *явление внешнего переключения кодов*, когда происходит переключение между целыми фразами на казахском и русском языках.

КС 1:

Р4 – она вообще по квартирам живет.

Р3 – ааа, незачем тогда? Ребенок просто будет уставать. Мы, А. хотели же по-другому, на двадцать пятом, еще пробки. Еще же у них этот…домашние задания они делают. После ужина у них отдых, потом, репетиция, эээ… музыкальные эти после уроков.

Р4 – это бесплатно или платно?

Р2 – бесплатно

Р4 – гособеспечение?

Р2 – Иә, сен қалай ойладын? Барлығы тегін.

Р 3 – Қазір мемлекет көп жағдай жасайды. Тек кейбір адамдар түсінбейді.

Р 4 – Рас-ау.

Вместе с тем наблюдается и *внутреннее переключение кодов* понимаемое в лингвистике как смешение кодов, вставка инородного слова в середину фразы. Рассмотрим нижеприведенный отрывок.

КС 1:

Р3 – ну этот, жанағы, ***как в школе назывались?*** *Ай сайын төлейтіні бар, тамаққа.*

Р4 – тамаққа ***платишь?***

Р3 – төлейді. F. ***оплачивает и каждый месяц*** *жанағы взнос.*

Р4 – ну, ***классный*** *несі* ***фонд****?*

Р3 – фонд. Сол ұмытып қалдым ғой атын.

*Р4 – **ну небольшие, наверное, деньги**?*

Р3 – да…

Р4 – проживание бесплатное получается?

*Р3 – проживание бесплатное. В одной комнате **төрт бала**. Потом уже когда дети взрослеют, уже по два там и больше…*

В зарубежном и отечественном языкознании предлагаются разные определения для переключения кодов. Например, в «Словаре социолингвистических терминов» Российской академии лингвистических наук *термины Переключение кодов и Смешение языковых кодов* предлагают различать, понимая под первым переход с определенного языка или формы его существования (кода, субкода) на другой код, обусловленный изменением ролевых отношений между говорящими в процессе коммуникации. Авторы словаря отмечают, что *смешение языкового кода* следует отличать от первого термина и предлагают следующие значения: 1. Немотивированный переход билингва в процессе речевого общения от одного языка к другому, причем граница кодов может проходить даже внутри тесно связанного словосочетания. 2. Вид речевой стратегии в ситуации билингвизма, предполагающий хорошее владение обоими языками и высокий уровень компетенции, когда происходит переход с одного языка на другой внутри высказывания. Иноязычные вкрапления могут выполнять функцию этнических или социальных идентификаторов [6].

Анализ научной литературы показал, что, что составить полный перечень социальных сфер переключения кодов не представляется возможным. И как отмечают многие исследователи, сегодня общепризнано, что переключение кодов может наблюдаться в любой сфере использования языка (дома, на работе, в средствах массовой информации и т.д.). Однако этот процесс обусловлен рядом факторов, ведущими из которых являются участники коммуникации, условия протекания коммуникативного акта, тема и предмет разговора.

Проводимые сегодня социо- и психолингвистические исследования отечественных и зарубежных исследователей показали, что выбор языкового кода обусловлен, в первую очередь, характеристиками участников коммуникации. При этом, вне зависимости от условий протекания коммуникации, основную роль в этом процессе играет адресат – получатель информации и адресант. Коммуникативный сбой может произойти, если адресанту не известны лингвистическая компетенция и языковые предпочтения других участников коммуникативного акта. Таким образом, переключение кодов, как и в целом речевое поведение говорящего, ориентировано, в первую очередь, на адресата и используется с учетом таких его характеристик, как этническая и социальная принадлежность, социальная и коммуникативная роль, пол, возраст, уровень образования, владение тем или иным языком.

Относительно условий коммуникации, исследователем К. Беккером установлено, что переключение кодов более свойственно неформальной обстановке и чаще встречается в повседневной речевой практике, прежде всего дома и на улице. Отмечается, что местный или родной язык ассоциируется с такими понятиями, как близость, солидарность, привязанность, но воспринимается как менее престижный по социально-экономическому статусу, поэтому профессиональная и деловая сферы подавляют возможности переключения кодов. Так, исследователи приходят к выводу, что испанско-английские билингвы более склонны переключать коды, когда они рассказывают истории (27 переключений в час) или шутят (14 переключений), чем когда делают покупки (1 переключение) или отвечают на вопросы интервью (1 переключение). Таким образом, по мнению Е.А. Проценко, переключение кодов оказывается «привязанным» к определенным темам, таким как *дом, семья, дети, родство, пища* и др. Переход на родной для говорящего язык также связывается со сферой чувств и рассматривается как выражение большей эмоциональной вовлеченности и субъективности [7, с. 124].

Между тем, как показал обзор теоретических источников, границы между явлениями переключения кодов и смешения кодов до сих пор остаются нечеткими. Как описывают в своих работах Ш. К. Жаркынбекова и Д. Б. Акынова, во многих случаях переключение кодов используется как обобщающий термин для вышеназванных понятий. Однако, отмечают исследователи, следует отметить попытки дифференциации понятий «переключение кодов» и «смешение кодов», которые отражены в таксономиях, предложенных исследователями данного направления [8].

Примером переключения кода, вызванным употреблением понятия, отсутствующего в одном из языков, может служить следующий контекст:

КС 1:

Р4 – развитие же, это же развитие же!

Р3 – только в выходные можно, но они и так то же забирают.

Р4 – в субботу вечером забирают.

Р3 – ну как занятия заканчиваются. Но первый класс наверное в пятницу забирают, потому что же нагрузки там мало?

Р2 – Да, а мы ***наурыз-көже*** *будем делать?*

Р4 – конечно, будем. Как без него....

Особый научный интерес представляет собранный в процессе работы корпус фразеологизмов, пословиц и клише. Оказалось, что в семейной коммуникации информанты используют фразеологизмы как на казахском, так и русском языках.

КС 4:

Р1 – Қалай, жұмыста тыныштық па?

Р 2 – Иә. Барлығы жақсы. Шаршадым. Қайтадан тексеру келейін деп жатыр!

*Р 1 – Ну, что ж. «****Не все коту масленица****» дегендей, работайте.*

Примечательно, что при включении фразеологима из казахского или русского языков в ряде случаем информанты сами определяли предварительно язык фразеологизма, чаще этнос:

КС 4:

Р1 – Никак не могу закочить эту работу, никто не помогает и все недовольны.

Р 2 – Не переживай, закончишь.

Р 1 – Мало того, что так много, так еще потом будут критиковать.

Р 2 – А что ты хотела? ***Қазақтар айтады ғой, «біткен іске сыншы көп»****. Так что готовься...*

КС 4:

Р2 – Болды, тойдым.

Р1 – Тағы жесеңші. Шай ішейік.

Р2 – Нет, все, хватит. Ты тоже много не пей.

Р1– А вы, Мама? Шай ішсеңізші. Мына пирогтан тағы алыңыз.

Р3– Рақмет, қалқам. ***Орыстар айтқандай «Хорошего – помаленьку».*** *Асқазаным ауырады.*

Проведенный анализ показал, что в казахских семьях г. Алматы, преимущественно билингвальных, отмечается явление естественного билингвизма, с доминирующим казахским или русским языками; наблюдается выбор языка как предпочтительное использование казахского или русского языка в определенной речевой ситуации при переключении кодов; кодовое переключение в речи казахов-билингов в семейной коммуникации носит как сознательный характер и служит средством понимания при организации коррекций, поскольку происходит из-за неудовлетворения говорящего решением коррекций, так и неосознанный характер, когда слова-вкрапления добавляются в конце фразы и часто могут не подходить по смыслу с предыдущим предложением. В перспективе интересным представляется исследование процессов пиджинизации в казахстанском социуме.

1. Языки народов Казахстана: социолингвистический справочник. – Алматы: Арман-ПВ, 2007. – 304 с.

2. Стилистический энциклопедический словарь русского языка (Под ред. М.Н. Кожиной; члены редколлегии: Е.А. Баженова, М.П. Котюрова, А.П. Сковородников. — 2-е изд., испр. и доп. — М Флинта; Наука, 2006. - 696 с.

3. Бондаренко Е.В. Межкультурная коммуникация как особый тип общения. – Дисс. ... к.ф.н. – Волгоград, 2010. – 191 с.

4. Алтынбекова О.Б. Языковые сдвиги в образовательном пространстве Казахстана. В кн.: Динамика языковой ситуации в Казахстане. – Алматы, 2010. – СС. 300-301.

5. Словарь социолингвистических терминов. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі (под ред. Э.Д. Сулейменовй). – Астана, 2008. – С. 269.

6. Словарь социолингвистических терминов (ответ. Ред. В.Ю. Михальченко). – М 2006.

7. Проценко Е.А. Проблема переключения кодов в зарубежной лингвистике (краткий обзор литературы за последние десятилетия) // Вестник ВГУ. Серия «Лингвистика и межкультурная коммуникация». – 2004.– № 1. – С.123-127.

8. Акынова Д.Б. Казахско-английские языковые контакты: кодовое переключение в речи казахов-билингвов. – Дисс. ... PhD. – Астана, 2014.

Түйін

Ж.Қ. Ибраева, А.Н. Алишариева. Отбасылық қарым-қатынастың ерекшелігі: тілді таңдау және тілді қалау

Көптілді ортада тілдердің өмір сүруі мен функционалды түрде дамуы - комплексті интегративті жағдаят, өз алдына әлеуметтану және әлеуметтік лингвистика, психология, психолингвистика, екінші тілді үйренудің теориялық және практикалық құндылығы жағынан ғылымдардың назарында болуы шарт. Көптілді ортада тілді таңдау анализі кезінде бірнеше қиындықтар кездеседі, сондықтан да біріншіден басты, жүйелі анықтамаларын ажыратып алған жөн, мәселен: *тілді таңдау, тілге деген көзқарас, кодтардың алмасуы* және т.б. Сондықтан, қазіргі таңда тілді таңдау мәселесін Қазақстан Республикасының жаңа тілдік жағдаят пен жаңадан жүзеге асып жатқан тілдік бағдарламамалар төңірегінде қарастыру үлкен мәнге ие. Бүгінгі таңда еліміз тілдік бағдарлама аясында өте маңызды да ерекше белес қарсаңында – жаңа мемлекеттілік пен тілдік сәйкестілік қалануының бастамасы (Э.Д. Сулейменова, Н.Ж. Шаймерденова и др.).

Көптілділік аясында тілдер бір біріне үнемі ықпал келтірін, осыдан тілдердің араласуы, көбінесе семилингвизм кездеседі. Әрине, қазақстандықтардың тілдік көрінісі (көбінесе билингв болып келетін) тілдерді пайдалану аясына байланысты өзгерін отырады. Бірақ, зерттеулердің нәтижесі бойынша, соңғы жылдары тілдің жылжуы мемлекеттік тілге деген басымдықты көрсетті, нақтырақ айтсақ, саясаттану, білім беру, ғылым саласында.Мақалада қазақ-билингв отбасыларының қарым-қатынас барысында тілді таңдауы қарастырылған. Көптілді жағдайда тілдер бір-біріне ықпал етін, тілдердің араласуы пайда болады.

Түйін сөздер: тілді таңдау, тілді қалау, тілге қатынас, кодтардың алмасуы.

Summary

Zh.K. Ibraeva, A.N. Alishariyeva. Pecularities of family communication: language choice and language preference

The article discusses the choice of language in Kazakhs bilingual family communication. In the context of multilingualism languages constantly influence to each other, which leads to confusion of tongues. Existence and functioning languages in a multilingual society – it is a complex integrative problem, which requires the use of the data of sociology and sociolinguistics, psycholinguistics and psychology, theory of language contacts, the theory and practice of mastering a second language and others. The approach to the analysis of such a complex phenomenon as the use of languages in a multilingual society involves the study of the basic components of the two-and multilingualism, choice of language, attitude towards languages, switch the language code, language preference, and so on. In this context, actual to study choice of language in the Republic of Kazakhstan in the context of the new linguistic situation and implemented a language policy. As you know, our country is going through a very important and interesting period of language development When building a new statehood and new linguistic identity.

Key words: choice of language, relationship to the language, code-switching, language preference.

УДК 81.373.43 + 81-119

ОСОБЕННОСТИ КОГНИТИВНОГО НАПРАВЛЕНИЯ В ИЗУЧЕНИИ НЕОЛОГИЗМОВ

Г.К. Исмаилова – *к.ф.н., доцент, Государственный университет имени Шакарима,*
К.И. Фоминых – *магистрант, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана*

Аннотация. В представленной статье рассматриваются современные теоретические и методологические проблемы когнитивного направления в изучении неологизмов. Несмотря на то, что вопрос об изучении неологизмов разработан достаточно широко, современная лингвистика вносит новые элементы в процедуру их анализа. Изучение неологизмов особенно актуально в настоящее время в связи с активным развитием науки и техники, информационных технологий и как следствие появлением новых концептов и номинаций. В статье анализируется проблема соотношения между понятиями «неологизм» и «концепт», рассматривается вопрос о специфике концептуального содержания неологизмов. Представлены отдельные исследования по изучению неологизмов с применением когнитивного подхода и определены ключевые этапы данной методики. Проводится параллель между психолингвистическими и когнитивными исследованиями в данной области.

Ключевые слова: неологизм, концепт, когнитивный подход, когнитивная семантика, лингвоконцептология.

Эволюция человеческого языка – одно из самых значительных явлений на протяжении всей истории человечества. Несмотря на интенсивные исследования, до сих пор не удалось доказать, что на планете существует какая-либо иная коммуникативная система, равная по силе и возможностям человеческому языку. В истории любого языка происходят изменения на всех уровнях, их характер и скорость различны, однако наиболее подвержен изменениям лексический уровень.

Профессор когнитивной биологии W. TecumsehFitchco ссылкой на исследования Ч. Хоккета в качестве отличительной черты, присущей только человеческим языкам, выделяет «productivity» или «openness» - «продуктивность», «открытость» - готовность к созданию и пониманию новых слов и выражений наряду с «displacement» - способностью кодировать в языке и понимать информацию о прошлых, будущих событиях и предметах, об отдаленных во времени и пространстве явлениях [1; 43-45]. Появление новой лексики – это неотъемлемая черта развития любого языка, в связи с чем, изучение данного процесса всегда является актуальным вопросом исследований языков мира.

Изменения в лексической системе языка происходят не только через семантическую деривацию, но и через словообразование и в меньшей степени через заимствования. Все эти процессы приводят к появлению лексических новообразований в системе языка. Для обозначения новых слов и выражений в лингвистике используется термин «неологизм». Несмотря на большое количество исследований в области неологии, сегодня не существует единого подхода или единой теории относительно неологизмов. Главный вопрос, вызывающий появление разных подходов в данной области, - это вопрос о сущности неологизма, о том, какими критериями должно обладать лексическое новообразование, чтобы считаться неологизмом.

Т.В. Попова выделяет следующие основные теории неологизмов: стилистическая, психолингвистическая, лексикографическая, денотативная, структурная, конкретно-историческая теория Н.З. Котеловой, структурно-семантическое направление, социолингвистический подход [2; 13-15]. В представленном разнообразии теорий и направлений начинает формироваться когнитивный подход к изучению новой лексики. Данное направление в настоящее время находится на начальном этапе своего развития, несмотря на то, что когнитивная лингвистика в целом давно утвердилась как самостоятельная дисциплина. Необходимо уточнить, что изучение неологизмов, как и любых других лексических единиц, с когнитивной точки зрения – это, прежде всего, изучение концептуальной составляющей или концептов, стоящих за лексическими единицами. Таким образом, возникает вопрос об определении сущности концепта и о соотношении между неологизмом и концептом. В науке о языке существует множество подходов к термину «концепт», однако в данной статье принимается подход к концепту, свойственный зарубежной когнитивной лингвистике, где концепт определяется как ментальная репрезентация, с которой связано значение слова; это область знаний в сознании человека о предмете или явлении окружающего мира [3; 13]. Логично, что концепт стоит за

любой лексической единицей, поскольку язык, его лексические средства служат для выражения мыслей. Согласно работам философа Фомы Аквинского концепт - это «внутреннее постижение вещи в уме, выраженное через знак, через единство идеального и материально-феноменального» [4; 306-307].

Необходимо уточнить, что недостаточный уровень развития когнитивного подхода к неологизмам обусловлен рядом следующих факторов:

1) Зарубежная когнитивная лингвистика в настоящее время сконцентрирована вокруг таких понятий как прототипичность, метафора, метонимия, ментальные области. Изучение неологизмов с когнитивной точки зрения предполагает анализ стоящих за неологизмами концептов, однако понятие «концепт» не определяется как ключевое у зарубежных авторов [5; 9-14]. В целом, в западной когнитивной лингвистике не существует разногласий и разночтений относительно определения термина «концепт», как в российской науке.

2) Зарубежная когнитивная лингвистика в последние годы включает больше исследований, посвящённых когнитивной грамматике, нежели вопросам когнитивной семантики, что оставляет без внимания многие явления лексического уровня языка.

3) У российских исследователей не существует единого подхода к пониманию термина «концепт». Е. Ю. Балашова, характеризуя сложившиеся в российской лингвистике научные направления, выделяет два основных подхода: лингвокогнитивный и лингвокультурный. Лингвокогнитивное направление представляют такие исследователи, как Е. С. Кубрякова, 3. Д. Попова, И. А. Стернин, В. Н. Телия. В данном направлении концепт понимается как «единица ментальной информации, которая лежит в основе знаний о мире и обеспечивает выход на концептосферу социума». В рамках лингвокультурного подхода работают В.И. Карасик, Ю. С. Степанов, В.А. Маслова, Н.Ф. Алефиренко, В.В. Красных. Данный подход определяет концепт как базовую единицу культуры [6; 7].

Таким образом, к лингвокультурным концептам относятся единицы, наполненные значимым культурным содержанием и культурной спецификой, например, «родина, любовь, красота» и так далее. Необходимо отметить, что многие из данных единиц обладают абстрактной природой. Неологизмы, напротив, обладают более конкретным, предметным характером, поскольку называют новые предметы и явления действительности. Многие из неологизмов наделены культурными особенностями, но они не обладают достаточной культурной значимостью в силу своей новизны, чтобы стоящие за ними концепты считались лингвокультурными. Иными словами, за неологизмами стоят непараметрические концепты.

О делении концептов на параметрические и непараметрические в содержательном плане пишет известный российский исследователь В.И. Карасик. К первым автор относит концепты, которые выступают в качестве «классифицирующих категорий для сопоставления реальных характеристик объектов: пространство, время, количество, качество» и так далее. Ко вторым относятся концепты, имеющие предметное содержание.Отметим, что многие ученые понимают под концептом именно его параметрический вид, разделяя точку зрения Р. Джекендорффа о том, что основными сотавляющими концептуальной системы человека являются концептыместа и пространства, времени, движения, действия [7; 30].

Поскольку концепты, стоящие за неологизмами, являются непараметрическими и не обладают достаточной культурной спецификой, использование образно-символической составляющей при их анализе невозможно – это пословицы, поговорки, тексты художественных произведений, которые активно используются при анализе концептов в лингвокультурном направлении. Польский исследователь А.К. Киклевич критикует лингвистические исследования концептов, не подкреплённые данными социологических исследований, поскольку считает, что исследование концепта предполагает работу с сознанием респондентов, так как концепт является элементом сознания. В его работах делается акцент на тот факт, что в работах многих российских исследователей концепт выступает как «соединение разных содержательных признаков, семантическая «мозаика», составленная из разнообразных элементов духовного и практического опыта носителей языка». По мнению автора, подобный подход не приемлем: если речь идет об исследовании концептов, необходима работа с людьми, опросы, анкетирование [8; 195-200].

Относительно специфики концептов, стоящих за неологизмами, необходимо отметить, что методика анкетирования при их изучении является достаточно релевантной, позволяет выявить то понимание новой лексики, которое свойственно носителям языка. Замечание А.К. Киклевича о том, что изучение концептов – это работа с людьми, проведение анкетирования, интервью, опросов, представляется определяющим для формирования методики изучения концептов и в особенности тех из них, что стоят за неологизмами.

Конкретные примеры исследования неологизмов с элементами когнитивного анализа в полной мере представлены в диссертационных работах казахстанских авторов Ж.О. Сагындыковой [9] и Н.Н. Королёвой [10]. Исследователи включили традиционные этапы изучения неологизмов – анализ их структурных, деривационных особенностей, семантическую характеристику. Когнитивный элемент реализуется в проведении анкетирования, когда выбирается определённый ряд неологизмов и респонденты в анкете выполняют следующие задания:

1) Отмечают, знакомы ли они с представленными неологизмами;
2) Записывают собственные субъективные дефиниции к данным словам;
3) Указывают ассоциации, которые вызывает у них определённое слово.

Данные этапы изучения процесса идентификации неологизмов основаны на психолингвистическом направлении, в частности, реализуются в работах С.И. Тогоевой, Т.Ю. Сазоновой, Т.Г. Родионовой, Н.С. Шумовой и др.; в работах В.В. Петрова, К.З. Чигоидзе, Ю.Ф. Сухоплещенко, Е.М. Поздняковой и др., выполненных в рамках коммуникативной лингвистики, когнитивного направления и психологии восприятия [2;14]. Такие же этапы исследования представлены в лингвокультурном направлении при изучении концептов, в частности, в работе «Антология концептов» под редакцией В.И. Карасика и И.А. Стернинав рамках современной лингвоконцептологии [11]. Таким образом, наблюдаются существенные корреляции между методикой изучения неологизмов в психолингвистическом подходе и методикой изучения концептов в лингвокультурном направлении, что способно сформировать методологическую базу при проведении исследований неологизмов в рамках когнитивной лингвистики.

В настоящее время конкретные исследования неологизмов в русле когнитивного подхода представлены недостаточно. Однако начинает формироваться теоретическая база для исследований подобного рода, о чём пишет в своей статье Е.И. Марченко. В частности, Ю.С. Степанов, рассуждая о процессе появления нового слова, вводит понятие «мерцающий концепт»: он возникает из потребности дать наименование новому предмету или явлению. Затем необходимо подвести этот концепт под определенную категорию, чтобы придать ему первоначальный смысл. Впоследствии происходит вербализация - приобретение словесной оболочки. Таким образом, образуется следующая цепочка: возникновение нового явления – возникновение нового концепта - потребность в номинации - категоризация – вербализация. Однако такая последовательность отражает лишь процессы появления неологизмов, обозначающих новые реалии, в то время как многие из новообразований служат для номинации уже существующих явлений и предметов [12; 148].

Е.С. Кубрякова рассматривает неологизм с точки зрения когнитивно-дискурсивного подхода, который применяется в ряде современных когнитивных исследований языка, например, в работах В.Е. Чернявской, Н.Ф. Алефиренко. Автор считает, что «когнитивно-дискурсивный подход предполагает комплексный междисциплинарный характер исследования, учитывает взаимодействие разных областей лингвистического знания». Е.С. Кубрякова выделяет две основные составляющие: когнитивную и дискурсивную. Когнитивная составляющая позволяет выявить типы знаний, которые участвуют в процессе образования неологизмов, «определить стоящие за ними ментальные структуры, объяснить возможные пути вербализации осмысляемого понятия». Дискурсивная составляющая учитывает интенции автора, контекст, прагматическую направленность текста и другие аспекты [13; 12].

Ю.В. Петрович считает неологизм сложным образованием, «конструируемым из различных типов ментальных пространств». Неологизм выступает как результат концептуальной интеграции, под которой понимается «мгновенный процесс творческого соединения информативных элементов в системе ментальных пространств». Автор считает, что неологизмам присущ особый – интегративный тип значения, который предполагает интеграцию собственно лингвистических и экстралингвистических факторов при изучении лексических новообразований [14].

Анализ работ зарубежных и отечественных авторов по вопросам неологии и когнитивной лингвистики позволяет сделать следующие выводы: изучение новой лексики в языках мира надолго сохраняет свою актуальность в силу появления большого количества новых жизненных реалий, что как следствие ведёт к появлению новых номинаций. Когнитивный подход к изучению новой лексики формирует наиболее полные, содержательные исследования, позволяющие изучить неологизмы не только в рамках языковой системы, но и с учётом того, как реализуется обыденное или когнитивное значение слова, то есть, учитывая понимание и употребление слова конкретными носителями языка. Такой подход представляется наиболее правомерным в рамках современной антропоцентрической парадигмы в науке о языке. Несмотря на отсутствие конкретной методологической базы для проведения когнитивных исследований неологизмов, необходимо отметить, что отдельные исследования в полной мере реализуют данный подход. Психолингвистические и лингвокультурные методики в полной мере способны формировать необходимую базу для исследований неологизмов в рамках когнитивного подхода.

1. *Namhee Lee, Lisa Mikesell, Anna Dina L. Joaquin, Andrea W. Mates, John H. Schumann. The Interactional Instinct: The Evolution and Acquisition of Language. –Oxford: Oxford University Press, 2009. – 238 p.*
2. *Попова Т.В. Русская неология и неография. ГОУ ВПО «Уральский государственный университет – УПИ». – Екатеринбург, 2005. – 96 с.*
3. *Cognitive exploration of language and linguistics / [edited by] René Dirven and Marjolijn Verspoor; in collaboration with Johan de Caluwé. - Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, 2004. – 338 p.*
4. *Новая философская энциклопедия. 2-е издание. - М.: Мысль, 2010. - Т. 2. – 423 с.*
5. *Dirk Geeraerts, Hubert Cuyckens. The Oxford Handbook of Cognitive Linguistics. - Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, 2010. – 435 p.*
6. *Балашова Е. Ю. Концепты любовь и ненависть в русском и американском языковых сознаниях. Автореферат диссертации на соискание степени канд. филол. наук. - Саратов, 2004. – 25 с.*
7. *Карасик В.И., Прохвачева О.Г., Зубкова Я.В., Грабарова Э.В.. Иная ментальность. - М.: Гнозис, 2005. – 352 с.*
8. *Научная серия «Современная русистика: направления и идеи» под редакцией Александра Киклевича и Аллы Камаловой. Том II: Концепты культуры в языке и тексте: теория и анализ. - Olsztyn, 2010. – 219 с.*
9. *Сагындыкова Ж.О. Формирование и функционирование общественно-политических неологизмов в английском, русском и казахском языках: дисс. ...канд.фил.наук. – Алматы, 2010. – 138 с.*
10. *Королёва Н.Н. Лингвопереводческий анализ англоязычных неологизмов (на материале английского и русского языков): дисс. ... канд.филол.наук. – Алматы, 2001. – 270 с.*
11. *Антология концептов. Под ред. В.И. Карасика, И.А. Стернина. Том 1. - Волгоград: Парадигма, 2005. – 352 с.*
12. *Марченко Е. И. Когнитивные подходы к исследованию неологизмов //Вестник КРСУ. – 2013. – Т. 13. – №. 9.*
13. *Кубрякова Е.С. Части речи с когнитивной точки зрения. - М : Институт языкознания РАН, 1997. - 237 с.*
14. *Петрович Ю.В.Когнитивные основы образования новых фразовых глаголов в современном английском языке / [Электронный ресурс]. URL: http://www.dissercat.com/content/kognitivnye-osnovyobrazovaniya-novykh-frazovykh-glagolov-vsovremennom-angliiskom-yazyke*

Түйін

Г.К. Исмаилова, К.И. Фоминых. Когнитивтік бағыттағы неологизмдерді зерделеудің ерекшеліктері

Мақалада неологизмдерді когнитивтік зерделеудің қазіргі теориялық және әдіснамалық мәселелері белгіленген. Неологизмдерді зерделеудің жоғары деңгейіне қарамастан, қазіргі тіл білімі оның талдауына жаңа элементтер енгізеді. Қазіргі кезде ғылым және техника, ақпараттық технологиялар белсене дамып келеді, сол себепті жаңа концептер және сөздер пайда болады. Осыған байланысты неологизмдерді зерделеу аса маңызды болып табылады. «Неологизм» және «концепт» деген ұғымдардың арасалмағы мәселесі көрсетілген; жаңа лексиканың тұжырымдамалық негіздерінің қыр-сыры белгіленген. Мақалада жеке ғылыми зерттеу жұмыстары тексерілген, когнитивтік бағыттағы неологизмдерді зерттеу әдістемесінің негізгі кезеңдері белгіленген.

Неолоғияның қоғнитивтік бағытының жеткіліксіз даму дәрежесінің себептері талдап шығарылған. Қоғнитивтік және психолинғвистикалық зерттеулер қатарластыра салыстырылған.

Түйін сөздер: неолоғизм, коннепт, коғнитивтік бағыт, коғнитивтік семантика, линғвоконнептолоғия.

Summary

G.K. Ismailova, X.I. Fominykh. Peculiarities of the cognitive approach to the study of neologisms

The article deals with the contemporary theoretical and methodological problems of cognitive studies of neologisms. Despite the fact that the methods of study of neologisms are developed well enough, contemporary linguistics deals with some new elements in the process of their analysis. The study of neologisms is especially relevant at present time due to the active development of science and engineering, informational technologies and as a result the appearance of new concepts and words. The article delivers the problem of correlation between the notions “neologism” and “concept”, defines peculiarities of the conceptual components of neologisms. Some particular studies are reviewed as well as the key stages of cognitive methods of neologisms analysis are defined. The correlation between cognitive and psycholinguistic studies is developed.

Key words: neologism, concept, cognitive approach, cognitive semantics, linguoconceptology

ӘОЖ 81'366 81'37; 003; 81'22

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ АТАЛЫМДАРДЫҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ УӘЖДІЛІГІ

Б. Қасым – *Абай атындағы ҚазҰПУ, филология ғылымдарының докторы, профессор*

Аңдатпа. Мақалада түркі тілдеріндегі туынды сөздердің пайда болуы, жасалу тәсілдері, тілдің байлығы болып саналатын сөздік құрамды қалыптастырудағы алатын орны, жаңадан пайда болған мағынаның бұрынғы мағынамен сөзжасамның өзекті мәселелері қарастырылады. Түркі тіліндеғі аталымдардың сөзжасамдық уәжділіғі – ішкі мағыналық құрылымы – себебін, теғін, мәнін ашуға мүмкіндік береді. Ішкі мағыналық құрылым – оның ұғымдық құрылымын анықтайтын өзек. Атаудың астарында ұғым тұрады, ал ұғым зат я құбылыстар жөнінде пайымдаудың жиынтығынан қалыптасады. Таныммен тікелей байланысты, ұғымның қалыптасуына қандай уәждер неғіз болады, соны зерттейді, анықтайды. *Түркі тіліндегі туынды сөздер – оның жасалу заңдылықтары, уәждемесі, оның құрылымы, сөзжасамдық мағынаның берілу тәсілдері, түбір морфема, құрамы, тіл бірліктерінің семантикалық өзгеруі, оның прагматикалық-функционалдық қызметі, тілдік танымы* т.б. – олардың ортақ заңдылықтары мен ерекшеліктері, өзгерістері әр туыстас тілдерден байқалатыны заңды құбылыс екені дәйектеледі. Мақалада сөзжасам мәселесіне қатысты түрлі көзқарастар қарастырылып, сөзжасамдық бірліктер мен атау таным тұрғысынан түсіндіріледі.

Түйін сөздер: Сөз, аталым, уәжділік, сөзжасамдық уәжділік, морфема, неғіз, неғіз типтері, сөзжасамдық мағына.

Түркі тілдеріндегі зат атауларын салыстыра терең зерттеп, мән-мағынасын ашу ортақ тілдік бірліктердің өрісін кеңейтіп, сөздік құрамның қазынасын молайтатыны сөзсіз. Тіл тарихына үңіле қарап, зат атауларын келер ұрпаққа жете түсіндіру бүгінгі заман талабынан туындап отыр.

Бүгінгі күні ***түркі дүниесі:*** тілі, әдебиеті, тарихы, мәдениеті, өнері жайында өзекті мәселелер заман талабына қарай көтеріліп келеді. Түркі халықтарына ***ортақ***, бүгінгі түркі тілдерінің тарихи дамуына қатысты көне мұралар мен жәдігерлер, ескерткіштер бойынан тілдің даму, өркендеу, өзгеру үдерістерінің ізі анық байқалады. ***Түркі тілдері*** тарихын зерттегенде назарға алынатын ***өзекті*** мәселелер: *дыбыс жүйесі, лексикалық қабаты, сөзжасамы – оның жасалу заңдылықтары, уәждемесі, морфологиясы – оның грамматикалық құрылымы, грамматикалық мағынаның берілу тәсілдері, құрамы, категориялары, тіл бірліктерінің семантикалық өзгеруі, оның прагматикалық-функционалдық қызметі, тілдік танымы* т.б. – олардың ортақ заңдылықтары мен ерекшеліктері, өзгерістері әр туыстас тілдерден байқалатыны заңды құбылыс. Тіл тарихын білу үшін үнемі өткенді саралап, қажет еткенді жаңғыртып, бүгінгі тілдік қолданысқа енгізу болашақ үшін қажет. Ахмет Байтұрсынұлы тарих сабақтастығы жөнінде: «Біздің заманымыз − өткен заманның баласы, келер заманның атасы»,- деген қагидасы түркі тілдерінің лексикалық бірліктерін салыстыра зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл ұлагат туынды сөздерге де қатысы бар.

Кез келген тілдің сөздік құрамы мен грамматикалық құрылымындағы көптеген құбылыстардың тарихи қалыптасуын ең алдымен көне дәуірден бері сақталып келе жатқан жазба әдеби ескерткіштердің *тілдік деректерін* жан-жақты зерттеу, тарихи талдау арқылы ғана анықтауға болады. Түркі тіллерінің қалыптасу, даму тарихын жалпы грамматикалық құрылымы, лексикалық қабаты, фразеологизмдері және диалектілермен және көне жазба жадыхаттар тілімен байланыстыра зерттеудің маңызды екені тіл білімінде белгілі ақиқат заңдылық. Осылардың ішінде түркі тілдерінің тереңдігін көрсететін бірден-бір айғақ көрсеткіші ***фонетикасы, лексикасы, сөзжасамы, морфологиясы*** т.б. тілдік қабаттары мұқият салыстыра зерттелуі – түркі тілдеріндегі өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Жалпы түркі тілдеріндегі зат атаулардың ішкі магыналық құрылымы – көп жайттардың себебін, тегін, мәнін ашуға мүмкіндік береді. Демек, ішкі магыналық құрылым – оның ұғымдық құрылымын анықтайтын өзек. Сондықтан түркі тілдеріндегі зат атауларының жалпы мазмұндық белгісі – аталымның дербес магыналы лексема ретіндегі ұстанымы. Түркі тілдеріндегі зат атауларының арасындағы мазмұндық байланыс түрлері – олардың *уәжділік дәрежесін* көрсететін болса, екіншіден солардың негізгі ерекшелігін магынаның жасалуы, дәлірек айтқанда, ***уәж*** түбір мен құрамға, сол сияқты магынаға тәуелді келеді.

Жалпы түркі тілі, соның ішінде қазақ тілін салыстыра талдау XIX гасырдың екінші жартысынан бастап зерттеле бастаганы белгілі. Тұңгыш рет қазақ тілі грамматикасының құрылысы жөнінде азды-көпті мәлімет беріп, қазақша-орысша сөздік жасаган Н.Ильминский болды. Н.Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия» деген еңбегі осы кезеңге дейін өз құнын жойган емес. Н.Ильминскийдің сөздігінде *ада: ақылынан адаған* (сошел с ума); *ебсек: екі жапсақ, бір ебсек* т.б. (когда одним действием достигается две цели) тәрізді өте сирек қолданылатын зат аталым бірліктері кездеседі [1, 43-55]. П.Мелиоранскийдің 1894-1897 жылдары басылып шыққан «Краткая грамматика казах-киргизского языка» [2] деген еңбегінде қазақ тіліндегі көнерген аталым бірліктеріне тоқталып өтеді. Түркі тілдеріндегі зат атауларының ішінде көнерген аталымдар ягни (сөздер) ретінде қалыптасқан ұгым атаулары ретінде деректер көптеп кездеседі. Олар ыңгайы келген жерде зерттеу жұмысына арқау болды. Б.М.Юнусалиевтың «Киргизская лексикология» [3] деп аталатын еңбегі кейбір атаулардың архисемасын көрсетіп, этимологиясын түсіндірген. Э.Н.Наджип ұйгыр тілінің лексикалық құрамын тарихи тұргыдан қарастырганда жалпы түркі-монғол, көне ұйгыр, қытай, көне согди, санскрит, араб және парсы тілдерінен кірген сөздердің қабатында шаруашылық қарым-қатынаспен байланысты орыс тілінен ауысқан сөздердің барлығы байқалатындығын ескертеді [4]. Мұндай пікірлерді өзбек тілі жайында жазылған тілдік деректерден де байқауға болады [5]. Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды түркі тілдерінде қазақ тіліндегі атауларды араб, парсы, моңғол, орыс сияқты тілдермен салыстырып зерттеудің тиімділігі зор. Өйткені Ә.Қайдардың: «қос сөздердің лексикалық құрамында әр түрлі тілділік байқалады» [6], – деп көрсеткеніндей, қазақ тіліндегі зат атауларының жиынтығында да көптеген халықтардың соның ішінде зат атауларының ұшырасып отыратыны заңды құбылыс.

Түркмен тілінде жазылған материалдарда көнерген сөздердің лексикалық, семантикалық топтарына тоқталады. Халық шаруашылығы мен мәдениетіне байланысты көнерген атауларды (бұл тілде де архаизм мен историзмнің ара-шегі толық ажыратылмаған) бірнеше салаға бөледі: 1. Тұрмысқа байланысты көнерген сөздер: *жуваз, хужре, балахана* т.б. 2. Кәсіппен байланысты сөздер: *зәргер* (зергер). 3. Әр түрлі дәреже-атақтарды білдіретін сөздер: *қазы, мүрзе* (мырза), *онбеги* (онбасы), *йүзбашы* (жүзбасы). 4. Діни ұғымға байланысты сөздер: *намаз, ораза, зекат* (зекет) т.б. 5. Өлшеу мен санға байланысты сөздер: а) ауырлық өлшеулер: *батман* (батпан), *гадақ* (қадақ) т.б. ә) ұзындық өлшеулер: *хада, мензил, сере, гары* т.б. б) санды көрсететін өлшеулер: *шайы* (бес тиын), *аббасы* (жиырма тиын). 6. Саяси-қоғамдық терминдер: *шура* (үкімет), *бейнелмилел, батрачком* т.б. 7. Ғылымның жеке салаларына байланысты терминдік сөздер: *сарф* (морфология), *нахув* (синтаксис), *жумле* (сөйлем) т.б. 8. Соғыс ісіне байланысты көнерген сөздер: *серкерде, сурнай, сирме* т.б. [7].

Атаудың көнеру тәртібі көптеген халықтар тілдерінде бір-біріне ұқсас болады. Бұл ретте басқа халықтардағы көне лексика туралы пікірлерге қосымша орыс ғалымдары Н.М.Шанский, Е.М.Галкина-Федурок, А.А.Реформатский, Ф.П.Филиннің көнерген аталымдар (сөздер) жайында айтылған теориялық пікірлері пайдаланылды.

Түркі тілдеріндегі зат атауларын зерттеу мәселесі түркі тіліне тән тарихи деректермен келін ұштасады. Ғ.Айдаров VIII ғасырға жататын Тоныкүк ескерткіштерінде қазіргі көнерген атаулар

қатарында жүрген *түмен* (десять тысяч) *он мың*, *тәңірі* (небо или бог) *аспан* не *құдай* деген мағынаны білдіретін атаулардың кездесетіндігін көрсетеді [8].

Қазақ тілінің сөздігінде ***қол*** сөзінің үш түрлі мағынасы көрсетілген:

I Қол. – 1) адамның бір нәрсені ұстайтын, жұмыс істейтін мүшесі; 2) Ауыс. қолтаңба, жазу, почерк; 3) жұмыс күші, адам;

II Қол. Көне. әскер, жасақ, жауынгер;

III Қол. Жөн, ыңғай, лайық [9].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *қол* сөзінің екі мағынасы түсіндірілген:

I Қол. Адамның иығынан бастап саусақтарына дейінгі мүшесі;

II Қол. Ірі әскер бөлімі [9].

Мысалы, мағыналас синонимдік қатар құратын фразеологизмдер: *Қол соғысу; қол алып, төс соғысу* мағынасы – *уәделесу.* [Г.Смағұлова. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы, 2010].

Түрік тілінің түсіндірме сөздігінде:

Kol. i. 1. Insan vücüdunda omuz başindan el parmaklan ucuna kadar olan bölüm. [Temel türkçe sözlük. 3. I-O]. Бұл бірінші мағынасы. Жалпы түрік тілінде ***қол*** аталымының ***он сегіз*** мағынасын берген. Оның ішінде фразалық тіркестер де бар.

Түрік тілінің түрікше-орысша сөздігінде:

Kol 1) *рука*; 2) *рукав* (платья, руки); 3) *ветвь* (дерева); 4) *ручка, рычаг* (например, станка); 5) *отрасль, отдел*; 6) *колонна* (например, солдат, демонстантов).

Ал қазір бұл көрсетілген екінші мағынасында *әскер* мағынасында, сонымен қатар «адамның дене мүшесі» ұғымындағы негізгі мағынасымен бірге «қол қою», «қолтаңба» күрделі аталымдардың құрамында ауыспалы мағынада қолданылады. Демек, «қол» атауының барлығына ортақ мағына *қимылдық қасиеті* ***уәж, себеп*** болып отыр. Мысалы, *Қолжаулық қылу* (*болу*) мағынасы – мазақ, мазақтау; *қолшоқпар* – жағымпаз; *Қол арту* – сүйеніш; *қол ұшын беру* – жәрдем беру, көмектесу; *қолы тимеу* – жұмысбастылық; *қол байлау болу* – кедергі болу, (кедергі жасау); *қолына қарау* – тәуелді т.б.

Әрбір атаудың астарында ұғым тұрады, ал ұғым зат я құбылыстар жөнінде пайымдаудың жиынтығынан қалыптасады. Яғни ономасиология таныммен тікелей байланысты, ұғымның қалыптасуына қандай уәждер негіз болады, соны зерттейді, анықтайды. Демек, «аталым – ұғым – ұлттық ойлау мен танымның да көрінісі» деген қағида зерттеу жұмысында негізге алатын теориялық ұстаным болып табылады.

Негізінен, тілдің ішкі дамуы – таза лингвистикаға қатысты жағы болса, ал сыртқы дамуы – экстралингвистикалық жағы (қоғам, табиғат, таным) арқылы атаудың мәні ашылады, яғни **зат – ұғым – атау – таңба** арасындағы үдеріс тікелей аталым теориясымен жүзеге асады.

Тіл бірліктерінің уәжділік қасиеттері туралы пікірлер Н.Уәли, Л.К.Жаналина, Б.Қасым, А.Салқынбай, Г.Зайсанбаева, Р.Лауланбекова т.б. еңбектерінде қарастырылады. Осы мәселені көтерген ғалымдардың барлығы уәжділікті сөздің ішкі мағыналық құрылымымен байланыстырады.

«Уәжділік форма мен мазмұн арасын байланыстырушы құрал, маңызды белгілерінің бірі. Сондықтан уәжділік пен мазмұн алшақтықтарын сөз еткенде, оның форма мен уәжділік арасындағы әр түрлі гносеологиялық қызметтері туралы ұмытпағанымыз жөн. Уәжділік кез келген сөзге тән емес, дәлірек айтсақ оның ішкі формасына. Сөздің уәжділігін ашпас бұрын оның мазмұны мен ішкі формасының сәйкестілігіне мән берген жөн. Уәжділік шекарасы лексикалық мағынаның оның ішкі формасына өзектелген бөлігімен айқындалады» [10].

А.И.Моисеев сөздің ішкі мағыналық құрылымы мен уәжділігін бір деңгейде қарастырады. Ғалым уәжділік белгіні таңдау кездейсоқ әрекет еместігін дәлелдеуге тырысады, нысанға ат беруде адам оның ерекшелік белгісін таниды және таңдайды дейді [11]. Яғни атаулардың уәжділігі сөз мағынасын тудыратын түбіртектің мағыналық қатынасынан анықталады.

Алғаш уәждеме мен уәжділік ұғымдарын ажырата қарастырған М.М.Гинатулина. Тілші: «От мотивации следует отличать мотивированность. Мотивация есть обязательная ступень предноминативного процесса. Мотивированность лексических единиц и может отсутствовать» деп түсіндіреді [12]. Яғни уәждеме барлық туынды сөздерге ортақ ұғым болса, сөздің уәжділігі кез келген туындыға тән құбылыс емес. Лексикалық бірліктер өзінің уәжділігін тарихи тұрғыдан жоғалтуы мүмкін, бұл оларды жалған уәжділікке де апарады. Л.К.Жаналина сөз уәжділігін сөзжасамдық негізгі

көрсеткіш ретінде таниды [13]. Сөздердің ішкі мағыналық құрылымынан олардың лексикалық мағынасын айқындай алмау, олардың уәжділігін, яғни мағына себептігін жоққа шығарады. Көнерген атауларда олардың уәжділігі адам танымымен тығыз байланысы қарастырылады. Олардың уәжділік дәрежесі тура мағыналы сөздерден алшақтау болады. Өйткені, нақты заттардың білім қорын неғізге алуда адамның ассоциациялы түсінігі де аталым жасауға қатынасады. Нақты заттар мен құбылыстар туралы ақпарат оның лексикалық мағынасынан танылады. Өйткені сөздіктерде таңбалардың беретін ұғымдары мен түсініктері лексикалық мағынада жинақталады.

Сөздің уәжділігі құбылысын, оның ғылыми мәртебесін жан-жақты саралауға арналған еңбегінде О.И.Блинова «уәжділік – сөздің құрылымдық, мағыналық қасиеті» деген анықтама береді [14]. Ғалым сөздің уәжділігін айқындауда, оның дыбыстық тұрпаты мен лексикалық мағынасына назар аударамыз деп көрсетеді. Сөздердің таңбалық сипаты мен лексикалық мағынасының арасындағы байланысты зерделесек, туынды сөздердің көбінің таңбалық сипаты мен лексикалық мағынасы арасында байланыстың барлығы көрініп тұрады, сондықтан да олар уәжді сөз деп танылады. Тек олардың уәжділігі тура мағыналы сөздердегідей бір денотатқа бағынбайды. Көнерген атаулардың уәжділігін анықтау үшін ауыспалы мағынаға арқау болып тұрған нысан белгісін тану қажет болады. Сонымен, О.И.Блинова: «уәжділік – сөздің таңбалануы мен мағынасының байланысын көрсететін құрылымдық-мағыналық қасиеті» деген тұжырым жасайды [14].

Тіл бірліктерінің ішкі мағыналық құрылымы аталым процесінің өту заңдылықтарының көрінісі болғандықтан, оның уәжділігін де көрсетін тұрады. Ол жайында М.Н.Янненецкая мынадай пікір айтады: «Внутренняя форма слова – выраженных мотивировочный признак. Особенности ее строения, определяемые закономерностями номинативного процесса, тесно связаны с явлением мотивированности слова» [15]. Демек, аталым процесі заңдылықтарына сәйкес сөздің уәжділігі оның құрылымындағы уәждемелік белгімен айқындалады. Сөзжасамдағы негізгі ұғымдар ретінде сөздің ішкі мағыналық құрылымы, уәжділігі, уәждемелік белгісі барлығы да аталымның жасалуын, оның мағыналық негізділігін сипаттауға қолданылады. Сөздің мағыналық құрылымы аталымжасаудың неғізгі катеғориясы болып табылады. Б.Қасым: «Заттың күрделі атауларының мағыналық құрылымы – көп жайттардың себебін, мәнін ашуға мүмкіндік береді деген қорытындыға келеді. Демек, ішкі мағыналық құрылым – аталымның дербес мағыналы лексема ретіндегі ұстанымы. Заттың күрделі аталымдары сыңарларының арасындағы мән-мағыналық байланыс түрлері олардың уәжділік дәрежелерін көрсететін болса, солардың неғізінде екіншілік аталымның жасалуы, дәлірек айтқанда уәж түбір және құрылымға, сол сияқты мағынаға тәуелді келеді» − деп анық көрсетеді [16].

Атаудың уәжділігі тілдік және тілден тыс деректермен де байланыстырыла қарастырылады. Тілдегі күрделі зат атауларының уәжділігі жайында жазылған профессор Б.Қасымның зерттеу жұмысында уәж, уәжділік теориясы туралы, олардың термин ретіндегі қызметін, орнын өзге ғылым салаларындағы уәжділіктің ұғымдық сипаттарын, сөзжасаммен байланысын, *аталым* (номинация) теориясымен арақатынасын күрделі зат атауларын неғізге ала отырып жазған. Зерттеуші күрделі зат атауларына байланысты уәжділікті төрт түрге бөліп қарастырады: 1) дыбыстық уәжділік; 2) морфологиялық-синтетикалық уәжділік; 3) синтаксистік-аналитикалық уәжділік; 4) лексика-семантикалық уәжділік – деп бөледі де, уәжділікке мынадай анықтама береді: «Уәжділік – атау сөз бен сол сөз белгілеп тұрған реалды заттар арасындағы ішкі мағыналық байланыстан туындайды» − деген пікірге келеді [17]. Мағыналық байланыс нысандардың білім қорындағы ақпараттары арқылы жүзеге асады.

Сөз мағынасының өріске түсуі қоғамның дамуымен бірге жүріп отыратын құбылыс. Белгілі тарихи кезеңдер мен уақыт сол кеңістікке сай ұғымдық жаңалықтар әкеледі. Жаңадан танылған ұғымдар тілде түрлі тәсілдер арқылы, соның ішінде сөз мағынасының өзгеруі, жаңаруы арқылы іске асады. Сөз мағынасының өзгеруін тілімізде соңғы кезеңдерде бұрыннан сөздік қорымызда бар атаулардың қолданыс аясы тарылып, туынды сөздер жаңа мағынаға ауысып, тілдік айналымға түсіп, қолданыстан көруге болады. Академик І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаев: «Сөз мағыналарының көпшілігі семасиологияның белгілі заңдылықтары бойынша жасалады. Оның бастылары: ұқсату заңы (метафорлану); функционалдық семантика заңы, бөлшектің бүтінге айналу заңы; мағыналардың кеңеюі мен тараюы» деген секілді заңдылықтардың неғізінде жүзеге асатындығын атайды [18].

Уақыт өте келе сөздің атау болып қалыптасуындағы *бейнесі, уәжі* солғынданып, тіпті, бұрынғы мағынасы тасаланып, ұмытылады. Сондықтан көнерген атауларды да басқа тілдік құбылыстардан ажырататын негізгі белгілерін уәжділік теорияларына сүйеніп, анықтауға болады.

Мағыналық, функциялық жақтан сұрыпталып, сараланып, ұзақ, күрделі қалыптасу жолынан өткен тілдік бірліктер ғана **аталым** қатарынан көрініп, сөздік қордан орын алады. Мұндай сөзжасамдық қасиетінің барын қазіргі түркілік тіл жүйесінен де байқауға болады. Көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі кейбір сөздер бірде шылау, бірде үстеу қызметінде көрінеді. Жалпы көне түркі түркі тіліндерінгі тілдік бірліктердің табиғатына қатысты мәселелер бойынша тілдік талдаулар мен мәліметтер беріледі. Сонымен, түркі тілдеріндегі аталым бірліктері *функционалды-прагматикалық* қолданыстағы қызметі, оларға жүйелі түрде тарихи-салыстырмалы тұрғыдан зерттеу жүргізу өзекті мәселелердің қатарына жатады.

1. Ильминский Н. Материалы к изучению киргизского наречия. – М.,1861.

2. Мелиоранский П.М Краткая грамматика казах-киргизского языка. Синтаксис. Ч. 2. – Спб, 1897.

3. Юнусалиев Б.М. Киргизская лексикология. Ч. I. /развитие корневых слов/. – Фрунзе, 1959.

4. Наджип Н. Современный уйгурский язык. – М , 1960.

5. Хозирги заман узбек тили /редакциясын басқарған Фахри Камалов/, –Тошкент, 1957.

6. Кайдаров А. Парные слова в современном уйгурском языке. – Алматы, 1959.

7. Азымов Г. Хәзирки заман түркмен дили /гирши лексика/. – Ашхабад, 1959.

8. Айдаров Г. О языке памятники в честь Тоньюкука VIII – века и его отношении к некоторым современным тюркским языкам / дисс. на соиск. ученой степени кандидата филологических наук/. – Алматы, 1959.

9. Қазақ тілінің сөздігі. –Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.

10. Кияк Т.Р. Мотивированность лексических единиц (количественные и качественные характеристики). – Львов: Вища школа, 1988. –158с.

11. Мойсеев А.И. Мотивированность сложных слов // Иследование по грамматике русского языка. /Уч.Записи ЛГУ, серия филология, 1963. № 322, –120-136 с.

12. Гинатулин Р.М. К исследованию мотивации лексических единиц (на материале наименований птиц). Автореф.... канд.филол.наук: 10.02.06. –А.,1973. – С. 27.

13. Жаналина Л.К. Производность и словообразовательная мотивация в русском и казахском языках // Қазіргі қазақ тілінің бүгіні мен болашағы. –Алматы, 1998. – С.374-390.

14. Блинова О.И. Явление мотивации слов (лексикологический аспект), –Томск, 1984. – 191с.

15. Янценецкая М.Н., Резанова З.И. К прблеме внуренней формы слова // Вопросы слово и формообразования в индоевропейских зыках. –Томск, 1991. –С.17-33.

16. Қасым Б. Қазақ тіліндегі заттық күрделі атауларының теориялық негіздері. Филол.ғыл.док... дисс.: – Алматы, 2002, –313б.

17. Қасым Б. Күрделі зат атуларының мағыналық құрылымы және сөзжасамдық үлгілері. – Алматы, 2000.

18. Кеңесбаев І., Ғ.Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. –Алматы: Мектеп, 1975. –315.

Резюме

Б.Қ. Қасым. Словообразовательная мотивация тюркского языка

Словарный состав любого языка, в том числе и ***тюркского языка*** постоянно изменяется, пополняясь новыми словами и наименованиями, словосочетаниями. Новые слова или номинация функционирующих слов в языке, приобретают новые значения и семантику. Предмет словообразования и его место в ряду лингвистических дисциплин; основные словообразовательные понятия, их взаимосвязь и взаимоотношение; принципы системной организации элементов; проблема функционально-структурных единиц; своеобразие синхронической и диахронической характеристики словообразовательных явлений и проблема продуктивности; морфемного и этимологического анализа структуры слова; понятие регулярности словообразовательного, нормативный и стилистический аспекты в словообразовании, их своеобразие, взаимосвязь и удельный вес по отношению к системной характеристике словообразовательных явлений – таков далеко неполный перечень узловых вопросов учения о тюркской словообразовании на нынешнем его этапе. Основными проблемами словообразования являются проблемы определения таких основных понятий, как слово, номинация, мотивация, словообразовательная мотивация, морфема, основа, типы основ,

словообразовательное значение и т.д. Основные продуктивные способы словообразования современного тюркского языка.

Ключевые слова: слово, номинация, мотивация, словообразовательная мотивация, морфема, основа, типы основ, словообразовательное значение.

Summary

B.K. Kassym. Derivational motivation Turkic languages

The vocabulary of any language, including the Turkic language is constantly changing, adding new words and names, phrases. New words or functioning nomination words in the language, acquire new meaning and semantics. Subject of word formation and its place among the linguistic disciplines; basic concepts of word formation, their relationship and the relationship; principles of system organization of elements; The problem of functional and structural units; originality of synchronic and diachronic phenomena of word-formation characteristics and the problem of productivity; morphemic and etymological analysis of word structure; the notion of regular word-formation, regulation and stylistic aspects in the derivation, their identity, the relationship and the proportion in relation to the characteristics of the system of word-building events - this is an incomplete list of the key aspects of the doctrine of the Turkic word formation to its present stage. The main problems are the problems of determining the derivation of such basic concepts as word nomination, motivation, word-formation motivation, morpheme, foundation types basics derivational value, etc. The main productive way of word formation of modern Turkic language.

Key words: word, nomination, motivation, word-formation motivation, morpheme, foundation types basics derivational value.

ӘОЖ 81’272

ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТТЕГІ АТ ТЕРГЕУ ГҰРПЫНЫҢ ЛИНГВОКОГНИТИВТІК ҚЫРЛАРЫ

А.Ж. Қобланова – *Абай атындағы ҚазҰПУ, Қазақ тілі теориясы мен әдістемесі кафедрасының доценті, филол. ғ.к.*

Аңдатпа. Сөз әдебін (сөз этикетін) тілдік коммуникацияның өзегі деуге болады. Өйткені сөз әдебінің қалыптасқан нормалары тілдесушілердің арасындағы қатынастың алуан түрлі қырларын реттеп отырады.

Сөз этикеті соңиумның, тілдік ұжымның дәстүрлі мәдениетімен тығыз байланысты. Адамдар арасындағы қатынас дәстүр арқылы анықталып, реттелін отырады, дәстүр басшылыққа алынады. Өзін қоршаған ортаның құндылықтарын игеруде соңиум мүшесі қоғамда орныққан мәдени дәстүрге сүйенеді. Мәдени дәстүрдің қалыптасқан нормалары бойынша бір-бірімен қарым-қатынас жасайды. Қазақтардың тұрмыстық отбасы мәдениетінде этикеттік норма бойынша келін күйеу жақ туыстарының атын тура атамай, әрқайсысына лайықты ат қоюға тиіс болды. Тілдік қарым-қатынаста этикеттік норма бойынша қойылған маркерлі ат өзінше бір символдық әлем болды. Олар этносты бірегейлендіруге ықпал етеді, адамдар арасындағы түсініскікке жол ашады, мәдениеттің ядросы болып саналады.

Сөз этикетін, түптеп келгенде, тек тілдік семантикалық алда қарастыру жеткіліксіз. Бұл жерде тілдік және мәдени семантиканы бір-бірімен үйлесімді ұштастыра лингвокогнитивтік тұрғыдан қарастыру халықтың дәстүрлі білімдер мен ұлттық құндылықтар жүйесін; әдет-гұрып, салт-дәстүр, рәсім жоралғылардың мән-мазмұннан, ондағы этикеттік нормаларды танып, бағалауға мүмкіндіктер береді.

Түйін сөздер: сөз әдебі, дәстүр, ұлттық құндылықтар, отбасы мәдениеті.

Қазақ халқының дәстүрлі этикет жүйесі өзі бастан кешірген ру-тайпалық қоғамның әлеуметтік қатынастар жүйесімен тығыз байланысты болды. Этнотілдік ұжымның мүшесі өзін қазаққа жатқызуымен қатар өзінің қай руға жататынын да біледі. Кез келген қазақ өзінің қай рудан екенін білуі этникалық индикатор есепті болған. Сөйтін, этнос мүшесі өзін белгілі бір руға жатқызады. Рулық қоғамның санкциясы бойынша ұжым мүшесі рулық ортасын «өзім», ал басқа руды «өзге» деп, осы жайтты қарама-қарсы қойды. Этнос санасындағы іргелі бинарлық концепті болып табылатын «өзім» - «өзге» оппозициясы тұрғысынан қарастыру дәстүрлі этикеттік нормалардың мәнін аша түседі.

Мәселен, дәстүрлі мәдениетте жаңа түскен келін «өзім»-«өзге» жағдаятын басынан өткізеді. Әйел күйеу жұртында бүркемелеп сөйлеуге тиісті болған (А.Н. Самойлович, І.Кеңесбаев) [1; 2] «Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясында» бұндай құбылыс *табу* мен *эвфемизм* деп аталады [3]. Бұрынғы зерттеулерде бұл мәселе сипатталып айтылғанмен, қогнитивтік қырдан (аспектіден) қарастырыла қойған жоқ. Ұзатылған қыз «өзінің» үйреншікті, дағдылы ортасынан мүлде бөтен «өзге» ортаға келеді. Әрине, объективті дүние, этноәлеуметтік құрылым ұқсас болғанмен, тілдік, тілдік емес қарым-қатынас ортасы мүлде бөлек болып тұрады. Рулық санадағы мифтік ой-қиял дүниесі мен символдар әлеміне тап болады. Мифтік ой-қиял дүниесі – өзінше бір әлем. Тыйым сөздер әйелдер айтуға болмайтын сол ой-қиял дүниесінің тілдік репрезентанттары болып табылады. Күйеу жұртына келген соң жаңа түскен келін табиғат нысандарының атын тура атамай, бүркеме атпен атауға тиіс. Мәселен, «тас»-ты тас демей, *қайыршақ* дейді, өйткені қайын атасының аты – Тасболат. Қамысбай деген қайын ағасы болғандықтан, қамысты қамыс демей *құрақ* дейді, керісінше, ауылда Құрақбай деген туысы болса, құрақты *қамыс* дейді. Күнтуған деген қайын атасы, қайын ағалары болса, күнді күн демей, *жарық* деуіне тура келеді. Күйеуінің туыстарының атына ұқсас болса, жылқыны *қылқұйрық туар,* қойды *маңырама, тірітон*, *бөріні «қасқыр»*, *қасқырды «бөрі»* дейді.

Осыған қарағанда байырғы қазақ әйелінің келін болып түскен күйеу жұрты қогнитивтік санада өзге бір микроәлем іспетті, жас келін қашан үйреніскенше (адаптаңияланғанша) өзін басқаша микроәлемде жүргендей күй кешеді. Сонымен қатар әйелдің некеден кейінгі күйеуінің туыстары рулық мифологиялық сана бойынша жас келінді өзге бір микроәлемнен келгендей көреді.

Қазақы ортада көп әйелалушылыққа байланысты отбасылық, әлеуметтік қатынастар күрделене түседі. Қоғамның белгілі бір даму сатысында, көп әйелалушылық дәстүрлі қазақ қоғамында негізгі құндылықтардың бірі ретінде бағаланды. Өйткені рудың сан жағынан көбеюі оның қорғаныс механизмдерінің бірі болды.

Басқа румен одақтасу негізінен *құдалық, сүйек алысқан құдалық, сарысүйек құдалық* сияқты некелік туыстық арқылы жүзеге асып отырады. Тіпті, *құданың құдасы* да сыйлас әрі туыс есепті болды. Қазақтың байырғы қоғамында некелік туыстық бір отбасы мен екінші отбасы аясындағы туыстық емес, руішілік, руаралық туыстық болды. Осымен байланысты келін тек бір шаңырақтың ғана емес, әулеттің, рудың келіні есепті болды. Күйеу де солай: рулы елдің күйеу баласы болып саналды. Бұның өзі рулық қоғамындағы қарым-қатынастың әрқилы әлеуметтік позициясы мен символдар әлемін қалыптастыруға әсер етті.

Сол кездегі әйел үшін күйеу жұрты туыстарының аты-жөні жоққа тән болды. Этикеттік қатаң нормаға байланысты келін күйеу жақ туыстарының атын тура атамай, «өзім»-«өзге» позициясы бойынша әрқайсысына лайықты ат қоюға тиіс болды. Тілдік қарым-қатынаста этикеттік норма бойынша қойылған маркерлі ат өзінше бір символдық әлем болды. *Сұлумұрт, Көзжақсы, Қызтөре, Кенжебала, Кенжеқыз, Сырғалым, Тауаға* (Асқар) тәрізді т.б. поэтикалық мәнді маркерлі антропонимдер қазақ әйелдері тілінде қазақ жерінің барша аймақтарында беріге дейін жиі әрі жүйелі сипатта болған.

Ертеректегі тілдік емес этикеттік нормаларға сәйкес қазақ қоғамындағы салт-дәстүр бойынша әйелдің «өзге» жатжұрттық екені оның сырт көрінісінен де байқалып тұруға тиіс болған. *Жаңа түскен әйелдің киім киісі* ерекше этикеттік нормаға сай болуы сол қоғамдағы «өзім»-«өзге» жағдаятына байланысты болды. Киім киісі жас келіннің «өзге» екенін аңғартып тұратын символдық нышан іспеттес деуге болады. Мысалы, қайын ата, қайын аға, қайын інілердің алдында білегінің жалаңаш болмауы, жалаңбас жүрмеуі, олардың көзінше шашын тарап, бала емізбеуі, көйлегінің етегі тобығына дейін түсіп тұруы тәрізділер келіннің «өзге» екенін көрсететін маркерлердің бірі деуге болады.

Әйелдердің кеңістік әлемінің шектеулі болуы «өзім»-«өзге» жағдаятымен байланысты символдық нышандар іспетті болды. Жаңа түскен келін қайын ата, қайын ағаларының алдында көлбеңдей немесе кесе көлденең жүрмеуге тиіс болды. Олар отырған үйдің есік алдынан кесе көлденең өтпеуі, олар кетіп бара жатқанда соңынан қарап тұрмауы, төрге шықпауы, енесінің төсегіне отырмауы, жасы үлкендерге бетпе-бет қарап отырмай, қырындай отыруы, жасы үлкен адамдар үлкен үйден шығып бара жатқанда отырған орнында отыра бермей, түрегеп тұруы, қайын атасы, қайын ағасының ат байлаған мамаағашына қатарластырып атын байламауы келіннің кеңістік әлемінің шектеулі болғанын байқататын белгілер.

Келіннің іс-әрекеті *тактильдік жақтан шектеулі* болды. Қайын атасы, қайын ағасына тағамы бар ыдыс ұсынғанында тікелей қолына бермей, дастарқанға жақындатып қою немесе басқа бір адам арқылы беруге, қайын ата, қайын ағасының ыдысына тамақ құйып ішпеуге тиіс болды.

Мифологиялық санадағы «өзге» мен «өзім» тілдік коммуникацияда маркерленген тілдік және арнайы тілдік емес таңбалар арқылы реттелін отырды.

Қайын атасының жағалы киімі болса, келін оның жағасына қол тигізбеуі керек, себебі қолы атасының жағасына жармасқан болып есептелген. Бұндай түсінік қазақ әйелдерінің арасында XX ғасыр орта шеніне дейін ішінара сақталған деуге болады. Бұл жөнінде танымал тұлға көрнекті этнограф ғалым, жазушы Ақселеу Сейдімбектің өз көзімен көрген мына бір дерегін қысқаша келтіріп, атап айтуға болады.

Ауыл-үйдің адамдары: «Ырыс десе ырыс-ақ қой, келін болса осындай болсын!»- десіп, Ырыстың әрбір қылық-қасиетін үнемі үлгі-өнеге тұтып отырады. Десе дегендей, Ырыста үлкен-кішіге бірдей қадірлі, қылық-қасиетімен іші-бауырына еніп тұратын, айрықша сүйкімді жан еді. Әсіресе, ата-енесінің асты-үстіне түсіп, үкідей ұшып жүріп қызмет көрсететін...

Бірде, киіз үйдің көлеңкесінде домбырға тиек жонып отыр едім, көрші үй жақтан: «Қайным!» - деген дауыс естілді. Қарасам, Ырыс, киіз үйдің есігінен басын ғана шығарып, мені шақырып тұр. Шілденің ыстығында көлеңке іздеген жылан, бақа, кірпі сияқты жәндіктердің киіз үйге кіріп кететіні болатын. Сондай бірдеңеме деп, жүгіріп келсем, Ырыс: «Төрде жатқан атамның шапанын керегінің басына іліп берші!» - деп қиылады. Мұнысын мен әзілге балап: «Ой, сөзің құрсын, бірдеңе болып қалған екен десем!» - деп бұрылып кете бермекші болдым. Сол кезде Ырыс шыншыл қалпымен: «Ойын емес, өтінемін, ата-енемді көрші үйлер қымызға шақырып кетіп еді. Күннің ыстығы мынау, келгенше отыратын орындарын қағып-сілкіп, іргені түріп, үйді салқындатып қояйын деп едім. Нең кетеді, атамның шапанын іліп бере қойшы!» - деп одан бетер қиылады.

Ырыстың жүзінен де, сөзінен де әзіл-қалжыңның нышаны білінбейді. Мен әлденені түсінбей тұрған қалпымда таңырқап: «Өзің неге ілмейсің?!» - деппін.

Сонда Ырыс өзгеше бір байсалды қалыпқа түсіп, айтуға болмайтын киелі құпияны амалсыз айтып тұрғандай, даусы дірілдеп: «Онда,.. онда, атамның жағасына қолым тиіп кетеді ғой!.. Олай етуге болмайды ғой!» - деді.

Мен сол кезде осы сөздің байыбын білмесем де, бұрын беттесіп көрмеген аса маңызды істі атқарудың қажет екеніне күмәнсіз сеніп, еш қарсылықсыз қарияның шапанын керегенің басына іліп бердім.

Ырысты нұрлы дидары бал-бұл жанып, үлкен бір шаруа тынғандай көңілі әпсәтте жайланып, шыншыл шыраймен «Тәңір жарылқасын!» - деді [4].

Академик Ғ.Мүсіреповтің айтуынша, қазақ әйелінің ең бақытты шағы оң жақта отырған қыз кезі. Қыз баланы су әкелу, кесте тоқу, бала жұбату т.б. жеңіл-желиі жұмыстар болмаса, күн ұзын, ертеден қара кешке дейін үй шаруасына салып қоймайды. Қазақ қызы бұла өседі. Тұрмысқа шыққан соң бұл жайт мүлде өзгереді. Міне, осындай шақта жаңа жағдайға бейімделу кезеңі басталады. Мұндай жағдайда көндіге алмай жүрген жас келіннің «Құдай-ау, оң жақтағы күиім қайда?» деп мұңаятын сәттері де болады. Келін боп түскен соң *түндік ашқаннан бастап, түндік жапқанға дейін,* яғни таңның атысынан күннің батысына дейін, ел ұйқыға жатқанша үй шаруасымен айналысады.

Жаңа түскен келінді жат босағаға, жат жұртқа бейімдеудің салттық, ғұрыптық жолдары болған. Байырғы кезде қазақы отбасында келін түскен үйдің өткізетін *келіншай* жоралғысының келінді жат жұртқа бейімдеуде тағылымдық мәиі ерекше болған. Жаңа түскен келіннің ауылдағы енелеріне, жасы үлкен сыйлы абысын-ажындарына арнайы жайылған дастарқанда шай құйып қызмет көрсету рәсімі *келіншай* деп аталған. Бұл концептілік ұғымның мәні қазақтың тұңғыш этнографиялық энциклопедиясында фрейм формасында сипатталып, мән-мағынасы сараланып ашылған:

«Келін түсірген үй көп ұзамай арнайы дастарқан жасап, жаңа түскен келіннің құйған шайын ішуге көңілжетер сыйлы абысын-ажындарды шақырады. Әсіресе, шай әбзелі мен дастарқан жабдығына ерекше көңіл бөлінеді. Дастарқан басына бауырсақ, тәтті тоқаш, мейіз, науат, жент, майсөк, сарымайға шыланған, тәтті қосылған талқан т.б. қойылады. Самаурын, шәйнек (аққұман), кесе, шыныаяқ, қасық, табақ т.б. қойылатын өз орындары болады.

Дастарқан басына жиналған әйелдер (шамамен 8-12 адамдай) өздерінің әлеуметтік мәртебесіне қарай рет-ретімен жайғаса бастайды. Жас келін «шынашақ шиырып» кесеге шай құйып, ізетпен

ұсынады. Шайдың қоюлығы, қаймақ қатқан түсі әркімнің қалауынша құйылады. Ізет бойынша келін шай құйған кесені оң қолымен ұсынады, ал сол кесе ұстаған оң қолдың шынтақтан төмендеу тұсында тұруға тиіс.

Дастарқан басына жиналғандардың басты назары, әдетте, шай ішуден гөрі оның «церемониясында» болады. Шайдың қызылы кесілмеуі үшін келін оны дәл уақытында әлсін-әлсін демдеп отыруы керек. Шай құйған кесені иесінен шатастырып алмауы қажет.

Тәртіп бойынша келін дастарқан шетінде бір қырын отырады, сөзге араласпайды, тек сұраса ғана жауап береді. Жиналғандар ішінде сыйлы, беделді әйел (коммуникация лидері) сөз бастап, әңгімеге бағыт беріп отырады. Әңгіме арқауы негізінен келін тәрбиесіне қатысты болады. Өнеге, сабақ болсын деп алғашқы түскен кезіндегі жайттарды еске түсіріп, ұялған кездерін немесе өз келіндерінің кейбір жаңылшақ сәттерін айта отырады.

Шай беру рәсімі аяқталар сәтте жас келінге көп жаса қарағым; көсегең көгеріп, көрпең ұлғайсын; дастарқаның берекелі болсын, етегінді бала бассын деген ағі тілектер айтылады. Келіннің шайы пәмілшай болды, келіннің шайы көңілашар шай болды, келіннің аяғынан деп бағалауыш мазмұнда ризалықтарын білдіріп, келіншайға баға беріседі. Келіннің жақын абысындарының бірі дастарқан мәзірінен келген қонақтардың әрқайсысына мынау үлкен енеме; мынаны немереңізге, сіз де келінді болыңыз; мынау пәленшеніің апасына, мынау жеңешеме, мынау әпкеме деп жеке-жеке атап түйіншектер береді. Жас келін мұның бәрін қалт жібермей көңілге тоқып тұрады.

Жас келін алдымен абысын қауымы арқылы жат ортаға бейімделе бастайды. Байырғы қазақ тұрмысындағы келіншай (шай церемониясы) біріншіден, тәрбиелік мәні, екіншіден, жас келінді бөтен ортаға психологиялық жақтан бейімдеу, үшіншіден, үй шаруасына үйрету, икемділікке дағдысын жетілдіру, төртіншіден, ең бастысы, келіннің әлеуметтенуіне, абысын ортасының, яғни абысындастық қауымының мүшесі болып қалыптасуына тигізер ықпалы ерекше болған. Сонымен, келіншай рәсімінің әке үйінде еркін өскен қызды жат босағаға бейімдеудің гендерлік тактикасы мен стратегиясына байланысты қалыптасқан ғұрыптық-салт екені байқалады» [5].

Бұл жерде аталмыш лұғаттық мақалаға алып қосарымыз жоқ. Дегенмен келіншай рәсіміне қатысқан абысындар да реті мен кезегіне қарай жас келінді *отқа шақырып*, сый-сияпат білдіреді. Осылайша келін ауыл елдегі абысындастық қауымына енеді.

Сөйтін «өзім» мен «өзге» бинарлық концептісіндегі қарама-қарсылық бірте-бірте бәсеңдеп, келін жат босағаға адаптациялана бастайды. Ал келін екі-үш балалы болған соң, тыйымдар сақталғанмен, бастапқыдай емес, қатаң этикеттік норма бәсеңдей бастайды. Күйеу жұртының мифологиялық санасындағы «өзге» де бірте-бірте бәсең тартады да «өзім» мен «өзге» қарама қарсылық үйлесімді сипатқа көшеді.

1. Самойлович А.Н. «Запретные слова в языке казак-киргизской замужней женщины» («Живая страница», Т.1-11, 1915, 162-б.)

2. Кеңесбаев І. «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» -Алматы, 1977ж.

3. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә.. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. –Алматы: «Дәуір», 2003.

4. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. Зерттеу. Астана: Фолиант, 2008.13-б.

5. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия.- Алматы: РПК «СЛОН», 2013.- (иллюстрацияланған). 4-том: Қ-О-736 бет.

6. Қобыланова А. Қазақ сөз этикеті.-Алматы: ЖАК-тың баспа орталығы, 2001. 120б.

Резюме

А.Ж. Кобланова. Лингвокогнитивные аспекты обычая табу (ат тергеу) в традиционной этнокультуре

Речевой этикет по праву считается основой речевой коммуникации. Поскольку нормы, установленные речевым этикетом, способствуют регулированию различных сторон между коммуникантами.

Речевой этикет тесно связан с традиционной культурой социума, речевого коллектива. Взаимоотношения между людьми определяются, регулируются посредством традиций, то есть люди руководствуются традициями. В ходе овладения ценностями окружающей их среды члены социума опираются на культурные

традиции, закрепленные в обществе. Они строят взаимоотношения по нормам, установленными культурными традициями. В культуре семейных традиций казахского народа по нормам этикета невестка не могла называть родственников мужа по именам, она должна была дать каждому из них имя, соответствующее их статусу. Каждое маркерное имя, данное родственникам мужа по нормам этикета в речевой коммуникации, являлось своеобразным символическим миром. Эти имена способствуют унификации этноса, открывают путь к взаимопониманию людей, считаются ядром культуры.

Изучать речевой этикет только в языковом, семантическом плане недостаточно. Изучение языковой и культурной семантики во взаимосвязи друг с другом с точки зрения лингвокогнитологии дает возможность познать, оценить систему традиционных знаний и национальных ценностей народа; этикетные нормы, заложенные в значении традиций и обычаев, ритуалов и обрядов.

Ключевые слова: речевой этикет, традиция, национальные ценности, культура семьи.

Summary

A.Zh. Koblanova. The lingvocultural custom hand censure name in the traditional culture

The speech etiquette is considered to be the basis of verbal communication. Since the standards set speech etiquette, contribute to the regulation of various aspects between the communicants. The speech etiquette is closely related to the traditional culture of society, speech community. Relationships between people are defined, regulated by tradition, that is, people are motivated by tradition. During the acquisition values of their environment members of society based on cultural traditions enshrined in society. They build relationships according to the norms established cultural traditions. In the culture of family traditions of the Kazakh people on etiquette daughter could not call her husband's relatives by name, she had to give each of them a name corresponding to their status. Each token name given to the relatives of the husband on etiquette in speech communication, is a kind of symbolic world. These names contribute to the unification of the ethnic group, open the way to an understanding of people considered to be the core of culture. Not only to learn speech etiquette only in language, semantic terms. The study of language and cultural semantics in relation to each other in terms of lingvocognitive gives an opportunity to learn, to evaluate the system of traditional knowledge and national values of the people; etiquette rules laid down in the value of traditions and customs, rituals and ceremonies.

Key words: speech etiquette, traditions, national values and family culture.

ӘОЖ 811.41: 81'37; 003; 81'22

«ҚАЗАҚ» СӨЗІНІҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ (1245 ЖЫЛЫ ЖАРЫҚ КӨРГЕН ҚЫПШАҚ-АРАБ СӨЗДІГІНІҢ ҚОЛЖАЗБАСЫ НЕГІЗІНДЕ)

Қ.А. Қыдырбаев - *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Шығыстану факультеті Таяу және Орта Шығыс кафедрасы арабтану бөлімінің доценті, PhD докторы*

Аңдатпа. Жазбаша деректер ішінде «қазақ» сөзі 1245 жылы Мысыр мәмлүктері тарапынан жарық көрген «Қыпшақ-араб сөздігінде» алғаш рет кездеседі. Осы сөздікке зерттеу жасаған голландиялық галым М.Т.Хоутсма мен отандық галым Ә.Құрышжановтар көне қолжазбадағы қыпшақ тіліндегі «қазақ» сөзінің араб тіліндегі аудармасын оқуда қателік жіберіп, соған байланысты «қацгыбас, кезбе» және «жалгыз», «жалаңаш, қарапайым, бірдемеден айрылған» деген мағыналар берген. Бұл мақалада «Қыпшақ-араб сөздігінің» түпнұсқа қолжазбасы негізінде «қазақ» сөзінің араб тіліндегі аудармасы қайта қарастырылып, дұрыс мағынасы дәлелдер арқылы көрсетіледі.

Түйін сөздер: қазақ, қыпшақ, араб, қолжазба, этимология.

«Қазақ» сөзінің мағынасы туралы екі жүз елу жылға жуық уақыт зерттеу жұмыстары жүргізіліп келе жатса да, әлі күнге дейін кесімді жауап айтылып, нүктесі қойылған жоқ. Зерттеулердің дені өзіне дейінгі галымдар мен ізденушілердің «қазақ» сөзіне қатысты берген мағыналарына пайымдаулар жасап, мақаладан мақалаға көшін отырады. Көзқарастардың кейбірі көңілге қонымды болжамдар болса, енді біреулері аңыз-әпсаналарға сүйеніп жасалған этимологиялар болып келеді. Әлі күнге дейін ешкім бір шешімге келе алған жоқ. «Қазақстан тарихы: көне заманнан бүгінге дейін» атты кітаптың екінші томында: «қазақ сөзін түсіндіретін түпкілікті пікірді, тегінде, әзірше ешкім айта

алған жоқ» [1, 303], – деп, тұжырымдайды. Осы сұрақтың шешімін табуға арабтанушы ретінде өз үлесімізді қоссақ деген ниетпен, «қазақ» сөзіне араб тілінде түсіндірме жасалған 1245 жылы Мысырдағы мәмлүк қыпшақтары жарыққа шығарған «Қыпшақ-араб сөздігі» негізінде зерттеу жұмыстарын жасаған едік.

Жазбаша деректемелер ішінде «қазақ» сөзі осы «Қыпшақ-араб сөздігінде» бірінші рет қолданылып, оған алғаш рет түсініктеме берілгені айтылып жүр. Сөздіктің қолжазбасын 1894 жылы голландиялық шығыстанушы ғалым М.Т.Хоутсма алғаш рет зерттеп неміс тіліндегі аудармасымен қоса баспаға әзірледі. М.Т.Хоутсма қолжазбаны хатқа түсіргенде «Адам сипаттары» атты он тоғызыншы бөліміндегі «قازاق» [қазақ] сөзіне берілген араб тіліндегі түсініктемесін «المجرّد» [әл-мужәррад^{у}] деп берген [2, 25]. «قازاق» [қазақ] сөзіне түсініктеме ретінде берілген араб тіліндегі «المجرّد» [әл-мужәррад^{у}] сөзінің мағынасын неміс тілінде «landstreicher», яғни «қаңғыбас, кезбе» деп берген [2, 86]. Аталған сөздікке өткен ғасырдың 60-70-ші жылдары зерттеу жүргізген отандық ғалым Ә.Құрышжанов: «**қазақ** (25 قازاق) один, одинокий. В ркп. المجرّد обнаженный, голый, простой, лишенный чего-л.» [3, 154] деп араб тілінде «المجرّد» [әл-мужәррад^{у}] деп түсіндірілгенін көрсетеді де «қазақ» сөзіне араб тіліндегі «المجرّد» [әл-мужәррад^{у}] сөзінің мағынасы бойынша «жалғыз», «жалаңаш, қарапайым, бірдемеден айрылған» деген мағыналар береді.

М.Т.Хоутсма мен Ә.Құрышжановтың «Қыпшақ-араб сөздігі» негізінде «қазақ» сөзіне берген жағымсыз мағына көптеген ғалымдардың пікірлеріне салқынын тигізіп келді. Нәтижесінде зерттеушілердің дені аңыз-әңгімелер мен кейбір тарихи оқиғаларға жүгіне отырып «қазақ» сөзінің мағынасына толыққанды жағымды сипат бергісі келсе де М.Т.Хоутсма мен Ә.Құрышжановтың сөздікте берген мағынасынан аттап кете алмай «үйсіз-күйсіз кезбе, қаңғыбас, қашақ, қашқын, қарақшы» деген мағыналардың бірін қоса беріп жүрді. Мысал ретінде Б.Б.Кәрібаевтың 2014 жылы желтоқсан айында жарық көрген «Қазақ хандығының құрылу тарихы» атты монографиясының «қазақ» этнониміне арналған VII тарауында А.Н.Самойлович, С.К.Ибрагимов, С.Г.Кляшторный мен Т.И.Сұлтанов сынды ғалымдардың талданған пікірлерін айтуға болады. А.Н.Самойлович 1927 жылы жарық көрген «О слове «казак» атты мақаласында «қазақ» сөзі VII-VIII ғасырларға жататын көне түркі жазба ескерткіштерінен бастап Шыңғыс хан империясының құрылуы мен оның ұлыстарға бөлінген дәуіріне дейін (XIII ғасыр) түркі тілі жөніндегі азиялық әдеби еңбектерде, түркі тайпаларының тарихы туралы деректерде, тіпті, XI ғасырда жазылған Махмұд Қашқаридің сөздігінде де мүлде кездеспейтінін айта келе, алғаш рет 1245 жылғы араб тілінде жазылған «Қыпшақ-араб сөздігінде» ғана кездесін оған жағымсыз мағынада түсініктеме берілгенін айтады да, руынан, тайпасынан бөлініп кетіп шытырман оқиғаларды басынан өткерген (яғни қашып-пысып, қаңғырып күнін көрген) адамның әлеуметтік жағдайын көрсетеді деп өз ойын тұжырымдайды [4, 13] және «қазақ» сөзі қазақ халқының қалыптасуы қарсаңында әлеуметтік термин болып, уақыт өте келе халықтың атауына айналған деп қорытындылайды [4, 16]. «Қазақ» сөзіне зерттеу жүргізген ғалымдардың бірі С.К.Ибрагимов болды. Ол «қазақ» сөзінің мағынасында эволюциялық өзгерістер болғандығын айтып, XIII-XV ғасырларда «кезбе, еркіп, қашқын» мағынасында қолданылып, XV ғасырда «өзбек» терминіне қарсы саяси сипат алғанын, XVI ғасырдан бастап этникалық сипатта қолданыла бастағанын айтады [5, 71]. Осы тақырыпқа соңғы кездері қалам тартқан ғалымдар С.Г.Кляшторный мен Т.И.Сұлтанов та «қазақ» сөзіне талдау жасай келе, әлі күнге дейін бұл сөздің этимологиясы толық табылмағанын айтады да, ол сөздің алғашқыда теріс мағынасы болғанын келтіреді [6, 248-251].

Белгілі зерттеуші Әнес Сарай: «Қазақты «кедей, жалаңаш, баспанасыз, отанынан безген» деп әліптеу Египет мәмлүктерінің 1245 жылы жасаған араб-қыпшақ сөздігінен басталған сияқты» [7, 371], – дейді.

Б.Б.Кәрібаев өз еңбегінде «қазақ» сөзінің шығуы мен мән мағынасына байланысты XVIII ғасырдың ортасынан қазіргі кезеңге дейінгі зерттеу еңбектерге тарихнамалық шолулары мен талдауларын жүргізеді. Талдауларынан кейінгі қорытынды сөзінде «қазақ» сөзінің нақты шығу төркінін ешкім де анық айта алмағанын білдіре келе: «Басқа да кейбір сөздер мен ұғымдар секілді қазақ сөзінің белгілі бір тарихи дәуірлерде әлеуметтік, экономикалық, саяси-этникалық, мәдени-рухани дамулардың әсері мағынасы мен мәніне өзгерістер енгізген. Алғашқы мәні – әлеуметтік болып, мағынасына руынан, тайпасынан, елінен, мемлекетінен бөлініп не болмаса **қашып кетіп,** өз бетінше дербес, еркін, азат өмір сүріп жатқан адам немесе адамдар жатқызылса, кейін келе, бұл

сөздің мәні мен мағынасына аз да болса өзгерістер ене бастайды» [8, 483] – дейді. Б.Б.Кәрібаев бірнеше тарихи оқиғаларды сараптай келе «қазақ, қазақшылық» сөздерінің мағынасын «қашақ, қашу» сөздеріне тірей берген [8, 484-486]. Тінті Керей мен Жәнібек ханның бөліну себебіне де: «Бұл екі хан да дәл осындай себептермен өз елдерінен кетуге немесе **қашуға мәжбүр** болады, бірақ олар өз нөкерлерімен емес, өздеріне қарайтын ру-тайпалармен ауа көшуге мәжбүр болады. Соның нәтижесінде, «қазақ» атауы этникалық қауымдастықтың бір бөлігіне таңылады» [8, 486-487] – деп, «бөліну» деген сөзбен бірге **«қашу»** сөзін тең дәрежеде қолданып отырған.

Голландиядағы Лейден кітапханасында 517-ші нөмірмен сақтаулы тұрған 1245 жылы жазылған «Қыпшақ-араб сөздігі» түпнұсқасының электронды көшірмесін алдырып, оған компьютердің көмегімен зерттеу жасағанымызда, қолжазбадағы «قازاق» [қазақ] сөзіне араб тілінде берілген түсініғі «المجرّد» [әл-мужәррад^{у}] емес «المحرّد» [әл-мухәррад^{у}] екені анықталды [9, 27]. Яғни М.Т.Хоутсма мен Ә.Құрышжанов ح (хә) әрпінің астындағы болмашы ғана дақты нүкте екен деп, оны ج (жим) әрпі деп түсінген. (Ондай дақтар мәтін қолмен, сиямен жазылғандықтан, кітап бетінің әр жерінде кездесіп отырады). Нәтижесінде «المحرّد» [әл-мухәррад^{у}] сөзін «المجرّد» [әл-мужәррад^{у}] деп оқыған. Осыдан «қазақ» сөзі араб тіліндегі «المجرّد» [әл-мужәррад^{у}] сөзінің мағынасы бойынша «қаңғыбас, кезбе, жалаңаш, қарапайым, бірдемеден айрылған» деген секілді мағыналармен түсіндірілген. Араб тіліндегі үлкен түсіндірме сөздіктерде «المحرّد» [әл-мухәррад^{у}] сөзіне мынадай түсіндірмелер жасалған:

а) Араб тіліндегі «المُحَرَّدُ» [әл-мухәррад^{у}] сөзі II баптағы حَرَّدَ [хәррадә] етістігінің ырықсыз есімшесі (اسم المفعول) екені белгілі. Олай болса алдымен II баптағы حَرَّدَ [хәррадә] етістігінің мағынасын қарауға тура келеді. Орта ғасырда жазылған «Лисән әл-араб» сөздігінде «حَرَّدَ الرَّجُلُ إذا أوَى إلى كُوخٍ» [хәррадә-р-ражулу ’изә ’әуә ’илә кӯх^{ин}] [10, 113] деп حَرَّدَ [хәррадә] сөзінің мағынасы «أوَى إلى كُوخٍ» [’әуә ’илә кӯх^{ин}] деп түсіндірілген. Бұл сөйлемнің мағынасын түсіну үшін алдымен «كُوخٌ» [кӯх^{ун}]» деген сөздің мағынасын іздеп көрелік. «Лисән әл-арабта» «كُوخٌ» [кӯх^{ун}] сөзін: «ويقالَ للبيت المسنّم: كُوخٌ، وهو فارسيٌّ معرّب» [уә йуқәлу ли-л-бәйти-л-мусәннәми: кӯхун уә hууә фәрисиййун му‘әррабун^{ун}] [11, 183], яғни «нішіні сәнәм тәрізді үйді «кух» деп атайды, бұл арабтанған парсы сөзі» деп түсіндірген. Араб тілінде түйенің өркешін سَنَامٌ [сәнәм^{ун}] [12, 378] дейді. Демек, «кух» сөзі «түйенің өркеші тәрізді үй» деғенді білдіреді. Ал «أوَى إلى» [’әуә ’илә] сөзінің мағынасы арабшадан арабшаға түсіндіретін түсіндірме сөздіктерде «نَزَلَ فِيهِ، اِتَّخَذَهُ مَأْوًى لَهُ» [нәзәлә фӣhи, иттәхазә мә’уән ләhу], яғни «кіру, өзіне баспана ету» [13, 142] деп түсіндірілген. Олай болса «حَرَّدَ الرَّجُلُ» [хәррадә-р-ражул^{у}] деген сөйлем: «кісі түйенің өркеші тәрізді үйді баспана етті, кірді» деген мағынаны береді. Демек حَرَّدَ [хәррадә] етістігінің мағынасы «түйенің өркеші тәрізді үйді баспана ету *немесе* түйенің өркеші тәрізді үйді баспана ету мақсатында оған кіру» болып шығады. Ал «المُحَرَّدُ» [әл-мухәррад^{у}] сөзі осы II баптағы حَرَّدَ [хәррадә] етістігінің ырықсыз есімшесі (اسم المفعول) болғандықтан оның мағынасы «түйенің өркеші тәрізді үйге баспана етуге кірғізілген» қысқаша айтқанда «үйлі болған» болып шығады;

ә) Енді I баптағы حَرَدَ [хәрадә] етістігінің мағынасына назар аударайық. «Әл-муғжәм әл-уасит» сөздігінде: «حَرَدَ فُلَانٌ عَنْ قَوْمِهِ حُرُودًا: اِعْتَزَلَهُمْ» [хәрадә фуләнун ‘ән қаумиhи хурӯд^{ән}: и‘тәзәләhум] [14, 165 б.], деп «حَرَدَ» [хәрадә] сөзінің мағынасын «اِعْتَزَلَ» [и‘тәзәлә] сөзімен түсіндірген. Ал «اِعْتَزَلَ» [и‘тәзәлә] сөзін «اِعْتَزَلَ الشَّيْءَ وَعَنْهُ: بَعُدَ وَتَنَحَّى» [и‘тәзәлә-ш-шәй’ә уә ‘әнhу: бә‘удә уә тәнәххә] [14, 599] деп «بَعُدَ» [бә‘удә] және «تَنَحَّى» [тәнәххә] сөздерімен, яғни «алыстау, қашықтау» және «кету, шеттеу, бөліну» деген сөздермен түсіндірген. Яғни «حَرَدَ فُلَانٌ عَنْ قَوْمِهِ حُرُودًا» [хәрадә фуләнун ‘ән қаумиhи хурӯд^{ән}] деген сөйлемнің мағынасы «пәленше өз қауымынан, ел-жұртынан шеттеп кетті, бөлініп кетті» деғенді білдіреді. Демек حَرَدَ [хәрадә] етістігінің мағынасы «алыстау, қашықтау» және «кету, шеттеу, бөліну» болып шығады. Араб тілінде I бап және II бап етістіктері бірдей мағынада қолданылуы көптеп кездеседі. Мысалы: I баптағы نَبَسَ [нәбәсә] етістігі мен II баптағы نَبَّسَ [нәббәсә] етістігі «айту, сөйлеу» [12, 780], I баптағы نَارَ [нәра] және II баптағы نَيَّرَ [нәййәра] етістіктері «өрнек салу, кестелеу» [15, 641], I баптағы وَقَى [уәқӣ] мен II баптағы وَقَّى [уәккӣ] етістіктері «сақтау, қорғау» [12, 908] деген мағыналарды береді, т.б. Осы секілді II баптағы حَرَّدَ [хәррадә] етістігі I баптағы حَرَدَ [хәрадә] етістігінің «алыстау, қашықтау» және «кету, шеттеу, бөліну» деген мағынасын да қамтиды.

«Қыпшақ-араб сөздігі» – тақырыптық сөздік. М.Т.Хоутсма қолжазбаны баспаға әзірлеғенде алдымен қыпшақ сөздерін түпнұсқадағы тақырыптық бөлімдері бойынша араб әріптерімен және араб тіліндегі түсіндірмесімен өзгеріссіз берген. Неміс тіліндегі аудармасын берғенде, қыпшақ сөздерін тақырыптық бөлімдермен емес, әліпби бойынша реттестірін жанына транскрипциясын қосқан. Ал

Ә.Құрышжанов тақырыптық бөлімдерді кітаптың бас жағында тек кирилл әріптерімен берген. Орысша түсіндірме жасағанда да қыпшақ сөздерін кирилл әлінбиі бойынша реттестірін, араб әріптерімен жанына жақша ішінде көрсеткен және өзге де қыпшақ тілдеріндегі мағыналарын бірге көрсеткен. Кітаптың қосымшасында М.Т.Хоутсманың баспаға әзірлеген нұсқасы бойынша қолжазбадағы түркі сөздерін араб әріптерімен тақырып бойынша берген. Алайда қосымшада қыпшақ сөздерінің арабша түсіндірмесін бермеген және бөлімдердің тақырыбын көрсетпеген.

Қолжазбадағы «قازاق» [қазақ] сөзі жазылуы қазіргі қазақ тіліндегі дыбысталуымен бірдей дыбысталатын араб әріптерімен «قازاق» деп «صِفَاتُ النَّاسِ» [сифәту-н-нәс^{и}], яғни «адам сипаттары» атты қолжазбаның он тоғызыншы бөлімінде келген [9, 27]. Мұнда «قازاق» [қазақ] сөзінің алдында «ايلو» [үйлү] деген қыпшақ сөзі келген. Оны: «المتاهّلْ **ايلو** يعني ذُو بيتٍ» [әл-мутә'hhил **үйлү** йә'нӣ зӯ бәйт^{ин}] [9, 27] деп «المتاهّلْ» [әл-мутә'hhил], яғни «үйленген» деген сөзбен түсіндіре отырып, оның мағынасын « ذُو بيتٍ» [зӯ бәйт^{ин}] «үйлі» сөзімен ашып көрсеткен. Яғни ескі қыпшақ тіліндегі «ايلو» [үйлү] сөзі «үйленген, үйлі» деген мағынаны береді. Қазіргі қазақ тіліндегі «үйлі» сөзімен үндес деуге болады. «قازاق» [қазақ] сөзінен кейін «باش داقْ» [баш дақ] сөзі келген. Оны: « العَاري مِن الاهْل وغَيْرهم **باش داقْ** يعني بِرَاسِهِ» [әл-'әрӣ минә-л-'әhли уә ғайриhим **баш дақ** йә'нӣ би-ра'сиh^{и}] [9, 27] деп «العَاري مِن الاهْل وغَيْرهم» [әл-'әрӣ минә-л-'әhли уә ғайриhим] «отбасынсыз, әйелсіз және басқаларсыз» деген сөзбен түсіндіре отырып, оның мағынасын «بِرَاسِهِ» [би-ра'сиh^{и}] «жеке басты, бойдақ» сөзімен аша түскен. Яғни « باش داقْ» [баш дақ] сөзі «бойдақ» дегенді білдіреді. Дыбысталуы қазіргі қазақ тіліндегі «бойдақ» сөзінен оншалықты алыс емес. «باش داقْ» [баш дақ] сөзін Ә.Құрышжанов та орыс тілінде «холостой, холостяк, одинокий (не имеющий детей и семьи), свободный» деп түсіндірген [3, 93]. Ал «ايلو» [үйлү] сөзін «айлу» деп транскрипциялап мағынасын «женатый, семейный» деп көрсеткен [3, 93]. Сонымен сөздікте «قازاق» [қазақ] сөзінің алдында «үйленген, үйлі» деген мағынаны беретін «ايلو» [үйлү] сөзі, «قازاق» [қазақ] сөзінен кейін «жеке басты, бойдақ» деген мағынаны беретін «باش داقْ» [баш дақ] сөзі келген. Тақырыптық сөздік болғандықтан бұл жерде отбасылық жағдайға қатысты сөздер қозғалып жатқанын байқаймыз. «Үйленген, үйлі» және «жеке басты, бойдақ» деген сөздердің арасында «قازاق» [қазақ] сөзін түсіндіру үшін отбасылық жағдайға қатысы жоқ «қаңғыбас, кезбе, жалаңаш, қарапайым, бірдемеден айрылған» деген мағынаны беретін араб тіліндегі астында нүктесі бар «المجرّد» [әл-мужәррад^{у}] сөзі тұруы мүмкін бе?! Әрине мүмкін емес. Олай болса бұл жерде «قازاق» [қазақ] сөзін «үйге кірген, үйлі болған, бөлінген, бөлініп еншісін алған» деп түсіндіретін отбасылық жағдайға қатысты, астында нүктесі жоқ «المُحَرّدُ» [әл-мухәррад^{у}] сөзі тұруы заңдылық.

Демек, **1245 жылы мәмлүктік Мысыр елінің қыпшақтары тарапынан жасалған қыпшақ-араб сөздігінің қолжазбасындағы «қазақ» сөзі отбасылық жағдайды білдіретін «үйге кірген, үйлі болған, бөлінген, бөлініп еншісін алған» деген мағыналарды береді.** Оған мақала шеңберінде мынадай дәлелдер мен тұжырымдарымызды келтіреміз:

Бірінші, қолжазбадағы «قازاق» [қазақ] сөзіне түсіндірме ретінде берілген араб тіліндегі «المحرّد» [әл-мухәррад^{у}] сөзі мен осы сөз туындаған حَرَّدَ [хәррадә] етістігінің араб тіліндегі мағыналарын айтуға болады;

Екінші, «Қыпшақ-араб сөздігі» – тақырыптық сөздік. Мұндай сөздікті құрастырғанда ешқандай автор тақырыптан ауытқымайды. Сөздікте «قازاق» [қазақ] сөзі – «ايلو» [үйлү] сөзі мен «باش داقْ» [баш дақ] сөздерінің арасында берілген. Отбасылық жағдайға қатысты «үйленген, үйлі» деген мағынаны білдіретін «ايلو» [үйлү] сөзі мен «жеке басты, бойдақ» деген мағынаны білдіретін «باش داقْ» [баш дақ] деген сөздердің арасында отбасылық жағдайға қатысты «үйге кірген, үйлі болған, бөлініп еншісін алған» деген мағынаны білдіретін «قازاق» [қазақ] сөзі тұруы заңдылық. Жоғарыда дәлелдегеніміздей бұл мағынаны араб тіліндегі астында нүктесі бар «المجرّد» [әл-мужәррад^{у}] сөзі емес астында нүктесі жоқ «المحرّد» [әл-мухәррад^{у}] сөзі бере алады;

Үшінші, қолжазба авторы «قازاق» [қазақ] сөзінің алдынан келген «ايلو» [үйлү] және кейін келген «باش داقْ» [баш дақ] сөздерін түсіндіре келе, мағынасын араб тіліндегі синоним сөздермен қосымша аша түскен. Ал «قازاق» [қазақ] сөзін бір ғана «المحرّد» [әл-мухәррад^{у}] сөзімен түсіндіріп, мағынасын қосымша сөзбен түсіндірмеген. Негізінен мағынасы анық сөздер ғана қосымша түсіндіруді қажет етпейді. Осыған қарағанда қыпшақ тіліндегі «قازاق» [қазақ] сөзі де, оны түсіндірген араб тіліндегі «المحرّد» [әл-мухәррад^{у}] сөзі де сол замандарда барша халыққа түсінікті сөздер болған;

Төртінші, «المحرّد» [әл-мухәррад^{у}] сөзі туындаған حَرَّدَ [хәррадә] етістігінің – «түйенің өркеші тәрізді үйді баспана ету *немесе* түйенің өркеші тәрізді үйді баспана ету мақсатында оған кіру» деген

мағынаны беруі. «Түйенің өркеші тәрізді үй» дегенде көз алдымызға Дешті Қыпшақ даласын мекендеген қыпшақтардың (жалпы түркілердің), расында да түйенің өркешіне ұқсайтын, қоңыр киіз үйлері елестейді. Мысыр еліндегі, жалпы араб елдеріндегі түйелер бір өркешті болып келеді. Екі өркешті түйенің өркешінен гөрі бір өркешті түйенің өркеші киіз үйге көбірек ұқсайды. Осыны ескерсек «قازاق» [қазақ] сөзінің мағынасын арабтарға түсіндіру үшін қолжазба авторы «المحرّد» [әл-мухәррад^{у}] сөзін өте сәтті қолданған. Осыған қарап Мысырды билеген мәмлүк қыпшақтары да киіз үйлерде *немесе* киіз үйге ұқсас үйлерде тұрғанын жорамалдауға болады;

Бесінші, «қазақ» сөзінің «үйлі болу, бөліну, бөлініп енші алу» деген мағыналары Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр хандығынан бөлініп, жеке отау тіккен тарихи оқиғаның мағынасына дөп келуін айтуға болады. Өз алдына еншісін алып, жеке отау тігу – белгілі бір жағдайда еркіндікке, тәуелсіздікке жету екеиі анық. Осы тарихи оқиға кезінде Керей мен Жәнібек және олардың соңынан ерген ру-тайпалар Әбілқайыр хандығынан бөлініп, жеке отау тіккелі бара жатқанда, сол замандардағы барша халыққа түсінікті «бөліну, бөлек отау тігу» мағынасындағы **«қазақпыз, біз қазақпыз, қазақтармыз»** деген сөзді ұран ете үдере көшкен деп шамалаймыз. **Уақыт өтіп, ұрпақтар ауыса келе «қазақ» сөзі халық атауына айналғаннан кейін, негізгі «бөліну, бөлек отау құру, үйлі болу» деген мағынасы көмескіленіп, ұмытыла бастаған**;

Алтыншы, өз күшіне сенгендер ғана бөлініп жеке отау тігеді. Осы тарихи оқиғадан-ақ қазақ халқын құраған ру-тайпалардың ықылым заманнан бері ер жүрек, өр рухты, батыр халық болғанын көре аламыз. Қазақ халқынан (қай соғыста болмасын) батырлардың көптеп шығуы да осының дәлелі;

Жетінші, «қазақ» сөзінің мағынасы «қашақ, қаңғыбас, кезбе, жалаңаш, бірдемеден айрылған» болса, бұл сөз бүтін бір халықтың атына айналмас еді. Өйткені бір жақтан қашып келген адам ешқашан да өзін «қашып келгенмін, қашақпын», қаңғырып келген адам өзін «мен қаңғыбаспын», түгі жоқ адам өзіне өзі «мен жалаңашпын» деп айтуды ар санайды;

Сегізінші, қазақ халқын құрап отырған ру-тайпалар қашақ, қаңғыбас болатындай еш жақтан жер ауып, тау асып қашып келген жоқ. Өздерінің атамекендерінде тұрып келе жатқан байырғы халықтардың жалғасы. Қашып-пысып, жан-жағына жалтақтап, қаңғырып жалаңаш жүрген ел хандық құрып, ұлан-ғайыр жерге иелік ете алмас еді.

Қорытындылай келе айтарымыз қолжазбаның дұрыс оқылмауы салдарынан «қазақ» сөзіне таңылған «қаңғыбас, кезбе, қашақ», «жалаңаш, бірдемеден айрылған», т.б. секілді жағымсыз мағыналарды «қазақ» сөзінен, яғни ұлт атауынан арылтуымыз керек. «Қазақ» сөзі хандық құрылғанға дейінгі әлеуметтік мәнде қолданылған кезде де, кейінірек хандық құрылғаннан кейінгі этнонимге айналар кезге дейін де **«үйлі болған, бөлінген, бөліпіп еншісін алған, жеке отау тіккен»** секілді жағымды мағынада қолданылған. Мақаламызды **«қазақ» сөзінде қазақ халқы ұялатындай мағына болған емес** деп түйіндейміз.

1 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. II т. – Алматы: «Атамұра», 1998. - 640 б.

2 Ein turkisch-arabisches Glossar. Nach der Leidener Handschrift. Herausgegeben und erlautert von M.Hautsma. Leiden, Brill, 1894, p.25, 87.

3 Курышжанов А.К. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. – «Тюркского-арабского словаря». – Алма-ата: «Наука», 1970. – 235 стр.

4 Самойлович А.Н. О слове «казах» // Казахи. Антропологические очерки. – Вып. 11. – Л., 1927. – 252 с.

5 Ибрагимов С.К. Еще раз о термине «казах» // ТИИАЭ КазССР. – Алма-Ата, 1960. – С. 66-71.

6 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государство и народы Еврвзийских степей. Древность и средневековье. Второе издание. Исправленное и дополненное. – СПб., 2004. – 368 с.

7 Қазақ тарихынан / Құраст: Елден Аққошқаров – Алматы: Жалын, 1997. – 544 бет.

8 Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – 520 б.

9 Қыпшақ-араб сөздігінің қолжазбасы. Мысыр. – 1245 жыл.

10 ابن منظور. لسان العرب. بيروت: دار إحياء التراث العربي، ج 3. 1993. – 433 ص.

11 ابن منظور. لسان العرب. بيروت: دار إحياء التراث العربي، ج 12. 1993. – 381 ص.

12 Баранов Х.К. Арабско-русский словарь. – 6-е изд. – М.: Рус.яз., 1984. – 944 с.

13 معجم اللغة العربية المعاصرة / أحمد مختار عمر بمساعدة فريق العمل. العربعة المجلدات. المجلد 1. ط1. – القاهرة: عالم الكتب، 2008 م. – 833 ص.

14 المعجم الوسيط / مجمع اللغة العرية، جمهورية مصر العربية، ط 4، مكتبة الشروق الدولية. – 2004 م. – 1067 ص.

15 المعجم الوجيز / مجمع اللغة العرية، جمهورية مصر العربية، طبعة خاصة بوزارة التربية والتعليم. – 1995 م. – 687 ص.

Резюме

К.А. Кыдырбаев. Этимология слова «қазақ»

(на основе рукописи кипчакско-арабского словаря вышедший в 1245 году)

Слово «қазақ» было впервые использовано в «Кипчакско-арабском словаре», написанный египетскими мамлюками в 1245 году, также было впервые дано пояснение на арабском языке. Впервые исследовавшие этот словарь голландский ученый М.Т.Хоутсма и отечественный ученый А.Курышжанов неправильно прочитав кипчакское слово «қазақ» на арабском переводе к слову «қазақ» приписывали следующие значения: «бродяга», «один, одинокий», «обнаженный, голый, простой, лишенный чего-л.». В данной статье на основе рукописи кипчакско-арабского словаря значение слова «қазақ» были пересмотрены и раскрыты правильное значение. Выявленное значение доказано с аргументами.

Ключевые слова: казах, кипчак, араб, рукопись, этимология.

Summary

K.A. Kydyrbayev. Etymology of the word "kazakh"

(On the basis of manuscripts of Kipchak-Arabic dictionary published in 1245)

The word "Kazakh" was first used in "Kipchak-Arabic dictionary", written by the Egyptian Mamluks in 1245, and was first given an explanation in Arabic. First explored this dictionary Dutch scientist M.T.Houtsma and domestic scientist A.Kuryshzhanov misread Kipchak word "Kazakh" in the Arabic translation of the word "Kazakh" attributed to the following values: "tramp", "alone, lonely," "naked, naked , simple, devoid of smth. ". In this article, based on a manuscript Kipchak-Arabic dictionary meaning of the word "Kazakh" were reviewed and disclosed the correct value. The observed value of proved with arguments.

Key words: Kazakh, Kipchak, Arab, manuscript, etymology.

УДК 181.161.1

ПОНЯТИЕ МОРФЕМЫ И ЕЕ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ В ТРУДАХ И.А. БОДУЭНА ДЕ КУРТЕНЭ И ЕГО ПОСЛЕДОВАТЕЛЕЙ

А.Д. Маймакова – *Казахский национальный педагогический университет имени Абая*
к.филол.н., доцент, доцент кафедры практических языков

Аннотация. Традиция, идущая от И.А.Бодуэна де Куртенэ, рассматривает морфему в единстве формы и содержания, т.е. как минимальный линейно выделимый значимый элемент языка. Однако данное определение морфемы не обеспечивает действительного единообразия в ее толковании.

В настоящей работе представлен обзор различных толкований термина «морфема» в работах представителей русского и советского языкознания, Пражской лингвистической школы, дескриптивной лингвистики.

Основные расхождения в трактовке морфемы связаны с асимметрией в структуре плана содержания и плана выражения морфемы как языковой единицы.

Наличие различных интерпретаций морфемы в лингвистической литературе свидетельствует о том, что каждой из них соответствует свой ряд фактов. Следовательно, какие именно языковые явления называть морфемой, а какие – иначе, есть вопрос договоренности.

Ключевые слова: морфема, единица языка, минимальная значимая часть слова, значение, семантика, двусторонняя единица, И.А.Бодуэн де Куртенэ, Пражская лингвистическая школа, дескриптивная лингвистика.

На современном этапе развития лингвистики вопрос о том, что морфема является наименьшей знаковой единицей, не подвергается сомнению. Морфема – значимая единица более низкого уровня, чем слово. При этом имеется в виду, что морфема является минимальной значимой единицей именно по форме, а не по значению [1; 2].

Определяемая как минимальный знак, морфема представляет собой двустороннюю единицу языка, т.е. такую единицу, в которой за определенной формой (означающим; экспонентом,

материальным показателем; материальным, планом выражения) закреплено определенное содержание (означаемое; значение, структурная функция; идеальное, план содержания) и которая нечленима на более простые единицы того же свойства [2; 3; 4; 5]. Как единица языка морфема существует именно благодаря своему значению. Без значения нет и не может быть морфемы, а следовательно, и знака. Знак и значение взаимно обуславливают и предполагают друг друга [6].

Как и в любом знаке, в морфеме материальное и идеальное составляют устойчивое диалектическое единство.

В языкознание понятие и термин «морфема» были введены в 80-х годах XIX века И.А.Бодуэном де Куртенэ как обобщение понятий корень и аффикс. «Термин «морфема», по мнению ученого, является «родовым, объединяющим для частных, видовых понятий вроде *корень, приставка, суффикс, окончание* и т.п. Считать подобный термин лишним – это то же самое, что считать лишним объединяющий термин «дерево» и довольствоваться частными названиями «дуб», «береза», «ель», «ива» и т.д.» [7].

И.А.Бодуэн де Куртенэ способность обладать семантикой считал основным свойством морфемы. Он подчеркивал: «Против деления речи на предложения, предложений на слова, слов на морфологические единицы немного, пожалуй, можно сказать. Ибо это все более подробное деление опирается постоянно на одну и ту же основу, исходит постоянно из того же самого принципа: здесь везде играют роль значения, элемент морфологически-семасиологический. Но на морфологической единице, или ... морфеме, это деление кончается» [8]. Остальные свойства морфемы опираются на значение, связаны с ним.

В трудах И.А.Бодуэна де Куртенэ наметилось и определение морфемы как минимальной значимой части слова. Это свойство отмечено и в вышеприведенном высказывании. В другом месте ученый писал: «Морфема – дальше неделимый, дальше неразложимый элемент языкового мышления» [7].

Таким образом, по И.А.Бодуэну де Куртенэ, морфема является двусторонней единицей (имеет значение и фонетическую форму) и функционирует в составе слова.

В бодуэновском определении морфемы подчеркиваются три ее важнейших особенности: двусторонность, минимальность, синтаксическая несамостоятельность.

Такое понимание термина «морфема» получило распространение в работах представителей русского и советского языкознания, пражской лингвистической школы, дескриптивной лингвистики. В дальнейшем определение морфемы, переосмысляясь, получая новые интерпретации, претерпело существенные изменения.

Можно считать, что в русистике бодуэновская концепция морфемы является традиционной. Как минимальная значимая часть слова характеризуется морфема в академических грамматиках русского языка, энциклопедии «Русский язык», действующих учебных пособиях, словарях по современному русскому языку и др. Ср. «Слова могут делиться на морфемы ..., т.е. на отрезки, имеющий каждый то или иное значение в данном языке. ... Морфемы являются неделимыми, со смысловой точки зрения, единицами» [9; 10]. Грамматики -70, -80, исходя из первоначального смысла термина «морфема» – форма, определяют ее (морфему, точнее морф) как «минимальную значимую часть словоформы, наименьшую единицу плана выражения, которую можно соотнести с планом содержания» [11; 12].

В.Н.Немченко высказывается в том смысле, что морфема, являясь мельчайшей значимой единицей языка, «характеризуется в разных случаях употребления известной общностью как «со стороны значения, так и со стороны звукового выражения» [4].

Как видим, большинство отечественных языковедов определяет морфему как далее неделимую значимую часть слова. Положительным моментом в теоретическом исследовании морфемы можно считать то, что в отечественной лингвистике морфема всегда определялась с учетом как формального, так и семантического признаков. Однако именно это и привело к существенным разногласиям. Один из источников расхождений связан с отсутствием точного соответствия между планом содержания и планом выражения. Отсюда, как отмечает А.Н.Тихонов, в отдельных работах не учитывается признак минимальности [13]. Думается, что не учитывается принцип минимальности формы. Что касается содержания, то, по мнению ученого, никто в языкознании не выступает против наличия значения морфемы (хотя в практике лингвистического анализа некоторые исследователи морфемами считают и части слова, «лишенные семантики») [13].

Необходимо заметить, что бодуэновское понимание морфемы прежде всего нашло отражение в трудах его учеников и последователей: Л.В.Щербы, В.А.Богородицкого, Е.Д.Поливанова, В.В.Виноградова, И.И.Мещанинова и др. Именно как родовое понятие, объединяющее видовые понятия корня и аффиксов всех видов, как минимальную значимую часть слова воспринял морфему Л.В.Щерба. «Морфемы – общее понятие, под которое подходят столь употребительные понятия, как корень, суффикс, префикс, окончание». Морфемы – «ряд звуковых комплексов, ассоциированных с известным, определенным значением, и далее с точки зрения значения неделимых» [14].

У В.А.Богородицкого в дефиниции морфемы отсутствует указание на минимальность: в число морфем, наряду с корнем и аффиксами, он включает основу слова, имея в виду и производную основу.

«Слова ... разлагаются на части, тоже имеющие значение – на части знаменательные или морфологические, каковыми являются: корень, префикс, суффикс, окончание и основа» [15]. Как отмечает Ю.С.Маслов, В.А.Богородицкий «фактически снимает второй признак морфемы – ее минимальность, смысловую неделимость на меньшие отрезки» [16].

Подобное употребление термина морфема можно найти у И.И.Мещанинова: «Нельзя учение о формальной стороне слова с его значимыми частями (морфемами) отделять от учения о значимости самого слова» [17]. В сноске 1 на этой же странице он подчеркивает, что сохраняет за морфемами их понимание как значимых частей слова. Ученый склонен считать точку зрения В.А.Богородицкого на морфему традиционной.

И.И.Мещанинов выделяет у морфем две основные функции: лексическую и синтаксическую. Морфемы, выражающие лексические особенности слова, он называет лексическими, или лексемами. К лексемам он относит «флективные изменения, агглютинативные приставки, фонетические изменения самой основы, ударение и др.» Синтаксические морфемы, или синтаксемы передают, по его мнению, синтаксическую семантику, т.е. разного рода отношения между значимыми частями. А поскольку эти отношения выражаются предложением, то синтаксемы И.И.Мещанинова сближаются с так называемыми «морфемами Вандриеса» [17].

Следуя традициям Бодуэна де Куртенэ в понимании морфемы, Е.Д.Поливанов определяет ее как «морфологический элемент, обладающий самостоятельным значением, и неделимый на обладающие самостоятельными значениями части» [18]. Разделяя морфемы, понимаемые в указанном смысле, на лексические (или материальные) и формальные (или форманты), он считает возможным дать статистическое обоснование их разграничению: «Среди элементов слова явно выделяются два различных класса по частоте их функции (т.е. участия) среди массы различных слов; а условия, относящие тот или другой элемент к одному из этих классов, состоят, понятно, в значениях их, т.е. сводятся, в конечном счете, к внеязыковым данным» [18]. Морфему, выражающую лексическое значение, Е.Д.Поливанов называет лексической, а морфему, выражающую морфологическое значение – формальной. Рассматривая вопрос о соотношении между словом и морфемой, он отмечает один из существенных признаков слова – его потенциальную способность изолироваться. В то время как подавляющее большинство морфем никогда не употребляется самостоятельно [18].

В работах В.В.Виноградова отсутствует указание на минимальность морфемы. Морфемой он называет «каждую значимую часть слова, т.е. часть слова, имеющую значение, все равно, корень или аффикс» [19]. Как указывает В.В.Виноградов, существенное различие между словом и морфемой состоит в том, что «морфемы, входящие в состав слова, обычно неподвижны», слово же «способно более или менее свободно перемещаться в пределах предложения» [20]. Отсюда следует, что между морфемами в слове те или иные отношения, связи реализуются только при их прямом соположении, а различные зависимости между словами в речи могут реализоваться при их любом расположении (контактном или дистантном).

Бодуэновская концепция морфемы была в основном принята пражскими структуралистами. В «Проекте стандартизованной фонологической терминологии» морфема определена как «морфологическая единица, не поддающаяся делению на меньшие морфологические единицы, т.е. часть слова, выступающая в целой серии слов с той же формальной функцией и не способная быть разделенной на меньшие части, обладающие этим свойством» [21]. Следует отметить, что в данном определении: 1) минимальность значимой единицы языка определяется по ее форме; 2) термин (формальная) «функция» употребляется, когда речь идет о значении (функция слова, предложения)

или о структуре смысловых единиц (функция фонемы); 3) употребление термина (формальная) «функция» вместо «значение, значимость» устраняет проблему, связанную с существованием «асемантических морфем».

Среди представителей Пражской школы представляет интерес точка зрения В.Скалички на морфему. Он предлагает иное решение проблемы. Так, В.Скаличка полагает, что «минимальной языковой единицей, обладающей значением, является *сема.* Она не может быть разделена на меньшие значащие части. Например, в слове zyb-at-ý пять сем: zyb- «зуб», -at – суффикс прилагательного и - ý, которое содержит три семы: 1) именительного падежа, 2) единственного числа, 3) мужского рода» [22].

Но при этом он продолжает пользоваться и понятием морфемы. В чем же состоит различие между морфемой и семой? По мнению ученого, 1) морфема имеет формальную основу, сема – основу смысловую; 2) сема обычно выражается непрерывным фонематическим рядом, и это означает, что она является одновременно и семой и морфемой [22]. Иными словами, морфема – это сема или комбинация сем, которая непосредственно или с помощью других морфем выражается непрерывным рядом фонем. Таким образом, В.Скаличка как бы расчленил единое понятие морфемы на два частных понятия: одно – с опорой на значение (функцию), другое – с опорой на форму. Ср. «Сема – грамматический элемент», «Сема – любая грамматическая единица (сема, морфема, слово и т.д.)»; «Формема – единица, противопоставленная семантеме (очень часто называемая «морфемой») [22]; «Формемы ... можно разделить на формальные слова, приставки, суффиксы» [22]. Но одновременно можно встретить и такое утверждение: «Сема – большей частью, хотя и не всегда, выражается непрерывной последовательностью фонем, т.е. она обычно является тем, что принято называть «морфемой» [22].

Л.Новак, другой представитель Пражской школы, придерживается иной точки зрения, считая, что сема не может быть основной единицей грамматической системы. Исследуя особенности структуры слов в венгерском языке, он приходит к выводу, что соединительные гласные – это морфемы, которые «явственно выделяются, ... но которым в функциональном плане не соответствует никакое элементарное формальное значение, т.е. никакая сема» [21]. Поэтому, по его мнению, основной единицей грамматической системы следует считать морфему.

Однако Л.Новак считает нужным сохранить оба термина, так как он воспринимает эти две единицы – морфему и сему – в непосредственной связи с проблемой соотношения формы и функции в языке. Так ученый рассуждает, что «если для общего языкознания понадобится выдвинуть тезис о двойственности планов, формального и функционального, то в функциональном плане наименьшей единицей можно считать сему, а в формальном – морфему» [21].

В трактовке морфемы В.Скаличкой и Л.Новаком представляет особый интерес мысль об отсутствии взаимооднозначного соответствия между планом содержания и планом выражения языковых единиц.

Позже Н.Д.Арутюнова составит подробную классификацию расхождений между единицами плана содержания и единицами плана выражения [23].

Необходимо заметить, что в трактовке морфемы отечественными лингвистами и представителями Пражской школы общее то, что морфема рассматривается в основном как значимая часть слова, как единица формо- и словообразовательного уровней.

Думается, что противоречия, которые были характерны для лингвистов Пражской школы при исследовании морфемы, одолевали, быть может, в более острой форме и американских структуралистов. Считая морфему основной единицей языка, дескриптивисты первоначально определяют ее без учета значения, так как вообще они рассматривают значение как категорию внелингвистическую. «В дескриптивной лингвистике, – пишет Л.И.Илия, – в особенности на раннем этапе ее развития, морфема рассматривалась как основное понятие грамматики, позволяющее объединить морфологию и синтаксис в едином плане анализа, соединяемом единством его единицы. Дескриптивный синтаксис изучает только комбинации морфем, сочетающихся в более сложные единицы» [24].

Так, по определению Л.Блумфилда, морфема – это «минимальная языковая форма, лишенная частичного фонетико-семантического сходства с какой-либо другой формой, другой последовательностью фонем» [25]. Как видим, в данном понимании термин «морфема», во-первых,

Түркі тілдерінің оның ішіндегі қазақ тілінің дамуындағы орта ғасыр дәуірінің (X ғ.-XV ғ.) маңызы еркеше. Өйткеиі бұл кезеңде әлеуметтік жағдайлар көбейіп көптеген халықтардың тілдері өз алдына отау тіккен дәуір. Басқа сатылардан гөрі бұл дәуірдің ең басты ерекшелігі жарты түркі тілдерінің бөлінін шығатын дербес тілдердің қалыптаса бастауында. Біздің қазақ тілі бұдан бұрын да қолданылған, ол көне дәуірден бастап ру тілі, тайпа тілі ретінде дамыған. Содан кейін олардың біріғуінің негізінде рулардың тайпаға, тайпаның өзара біріғуі негізінде бірлестік негізінде тайпа тілдері пайда болды. Тайпа тілдерінің бірлестігі негізінде қазақтың халық тілі пайда болды. Қазақтың халық тілінің дамуы үлкен ұлттық сипатқа ие. Қазіргі қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мәртебесіне ие болды. Атап айту керек X ғ. Орта Азияда ислам діні өте кең тараған. XV ғ. Орта Азияда ислам діні арқылы араб-парсы тілдеріне еліктеу араб тілінде жазу деген мәселе күшейе түсті. Мемлекет басында тимуридтер отырса да, шағатай тілі ресми мемлекеттік тілі ретінде танылмайтын. Ұлты түркі тілдес халықтардан шыққан ақын-жазушылар араб тілін жете меңгерін екі тілде бірдей жаза білген. Навоидің тілімен айтқанда түркілердің үлкенінен кішісіне дейін сарбазынан бегіне дейін сад яғни тәжік парсы тілін еркін пайдалана білді. Сол дәуірдің барлық ақындары сияқты А.Науаи да өз шығармаларын әрі парсыша, тәжікше, әрі түрікше жазған. Парсы тәжік тілдерінде өлеңдерін фони түрікше өлеңдерін («Фони» сөзі араб тілінен тез өтетін, өткінші мағынасын білдірсе, наво сөзі – күй мағынасын білдіреді) деп қол қойған, ал А.Науаи түркі тілдерін араб тілімен қатар қойып түркі тілдерінде өте жақсы өлеңдер жазуға болатынын айтты және оны іс жүзінде өзі де көрсете білді [2] .

Қазақтардың халық ретінде қалыптасуын көптеген ғалымдар қазақ хандығының құрылуын көшпенді өзбектердің, Махмұд Шайбанидің Мавреннахрды жаулап алуымен, қазақ сұлтандары Керей мен Жәнібектердің Әбілқайырдың қол астынан бөлінін шығуымен байланыстырады. Тарих

мағлұматтарына жүгінсек бұл дәуір қазақ халқының жеке отау тіғуінің аяқталған дәуірі. Ал біз сондықтан Керей мен Жәнібектің Шу бойына келін хандық құрғанын осыдан бастау дұрыс емес деп есептейміз. Өйткені қазақ хандарының атасы одан бұрынырақ пайда болған. Көпшілігі тарихқа белгілі.

І Петр заманында тарих, тіл мен әлеуметтік құрылысына қызығу басталады. Тілді үйрету үшін әр жерлерде жас кадрлар даярлау керек еді. Ресейде тілмаштардың болуы бұл жұмысты орындау мүмкіндігін туғызады. І Петр солай етеді де, 1716 жылы 18 қаңтардағы Сенаттың Указында түрік, парсы, араб тілдерін үйрену үшін 5 адам таңдап алынады.

СССР Ғылым академиясы кітапханасының қолжазба қоры мен СССР-дегі жүйелі ғылыми кітапханаларда бірнеше қолжазба сөздіктерді кездестіруге болады. Көптеген сөздік В.Н.Татищев құрастырған сөз жинау анкетасына жауап ретінде жазылған. Анкетамен байланысты жазылған сөздік: «Русско-татарско-чеґодайского (чағатайский – Ө.К., М.О.) – персидско-туреңко, кабардино-кудачинско-аварский словарь». Ленинградтағы Шығыстану институының қолжазба фондында: «Калмыңко-армянско-персидско, татарский словарь еңбектері сақталуда [2].

Ресейде шығыстану пәні XIX ғасырда жоғары оқу орындарында оқытылғанын айтуымыз керек. Міне осы ретте көптеген ғалымдар аттарын атауға болады. Олардың ішінде 1830 жылдан бастап Б.А.Дорн араб-парсы, санксрит, түрік көне еврей тілдерінен дәріс оқығанын айтуымыз керек. Қазан университетінде шығыс тілдерінен 1807 жылдан бастап Х.Д.Френ дәріс оқи бастайды. 1815 жылы ол Қазан университетінің тарих-филология факультетінің деканы қызметін атқарады. Сол кезде шығыстану университетінің парсы класында татар тілінен басқа араб, парсы, моңғол, қытай тілдерінен де сабақ берілуі керек болатын. Х.Д.Френ негізінен араб парсы тілдерінен сабақ береді. 1826 жылдан бастап Қазан университетінде араб парсы тілдерінен Казем-бек (Мирза Мұхаммед Али Касымоғлы) дәріс оқи бастайды. Ол 1802 жылы туған, ұлты әзербайжан. Университетте сонымен қатар арабист, профессор Ф.И.Фредман (1793-1863) ұстаздық еткен. Қазанда сол кезде Н.И.Ильминский қызмет етті. Ал, ол Ильминскийдің Ы.Алтынсаринмен таныс болғандығы, бүкіл күллі түркология тарихында қазақ тілін арнайы зерттеген ғалым екендігін айта кетуіміз керек. Оның мысалы «Материалы к изучению кирғиз-казахского наречия» (Каз., 1861), «*Самоучитель* русской ғрамоты для кирғизов» (Каз., 1862), «*Воспоминание* об И. А. Алтынсарине» (Каз., 1891.) т.б. еңбектер жазғанын білеміз. Сол кезде Ғ.К.Саблуков ғалым Н.И.Ильминскийден кейін университетте 1854 ж. араб тілінен сабақ берген, құранды орыс тіліне аударушы болған. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Санкт-Петербурғ университетінде сабақ берген атақты түркологтардың бірі – профессор П.М.Мелиоранский. ол 1887 жылы осы университеттің араб-парсы-түрік-татар бөліміне оқуға түседі.

Қазақ тіліндегі тіл ерекшеліктерін алғаш рет аңғарып, әр жерде кездесетін өзгешеліктердің себептеріне, ондай айырма сөздердің ана тілімізді байытуға зор үлесі болатыны жайында бірінші рет мақала жазған жазушы Жүсінбек Аймауытов екен. Мақала 1926 жылы наурыздың 9-ында «Еңбекші қазақ» ғазетінде «Тіл туралы» деген атпен жарық көрген. Сөз жоқ, бұл мақала диалектологияның зерттелу тарихын, біз айтып жүргендей емес, одан әлдеқалай бұрын, 20-жылдарда басталған.

Автор қандай бір тіл болмасын, таза тілдің жоқтығын, оның басқа тілдермен қарым-қатынас жасау нәтижесінде көптеген сөздердің енетінін, қабылданатынын ескертеді. Бұл мәселе жайында қазақ тілі де құралақан емес деп қарайды. Қазақтың қай елінің, қай ғубернесінің тілі нағыз қазақ тілі, қай елінікі будан, былық тіл екенін кесіп айту қиын. Мысалы бөкейліктерде татар, араб, парсының, орыстың, Жетісу мен Сырдарияда өзбектің, Қостанайда орыс пен ноғайдың, Семей мен Ақмолада орыс пен араб тілдерінің ықпалы мол екенін айта келіп, нағыз қазақтың таза тілі аз болып шығатынын ескертеді. Тілімізде әлдеқашан сіңісіп, етене болып кеткен: пайда, ырас, дұрыс, пенде, дос, пара, мейман, қымбат, дәулет, өнер, т.б. араб, парсы тілінен енген сөздерді қалай пайдаланбай тұра аламыз. Ол түгіл «хат», «қалам» деп араб, парсы сөздері деп жүрген «қалам» әрі үнді, әрі ғрек жұртында бар екен, мұны қайтеміз деп сауал қойып мұндай тілімізде сіңіп кеткен сөздердің басқа тілден енгендігін, біздің тіліміз де таза тіл емес екендігіне зер салады [3].

Осы сияқты жағдайлардың бәрі Ресей арқылы, ислам діні арқылы парсы тілінің біздің халықтың ортасына ене бастағанын көреміз. Демек, бұл арқылы не айтқымыз келін отыр, парсы тілін білу мәселесі қазақтар үшін үлкен рөл атқарғанын соның ішінді біздің ұлы ғұлама адамдарымыз, содан кейінгі қазақтың керемет ақын-жазушыларымыз араб-парсы тілдерін үйренген. Тіпті Абай атамыз да араб-парсы тілін жақсы меңгерген. Демек, біздің халқымыз үшін парсы тілі жат тіл емес.

Қазіргі халықаралық аренаға шығуымызға байланысты, парсы тілді елдермен тікелей қарым-қатынасқа шығуымызға байланысты қазақтардың парсы тілін өзінің ана тілін салғастыра отырып үйренуі бұл өте ұтымды әдіс болып есептеледі.

1. Гл.ред. Ярцева В.Н. Лингвистический энциклопедический словарь – М.: Советская энциклопедия .1990
2. Қайдаров Ә., Оразов М. Түркологияға кіріспе - Алматы: Мектеп, 1985
3. Нақысбеков О. Ж.Аймауытовтың диалектология туралы кейбір ойлары // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы- Алматы: Арыс, 2001

Резюме

У.С. Шанбаева. Пути распространения персидского языка среди казахов

Аннотация: В данной статье описываются вопросы языкознания, точнее понятие о лингвониме, которое является наименованием языка и диалекта, служащих определенному этническому слою. Указываются свойственные им особенности и общие признаки. А так же, с точки зрения сопоставления исторических исследований, особое внимание удаляется типологии казахско-персидского языков и их лексико-грамматическим аспектам. В персидском языке очень много заимствованных слов, таким образом лексика персидского языка непрерывно обогащалась. Например очень много слов с арабского, турецкого, русского, французского и английского языков. Даются конкретные доказательства того, что на связи генеологически принадлежащих к двум разным языковым группам казахскому и персидскому языку, имели влияния исторические и социальные факторы. Отличается важность языковых связей в обогащении словесного и языкового запаса.

Ключевые слова: лингвоним, араморфология, фонология, типология, лексико-грамматические аспекты.

Summary

U.S. Shanbaeva. Ways of spreading of the Persian language among the Kazakhs

This article describes the problems of linguistics, more precisely the concept of lingvonim (linguarama), which is the name of the language and dialect that serve a particular ethnic layer. In addition, it indicates inherent features and common features. Moreover, from the point of view of comparison of historical researches, special attention removed to typology of the Kazakh-Persian languages and their lexical and grammatical aspects. There are a lot of borrowings in Persian language, therefore the vocabulary of Persian language was continuously enriched. For instance, there are lots of Arabic, Turkish, Russian, French and English borrowed words. Gives concrete evidence that the connection between Kazakh and Persian, genealogically belonging to two different language groups, which had been influenced by historical and social factors. In this article distinguished the importance of language relations in enriching the verbal and linguistic vocabulary.

Keywords: phonology**,** lingvonim, aramorphology, typology, lexical and grammatical aspects.

УДК 811.111'37

О СЛОЖНОПОДЧИНЕННЫХ ПРЕДЛОЖЕНИЯХ С ДВОЙНОЙ СВЯЗЬЮ

А.М. Шинтемирова – *старший преподаватель КазНПУ имени Абая*

Аннотация. В данной работе рассматривается природа сложноподчиненных предложений с двойной связью.

В статье отмечены особенности употребления двойных союзов со стабильными и факультативными компонентами, дается их подробная характеристика. Все это подкрепляется народными пословицами. Достаточно полно проанализировано использование союзов коли ..., то ...; роль частиц ... и, то .... По своей природе эти частицы схожи с синтаксическими союзами. Также отмечается единичность употребления союзов если ..., тогда ...; как ..., тогда .... Особое внимание уделено предложениям с союзами чем ..., тем ....

Для сложноподчиненных предложений с двойной связью свойственна особая семантика, объединяющая условную, причинную, следственную и сопоставительную семантику.

Ключевые слова: продуктивный, двойная связь, стабильные и факультативные компоненты, народные приметы, сочетание, функция.

Сложноподчиненные предложения с двойной связью относятся в современном русском языке к числу наиболее продуктивных. Их распространение и упрочение также стимулируется тенденцией в

семантической дифференциации и специализации и является одним из свидетельств стремления языка к развитию черт аналитика. В оформлении двойной связи вместе с союзом принимают участие корреляты. В этих случаях союзы выступают как компонент двухместного союзного соединения, как известно, такие средства связи называют двойными союзами, среди которых выделяются двойные союзы со стабильными компонентами и с факультативными компонентами.

К двойным союзам со стабильными компонентами относятся союзы: как... так и |то и| и; коли ... так (то и) к союзам с факультативным указательным компонентом относятся союзы: если то (так), коли ... то (так); как ... то (так), когда ... то (так). Союзы как ... так и, если... так и, как ... то и широко употребляются в синтаксисе народных примет. Такие союзы состоят из обстоятельственных союзов и союзных частиц. Частица и в двойном союзе может находиться в контактном и дистантном расположении с союзными частицами то, так, которые сами относительны и всегда препозитивны. Сочетания то и, так и для литературного языка являются просторечно-диалектными или устаревшими: Как кукушка закукует,так и сеять лен; Как будет в мае дождь, так будет и рожь; Если не затянет дождем, то и зима вслед за тем придет; Коли редки звезды, то и ягод будет мало; Коли осина задрожит, так и скот в поле сыт.

Союзы коли… то и может употребляться с усилительной частицей уж коли… то и. Уж коли северный ветер холодит, то и все лето таково (холодное); Уж коли снег ляжет, то и лежать ему до половодья. В таких предложениях происходит сближение условно-временного значения с причинным. Функцию актуализатора причинного значения выполняет частица уж, которая примыкает к союзу если.

Частица и может употребляться самостоятельно, выражая значение аналогичного условия: Коли в поле зимой гладко, и в сусеке будет гладко; Коли черника поспела, поспела и рожь; Если утренник холодный, и зима холодная; Если лед на реке становится грудами, то и хлеба будут груды.

Частицы то, так рассматриваются или как составные части двойных союзов или как коррелирующие с подчинительным союзом. По характеру употребления такие частицы сближаются с синтаксическими союзами. Мы склонны рассматривать их как часть двойного союза. Частицы то, так, тогда указывают, что далее следует более важное сообщение о ситуации- следствии, обусловленной ситуацией – условием или связанной с ней как временной формой существования. Указательный элемент союза так близок к то. Отличие состоит в стилистической отмеченности последнего – его разговорной окраске. Союзы если... то, коли... то, когда... то достаточно частотны в языке народных примет: Если дубовый лист развернулся, то земля принялась за свой род; Когда весной овражки заиграют и опять замерзнут, то будет помеха на урожай. Коли береза вперед опушается, то жди сухого лета. Как на Георгия будут морозы и повторятся через неделю, то должно ожидать теплой осени; Коль на благовещенье снег на крыше, так будет он еще через месяц в поле.

Зафиксированы в единичном употреблении если... тогда, как... тогда. В предложениях с подобными союзами коррелят тогда усиливает временное, но не перекрывает условное значение: Когда в селе дождевина, тогда в сусеке ведрина. Когда летят первые журавли, тогда пора сеять пшеницу.

В сложноподчиненных предложениях ярко проявляется семантика аналогичности и обобщенности, присущая народным приметам. Значение аналогичности выражается с помощью союзов если … то/то и (так и /| и, коли… то/то и (так и/и когда... то /то и (так и/и как ... так/так и/и, эксплицирующие значение аналогичного условия: Если утренник холодный, то и зима холодная; Как будет в мае дождь, то будет и рожь. На аналогичные условия наступления событий может указывать употребление местоименных сочетаний с отождествительным значением: Если 18 января будет метель – то же самое будет и на масленицу; Если первый день в году веселый (счастливый), то и год будет таков. Как богат иней на деревьях, таков будет цвет на хлеба. Уподобление событий может быть основано на лексическом повторе. Если погода хорошая (на 24 сентября), осень будет теплая. Коли до Ивана просто в ложку, то будет и в ложке. Если на Семенов день теплая погода, то и вся зима будет теплой. Повтор может осуществляться прономинализацией посредством предметно-указательных и местоименных наречий или местоимений: Коли метель (19 января), то мести ей и через три месяца; Если на чеснок урожай, такой и на рожь.

Значение обобщенности имеет свою структуру в народных приметах. Центр ее образует предложения, построенные на основе соотносительных пар: каков (а, о)...ттаков (а, о) и; какая… такая

и, откуда… оттуда и (отколь... оттоль и); куда… туда и; где… там и; когда… тогда. Предложения, построенные на основе данных коррелятов, могут выражать не только условно-временные, но и условно-пространственные, условно-определительные отношения. Такие предложения могут рассматриваться как предложения с высокой степенью обобщения, которая дает возможность наблюдателю самому устанавливать условно-следственные связи между явлениями, происходящими в определенный временной промежуток. Частица и в главной части акцентирует сходство, например: Какова вечерняя заря, таков и другой день. Каков первый день января, таков и первый день лета; Какой день маслёны красной, в такой сей пшеницу. Какова всеядная (погодой), такова и масленица. Какова погода на четвертый день новолуния, такая погода продержится до полнолуния. Пространственное значение может эксплицироваться коррелятом какой...оттуда. в какой части неба звезды блестят сильно – оттуда жди ветра.

Условно-следственное значение может выявляться при соотношениии двух признаков по объему, размеру: Какова опока на деревьях, таков цвет будет на хлебе; Каковы на Алексея ручьи, такова и пойма (разлив). Коррелят когда... тогда: Когда рыбка, тогда и голодно; Когда гром, тогда и ведра. Коррелят откуда, оттуда (с вариантами – отколе… оттоле и; отколь... оттоль и) фиксирует закономерную связь двух явлений, мотивированную пространственным признаком, аналогичность двух явлений поддерживается частицей и в главной части: Откуда был ветер (14 марта), оттуда и во все лето; Откеле ветер, оттуда и во все лето будет дуть. Откуда ветер, оттуда и погода. Отколь гроза, оттоль и ведра. Условно-пространственные предложения могут оформляться на основе коррелятов: куда… туда и: Куда гром, туда и дождь; Куда ветер, туда и дождь; где... так и: Где вода, там и сена вороха; Где ковыль, там и хлеб; Где гроза, там и ведра.

Максимально обобщенные по семантике предложения составляют целые гроздья предложений, конкретизирующих то или иное явление в зависимости от характера протекания действия, временной, пространственной локализации, частных признаков: 1. Зима работает на лето, а лето на зиму. Зима лето строит; По зиме ложится лето.Если зимой тепло, то летом холодно. Если зимой вьюги – летом ненастье; Если зимой иней – летом роса. Если зима без снега – лето без хлеба. Если зима снежная – лето дождливое. Обобщающее по семантике предложение и конкретизирующие его могут находиться в одном контексте: Какова середина марта, таково и лето: подул теплый ветер – будет лето теплое и мокрое, если же шел снег, мороз и ветер с севера – лето будет холодное, а если пойдет дождь – все лето дождливое. Обобщающее по семантике предложение может иметь форму простого предложения: Смотри весну по Аксинье: какова Аксинья, такова и весна; или на Астафье примечай ветер: северный к стуже, южный к теплу, западный к мокроте, восточный к ведру; Утром встает с последним петухом и, глядя в небо, галки кричат и роятся ближе к земле –далеко не уходи: пурга близка.

Особую группу составляют предложения с союзом чем… тем.

1. Союз чем…тем требует морфологического параллелизма двух предикатов: он соединяет два компаратива.

2. Порядок следования частей нестрогий, но все же фиксированный, с препозицией чем и постпозицией тем.

3. Смысловые отношения, выражаемые этим союзом, квалифицируются как сопоставительные; все другие; все другие значения признаются контекстуально обусловленными, т.е. зависящихся от конкретного лексического заполнения синтаксической структуры. Отношения между предложениями, соединенными союзом чем… тем, обычно характеризуются как сравнение, сходство, сопоставление, соизмеримость, пропорциональное соответствие, но отношения, выражаемые данным союзом в народных приметах, гораздо сложнее, они предполагают не только внешний параллелизм двух процессов, но и их внутреннее причинно-следственное взаимодействие.

Народные приметы, построенные по данной модели, обнаруживают условно-сопоставительные отношения, когда увеличение, возрастание или уменьшение одного признака является условием для увеличения, возрастания или уменьшения признака другого явления: Чем больше инея на деревьях зимой, тем богаче урожай; Чем раньше распустится березовый лист, тем теплее будет лето; Чем сильней первый удар грома по весне, тем лучше будет урожай. Чем раньше начинает цвести черемуха, тем жарче будет лето; Чем обильнее роса, тем жарче будет завтрашний день. Сопоставление процессов не является самоцелью, оно может констатировать закономерности,

наличие условно-следственных отношений. Условно-сопоставительное значение рассматриваемых предложений подтверждается существованием моделей, фиксирующих следственные отношения между природными явлениями: Чем больше бывает к осени муравьиных куч, тем суровее зима; Большие муравьиные кучи предвещают суровую зиму; Чем зеленее радуга, тем больше будет ветра.

Условно-следственная зависимость увеличения или уменьшения объема, количества, качества одного природного явления от другого может выражаться и в моделях, содержащих имплицитное сопоставление: На ольхе весной много шишек – хороший урожай гороха – Чем больше шишек на ольхе весною, тем лучше урожай гороха; Много одежки на луковице – быть зиме холодной – Чем больше одежки на луковице – тем холоднее зима. Мало звезд видно – к пасмурной погоде – Чем меньше звезд видно – тем пасмурнее погода.

Таким образом, сложноподчиненные предложения с двойными союзами характеризуются сложной синкретичной семантикой, включающей, наряду с условной, причинную, пространственную, сопоставительную семантику.

1. *Даль В.И. Пословицы русского народа. - М, 1984 – Т.2.*
2. *Ермолов А.С. Народная мудрость в пословицах и поговорках – Спб., Т 4.*
3. *Валгина. Современный русский язык – М: Наука, 1986.*
4. *Русская грамматика: в 2-х томах. - М: Наука, 1980.*

Түйін

А.М. Шинтемирова. Қос байланысты бағыныңқы құрмалас сөйлем туралы

Берілген жұмыста қос байланысты бағыныңқы құрмалас сөйлем табиғаты қарастырылады.

Мақалада тұрақты және факультативті бөлікті қос байланысты сабақтастың ерекшеліктері айтылады, олардың толық сипаттамасы беріледі. Бұның барлығы халық мақалдарымен бекітіледі. Егер ..., онда ...; да, де ... демеулігінің қолданылуы да толық талданады. Өздерінің табиғаты жағынан бұл демеуліктер синтаксистік жалғаулықтарға ұқсайды. Егер..., онда..., -дай, -дей ...; -ғанда, - са да... жалғаулықтарының қолдану ұқсастығы да айтылады. Неғұрлым ..., соғұрлым .... жалғаулықтарына ерекше назар аударылады.

Қос байланысты сабақтас құрмалас сөйлемдерге шартты, себепті, салғастырмалы ерекше мағына тән.

Түйін сөздер: өнімді, қос байланыс, тұрақты және факультативті бөліктер, халық ырымдары, үйлесім, қызмет.

Summary

A.M. Shintemirova. About the complex sentences with a double bond

In this paper we consider the nature of complex sentences with a double bond. The article noted especially the use of double unions with stable and optional components, given their detailed characteristics. All this is supported by the folk proverbs. Adequately analyzed the use of unions if ... then ...; the role of particles ... and then .... By their nature, these particles are similar to the syntax unions. It is also noted individuality unions use if ... then ...; as ..., then .... Special attention given to proposals with the unions than ..., so .... For complex sentences with a double bond is characteristic of a particular semantics, combining conditional, causal, investigation and comparative semantics.

Key words: productive, double bond, stable and optional components, national signs, a combination of function.

ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

ӘОЖ 821.512.122.0

ЖАМБЫЛ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Н.Ә. Алдабек – *ф.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,*
М.Ж. Амирова – *аға оқытушы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Аңдатпа. Ұлы ақын, жырау, жыршы, айтыс өнерінің майталманы Жамбыл Жабаевтың ақындық мұрасын талдап тануға, зерттеп зерделеуге деген құлшыныс қай уақытта болмасын толастаған емес.

Жамбыл Жабаев шығармашылығының ашылмаған қырлары әлі де көп. Әсіресе Жамбыл поэзиясының көркемдік әлемі алдағы уақытта арнайы зерттеуді қажет етеді. Мақалада ақын туындыларының жанрлық ерекшеліг, мазмұндық сипаты, көркемдік бояуына талдау жасалынады. Жамбылдың әлеуметтік тақырыптардағы шығармаларындағы дәуір шындығының көрінісі қарастырылады. Сатиралық өлеңдеріндегі ақындық позициясы, қоғамдық көзқарасына талдау жасалынады.

Ақын өлеңдеріндегі ауыз әдебиетіне тән өрнектермен шебер үйлескен сөздік, образдық, көркемдегіш құралдары, эстетикалық танымының айшықталуы, лирикалық нәзік иірімдер алдағы уақытта жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Тірек сөздер: импровизация, жанрлық ерекшелік, көркемдік айшықтар, ақындық позиция, психологиялық портрет.

Ақындық өнер асуында Жамбыл Жабаев өзін әр алуан шығармашылық қырынан таныта алды. Алдымен айтыстарға қатынасып, онда сөз қағыстыру, сәлемдесу, не болмаса әзілдесу түріндегі өлеңдерімен өнерін шыңдаған ақын енді бірте-бірте сын-сықақ, көңіл- күй, жастық туралы түрлі тақырыптардағы жеке өлеңдерін шығара бастайды. Олар Жамбылдың ақындық тұлғасын бірден айқындап бермеғенімен, тақырып жағынан өмір шындығын дәл көрсетуге ұмтылған әлеуметтік маңызы бар туындылар. Сонымен қатар ақын өлеңдері жанрлық құрылымы мен көркемдік сипаты тұрғысынан да әр алуан. Нақтырақ айтсақ Жамбыл творчествосынан бұрынғы салт ақындарына тән мадақ, әзіл өлеңдерді және ақынның жеке өміріне байланысты нәзік сезім мен сұлу сырға толы сыршыл, мұңды өлеңдерді де кездестіруге болады. Жамбылтанушы ғалымдар мен зерттеушілер ақын өлеңдері мен жырларын жанрлық тұрғыдан: арнау өлеңдер, өсиет өлеңдер, махаббат лирикасы, әлеуметтік лирика деп топтастырады. Арнау өлеңдері негізінен әкеге, ағаға, ақынға, батырға, байлар мен болыстарға, молдаларға, құрбы-құрдастарына арналған. «Әкеме», «Шағым» арнау өлеңдерінде ақын әкенің таңдауыменен емес, өз қалауымен жүретіндігін мәлімдесе, «Сарыбайға» деген өлеңінде Жамбыл өзінің әлеуметтік танымын айқын аңғартады. Ол ел үміт артып отырған кейбір ауыл атқамінерлерінің бойындағы жат мінез, өрескел қылықтарын жіті байқайды. Оларға наразылығын көрсетеді. Түрлі мінез, әрекеттерді тізін келін, әрі туысы, әрі ру басшысы Сарыбайдан кеңес сұрайды.

Жамбылдың «Менің өмірім», «Ақын болдым он үште», деп аталатын дастандары мен өлеңдері ақын өмірін сипаттайтын ғұмырнамалық шығармалар деуге болады. Алдыңғы өлеңінде қашан, қай жерде дүниеге келгенін, он жастан бастап өлеңге көңіл бөлгенін, он сегіз жасында ел ісіне араласа бастағанын баяндаса, келесі «Ақын болдым он үште» 7-8 буынды толғау жырында он үш жасынан 76 жасқа дейінгі өмір жолынан елес береді. «Менің өмірім» - лиро-эпикалық сарындағы өмірбаяндық дастан. «Жанрлық түрі жағынан алғанда дастан әдеби үлгілерге жақын», - деп тұжырымдайды зерттеуші М. Дүйсенов. Ақынның әуелгі шығармаларында әлеуметтік мәселелер кеңінен жырланады. Әрбір өлеңінде сол дәуірдің шындығы көрініс тауып отырады. Жамбылды ел тағдыры, мұңы мен зары жас кезінде-ақ жиі ойлантқан. «Жылқышы» деп аталатын өлеңін ақын жиырма бес жас шамасында шығарса керек. Өлеңнің мазмұнында күннің ыстығы мен суығына қарамай, мал соңында жүрін ауыр бейнет көретін малшылардың аянышты өмірі бейнеленсе, «Кедей күйінде» ақынның қоғамдық-әлеуметтік пікірі кеңейе түскен.

Жаман көйлек жыртылып,
От басында итінін,
Әрі дімкес, тамақ аш,
Әрі тұттай жалаңаш.
Аш бұралып,күн суық
Жұрт соңынан жоқшылық
Көшке ілескен итше ұрып,-

деп кедейдің аянышты тағдырын көз алдымызға әкелген өлең шумақтарынан ақынның азаматтық үні сезіледі.

Жамбылдың ақындық позициясы, қоғамға деген көзқарасы сатиралық өлеңдерінде кең көрініс тапқан. Өмір шындығын көркем жинақтап, образды түрде шебер суреттеу арқылы Жамбыл өзінің ақындық даралығын танытты. «Мөңке туралы», «Шалтабайға», «Қалиға» секілді өлеңдерінде ақын ел билеген бай-болыстар мен ұлық-төрелердің мінез болмысын терең ашып көрсетеді. Мәселен «Шалтабайға» өлеңіндегі:

Салқын келін тоң-торыс,
Сыртқа сыздап қарайсың.
Сенен басқа жоқ болыс,
Деп өзіңді санайсың, -

деген алғашқы жолдардан болыстың келбеті мен ішкі дүниесі өзара сабақтасқан, астасқан күйде дараланып келеді. Ал:

Шарға түсер шағыңда,
Қара тер боп сабылдың.
Аялған жоқ малың да,
Ақжем болып шабылдың.
Елге сөзің жеткенше
«Жамағат» деп жалындың
Қол билікке жеткен соң,
Салғырттыққа салындың-

деген жолдарда ақын болыстың іс-әрекетін жинақтап көрсету арқылы мінез даралығын айқындайды. Өмір құбылыстарын сұрыптап, типтендірудің мұндай жолдары ақынның басқа өлеңдерінде анық көрінеді. «Мөңке туралы» ақынның өзі куә болған нақты оқиға құрылған, сөйтін ақындық толғаныстан туған өлең. Ақынның өз баяндауына қарағанда ақын бір жылдары атын ұрлатып алады. Ұрлардың кім екенін анықтаған Жамбыл сол елдің болысы болып тұрған Мөңкеге арызданады. Алайда болыс ақынның өтінішін орындамай, ұрларды құтқарып жібереді. Мұның шын себебі парақорлық екендігіне көзі жеткен Жамбыл қатты ашынады. Өлеңнің шығуына осы оқиға себеп болады. Аталған өлең арқылы да Жамбыл адам бейнесін, онда да динамикалық, әлеуметтік, психологиялық портрет жасаудың үлгісін көрсете алды.

Жаңғойлық болысы пысық келеді.
Мұрындары пұшық келеді.
Екі арадан ептеп жерінде,
Көздерін қысып келеді.
Сөздерін ұзарта келеді.
Өңешін қызарта келеді.
Өнімі азырақ жерде,
Үстіне тұз арта келеді.
Ыңыранып отырып алады.
Әр алуан қырға салады.
Ақыры құдай жарылқап,
Қалталарын толтырып алады.

Бас-аяғы үш шумақтан тұратын өлеңнің әр тармағында қимыл- қозғалыс, әрекет, мінез анық көрінін тұр. Ақынның «Кәдірбайдың төбеті» атты шығармасы мағыналық құрылым мен мазмұндық-оқиғадық бітімі жағынан көлемді, әрі күрделі дастан жанрына жақын. Әрине өлеңде ширыққан талас-тартыс жоқ. Есесіне шығармада желілі ой, жүйелі оқиға бар. Шығарма төрт бөлімнен тұрады. Әр

бөлімнің өз тақырыпшасы, өз түйіні бар. Бірінші бөлімде жолдан шаршап- шалдыққан ақын және оған кезіккен жолаушының әңгімесі баяндалады. Жолаушы әңгімесінен Кәдірбай атты байдың итін қара құрт шағып өлгенін, сол итті арулап жерлеу үшін Кәдірбай байдың жан-жақтан ақын-жырауларды шақырып, төбетін мақтаған ақынға сый-құрметін аямайтындығы айтылады. Екінші бөлімде байлыққа мастанған Кәдірбай байдың аулындағы ақындардың өнер сайысы көрсетіледі. Біреуі байды, біреуі байдың өзі мен итін қатар мақтайды. Ақын Кәдірбайды мақтаған ақындардың аузына мақтау жырларын сала отырып, ойы мен сөзіне әжуа, мысқыл дарытады. Үшінші бөлімді шығарманың басты бөлімі деуге болады. Себебі дәл осы бөлімде Жамбылдың ақындық өнері, ақындық тұрғысы, ақындық мінезі бірдей жарқырап көрінеді. Ақын алдымен дүние, байлық үшін ештеңе аямайтын ақындарға ашынып, олардың кемшіліктерін айтады:

Ей, жыршылар, жыршылар,
Жыр айта ма осылай!
Сөздеріңнің дәмі жоқ,
Күйлеріңнің сәні жоқ,
Пайдасыз жұртқа, құр айқай.
Одан әрі ақын:
Жамбылға құлақ салыңдар,
Сөзімнен пайым алыңдар.
Жарлыдан безген байымас,
Тілене берген жарымас
Жұрт болмайтын нағыз нас –

деп өнерді саудаға салмай, оны бағалау керектігін ескертеді. Өнер қуған ақындарға қарата кеңес айтады. Осылайша толғай келіп, енді Кәдірбайдың өлген төбетін мақтай жөнеледі. Бірақ ол бұл арада Кәдірбайға жағыну үшін емес, шындыққа сүйенеді.

Айтсам сөзім нанымды,
Өлеңім оттай жалынды.
Ауылды торып аңдыған,
Қасқырды талай қан қылған
Сенен жұртқа ит жақсы
Күзеткен қотан, ауылды.
Кетпеймін айтпай ойымды,
Қайнатып құдай сорыңды,
Ит өлмей-ақ сен өлсең,
Болар еді орынды.

Жамбыл Кәдірбай байға деген ашы наразылығын осылай ашық айтып салады. Ақынның Кәдірбай байға мұншалықты арынмен соқтығуының себебі айқын. Байлықтан не істерін білмеген еріккен бай ақындарды жинап алып, өлген төбетін мадақта деуі- салтымызда жоқ сұмдық нәрсе. Ақындық секілді асыл өнерді місе тұтпай, аяқ астына таптаған астамшылығы Жамбылдың ыза-кегін тудырады.

Шығарманың жанрлық анықтамасы әлі нақтыланбаған.Зерттеушілер өз еңбектерінде оны бірде өлең, бірде дастан деп көрсетіп жүр. Бай мен болыстардың, ұлық пен төрелердің әділетсіздіктерін әшкерелеп айыптайтын Жамбылдың тағы бір шығармасы «Әділдік керек халыққа» деп аталады. Бұл да бірнеше желілі толғаудан тұратын шығарма. Жырдың алғашқы бөлігінде болыс, ұлықтарды ң елге жасаған қиянаттары эпикалық баяндау және ақындық толғаныс арқылы баяндалады. Жырдың қалған желілерінде медиативтік сипат басым. Әсіресе екінші желіде болыстардың іс-әрекеттеріне ел мүддесін қорғаған ақын тұлғасы, ақындық өнер мұраты қарсы қойылады.

Бұл туындының да жанрлық анықтамасы айқындалмаған. Зерттеушілердің көпшілігі оны «өлең» деп көрсетеді. Жанрлық белгісі жөнінде жамбылтанушы, белгілі ғалым М.Жолдасбеков: «шығармада суреттеліп отырған өмір құбылысының маңызы мен мәні, тереңдік пен кеңдік сипаты, мезгілдік және мекендік ендіктері мен бойлықтары басқаша тұжырым жасауға мүмкіндік береді»,-дейді. Ғалым ақын шығармасының өлең толғаудан кең бірнеше тақырыптық, мағыналық-құрылымдық жүйесін алға тартады. «Ш.Уәлихановтың өлең, жыр туралы пікірлеріне сүйенсек, Жамбылдың бұл шығармасын «жыр» деуге әбден лайық. Ал, әдебиеттану ғылымының бүгінгі жетістіктеріне

сүйенгенде, бұл шығарманы «поэма» немесе «дастан» деп атауға әбден лайықты»,- деген нақты қорытынды жасайды.

Жамбыл Жабаевтың әлеуметтік, тарихи тақырыптардан басқа нәзік лирикалық нірімдерге толы өлеңдері бар. Өкінішке орай ақынның алғашқы кезде шығарған көп шығармалары хатқа түспей қалған. Осыған байланысты ақынның әрбір жылдары жарық көрген шығармалар жинағына сүйіспеншілік, махаббат сезімдерін толғайтын «Кәмшат қызға», «Бұрымға», «Айрылдым арманымменен» атты өлеңдері ғана енген. Жамбыл шығармашылығы қайсыбір зерттеулерде ақын өлеңдерінің лирикалық қырлары туралы мүлдем айтылмайды. М.Жолдасбековтың ақын шығармашылығы туралы зерттеу еңбектерінде Жамбылдың табиғат көріністерін толғап ,көркем суреттеген шумақтары бірқыдыру қарастырылған. Жамбылдың табиғат лирикасының халықтың көңіл-күйімен, уақыт шындығымен үндесін отыратындығына ақын өлеңдерін талдай отырып, нақты дәйектер мен дәлелдер келтіреді.

1. *Жабаев Ж. Екі томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Ғылым, 1996. 312-бет.*
2. *Жолдасбеков М. Асыл арналар. - Алматы: Жазушы, 1990 ж. 348-бет.*
3. *Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. - Алматы: Ғылым, 1991 ж. 200-бет.*

Резюме

Н.А. Алдабек, М.Ж. Амирова. Жанровые особенности стихов Джамбула

Никогда не прекращалась исследовательская, познавательная деятельность поэтическое наследие великого поэта, сказателя и состязателя Жамбыла Жабаева.

Ещё не раскрыта многогранность творчества Ж.Жабаева. Особенно, в будущем нужно исследовать художественный мир его поэзии. В статье дается полный анализ на художественную раскрасу, характеристика на содержания, жанровая особенность произведения поэта. Рассматриваются истина того времени социальная тема творчества Жамбула.В этой статье анализируется егопоэтическая позиция и общественное мнение в сатирических стихов.

В стихах поэта правдиво сочетают слова характерной устной литературе, образность, художественные детали, эстетическая особенность, лирические строки предь нуждается разностороннего исследования.

Ключевые слова: импровизация, жанровые особенности, художественная палитра, позиция поэта, психологический портрет.

Summary

N.A. Aldabek, M.J. Amirova. Genre features of verses of Jambyl

It has never been stopped to research the cognitive activity of poetic heritage of the great poet and poetical teller and contester – Zhambyl Zhabayev.

It has not been revealed the diversity of his creativityyet. Especially, we need to explore the artistic world of his poetryin the future. The article gives a comprehensive analysis on the artistic coloring characteristic in the content and genre features works of the poet. It is studied that Zhambul's work shows us the truth of that time on a social theme.In this article it is analyzed about hispoetical position andpublic view in satirical poems.

Previous study needs versatile:that the great poet - Zh.Zhabaev,in the verses of his poet truly combined the words characteristic to oral literature as imagery, artistic details, aesthetic feature and lyrical lines.

Key words: improvisation, genre features, position of the poet, art palette, psychological portrait.

УДК 821.512.1.0

ТҮРКІЛІК ДҮНИЕТАНЫМНАН – ХАЛЫҚТЫҚ ЭСТЕТИКАҒА ДЕЙІН

Ж.А. Алиева – *ҚазмемқызПУ, 2 курс PhD докторанты,*
С.Б. Ержанова - *ғылыми жетекшісі, ф.ғ.д., профессор*

Аңдатпа. Мақалада көне түркі поэзиясының көркемдік эстетикалық құндылықтары арқылы халықтың танымы мен талғамына, салт-санасы, дәстүріне негізделген байырғы ұғымдардың шығу мәні мен маңызын түркілік негізден іздеген. Көне түркілік мәдениет пен салт-сананың бірізді ұғымдарын тудыратын ерекшеліктер ескеріліп, ұқсастықтар мен айырмашылықтар сараланған. Дәуір ағымында іздері қалып мұндай ұқсастықтар кейіннен халық болып бөліне бастаған белгілі бір ұлттың рухани дамуының түп қазығына айналғанын дәлелді айғақтармен көрсете білген. Сол негізде автордың түркі халықтарына тән ескерткіштердің көркемдік, құрылымдық ерекшеліктері сараланып отырып, көркем бейне табиғатын ашуда осы түркілік психологияны танытуға мән берген. Поэзиялық үлгіде бедерленген шығармалардағы ел басқарған қағандардың, батырлардың, түркілердің біртұтас қуатты мемлекет болуы жолындағы қаһармандық ерлік шайқастарынан, олардың мінез-құлқы мен рухани болмысынан түркілік дүниетаным іздерін іздеуені байқалады. Рухани сабақтастықта жатқан туыстас халықтардың көркемдік қуатын танытатын эстетикалық құндылықтарды көнетүркілік дүниетанымның негізі деп қарастырады. Түркілік кезеңдегі адамзат баласының эволюциялық дамуы мен атқарған істері бүгінгі күнге жетуіміздің негізгі бастау-қайнары екені айтылады. Осы арқылы тәуелсіз мемлекетіміздің идеологиясын насихаттайды.

Түйін сөздер: көнетүркілік ескерткіш, Көк Тәңірі – Күн, Жер-Суға сыйыну, Көктәңірі, отансүйгіштік моралі, ұлт, ел, қасиет, құтты-берекелі ел, Илдің (елдің) символы, бейбітшілік тәңірісі, бейбітшілік дін. Тарихи жыр, қаһармандық дастандар, қандас халықтар, фольклорлық мұралар.

Қазақтың ұлттық әдебиеті ежелгі түркілік әдеби дәстүр негізінде қалыптасып дамыды десек, төл әдебиетіміздің тарихындағы түркілік көркемдік дәстүрлердің де, сан алуан бағыттар мен ағымдардың да шыққан тегін, түпкі тамырын көне түркі әдебиеттің тарихынан іздеген абзал.

Көптеген гасырлар бойы қалыптасып дамыған қазақ поэзиясының көркемдік негізі түркі өркениетінен бастау алады. Түркі халықтарының ежелгі заманғы жазба ескерткіштеріндегі тарихи сананың көрінісі – атамекенді, тілді, салт-дәстүрлерді ардақтау ойларының жырлануы қазақ мәдениетінің мыңдаған жылдар белестерінен өтіп, әлемдік өркениетке ықпал жасауының тарихи жолы бар. Тарихта белгілі болғанындай ежелгі сақ, ғұн сынды тайпалар YI-YII ғасырларда Түрік қағанатын құрып, түркі халықтарына ортақ діл, тіл, дін этнографиялық фольклорлық мұралар қазынасын қалыптастырды. Бұл түркілік дүниетанымның қалыптасуына негіз болды.

Түркітанушы ғалым Л.Н.Гумилевтің: «Түрік мемлекеттігінің құрылуы бүкіл адамзат тарихында белгілі дәрежеде бетбұрыс кезең болды, өйткені сол кезге дейін орта теңіз мәдениеті мен қиыр шығыс мәдениеті бір бірінің дүниеде бар екенін білсе де, басы қосылмаған еді. Түріктердің қоғамдық тірлігі мен әлеуметтік институты тарихының күрделі түрлері қайран қалдырады: ел ...әскери тәртін елшілік үрдісі, сол сияқты көрші елдердің идеологиялық жүйелеріне қарсы қоятын, мұқият әзірленген дүниетанымның болғандығы таң қалдырады» [7, 41], - деген нақты деректерге негізделген пікірі осы тарихи мәдени даму құбылысын толықтай дәйектей түседі.

Қазіргі кезде «түркі» терминінің ең көп тараған лингвистік түсінігінің өзіндік белгілі негізі бар: көне түріктер сонау хұндар дәуірінде кәмелетке жетіп толып III-Y ғ. қысылтаяң қиын заманда анабиоз жағдайында болған дала мәдениеті, ізгі бастауларын жарқын дамытып, өмір тіршіліктің мәңілігіне айналдырды. Ягни бұдан біз қазақ әдебиетінде түркілік дүниетанымның қалыптасуы ежелгі сақ, ғұндар дәуірлерінен бастау алатынын көреміз.

Бүгінде қазақ ақындары мен түрік ақындарының поэзиясындағы ортақ сарындардың бірі - түркі халықтарының мыңжылдықтар бойы жалғасқан жауынгерлік-қаһармандық жорық туралы жырлау. Сақтардың қаһармандық дастандары («Алып ер Тоңға», «Шу»), ғұндардың батырлық жырларының («Огыз қаған», «Атилла», «Көк бөрі», «Ергенекон» дастандары) бәрі де түркілік дүниетанымның этнографиялық-гуманистік поэтикалық негізін қалыптастырды. Белгілі түркітанушы Н.Келімбетов «Ежелгі әдеби жәдігерліктер» атты кітабында сақтар мен ғұндардың аталған мұраларына ғылыми

сараптамалар жасай келін, ежелгі түркілер дүниетанымының сипатына қатысты былай дейді: «Ежелгі түркілер (ариилер, сақтар, ғұндар, көк түріктер) исламға дейінгі дәуірлерде қос күшке - Көкке, Күнге, Доны Тәңір деп те атаған) және Жер-Суға сыйынатын болғаны көне тарихтан жақсы мәлім. Сонымен бірге түркілер табынатын үшінші күш болған. Ол - үйдегі отбасын, бала-шағасын жаман рухтардан қорғайтын әйел тәңірісі - Ұмай ана» [8, 17], - делінген.

Қазақ поэзиясындағы түркілік дүниетанымды танытатын ең көрнекті жырлар – Орхон-Енисей жазуларындағы ескерткіштер. Өйткені бұл жырларда түркі халықтарының өзіндік тарихы, мекендеген қоныстары, мінез-құлық психологиясы әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері танылады. Ескерткіштердің поэзиялық шығармаларға тән идеялық-композициялық желісінде лирикалық қаһарманның нағыз әдеби кейіпкерлерге тән толғаныстары бейнеленген. Әрине ескерткіштерді кейіннен тасқа қашатып жаздыртушының (Иолыг Тегіннің) ақындық өнерінің елеулі ықпалы болғандығы анық. Сөз арқауындағы түркілік дүниетанымды танытатын өлең жолдары ескерткіштердің өн бойына өріле орналасқанын байқаймыз. Ең бастысы, ел басқарған қағандардың, батырлардың, түркілердің біртұтас қуатты мемлекет болуы жолындағы қаһармандық ерлік шайқастарының романтикалық әуендермен жырланғандығы. Ескерткіштің лирикалық қаһарманы түркі халықтарының мінез құлық психологиясындағы бейқамдықты, соның салдарынан үнемі сырттан көз тіккен басқыншыларға жем болған мүшкіл тағдырларына да күйінеді.

Мәселен «Күлтегін» жырында қазақ халқының ешқашан өзгермей, кейінгі ұрпақтарға жалғасқан мынадай мінез-құлық психологиясы шынайылығымен көрінеді.

Бектерінің, халқының ымырасыздығынан,
Інілі-ағалы дауласқандығынан,
Бекті халқының жауласқандығынан,
Түркі халқы елдігін жойды. [9, 32]

Ал осылайша ауызбірлігі, елдік тұтастығы іштей іріген халықты, әрине сыртқы жаулар оп-оңай жаулайды. Ыдырап бара жатқан халықтың тұрмысын, елдік, мемлекеттік тұтастығын қалпына келтіру үшін арпалысқан, ақыры сол көздеген мұратына жеткен.

Білге қағанда айтылатын поэтикалық жолдардың реалистік-романтикалық мағынасы - түркі халқы дүниетанымының нақты көрсеткіші.

Аз халықты көп қылдым... [9, 29]
Ағам қаған болып,
Түркі халқын көркейте түсті
Кедейді бай қылды,
Азды көп қылды... [9, 35]

Бұл - түркі халықтарының біріккен мемлекет болып өмір сүрген кезеңінің шындығы. Түрік қағанаты атты қуатты мемелекеттің құрамындағы тайпалардың материалдық және рухани мәдениеті дәстүрлері қалыптасып, кейінгі дамуға ұйытқы болды. Ең бастысы - қазақ поэзиясының кейінгі көп ғасырлық көркемдік желісінде тұрақты жырланған дүниетаным көзқарастары. Түркілік дүниетаным бойынша сөз басында айтылғандай Көк Тәңірі-Күнге және Жер-Суға сыйыну тұрақты сақталды. Жалпы ежелгі түркілерге, Көктәңіріге қатысты түрік ғалымы Зия Көкалыптың «Түрікшілдік негіздері» атты еңбегінде келтірілген мынадай пікірін ортаға салсақ та жетеді: «Ежелгі түркілерде отансүйгіштік моралі (патриотизм) өте күшті болған. Ешқандай түрік өз елі, яғни ұлты үшін өмірін және сүйікті нәрселерін пида етуден тартынбайтын. Өйткені, ед (ел) Көктәңірінің жер бетіндегі көлеңкесі болатын. Көктәңірі түріктердің пікірінше өте қасиетті болып табылатын Махаббат түйінде жер бетіне түсін, бір бойдақ қызды немесе ағашты жүкті етін, осы құтты-берекелі елдің өрбуіне себеп болыпты...

Илдің (елдің) символы болып табылатын Көктәңірісі - бейбітшілік тәңірісі. Илхан бейбітшілік дінін таратушы іспетті. Түрік илхандары бүкіл елдерін бейбітшілікке шақыратын, олардың бүкіл күресі тұрақты бейбітшілік орнату ісіне арналатын...» [9, 102], - деп Көктәңіріге қатысты ой қозғайды. Аталған «Күлтегін» жыры осы көзқарас бойынша басталады:

Биікте Көк Тәңірі,
Төменде қара жер жаралғанда,
Екеуінің арасында адам баласы жаралған.
Адам баласы үстіне ататегім,

Бумын қаған, Істемі қаған отырған,
Отырып, түркі халқының ел-жұртын,
Қалыптастырған, иелік еткен. [9, 30]

Түркілік дүниетаным бойынша біздің ата-бабаларымыздың да, ұрпақтарымыздың да қолдаушы тірегі, демеушісі - Көк Тәңірі және атамекен - атажұрт. Бұл дәстүрдің ізімен қазақ халқы «Отан», «туған жер», «ауыл», «ел» ұғымдарының қасиетті ұлағатын ұрпақтардың бойларына сіңірін өсуін қалыптастырды. Көк пен жердің адамдарға жасайтын демеушілік ықпалын поэтикалық монологпен жырлау да осы халықтық дүниетанымға негізделді. Осы төңіректе аталған Орхон Енисей жазбаларымен тамырлас келген, өлең әуезесіне келгенде ішкі үндестікке бай туынды Жүсін Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы сипаттармен ұштасатын көркемдік рухани туыстық нышандары өзге бірқырынан көрінеді. Әсіресе шығармалардың композициялық, құрылымдық қағидаларындағы ерекше заңдылықтар назар аударарлық. Күлтегінде алғашқы жолында «Тәңіріні» ауызға алса, Құтты білікте де дәл солай, мәселен:

Құдіретті бір хақ озық баршадан
Мадақ, мақтау, құрмет лайық бір соған!
Ақ, зұджалал, ұлылықтың иесі,
Жаратушы, кемел қадір киесі [11, 66], - жаратылғанын айтады.

Орыс ғалымы И.В.Стеблева өз зерттеулерінде Орхон-Енисей жазуларының композициялық құрылымының принципті белгілерін талдап көрсеткен еді: «Ежелгі түркі поэзиясына тән дәстүр бойынша, осындай әрбір циклдің өзі міндетті түрде мынадай үш элементтен тұратын болған: 1. Оқиғаның басталуы; 2. Сол оқиға желісінің біртіндеп ұлғая түсуі; 3. Осы циклде айтылуға тиісті ой иікірдің түйіиі...» [4, 46]. Осындай ішкі реттілік «Құтты білік» дастанында да кездеседі. Қалай дегенде де, классикалық түрік поэзиясының тарихы осы «Құтадғу білік» дастанынан басталатынына ешбір күмән болмасқа керек [4, 35]. Осыған орай белгілі ғалым әдебиет сыншысы А.Ергеубаев былай дейді: «Түрік өлеңінің бір мәуелі бұтағы, түрік өркениетінің құнарлы өлкесінің бірі - қазақ өлеңі, қазақ халқының эстетикалық таным тәжірбиесі осынау шоқтықты биіктерден айналып өтпеген, бірге өріліп, бірте көктеген».

«Орхон-Енисей жазбалары» мен «Құтадғу біліг» сынды көп қырлы жәуһарлардың ішкі-сыртқы бітімінен көзге ұрып тұрған қазақтың көркемдік әлемімен сабақтастың заңдылықтарын тереңнен талдап зерделей түсу қазақ әдебиетінің тарихына да мағыналы да қызықты беттер қосатынына, рухани дүниеміздің тынысын кеңейте түсетініне күмән жоқ. Бұл желілер, дастан мен классикалық қазақ әдебиеті шығармаларының арасындағы көркемдік эстетикалық таным үрдісінің сабақтастығынан (1), образ жүйесі табиғатының бірлігінен (2), жалпы поэтикасынан (3), тарихи сана мен тарихи диалектикалық өзектестігінен (4), қоғамдық әлеуметтік, этникалық түп теғінің (топырағының) біреғей жаратылысынан (5) тарамдалады» [7, 15]. Яғни түрік жырының тарихи поэтикасынан қазақ поэзиясының бұған дейін ауызға көп алына қоймаған тағы бір түйінді сипатын байқаймыз. Қазақ өлеңін, жалпы түрік поэзиясын былайғы жұрт әйтеуір бір шығыс саздары деп қарайды.

Түрік-қазақ поэзиясына ежелден тән сипаттар: метафора өзеғіндегі нақтылық, дәлдік, ой толғам желісіндегі өмірлік тәжірбие, тұрмыс-тіршілік диалектикасынан туған айқындық, троптар жүйесінде қолмен қойғандай тиянақтылық – осылардың бәрі де араб-парсы саздары басым көрінетін жалпы шығыс әлемінің көркемдік эстетикалық шарттылықтарынан мүлде бөлек қасиеттер. Поэтика тарихындағы әр кезеңдерде әрқилы көрінгенімен, бұл сипаттардың өзегі бір көркемдік заңдылықтары қазақ поэзиясының бұрынғы-соңды ерекше қасиет, ішкі тысқы өлеңдік табиғатын, дүние поэзиясы алдындағы өз үнін айқын, ашық танытады. Мәселен, дастандағы «Арыстан мінсең, қылышыңды қамшы қыл!», «Жауды көрсе ердің жүзі қызарар, Жауға кірсе жердің жүзі қызарар!», «Таяқты жауға темір қалқан дайында!» деген отты жолдар дастанның өн бойына өріле орналасқан.

Көне түркілік өлең дәстүрі қай қырынан алсақ та, ұлттық әдебиеттерде жыраулар поэзиясына ұласты. Араб-парсы поэзиясының ықпалында қалыптасып дамыған түркі классикалық поэзия дәстүрінің ұлттық өлең үрдісімізде алар орны айрықша екені сөзсіз.

Шалкиіз, Бұқарлардың кейбір толғауларында тұңғыш көрініс берін, кейінгі дәуір ақындарында қоюлана түскен мұсылманшылықтың моральдық нормаларына, шариғат қағидаларына негізделген

дидактикалық сарын – түркі классикалық поэзия дәстүрінің ұлттық поэзиямызға жарқын жаңғырығын көрсетті.

Түркі классикалық поэзиясы қазақ ақындарының үлгі алар үлкен шеберлік мектебіне айналған шығыс поэзиясы мен ұлттық өлең дәстүріміздің арасындағы асыл дәнекер, алтын көпір іспеттес.

Қазақ поэзиясындағы түркілік сарындардың тарихи негіздері осылайша ежелгі сақ, ғұн, түркі тайпаларының мемлекеттік құрылымдары дәуірлерінде қалыптасты.

Сонымен, адамзат өміріне жануарлар әлемі өте етене таныс, жақындығы өркениеттің тарихи дамуы үрдісімен байланысты. Ертедегі адамдардың табиғат алдындағы дәрменсіздігі мен оған деген теріс түсініктері жануарлар культінен туындаған. Жануарлар әлеміндегі культтік таным адамзат шығармашылығының ең көне көрінісі болып табылады. Тіл мен мәдениет байланысын зерттеген ғалым В.А. Маслова пікіріне сүйенсек: «Культ животных - первая грань, которую древний человек проводит между собой и миром природы, признавая еще ее господство, но уже не отождествляя себя с ней» [8, 122], - дейді.

Қазіргі уақытта рухани мәдениетте жануарлар әлемінің танымдық сипаты еш төмендеген жоқ, сондықтан да анимализм тілдік және мәдени стреотиптер мен поэтикалық бейнелердің ұғымдық көрінісінің жалғасы болып табылады. Жануарлар әлемімен байланысты туған культтік ұғымдар мағынасының мифологиялық төркініне зер салу - тіл мен әдебиет тарихының қатпарларына үңілуге мүмкіндік береді. Адамзаттың саналы ғұмырынан бергі кезеңде онымен біте қайнасып келе жатқан алуан түрлі мифтік дүниетаным қойнауларында жатқаны белгілі. Тілде өмір шындығы, адамның өзін айнала қоршаған дүние туралы сан ғасырлар бойындағы таным түсінігі мен болмыс-бітімі мол жинақталған.

Қазақ әдебиеті қазіргі Қазақстан жерін жайлаған тайпалар туғызған бай рухани қазынаның заңды мұрағері. Ол өзіне дейін ғасырлар бойы жасалған мол мұрадан нәр алды, ежелгі дәстүрлерді дамыту, тың тақырыптар иеру, соны соқпақ, сораптар қалыптастыру нәтижесінде кемелденді. Кең даладағы көшпенді тірлік, тұрмыстық-қоғамдық өзгешелік сөз өнерінің соны сыпатта қалыптасуына себеп болды. «Өнер алды – қызыл тіл», ал тіл шұрайы – өлең сөз деп танылды. Халықтың рухани өмірінде жетекші орынға шыққан поэзия әлденеше ғасыр бойы қазақ әдебиетінің жәй ғана көшбасшысы емес, ең басты жанры қызметін атқарды. Ендеше, тарихи тәжірибені, халықтың сан ғасырлар бойы сақтап келген рухани қазынасын, яғни әдеби мұраларды танып білу қоғамымыздың әр азаматының рухани жағынан кемелдене түсуіне иеі ықпал етері сөзсіз.

1 Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің бастаулары. Көркемдік дәстүр жалғастығы. Зерттеу. –Алматы: Ана тілі, 1998.-256б.

2 Ежелгі дәуір және орта ғасырлардағы әдебиет. -Алматы, Ана тілі, 1999, - 362 б.

3 Көроғлы Х. Историческая поэтика. -Москва, 1997, - 406 стр.

4 Стеблева И.В. Поэзия тюрков Y-УIII в.в. н.э., Автореферат дисс. на соискание ученой степени канд. Филологических наук. -Москва, 1965г.

5 Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры мен стилі. - Алматы: Ғылым, 1983. – 240 б.

6 Аманжолов А. История и теория древнетюркского письма. -Алматы, 2003

7 Гумилев Л. Көне түріктер -Алматы, 2001, - 348 б.

8 Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. - М , 1997. - 289 с.

9 Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. - Алматы; Фолмант, 2004, 393 б.

Резюме

Ж.А. Алиева, С.Б. Ержанова. От древнетюркского мировоззрения – до народной эстетики

В статье изучается этимологическая и историческая значимость и значение древних понятий основанных на традиции и обычаи, стиле и мировоззрение народа с помощью художественно-эстетических ценностей древнетюркской поэзии. Были отмечены особенности пораждающие последовательность понятий древнетюркской культуры и традиции, также проанализированы схожести и различия этих понятий. Такие схожести оставившие следы в течении эпохи стали основами духовного развития определенной нации, которая потом становился отдельным народом. Обосновываясь на эти элементы автор анализирует структурные, художественные особенности тюркских памятников и в описании природы художественного образа обращает внимание на психологию тюркского народа. В настоящей статье можно заметить попытки поиска следов

тюркскоғо мировоззрения в поступках, характерах, духовном мужстве, действиях в бою правителей тюркскоғо ғосударства при изучении произведений, которые были написаны на языке поэзии. Автор рассматривает эстетические ценности родственных народов как основу древнетюркскоғо мировоззрения и познания. Также в статье ғоворится о том, что эволюционное развитие человечества и бытье в тюркской эпохе является основным началом и истоком сегодняшних достижений наших народов. На основе этой позиции автор пропагандирует идеолоғию нынешнеғо независимоғо ғосударства.

Ключевые слова: древнетюркские памятники, Тенгри, Солнце, поклонение и вера в боға Тенгри – Солнце, Земля, Вода, патриотизм, нация, блағополучная страна, боғатая страна, символ Ил (Страна), боғ мира, релиғия, историческая песня, ғероическая баллада, кровные народы, фольклорные наследия.

Summary

J.A. Aliyeva, S.B. Yerzhanova. From the ancient Turkic world - to people's aesthetics

This article examines the etymological and historical significance and importance of the ancient concepts based on traditions and customs, style and attitude of the people by means of art and esthetic values of the Old Turkic poetry. Were marked features of generating a sequence of concepts of ancient Turkic culture and traditions, also analyzed similarities and differences between these concepts. Such similarity to leave a trace during the era became the basis for the spiritual development of a nation, which later became a separate nation. Settling on these elements, the author analyzes the structural, artistic features of the Turkic monuments and in the description of the nature of the artistic image draws attention to the psychology of the Turkic people. In this paper, it can be seen trying to find traces of the Turkic world in action, character, spiritual wealth, in combat actions of the rulers of the Turkic states in the study of the works that have been written in the language of poetry. The author examines the aesthetic values of related peoples as the basis of the ancient world and cognition. The article also says that the evolutionary development of humanity and life at Turkish era and the beginning of a major source of the current achievements of our people. On the basis of this position, the author promotes the ideology of the current independent state.

Keywords: Old Turkic monuments, Tengri, Sun worship and belief in god Tengri - Sun, Earth, Water, patriotism, nation, prosperous country, a rich country, a symbol IL (Country), the god of peace, religion, historical song, heroic ballad blood people, folklore heritage.

УДК 821. 512. 122 (091)

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ГЕРМЕНЕВТИКА МӘСЕЛЕСІ

К.С. Әбдіқалық – *ф.ғ.к., профессор м.а., қазақ әдебиеті кафедрасы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,*

Г.С. Асқарова – *ф.ғ.к., аға оқытушы, Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

Аңдатпа. Бұл мақалада XIII ғасырдың ортасы мен XIV ғасырдың басында ғұмыр кешкен түріктің ұлы ақыны Юнус Емре мен XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев өлеңдеріндегі сырлы сөздерге назар аударылып, өмір сүру кезеңінің арасында алты ғасырдан аса айырмашылығы бар екі ақынның өзара рухани үндестігі ғерменевтика сабақтастығымен ұласатындығы алғаш рет сөз етіліп отыр.

Сыршыл ақындардың өздері, махаббат, достық туралы және Ай, табиғат құбылыстарын суреттеген өлеңдеріндегі өзара ұқсастық, тұспалды ойларының мәнісі ашылды. Олардың өздерін бірде сорлы қып, бірде ақындық «мені» шарықтап, өздерінен асқан күшті жан жоқтай таныстыруындағы ерешелік айқындалып, Юнустың «Мендей сорлы бар ма екен?», Мағжанның «Мен сорлы» өлеңдеріндегі басты қайғының себебі түсіндірілді. Сондай-ақ, махаббат, достық тақырыбындағы өлеңдеріндегі өзара үндестік ғерменевтика сабақтастығымен байланысып жатқандығы да жүйелі сараланды. Қоршаған орта мен табиғат құбылыстарын суреттеген өлеңдерінен де Юнус Емре мен Мағжанның сырға тұнған астарлы ойлары аңғарылып жатады. Юнус «Дертті дөңгелек» өлеңінде дөңгелектің дерті арқылы адам тағдырын суреттесе, Мағжан «Қайың» өлеңінде қоғамның дертін сипаттайды. Айдың бейнесі, оның жарығы ерекше суреттелген Юнус Емре мен Мағжан Жұмабаев өлеңдеріндегі өзгеше сырды, яғни, Айдың мәңгі жанып тұруын қалаған ақындардың негізгі мұраты да толық зерделенген.

Түйін сөздер: ақын, тұспалды, заман, дін, табиғат, ой-толғам, білім, философиялық лирика, бейнелі, астарлы сөз.

Герменевтика ежелгі антикалық дәуірде көне ақындардың (ең алдымен – Гомердің) шығармаларындағы рәміздерді, таңбаларды, құпиялап айтуларды түсіндіру тәсілі ретінде қалыптасқан. Орта ғасырларда Библиядағы көркем бейнелер мен меңзеп айтуларды түсіндіруге байланысты герменевтиканы діни өкілдер жан-жақты қолданған. Алғашқы герменевттер де, мәселен, Фома Аквинский сияқты ортағасырлық теолоғ-схоласттар Інжіл мәтініндегі қасиетті аяндардың, идеялардың мағынасын «ашумен» айналысты. Қайта Өрлеу дәуірінде герменевтика антиктік мәдени мұралардың тілін тірі, сол замандағы мәдени тілге аудару мақсатында пайдаланылған. Қазіргі мәдениеттануда герменевтика «тұлғалық түсінуші тәжірибемен» (Г.Гадамер) байланыстырылады. Бұл туралы Ф.Шлейермахер, Г.Гадамер, П.Рикер, М.Хайдеггер, В.Асмус, А.Белеңкий, П.Гайденко, М.Фуко, Г.Шпет, Г.Ишук, М.Кедрова, В. Кривонос, М. Науман, В.Прозорова, Л.Чернең, Г.Мучник, т.б. герменевт-философтардың еңбектерінде қамтылады. Герменевтика бағытын дамытқан, әсіресе, Г.Гадамер мен П.Рикер болған. Сонымен, герменевтиканы мәтіндерге сүйене отырып түсіндіру, талқылау десек, классикалық түсінікте де ол мәтіндерге түсінік беру өнері болып табылады. Ал «классикалық герменевтиканың әдебиеттану ғылымы үшін маңызы зор» [1, 116].

Қазіргі кездерде жиі қолданылып жүрген герменевтика терминінің неғізгі мәні әдебиет мен өнердегі құпия белгілер, сырлы түсініктерді мәтіндерге сүйене отырып түсіндіру екені белгілі. Ал түркі әдебиетінің өзге халықтардың әдебиетіне ұқсай бермейтін ерекшеліги де ондағы сыр түйіндерінің айрықша молдығында еді. Түркі әдебиетінің тарихына зер салғанда, ұлы даналарымыздың барлығы да терең сырға тұнған өсиеттерін маржан сөзбен өрнектеп, кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырып отырған. Солардың бірі түркі әдебиетінің тарихында өзіндік орны бар түрік халқының ұлы ақыны Юнус Емре де өзінің «әр өлеңі терең сыр» екенін ұқтырып кетеді. Жалпы, XIII ғасырдың ортасы мен XIV ғасырдың басында ғұмыр кешкен Юнус Емре мен XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев өлеңдеріндегі сырлы сөздерге назар аударғанда, өмір сүру кезеңінің арасында алты ғасырдан аса айырмашылығы болса да, екі ақынның өзара рухани үндестігі герменевтика сабақтастығымен ұласып жатады.

Сыршыл ақындардың ұқсастығы алдымен олардың өздерін бірде сорлы қып, бірде ақындық «мені» шарықтап, өздерінен асқан күшті жан жоқтай таныстыруында. Мәселен, Юнус Емре «Мендей сорлы бар ма екен?» деген өлеңінде:

Мынау жердің бетінде
Мендей сорлы бар ма екен?
Қаңғыған желдің өтінде
Мендей сорлы бар ме екен? [2,25] –

деп бастап, жеті шумақтың әрбір соңғы жолында «Мендей сорлы бар ме екен?» деп мұң шақса, Мағжан Жұмабаев «Мен сорлы» өлеңінде:

Талапсыз, бақсыз мен сорлы
Бір ісім оңға бармаған.
Мен не жаздым о ғұрлы,
Тәңірім мұнша қарғаған? [3,26 б.] –

деп жолының болмағанына қынжылып, өзінен асқан сорлы жоқтай зарланады. Түрік ақыны Юнус Емре «Румге бардым, Шам бардым, Жоғарғы елде сандалдым, Кезіктірмедім ешкімді» деп өкінсе, қазақ ақыны Мағжан «Талпындым, түстім ізіне, Оңалмады бір ісім» деп күйінеді. Юнус Емренің «қан жұтқан» қайғысы қандай? Екі ақын да «сорлымыз» деп неге жылайды? Түптеп келгенде, екеуінің де қайғысы ортақ тәрізді.

Білім іздеп сусаған
Жылайды пендең алдында.
Мейірі кең жасаған,
Құр алақан қалдым ба?–

деп өлеңін аяқтау арқылы Мағжан өз елінің сорлы, білімсіз болып артта қалмауын қайғырып, осылайша тұспалдап түсіндірсе, Юнус Емренің «Жанарына жас толып, Қаңғыбас зар еңірейді» деп жылауы да тегін емес. Өлең жолдарындағы «қысы-жазы қаңғыған» деген сөзіне қарап Румге, Шамға барған Юнус Емрені А.И.Гөлпынарлы [4] сияқты кейбір түрік ғалымдары айтқандай жиһанкез деп те бағалай алмаймыз. Өйткені ақынның «Ұстазым-ау, дүниеде, Қаңғыбас ешкім болмасын» деген сөздерінен өзінің кешкен халін ешкімге тілемегені аңғарылады. Бұл арада бір жағынан шәкірттік

тілек-талабы жатса, екінші жағынан өз халқының мұқтажын жоқтағандығы сезіледі. Сөйтін, қос ақын да «мен сорлымын» деу арқылы осылайша сырларын түйген еді.

Ал ақындық «меніне» келсек, «Періште бірде боламын» деп басталатын өлеңінде періште де, күннің тағына отырып көкті бағындырған билеуші де, он сегіз мың ғаламның патшасы да болған Юнус Емреиі көреміз. 84 жолдан тұратын осы өлеңінде өзін қоршаған барлық құбылыстарға теңей отырып, ақындық тұлғаны ерекше сомдайды. Ол, тіпті, «Басы, соңы дүниенің Құдайдың өзі боламын» деп өлеңін түйіндеу арқылы ақындық «менін» асқақтата түседі. «Қағбаның қара тасы – мен» деп басталатын өлеңінде Юнус Емре:

Жер мен көктің тірегі,
Мұхит та – мен, теңіз – мен.
Көпке мәшһүр Юнуспін,
Барлығына негіз – мен [2, 94], –

деп жырласа, қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев «Мен кім?» өлеңінде өзін арыстан мен жолбарысқа, бірде көктегі Күнге, бірде көктегі бұлт пен жердегі ерке желге, бірде шалқып, тасатын шеті жоқ қаракөк теңізге, бірде патша, қазы, биге, бірде жалын мен тұлпарға, сондай-ақ «От» өлеңінде де от пен жалынға, күнге балайды. Сөйтін, түркі халқының екі ақыны да өздерінің кім екендігін осылайша бар әлемге паш етеді. Әсіресе, олардың өздерін құдайға теңестіруі жағынан ұқсастығы ойландырады. Мәселен, Юнус Емре «Басы, соңы дүниенің Құдайдың өзі боламын» десе, «Өзім – тәңірі, табынамын өзіме, Сөзім – құран, бағынамын сөзіме» дейді Мағжан. Осы айтқандарын әрі қарай дәлелдей түскендей Юнус Емре:

Әзірейіл деген кім екен?
Құртамын оны, құл етем!
Әзірейілді салып зынданға,
Бишаралардың бірі етем.

Жәбірейіл маған түк емес,
Секілді ол бір құр елес,
Жүз мың Жәбірейіл келсе де,
Келе алмас маған тізерлес [2, 112], –

десе, М.Жұмабаев:

Мейірленсем – сегіз жұмақ қолымда,
Қаһарлансам – тамұқ даяр жолымда [3, 69], –

деп бастапқы ойларын үдете түседі. Сөйтін, бар әлемнің билеушісіне айналған ақындардың құдіреті сұмдық шарықтап, ақындық «меиі» тым биіктей береді. Аумалы-төкпелі заманда ғұмыр кешкен Юнус Емренің де, бұлыңғыр қоғамда өмір сүрген Мағжан Жұмабаевтың да осылайша асқақтауы бәлкім заңдылық шығар. Өйткені ақындық «менінің» астарында терең сыр жатқандай. Мағжанның «меиі» қазақтың «меиі» еді. Отаршылдықтың езгісін көргісі келмей, еңсесін көтеру үшін өзін тәңірге балады. «Қаһарлансам – тамұқ даяр жолымда» деп дұшпанына сес көрсетін, ақын осындай рухты өлең жазады. Оның үстіне өздерін тәңірге балап, өктем сөйлеген бұл ақындар тамырын тереңге жайып, төрткүл дүниені бағындырған ежелгі түркі халқының ұрпақтары емес пе?!

Әлемдегі барлық ақындар жырға қосатын махаббат, достық тақырыбында да Юнус Емре мен Мағжанның үні бөлек. Юнус Емре махаббат тақырыбындағы өлендерінде ғашықтықтың барлық дерлік сипатын өзінше суреттейді. Ғашықтық Алланың сыйы деп бағалайды. Ақын үшін шынайы сезім иесі «еш халықты, ешбір дінді білмейді». Тіпті, олар «махаббаттың құлы» болып жаратылғандар. Мағжан да махаббат тақырыбындағы өлеңдерінде ғашықтықтың күйін кешін, сұлу сезімнің сырын ұқтырады. Ғашығының сұлулығын сипаттауда барлық әсемдікті тізбектей келе, «бәрінен де сен сұлу» деп оны асыра бағалайды. Юнус Емреше сұлулыққа, сұлу сезімге аса мән берін, соның жолында өзін құрбан етеді.

Юнус Емре «Сенің сұлулығыңнан бақтың іші жайнайды» деген өлеңінде «Саған деген махаббат мені оттай жандырды» деп жырласа, Мағжан «Сүйгеніме» өлеңінде «Отқа түскен сорлыңды сүйші» – дедім» дейді. Яғни, екі ақынның да лирикалық кейіпкері махаббаттың отына түседі. Юнус Емре «Сен сияқты шын ғашық, өзі отқа күйеді» десе, Мағжан «Күйдірген қалың өрттің зардабынан Өлгелі тұр сүмірейіп сорлы жаным» деп сол махаббаттың отына күйген шын ғашықтың бейнесін елестетеді.

Юнус Емре «Көзім сені көрмек үшін...» деп басталатын өлеңінде «Жұмақ дейсің, сен тұрғанда жұмақты да тілемен» деп тебіренсе, «Сүй, жан сәулем» өлеңінде Мағжан «Ләззат, рақат, бақыт – бәрі қойыңда, Сұрамаймын енді ұжмақ – жақсы жай!» дейді. Осылайша екі ақынға да «жұмақтың еш кереті жоқ».

Юнус Емре мен Мағжанның махаббат тақырыбындағы өлеңдерінде өзара үндестік тек мұнымен шектелмей, олар ғерменевтика сабақтастығымен де жалғасып жатады. Мәселен,

Бет алсам да қай жаққа, жол сілтер маған махаббат,
Жүреғімді билеген жалғыз дос қой ол менде [2, 26],
немесе
Дос екеуіміз мәңгілікке бірреміз,
Жанымыз болып тұрады егіз [2, 50], –

деґенде Юнус Емренің «досы» жай достықты емес, ғашықтар арасындағы махаббатты меґзейді. Мұны Мағжан «Достық һәм көз жасы» өлеңінде былайша түсіндіріп жырлайды:

Достықты мастық туғызад,
Шын-шын достар – екі мас.
Жүректі мастық өртейді,
Төккізіп көзден ыстық жас.

Достықты ауру туғызад,
Ауру адам – адал дос.
Ауру көз жас төккізед,
Ауырсаң ғана жүрек бос [3,80].

Мұндағы «достық» та махаббат болып жырланып, ал «мастық» пен «ауру» шынайы сезімдер кейпінде бейнеленген. Сондай-ақ осы өлеңде махаббатты түсінбейтіндерді сынға алғанда «Айық адам – аң адам, Дені сау адам – бейне тас» деп қана қоймай, «достыққа баға бере алмас» деп әшкере етеді. Юнус Емре де «Махаббаттың не екенін білмес жанға сөз айтпа, Ол малмен бір, мал айтқан сөздерінді ұға ма?» деп уағыздаған. Осы кезде қазақтың ұлы ақыны Абайдың «Махаббатсыз – дүние бос, Хайуанға оны қосыңдар» деген өлең жолдары да еске түседі. Мағжан өлеңіндегі «ыстық жастың» да өз құпиясы бар.

«Шын дос боп ыстық жас төксін»,–
Десең, досқа арақ бер.
Не болмаса, тәңіріден
Ауру бер деп тілей көр!

Ақынның «ыстық жасы» – шынайы ғашықтықтың белгісі. Ал «ыстық жасын» төгілу үшін «мас» немесе «ауру» жанға, яғни, шынайы сезімнің иесіне айналуын қажет. Юнус Емре де ғашықтар арасындағы махаббатты жырлағанда:

Досым маған тұрды-дағы жай қарап,
Түк білмес деп қойған ат.
Тілім – бал да, денем – діңгек мызғымас,
Жан емеспін тайғанақ [2,51], –

деп сыр шертеді. Ақынның бұл бейнесі уәдеге берік, тілі де, дене-бітімі де айтарлықтай керемет жан болса да «түк білмес» атанады. Мұнысы ол адамның шынайы сезімнен құр алақан екендігін білдірсе керек. Мінекей, ақындардың осындай сырға толы сөздерінде де ғашықтықтың пәлсапасы айтылған.

Ай бейнесін сомдауда да Юнус Емре мен Мағжан өлеңдерінде өзгеше мазмұн бар. Шығармаларында ай бейнесі ерекше суреттеліп, оның шашқан нұры мен жарығы алдымен тілге тиек етіледі. Юнус Емренің «Көзді ашып-жұмғанша» өлеңіндегі «Қараңғы түнде жарық Ай, Жүрекке шұғыла шашады» деген жолдарда Ай жарығы адам жүреғіне шұғыла шашса, Мағжанның «Толған ай» өлеңіндегі Айдың шашқан нұрынан қараңғылық та қаймығады, тіпті, ол адасып жүрген даладағы жолаушыға да жолбасшылық бола алатындай тұлғаға айналады. Және де осы нұр шашатын толған Айды тек қана екі ғашықтың ұнатпайтындығын баяндағанда да ақын ай сәулесінің оларға кедергі жасайтындай ап-анық жарықтығын бағалағаны еді. Сондай-ақ осы өлеңде толған Айдың мейірімділіғімен қоса, сұлулығы, яғни, келбеті «дөңгелек, жарасымды ақ», жүрісі әсем, көркі «ажары

ақ жамбыдай сұлулардан» да асқан болып жырланады. Юнус Емренің де «Бас ием жерге – ұлы анам» деген өлеңінде толған Айдың бейнесі барлық қасиетімен сипатталады. Ол – аспанда күлін тұратын мейірімді, айналасына жарығын молынан төгетін сәулелі Ай. Яғни, «Он төртінде толған Ай, Түсірмес бұлтқа көлеңке... Ай сәулесі үйімнің, Ішін жарық қылады» деген өлең жолдарындағы бұлтқа көлеңке түсірмейтіндей әрі үйдің ішін жарық қылатындай сәулесінің молдығы оның әбден толғандығымен байланысып жатқандығын білдіреді. Осылайша екі ақын да өлеңдерінде нұр шашатын толған Айды жырға қосып, жарық бейнесіне ерекше екпін түсіреді. Ал мұның сыры неде? Жарық бейнесі ақындарда ғайыптық болып қабылданған тәрізді. Өйткені жарық – өмірдің бастауы ретіндегі махаббат және ғайыптықтан пайда болған болмыс іспеттес.

«Түнде шықсам далаға» атты өлеңінде де Юнус Емре жарқырап тұрған Айға «Жарқырай бер, жана бер, Мына әлемге бол шырақ» деп тілек айтудан бастап, әрі қарай ай бейнесін айрықша сомдауға көшеді. Мұндағы Ай «түннің иесі, ұлы иенің киесі» ретінде бағаланып қана қоймай, адамзаттың жүреғіне шам жағатын және тебірентетін қасиетімен де дараланады. Мағжанның да «Айға» деген өлеңінде Ай бейнесі ерекше тұлғаланған. Оның қайғысына ортақтасып, өзінің мұңын шаққан ақынның «Мейірімді Ай, мені-дағы жаныңа алшы» деп, Аймен бірігіп Алладан тілек тілемекші болғанына қарағанда мұндағы Ай да құдіретті, киелі болып сипатталады. Сонымен Юнус Емре:

Мұхаммед пайғамбарымның,
Шырағы дейді бұл Айды.
Ай жанып тұрса аспанда,
Дүние – жұмақ шырайлы [2,62 б.],–

деп жырласа, Мағжан да «Айға» деген өлеңінде:

Бір жауыз сөндірмек пе әлде нұрың?
Үстіне киізбек пе қара құрым [3,56 б.],–

деп үн қатады. Мінекей, алдыңғы өлеңдерінде нұрын шашып жарқыраған толған айды, оның сұлулығы мен қасиетін жырлаған ақындар енді аспандағы сол Айдың мәңгі жанып тұруын қалайды. Не себепті ол жанып тұрса ғана «дүние – жұмақ шырайлы» болып келеді екен? Өйткені Айды мұсылман жұртшылығы «Мұхаммед пайғамбарымның шырағы» деп қастерлеген көрінеді. Ал сопылық поэзияда «шырақ» ең жоғарғы Ақиқат болып саналса, өлеңдегі шырақ бейнесі де эмоционалдық символ ретінде берілген. Жалпы, шырақтың құпиясын махаббаттың жарығы, ақынның философиялық-эстетикалық концепциясының негізгі ұстанымы десек те болады.

Түйін айтқанда, түрік ақыны Юнус Емренің де, қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың да «әр өлеңі терең сыр». Ақындардың жұмбақ әлеміне бойлаған сайын ұлтының да ұлылығы асқақтай түседі.

1. Әдебиеттану терминдер сөздігі. - Алматы: Ана тілі, 1998.
2. Юнус Емре. Таңдамалы өлеңдер.– Алматы: Нұрлы әлем, 1996.
3. Жұмабаев М. Сүй, жан сәулем.– Алматы: Атамұра, 2002.
4. Abdulbaki Gölpınarlı. Yunus Emre ve tasavvuf.– Istanbul, 1961.

Резюме

К.С. Абдикалик, Г.С. Асқарова. Проблемы герменевтики в казахско-турецкой литературе

В настоящей статье рассматриваются полные тайн стихи великого тюркского поэта Юнуса Эмре, который жил на рубеже XIII-XIV веков, и наследие великого казахского поэта Магжана Жумабаева начала XX века. В результате анализа выявлены особенности их творчества и духовная созвучность поэтов.

Центральным вопросом статьи является раскрытие сходства и особенности в поэзиях Ю. Эмре и М. Жумабаева. Раскрыты сходства и подтекст стихотворений на тему любви, дружбы. Рассматриваются причины скорби в стихотворениях Юнуса «Мендей сорлы бар ма екен?» Магжана «Мен сорлы». Если Юнус в стихотворении «Дертті дөңгелек» описывает человеческую судьбу через недуг круга, то Магжан в стихотворении «Қайың» описывает недуг общества. В стихотворениях Юнуса Емре и Магжана Жумабаева особое внимание уделяется описанию образа луны и лунного света. Автор учитывая особые палитры поэтов-художников, подробно изучает основные цели и мотивы их поэзии. Это безусловно углубляет наше представление о природе в поэзиях поэтов.

Ключевые слова: поэт, скрытом текстом, век, релиґия, природа, размышление, философская лирика, образование, образный, двусмысленное слово.

Summary

K.S. Abdikalyk, G.S. Askarova. Problems hermeneutics of the Kazakh-Turkish literature

In this article we write about the hermeneutic connection between creation of famous Turkish poet Yunus Emre and Kazakh outstanding writer Magzhan Zhumabayev, which was defined after six centuries passed.

The spiritual relationship of both poets' creation is similar in the theme of love, friendship and describing nature. The way of giving us such kind of understanding covered by the work of Yusun "Whether there is such poor as I?" and "A poor man" which was written by Magzhan Zhumabayev. Moreover we found out the hermeneutical connection between both poets' works, especially in describing nature. In comparison of Yusun's work "Sick circle" with Magzhan's "Birch" we clarified that the main idea was about society. The most importance of both poets' view is having a bright future. Therefore shining moon was used as a key word in poems of both famous poets of absolutely different nations.

Keywords: poet, hidden text, century, religion, nature, thinking, education, lyrical philosophy, imaginative, an ambiguous word.

ӘОЖ 882. 151. 212.3

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ТІЛДІК ТАНЫМ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫ

Л.М.Әділбекова – *Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.*

М.А.Койчыбаева – *Қазмемқызпу-дың 1- курс магистранты*

Аңдатпа. Ұлы Отан Соғысы туралы әдебиеттің тек қана қазақ әдебиеті емес, әлем әдебиетінде алатын орны ерекше. Сонымен қатар, бұл әдебиет тақырыбы ерлік, қаһармандық, отансүйгіштік, туған жер, ата-ана, бауыр, адал махаббат сынды қасиетті ұғымдармен қатар жүреді. Қазақ әдебиеті тарихында соғыс тақырыбының негізін қалаушы, өзі қан кешкен майданғер жазушы әрі ұлт батыры Бауыржан Момышұлы болып табылады. Соңғы уақыттарда бұрын-соңды оқырман қолына тимеген батырдың көп еңбектері жарық көруде. Бұлар өз кезегінде өз зерттеушілерін күтіп тұрған еңбектер болып табылады. Мақалада Б.Момышұлының шығармаларындағы тілдік таным туралы өрелі ойларына тоқталамыз. Ол жазушының тек қана романдары мен ел арасына кең тараған қанатты сөздерінен ғана емес, публицистикалық және эпистолярлық мұрасынан да молынан кездеседі. Туған ана тіл тазалығы, дәстүрді, ата-ананы құрметтеу, сыйлау сынды құндылықтардың өмір мен өлім арасындағы жауынгер психологиясына да тікелей әсерін кемеңгер командир көрегендікпен көре біліп, майдан даласынан туған ел басшыларына бұйыра жазған хаттарының мән-маңызы дәл бүгін де жойыла қойған жоқ.Б.Момышұлының тілдік таным туралы ойлары тұнып тұрған қанатты сөздері де жанрлық, көркемдік тұрғыдан арнайы зерделеуді қажет етеді. Майданғер жазушылар шығармаларының соғыстан кейінгі жылдарда да қазақ әдебиетінен алатын орны ерекше екендігін ескерсек, бұл шығармалар ұлт тарихында өз құндылығын жоймақ емес.

Түйін сөздер: Бауыржан Момышұлы, «Ұшқан ұя» романы, соғыс психологиясы, Ұлы Отан Соғысы, қанатты сөздер, хаттар.

Бауыржан Момышұлы қазақ халқының маңдайына біткен біртуар дара тұлғаларының бірі. Ол өз ұлтын қалтқысыз сүйін, халқына ерен еңбек сіңірді. Бұл жолда батыр аңызға айналған батырлығымен қоса, халқының ұлттық құндылығына айналған мол жазба мұра қалдырды. Бауыржан Момышұлы қоғамда беделді ғана емес, халық санасына орасан әсер еткен тұлға ретінде де, әрбір сөзі халық жүреғіне жол тауып, жатталған, әрбір ісі алмас қылыштай қай ортаны да қақ жарған өмірі ерлікке толы қаһарман ретінде де сан салалы зерттеу мен зерделеуді қажет ететін күрделі тұлға.

Профессор Мекемтас Мырзахметұлының басшылығымен батырдың 100 томға жуық шығармалары жарық көрін, ел игілігіне айналуда. Біздің мақаламыздағы басты мақсат осы материалдар негізінде батырдың тілдік таным туралы батыл ойларына баға беру болып табылады.

Бауыржан Момышұлы мұрасындағы тіл туралы ойлар ана тілі, ұлт болашағы ұғымдарымен біте байланысты болғандықтан, қазақ халқының тарихы мен ерлік істерін дәріптеуге, әскери-теориялық және рухани мұрасын жалпылауға әрі жинақтауға көмек көрсетеді, азаматтық және әскери жастарды, өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеу мен оқытудағы, казіргі заңда өзектілігін жоғалтпаған, ұрпақтар мұрагерлігінің ұстанымдары тұжырымдалады. Бауыржан Момышұлы мұрасының теориялық қорытындылары қатарында тілдік таным туралы әдеби ойлары тереңдете зерттеуді қажет етеді. Қазіргі жағдайда актуальды болып табылатын қанатты сөздері бұл саладағы ғылыми білімді кеңейту мен тереңдетуге себепші болатындықтан толық жинақталып зерделеуді, сонымен қатар соғыс жылдары майдан даласынан, туған елге емделуге келген батырдың қазақ тілінің жайын көре отырып,жазған хаттары мен ойлары арнайы сараптауды қажет етеді.

Бауыржан Момышұлы өз басының мақсатынан туған халқының мақсатын жоғары қойып, халқына өлшеусіз қызмет етті, ол оның өмір жолымен қатар, шығармаларынан да айқын көрінеді. Ол елін, жерін шексіз сүйген азамат болды. Ол ұлы сүйіспеншілік өмірдегі батыр Бауыржаннан да, қағаздағы жазушы мұраларынан да айқын көрінеді. Қазақстанның мемлекеттік нығаюы, тәуелсіз елімізді өркендету жолында рухани құндылық көзіне жататын өлшеусіз рухани мұра қалдырған батыр шығармаларындағы отансүйгіштік, тілдік таным, әдебиет мәселелері саласындағы сом-сом ойлары қара қылды қақ жарған қайратымен кімді болса да тамсандыратыны анық.

Бауыржан Момышұлы – ең алдымен Отанын сүйген нағыз азамат, сұрапыл заманда шыңдалған қаһарман жауынгер, өр қолбасшы, рухани дүниесі бай, үлкен жүректі адам. Оның жазушылық сапарын нұрландырып, шабытына қанат, қаламына нәр, үніне сенім қосқан – осынау өзгеше еңселі адамгершілік, қайраткерлік тұлғасы. Қоғамдық ауқымдағы өрелі ойлары мен барынша адал, бүкпесіз, ашық сезімді, асқақ та нақты әлеуметтік мұраты, айқын көркемдік-эстетикалық ұстанымдар жүйесі Бауыржан Момышұлын заңды түрде қазақ әдебиетіндегі дарынды да дана қаламгерлердің қатарына қосады.

Патриотизм көне грек сөзі, отанды сүю деген мағынаны береді. Еліміз егемендік алып, дүние жүзіндегі алдынғы қатарлы отыз мемлекеттің қатарына кіруге ұмтылыс жасап отырғанда, мемлекеттің ең басты байлығы - Отанын сүйген, тарихын терең білген, дәстүрін сақтаған білімді азаматтары болып табылады. Демек, патриотизм тақырыбы күні бүгін де аса актуальды, әрі тәрбиелік мәні зор. Ал қазақ әдебиетінде патриотизм тақырыбының бірден–бір өзекті бастауы ауыз әдебиетінде батырлық дастандар болса, күні кешегі кеңестік әдебиетте партизан жазушы Қасым Қайсенов айтқандай «Әрбір күні, әрбір ісі ерлікке толы Баукеңнің», Бауыржан Момышұлының шығармалары болып табылады. Өлбетте, Бауыржан Момышұлы шығармаларындағы патриотизм тақырыбы батырдың тілдік таным туралы әдеби ойларымен астасып жататындықтан философиялық, тарихи, психологиялық, педагогикалық жағынан да жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Қаламымен де, қаруымен де аты аңызға айналған жауынгер жазушының негізгі шығармалары бойынша тілдік таным туралы ойларын, патриотизм тақырыбын, туған тіл, ел, жер тағдыры мәселелерін кезінде көтеріп кеткендігін, олардың күн өткен сайын мағынасының тереңдеп, өзектілігінің артылуын тағы да бір ой елегінен өткізу уақыт талабы болып отыр.

Академик Мекемтас Мырзахметов[1] Бауыржан Момышұлының шығармалар жинағының алғысөзінде кезінде кеңестік ңензураның тоқсан қабат айласымен жарық көрмеген, жылдап жатып қалған, шыққан күннің өзінде қысқартуға ұшыраған жазушы еңбектерінің тағдырына тоқтала отырып, былай дейді: «Міне, енді тәуелсіздік заманы келген соң бұл аталмыш шығармаларды Бауыржан Момышұлының жүз жылдық мерейтойы қарсаңында даярлап, жазушының таңдамалы отыз томдық шығармалары жинағын қайта қарап толықтырып, бастапқы қалпына келген нұсқасын оқырман назарына ұсынуды мақұл көрдік. Баукең күнделігінде «Жазғандарым көп, басылғандары аз», - деп ескертуінде зор шындық жатыр. Біздер, оқырмандар, бүгінге дейін жарияланған Б.Момышұлы шығармаларынан айсбергтің су бетіндегі бөлігін ғана көрумен қанағаттанып келеміз. Ал айсбергтің су астындағы аумағы зор қат-қабат сырғатолы қазыналы болмысын көз алдымызға елестете де алмаймыз. Өйткені онда Баукеңнің бастан кешкен заман шындығы жайлы өтін тіліп айтқан сыншыл да шыншыл жасампаз пікірлері жатыр. Бұл Баукең жазған аталы пікірлердің мән-мағынасы – біреуей тарихшы ғалым профессор Е.Бекмаханов ескерткендей «Қиянаттың үлкені – халықтың өз тарихын өзінен жасыру екен. Бұл – ұлттық сананың төте жолы ғой. Ал, ұлттық санадан айрылған ел ұлт болудан қалады», - деген ой толғанысымен тікелей сабақтасып жатқан

құндылықтардың тұнып тұрған рухани қазынасы». Бауыржан Момышұлы мұрасының әлемге әйгілі бастауы, әлбетте, қан майданда жазылып, алғаш «Волокаламск тас жолы» деген атпен тараған, әрбір сөзін шеғелеп, бір ғариін де өзгертпеуін журналиске алдын-ала жазбаша шарт жасап бекіткен, көп көркем романның бірі емес, «әскери-тәрбиелік құрал» жазуды талап еткеннен туған әскери оқулық «Арпалыс» екендігі ақиқат. Күні бүгін әлемнің бірнеше алдыңғы қатарлы мемлекеттерінде міндетті түрде жастар, әскери қызметкерлер оқуға тиісті кітаптар санатына кіретін батыр Бауыржан туралы бұл шығарма құндылығын, қыры мен сырын өскелең ұрпаққа сіңіру мәселесі әлі де өзекті болып тұрғандығы анық.

1943 жылдың 8 желтоқсаны мен 1944 жылдың 8 желтоқсанында Кеңестер Одағының Жазушылар одағында «Арпалыстың» кезекті тараулары талқыланғандығы белгілі. Шығарма позициясын автор Александр Бек емес, бас кейіпкер Бауыржан Момышұлының қорғап шыққандығы тарихтан белгілі. Окоптағы секундына жүз өлін, жүз тірілетін жауынгерлерге қандай кітап қажеттігін түсіндірін, болашақ әскерлерді қандай кітап тәрбиелейтінін айдан анық жақсы білген алғы шеп командирі кейіннен аты әлемге жайылған әскери тәрбиелік құрал-романды дүниеге әкелуге бар күшін жұмсады. Кейініректе «Соғыс психологиясын» жарыққа шығарған Бауыржан Момышұлы – Ұлы Отан соғысы туралы қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, әрі ұйымдастырушысы болып табылатындығы ақиқат.

Белгілі ағылшын тарихшысы Александр Верттің «Ресей 1941-1945 жылдағы соғыста» [2] деген кітабында: «Қызыл Армияның табанды солдаттарының бірі қазақтар болды, тұтас алғанда қазақтар бүкіл соғыс бойында өздерін жақсы жағынан таныта білді. Тіпті Сталинградтың өзінде ең өжет солдаттар қатарында қазақтар тұрды» - деген сөздер бар. Соғыстан кейінгі жылдар әдебиетінде де соғыстан аман қайтып, қолына қалам алған майданғер ақын-жазушылар шығармалары осы бір кезеңнің белі болып, нар жүгін арқалаған. Әлбетте, осы бір алыптар шоғырында Бауыржан шыңы көз жетпес биікте, тамыры тереңде.

Ана тілдің уызын қанып ішкен, тарихы мен дәстүрін бойына терең сіңірген ұрпақтан ғана ұлтжанды ерлер шығатынын ерте түсінген қолбасшы соғыстан кейін алдымен ұлттық тәрбиенің кәусар бұлағындай етіп «Ұшқан ұя» романын жазды. Ал жазушының тілдік таным туралы келелі ойларын қаламгердің майдан даласынан жазған хаттарынан да, халық арасына кеңінен тараған қанатты сөздерінен де, соғыс психологиясына қатысты еңбектерінен де молынан кездестіресіз.

Ұлтының жүз жылдық алдағы болашағын көре білген кемеңгер қолбасшы:

Соедини в себе, поэт,
Два века воедино.
Мудрей отна будь на сто лет,
Моложе на век сына, –

деген жолдарды 1941 жылдың 28 желтоқсанында қаламымен қарайта жазып қойған екен. Бауыржанның бар болмысын танып білуге де ұрпағына ғасырлар қажет-ау деген ойға қаласың. Ақын Хамит Ерғалиевтың сөзімен айтсақ: «Баукеңнің телеғей-теңіз тағылымы – болашақтың, таяу мыңжылдықтың әңгімесі».

1 Мырзахметұлы Мекемтас. Алғы сөз. / Момышұлы М. Ұшқан ұя. Бірінші том. Көп томдық таңдамалы шығармалар жинағы. - Алматы: Өнер, 2008. -248 бет

2 Александр Верт. Россия в войне 1941-1945. Москва: Воениздат, 2001. - 664 с.

Резюме

Л.М.Адилбекова, М.А.Койчыбаева. Размышления Бауыржана Момышулы о языковом познании

Роль и значение литературы о Великой Отечественной Войне велик не только в казахской, но и в мировой литературе. Тема войны затрагивает такие святые темы, как героизм, преданность, любовь к родине, родной аул, родных и близких, родителей, любимую и т.д. Основателем темы войны в казахской литературе является выдающийся полководец, герой Великой Отечественной Войны Бауыржан Момышулы. К юбилею писателя-фронтовика впервые изданы ранее неопубликованные труды автора, которые в свою очередь ждут своих исследователей. Литературные концепции Б.Момышулы сполна встречаются не только в романах и широко распространенных крылатых словах батыра, но и в знаменитых фронтовых письмах и эпистолярных трудах

писателя. В статье рассматриваются художественные особенности и глубина мысли художественных трудов автора с позиции раскрытия литературной концепции в целом.

Ключевые слова: Бауыржан Момышулы, роман «Ұшқан ұя», психология войны, Великая отечественная Война, крылатые слова, письма.

Summary

L.M. Adilbekova, M.A.Koichybayeva. Reflections of Bauyrzhan Momyshuly about language skills

The role and importance of literature about the Great Patriotic War is great not only in Kazakh, but also in the world literature. The theme of war affects such sacred themes as heroism, loyalty, love to country, its native villages, relatives, parents, lover, etc. The founder of the theme of war in the Kazakh literature is an outstanding leader, a hero of the Great Patriotic War Bauirzhan Momyshuly. On the anniversary of writer-soldier first published previously unpublished works of the author, which in turn are waiting to be explored. Literary concept B.Momyshuly fully meet not only in novels and widespread winged words, but also in the famous wartime letters and epistolary works of the writer. The article deals with artistic features and depth of artistic production of the author's thoughts from the perspective of the literary concept of disclosure as a whole.

Key words: Bauirzhan Momyshuly, novel "Ұшқан ұя", psychology of war, World War II, winged words and letters.

ӘОЖ 821.512122(091)

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КӨРІНІСТЕР

Л.М.Әділбекова – *Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, ф.ғ.к., профессор м.а.*

Қ.Ә.Аязбекова – *Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, магистрант*

Аңдатпа. Мақалада әңгіме жанрына тоқтала отырып, еліміз тәуелсіздік алғалы жазылған әңгімелердің желісі мен мазмұнына ерекше назар аударылған. Қоғамда болып жатқан өзгерістер мен өмір шындығы айтылады. Кеңес кезінде жазбақ түгілі, айтуға болмайтын ойларын жазушыларымыз шығармаларына арқау еткен. Тілдік құралдарды жазушыларымыз қалай қолданды, олар қандай дәрежеде көрініс тапты деген мәселелерге аз да болса талдау жасалынады. Жазушыларымыз қазақ әңгімесінің көкжиегін кеңітіп, мазмұнын тереңдетіп, пішінін жетілдіруге айтарлықтай үлес қосты.

Түйін сөздер: Әңгіме, тәуелсіздік, ұлттық дәстүр, этнографиялық көрініс, қазақ қоғамы.

Әңгіме – әдеби жанрдың бастау бұлағы, барша баяндау әуел баста әңгімеден жаралған десе болады. Әңгіме бір деммен айтылған болса – бір деммен оқылуы тиіс. Бұл жанр уақыт өте, заман өте сипаты өзгерін, кісінің, яғни айтушының лексикасына ыңғайласа дамып, мейлінше оңтайлы, барынша ыңғайлы күйге енді. Зергер қолынан шыққан асыл бұйымға ұқсап нақтылана, нақыштана түсті. Әр ұлттың дәстүріне байланысты үнемі дамып, жетіліп келеді. Әңгімешінің тапқырлығы, ұтқырлығы арқылы жанды, нәрлі сөзді мың бояумен құлпыртып ойнатуы бел алады.

Тәуелсіздік алған жылдардағы қазақ қоғамында болып жатқан түбеғейлі өзгерістер әлеуметтік рухани өмірімізді жаңа белеске шығарды. Кеңес кезіндегі саяси шектеуден, коммунистік партияның құрсауынан босаған қазақ көркем сөзі алғашында тосырқап қалғаны шындық. Мұның өзі қоғамда «қазақ әдебиеті тоқырауға ұшырады, бүгінгі заманның жедел даму қарқынына ілесе алмай қалды» деген пікірлер тудырды. Алайда көркем өнер тез күш жинап, уақыт көшінен қалмай, жемісті ізденістерге батыл кіріскенін зерттеу нәтижелері көрсетіп отыр. Ұшқыр да оңтайлы жанр – поэзияны былай қойғанда, шығармашылық толғанысы ұзаққа кететін проза жанры ширақ қимылдап, жаңа заман биігінен қарап жазылған бірқатар үлкенді-кішілі шығармалар жаңа тақырып, тың сюжеттерді алып келді.

Тәуелсіздік алғалы қазақ прозасы толымды ізденістермен басталғаны белгілі. Кеңестік саясат тыйымынан ой-пікірі жарық көре алмаған қаламгерлердің бірқатары осы тұста сөз еркіндігін пайдаланды. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттің дамуының бағдары, міндеттері жайында кең көлемде пікірлесу өріс алды. Ақын-жазушыларға өзі қалаған, жанына жақын тақырыпқа шығармалар жазу

мүмкіндігі туды. Елдің еңемендігі мен ұлт мүддесін арқау еткен тәуелсіздік кезеңіндегі жаңа әдебиет – бұрынғы кеңестік дәуірдің шектеулерінен арылып, дүниежүзілік көркемдік үрдістен тәжірибе жинап, ұлт әдебиетіне ортақ жаңа сапалар, өлшемдер кіргізді. Соның елеулісінің бірі қазіргі қазақ прозасының символикалық сипаты. Біздің басты назар аударатынымыз да бұрыннан бар тәсілдің қазіргі заманғы жаңа болмысты прозадағы өзгеше жаңғыруы мен түрленуі болмақ.

Қазіргі қазақ прозасының көркемдік көкжиегі кеңейіп, шағын жанр әңгіме мен повесть жанрының болсын шығармашылық объектілері көбейді. Халқымыздың ұлттық танымын, рухын көтеретін, өткеніне көз салған тарихи романдармен қоса қазақы ұлттық мінезімізді, салт-дәстүрімізді әспеттеген әңгіме, повестер пайда болды.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әңгімелерінің көркемдік деңгейін көтеруге Ш. Мұртаза, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, Б. Нұржекеұлы, Т.Нұрмағамбетов, Қ.Түменбай, Ә.Тарази сынды қаламгерлер үлес қосты.

Ш.Мұртазаның шағын жанрды ұмыт қалдырмай, оған өзіндік үлес қосып жүргендігін «Алапар мен Динго», «Бұршақ», «Тәуекел той» сықылды әңгімелері растайды. «Тәуекел той» әңгімесінің атының өзі айтып тұрғанындай, шығармаға қазіргі замандағы бәсеке тойы арқау болған. Бақталастық пен күндестіктің шегінен асқынғандығы сонша той десе жанын салатын қазақ бүгінде дәстүрлі тойларды жоғалтып, тойдың өзін бәсекеге айналдыра бастады. Даңқ пен дақпыртқа мастанған жандардың өзгеден асып түсу мақсатында тойдан кейін қарызға белшесінен батып жатуы бүгінгі күннің шындығы.

Қ. Жұмаділовтің «Жалдамалы күйеу», «Жемдеген қырғауылдар», «Құдайдың үйі», «Бір ғана ғұмыр», «Дөңгеленген дүние-ай», «Тіленші», «Бұқарбайдың бұқасы», «Ит базары» секілді әңгімелерінің негізгі өзегі де бүгінгі күннің оқиғалары, кейіпкерлері жаңа заманның адамдары. «Жалдамалы күйеудегі» Баймырзаның өз бала-шағасын тастап, басқа бір бай әйелге кетін қалуы өмірден алынған шындық. Сол секілді «Жемдеген қырғауылдардағы» аудан әкімі Нұрсаған Бектұрғановтың, «Құдайдың үйіндегі» Әкпар молданың, «Бұқарбайдың бұқасындағы» кәсінкер Бұқарбайдың іс-әрекеттерін суреттеу арқылы жаңарған қоғамның сыпатын, кескін-келбетін, тынысын ашып көрсеткен. «Тіленші» әңгімесіне ХХ ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы Кеңес Одағы ыдыраған тұстағы қазақ халқының тығырыққа тірелін, экономикалық құлдырауға душар болған кезіндегі күйі әнші жігіттің тағдырымен бейнеленген. «Бұқарбайдың бұқасы» атты әңгімесінде тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы жаңа қоғамды тосырқай қабылдаған жандардың қоғамның ыңғайына қарай бейімделе бастағандығы көркем бейнеленген.

Шағын әңгімелерінде ауыл өмірінің көркем суреттерін жасаған

Т.Нұрмағамбетовтің тәуелсіздік тұсында жазылған «Анасын сағынған бала» әңгімесі тоқсаныншы жылдардағы өмір шындығына негізделген. Шаруашылықтар тарап, ауылдағы ер азаматтардың бәрі жұмыссыз қалған тұста бала-шағаны асырау қамымен әйел-аналардың ала қапты арқалап қалаға ағылғаны белгілі. Қала кезген ана мен ауылда қалып, Алматыдан келген Есмағамбеттен анасының хабарын күткен Сержанның үш күндік әңгімесімен сол тұстағы ауылдың қайғылы халі көркем бейнеленген. Жазушының «Келін» әңгімесі, құрылымы қызық, оқырманды бірден баурап алатын шығарма. Онда қазақы салт-дәстүр, ауыл бейнесі әдемі көрініс тапқан. Шағын ауылдың қарапайым азаматтарын алу арқылы жазушы шалқар өмірдің шындығын алға тартқан. Апасы алғаш рет: «Жоғарғы ауылдағы Еламанның қызына құда түспек ойым бар» деңенде, Тоқтас: «Ой, әне бір қызға ма?» деп, жақтырыңқырамай қалған. Мектепте екі класс төмен оқыған еді. «Шығарма сюжетіне, көркем тартыс барысына тың тыныс, көрікті бояу қосатын да осы этнографиялық детальдар, яғни қазақ халқына тән құда түсу дәстүрі».

Жазушының «Ата қоныс» әңгімесінде автордың мал екеш малдың да туған жеріне деген сүйіспеншілігінің ерекше екеиі көңіл аудартады. Аймүйіздің бошалап кетуі, яғни буаз сиырдың өз төлін жарық дүниеге әкелуі үшін өзінің қонысына қашып кетуі. Мұқа қарттың сиырын іздеп шығуы, тау-тасты аралап таппаған соң, өзінің ата қонысынан табуы оқырманды бей-жай қалдыра алмасы анық. Он жыл бойы ата қонысына ат ізін салмаған Мұқа қарттың сиырдың арқасында жұртына келуі, сол кезде барып өзінің де күйбең тірлікпен жүрін туған жеріне ат ізін салмағаны, ата қонысын қаншалықты сағынғанын көзіне үйірілген жасынан байқауға болады.

Тоқырау жылдарындағы және тәуелсіздік тұсындағы қазақ ауылдары мен қала тіршілігінің тұрмыс-күйі Қ.Найманбаев, Д. Досжан, С. Елубаев, С. Балғабаев, М. Асылғазин, С. Асылбеков,

Н.Ақыш, Д. Әшімханов, Т. Мәмесейіт, т.б. жазушылардың әңгімелеріне негіз болды. Аталған жазушылар ауыл қазақтарының трагедиялы хал-күйін нақты мысалдармен шынайы бейнелей отырып, жер асты байлығының қазаққа бұйырмай жатқандығына күйінді. Пейілі кең, көңілі дархан, қонақжай да бауырмал қазақтың ұлттық қасиеттеріне үңілу арқылы ұлттық характерлерге ерекше көңіл бөлді. Ауыл мен қала тіршілігін параллель суреттеумен бүгінгі ауыл өмірі мен қала тынысынан біршама хабар берді.

Кейінгі кездері әңгіме жанрына көбірек қалам тербеп жүрген жазушы Қ.Түменбайдың «Көз» (1999) деп аталатын әңгімесіндегі сүрбойдақ атанып, жаңа үйленген жас отаулардың терезесін аңдитын Дәуренбай есімді жігіттің іс-әрекеттері еріксіз күлкі үйіреді. Н.Ораздың «Терісағаш» әңгімесі М.Мағауиннің «Қисық агаш» хикаятының жалғасы тәрізді. Жеткіншек бала өмірі мұнда жас шыбық ретінде бейнеленген. Теріс отыргызылган шыбықтың зәулім қарагашқа айналуы оның қалай отыргызылуында емес, бастысы ниеттің оң екендігін байқатады.

Н.Ақыштың тәуелсіздік жылдары мерзімді басылым беттерінде жарияланып, «Бейуақта жанган от» (2010) атты жинагына енген «Бейуақта жанган от», «Қадірсіз қоңыр», «Нагыз әже қайда?», «Бұрынгы бастықтың әйелі», «Мұңды жанардың сәулесі», «Дон-Жуанның қалыңдыгы», «Көнбіс бәйбіше», «Жұмыс іздеген қыз» және басқа да көптеген әңгімелері көркемдік үдесінен шыққан шыгармалар. Жазушы аталган әңгімелерде қогам мен адам арасындагы ежелден келе жатқан үйлесімсіздіктердің сырларына жекелеген жандардың бастарынан өткен қызықты оқигалар арқылы үңілуге тырысады. Кез-келген әңгімесінде адам тагдыры ішкі қайшылықтарымен, әлеуметтік сипаттарымен дараланган. Тәуелсіздік пен демократия еркіндіктеріне ден қойган кейіпкерлердің өмір жайындагы ұстанымдары оқырманды тосын ойларга жетелейді.

Қорыта келгенде, жұмыстың негізгі мақсаты – тәуелсіздік алгалы бері жазылган қазақ әңгімелеріндегі көрініс тапқан этнографиялық сарынды көрсету еді. Қазақ прозасының тақырыптық деңгейі кеңіп, кеңестік жүйе кезіндегі жазылмақ түгілі айтуга болмайтын «жабық» тақырыптарга қалам тарту мүмкіндігі туды. Алдымен, халқымыздың ұлттық танымын, рухын көтеретін, өткеніне көз салган тарихи романдармен қоса қазақы ұлттық мінезімізді, салт-дәстүрімізді әспеттеген әңгіме, повестер пайда болды.

1.Балтабаева Г. Қазіргі қазақ әңгімесі және тотем ұғымы. Жамбыл. – 2010 №4, 177-182 б.
2.Орда Г. Ақиқат журналы, 19.11.2011. 63-66 б.
3. Нұрмағамбетов Т. Таңдамалы. – 1997 ж.

Резюме

Л.М.Адилбекова, К.А.Аязбекова. Национальные образы в современных казахских рассказах

В этой статье обращается особое внимание на жанр рассказов, а также на развитие сюжетов и содержания рассказов характеризующий литературу периода независимости страны. Здесь рассматриваются темы касательно изменения и реальные события происходящихся в жизни людей. Наши писатели смогли передать свои мысли и воплотить их в основную идею или стержень своих произведений, которые в годы советской власти были под запретом. Сделан небольшой анализ на способы применения языковых средств и уровень их отражения на произведений. Значительный вклад был внесен по поводу вопросов углубления содержания, усовершенствования формы и техники передачи сюжетов.

Ключевые слова: Рассказ, независимость, национальные традиции, этнографический мотив, казахское общество.

Summary

L.M. Adilbekova, K.A.Ayazbekova. The national scene of modern Kazakh stories

Article about the genre of the content of the story line and the independence of the country with special focus. Tells the truth of the changes taking place in society and life. Tip of the record, let alone, to say that the basis of considerations that are not writers. Language writers how to use the tools, which is reflected in the extent to which issues of minor analyzes. Kazakh writers to expand the horizons of the story, content, depth, made a significant contribution to the improvement of the shape.

Key words: This, independence, national traditions, ethnographic view, Kazakh society.

УДК 82:801.6;82-1/-9

ВОСПОМИНАНИЯ - НОВЫЙ ТИП ХРОНИКАЛЬНОЙ КОМПОЗИЦИИ

Б.К. Базылова - *к.филол.н., доцент КазгосженПУ*

Аннотация. Воспоминания о Якушкине представляют собой новый тип хроникальной композиции, обусловленный особенностями характера личности, о которой рассказывает мемуарист. В очерке отсутствуют сведения о том, как ушел из жизни Якушкин. Этот мотив не вписывался в авторскую концепцию «божьего человечка», не понятого обществом, но вдохновленного добротой, которое он постоянно проявлял к окружающим его людям.

Работая над образом Якушкина, Лесков «вписывает» его характер в контекст героических характеров «праведников» христианской письменности, «освобождает» его от свойственных реальной личности Якушкина сложностей и противоречий.

Своеобразный жанр воспоминаний Лескова можно определить как «биографо-апокрифический», так как основой его является «канонический» подтекст общеизвестных фактов биографии Якушкина. В представлении Лескова они неотделимы от «апокрифических» наслоений в виде разнообразных слухов, свидетельств современников и очевидцев, в которых отражается и своеобразие переживаемой автором эпохи, и индивидуальная неповторимость характера героя литературных воспоминаний.

Ключевые слова: мемуарно-биографический очерк, литературный портрет, апокриф, фольклорный очерк, жанр воспоминаний

В мемуарно-биографическом очерке Н.С. Лескова образ жизни Якушкина представлен Лесковым как своеобразная разновидность русского национального «праведничества», запечатленного им ранее в образах героев рассказов 1860-х годов «Овцебык, «Очарованный странник», «Несмертельный Голован», «Котин доилец и Платонида», романе «Соборяне». Отличительной особенностью стиля литературного портрета Якушкина является эпиграф, который сразу настраивает читателя на определенный ракурс восприятия его личности. Практически всегда Лесков-художник предварял свои произведения эпиграфом. Часто писатель начинал работу над текстом с подыскания эпиграфа [1, 104], тем самым «настраивая» свое воображение на определенный лад. Лесков придавал особое значение композиции своих произведений и отмечал, что его склонность «писать мемуаром», располагая материал в хронологической порядке, объясняется стремлением воспроизводить течение жизни в ее естественной последовательности. «Жизнь человека, – писал Лесков в «Блуждающих огоньках», – идет как развивающаяся со скалки хартия и я ее так просто и буду развивать лентой» [1, 169]. Этот принцип децентрализованного развертывания сюжета, «лентой, без апофеоза, даже без кульминационной точки» (письмо И.С. Аксакову от 19 февраля 1881 года) был впервые использован писателем в исторической хронике «Старые годы в селе Плодомасове, где были даны картины быта, нравов и галерея типов русской жизни, начиная с эпохи Ивана Грозного. Жанр хроники, основанный не на романической фабуле, а на «временном» изложении событий, определил впоследствии и композицию «Соборян». Хроникальная композиция показательна и для тех произведений Лескова, в которых рассказчик, он же герой, сообщает слушателям о приключениях и происшествиях своей жизни. Так построены очерки «Смех и горе», рассказы «Очарованный странник», «Заячий ремиз».

Органически свойственный Лескову принцип развертывания произведения многократно варьировался писателем, и в этом отношении воспоминания о Якушкине представляют собой новый тип хроникальной композиции, обусловленный особенностями характера личности, о которой рассказывает мемуарист. Он описывает «похождения» Якушкина в коротких отрывках: такой способ повествования Лесков избирает потому, что это единственная форма, в которой можно передать суждение о лице, не «укладывающемся ни в какую форму». Опыт изображения «вдохновенного бродяги», через который прошел Лесков, работая над рассказом «Шерамур» [2], оказался плодотворным в воплощении замысла очерка о Якушкине.

Доминирующей чертой характера Якушкина Лесков считает его «направление к простонародности» [2], о чем «сообщает» взятый из фольклорных источников эпиграф очерка. В отсылке к фольклорному жанру скрыто сообщение о роде занятий Якушкина-фольклориста и

этнографа. Однако «простонародность» Якушкина в его литературном портрете явно гиперболизирована и шаржирована. Как справедливо указывает В. Базанов, сама личность Якушкина «стала достоянием фольклора, дружеской молвы, народной и товарищеской», еще при жизни [3, 282].

Лесков начинает свои воспоминания о юных годах Якушкина-гимназиста очень характерной «оговоркой», которая затем будет постоянно подкрепляться приводимыми мемуаристом фактами: «... Павел Иванович оставил по себе в ближайших поколениях героические предания: говорили о крайней его небрежности в туалете, и особенно о его «вихрах» [1, 71]. Память мемуариста сохранила эту деталь облика Якушкина, но она использована Лесковым не для того, чтобы индивидуализировать его внешность. Визуальный образ «вихров» – метафора доминирующей черты характера Якушкина, «выстроенного» автором-повествователем.

Бір күні назым бопты хорезм тілді.
Қазақи-түркімен жазайын деп,
Жүсіпбектің көңіліне және келді, - дейді.

Келтірілген үзіндіден туындының қолдан-қолға, елден-елге өткен сапар жолы көрінеді. Түп төркіні парсылық қара сөзді шығарманың бір уақыттарда түрки өлең сөзді шығармаға айналғаны аңғарылады. Жүсіпбектің сол нұсқадан қазақша сөйлетіп отырғаны анық көрінін тұр. Бұрын жырланған шығарма желісімен жүріп отырса да, Жүсіпбек нәзиралық туындысына өз тарапынан көп нәрсе қосқандығы байқалады. Шығарма алғысөзі ретінде көлемі елу жолдық діни сопылық өлең берілген. Онда ақын дәстүр бойынша Алла Тағаланы, Мұхаммед пағамбар нұрын, төрт шариярды жырға қосады. Бұл мұсылмандық әдебиетке тән дәстүр болғанымен, кітаби ақын жырын дүние жаратылысымен, бүгінгі өмірмен, адам табиғаты, иман мәселесімен сабақтастырып отырады:

Бастайын бір Алланың атыменен,
Түзеткей өз құдірет затыменен,
Бихамдулла, біздерді қылды инсан,
Жайылар біздей құлдар хатыменен, - деп ақын Алла Тағаланың адам етіп жаратқанына шүкіршілік ете отырып шығармашылық ететінін айтады.

Алланың заты- пәк, әуелі жоқ.
Интаһа – ахирының өлшеуі жоқ.
Біздерді адам қылып иман берді,
Шүкір Алла, бұл жері көңілге тоқ, -

деп Алла Тағала пәктігін жырлай отыра адам етіп жаратып, иман берғеніне шүкіршілік қылады. Өйткені саналы адамзат баласының өмірлік тірегі – иман, иманды өмір деп біледі ақын.

Бір қатра нұр жаратты Тәңірім бұрын,
Сол деп айтар білгендер досты нұрын.
Ошал нұрдан жаратқан бұ ғаламды,
Өзі айтпаса кім білер Құдай сырын, -

деп Алла Тағаланың алдымен Мұхаммед пайғамбар нұрын, содан бұ ғаламды жаратуын, сол нұрдан тамған терден төрт шаһарияр жанын, иманды т.б. жаратуын жырлайды. Кітаби діни ақын Жүсінбек өз кіріспесінде Имам Ағзамнан бастап, Шафиғи, Имам Ахмет, Имам Мәлік, Әбу Жүсін, Ыдырыс имам, сүннет, жол, мазһаб туралы айта келін:

Бұ қисса шейх Мансұр хикаяты
Мекені - Мысыр шаһары, уәлаяты.
Жүсінбек сөз қозғасын ер Мансұрдан,
Алланың болса әғәр ғинаяты, - деп негізгі тақырыпқа көшеді.

Кітаби ақын қолында Мансұр сопы жайлы жырланған, өзі сөз еткен кітаптардан бөлек, ең алдымен, Ахмет Ясауи хикметтері болды деуге болады. Өйткені қиссаның көп жерінде айтылған ойлар мен оқиға желісі Ясауи хикметтерімен сәйкес келеді. Ахмет Ясауи хикметтеріндегі Мансұр әл-Халлаждың жырлануын ғалым А.Ахметбек былай береді: «Сюжетті хикмет тердің ең көлемдісі ретінде 108-хикметті атаймыз. Бұл шығарма жиырма жеті шумақтан тұрады. Хикметтің мазмұнына Йассауидің арқа тұтар адамы сопы Мансұрдың аңызға айналған өлімі арқау болған. Хикметте тарихта болған екі сопының аты аталады. Әл-Халлаж Әбу-л-Муғис әл-Хусейн бн Мансур (шамамен 858-922 жж.) өзінің сопылық оқуын ашық уағыздап, ресми дін басыларының қуғынына ұшырап, сот үкімімен өлім жазасына кесілген адам. Кейіннен өлім жазасының орнына сиқыршы ретінде үш күн дар бағанаға байланып, масқараланады. Аңыз бойынша, өз оқуынан бас тартпай қайсарлық танытып, бағана басында "әнә-л-Хақ" (мен Хақпын) деген атақты сөзін айтады. Бұл сөз мәнін күпірлік деп таныған қожа-молдалар Мансурды кәпір ретінде жазасын тартуды талап етеді. Мансур қалған өмірін қамауда өткізеді. Ал Зу-н-Нун әл-Мисри Әбу-л-Файд Саубан бн Ибрахим (шамамен 796-860 жж.) алғашқы сопылардың бірі. «Мақамдар мен ахуалдар» оқуының негізін салушы, суфизм атасы ретінде танылады. Бұлар екеуі өмірде бір-бірімен кездеспеген. Бірақ Йассауи фантазиясында Зу-н-Нунның оқу жалғастығын Мансурмен көрсету үшін Зу-н-Нунды Мансурдың пірі деп таныстырады (Мұндай байланысты өзінің Арыстан Баб арқылы Мұхаммедтің тікелей ізбасары ретінде беру тәсілін қайталауда көреміз). Яғни, уақыттың оқуға білімге күші де, заңдылығы да жүрмейтінін тағы да белгілеегендей. Сөйтін, Зу-н-Нун алғашқы сопылар қатарын құрса, Мансур осы қатарды жалғастырушы екенін, екеуі бір дүниенің құрылысын салушылар екенін таныту бар. Сондықтан дастан-қиссада Зу-н-Нун Мансурдың пір болып, оның қолдаушысы, әрекетіне тура да, әділ баға беруші ұстаз образында бейнеленген [1, 81-б]. Ғалым А.Ахметбек Ясауидің Мансұр әл-Халаж оқиғасын арқау еткен бір ғана 108-хикметін атаса, шын мәнінде, хикметтердің кейінгі түрлі басылымдарында олардың реттік саны ауытқып отырады. Мәселен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының шығаруымен 2000 жылы басылған [2] нұсқасында 9, 22, 76, 79, 88, 89, 123, 142-хикметтерінде Мансұр оқиғасы, ілімі жырланады. Үлкен орын беріліп, сюжетті өлең үлгісінде жырланғандары - 9, 22, 89-хикметтері.

Махаббат жолында ғашық болып Мансұр өтті,
Белін байлап Хақтың ісін мекем тұтты.
Жәбірлеу, қорлауды да көп есітті,
Ей, мұсылман, мен де Мансұр болдым міне.
Ғашық Мансұр "Әнә-л-Хақты" тіліне алды,
Жәбірейіл келін, "Әнә-л-Хақты" бірге айтты.

"Әнә-л-Хақтың" мағынасын білмес надан,
Дана керек бұл жолдарда таза мардан.
Ақылды құлдар Хақ жолын жадына алған,
Жаннан кешін жаратқанды сүйдім міне.

деген секілді Ахмет Ясауи хикметтерінен аңғарылатын жайт – Мансұр әл-Халаждың сопылық ілімін оның өте жоғары бағалағаны, оның ісін, өлімін сопылық, шын ғашықтық жолындағы ерлік деп

таныған, өзіне өмірлік, діни ілімдік сопылық жолында үлгі-өнеге етін ұстанған көрінеді. Шындығында, сопылық ілім тарихындағы атақты сопылардың бірі Халлаж Мансұрдың сөздері мен аңыздары мұсылман халықтары мен сопылық шығармаларда өшпес із қалдырған анық. Сопылық жол осы Халлаж Мансұр ілімі арқылы жаңа бір кезеңге өткен. Оның бүгінге дейін аты өшпеуі "әнә-л-Хақ" (мен құдаймын) деген атақты сөзіне байланысты. Бұл сөздің тура мағынасы ислам сенім негіздеріне қайшы келгенімен, сопылардың түсіндіруі бойынша түсінуге қиын, бірақ түпкі мағынасы дұрыс айтылған сөз. Халлаж Мансұрдың сөзіне түсінбеген замандастары оны өлім жазасына кескен. Халлаж Мансұрдың атақты осы сөзін Имам Ғаззали жақтап, оны былай түсіндіреді: "Егер бір шыны ыдысқа кез келген реңдегі сусын құйсаң, шыныдан шынының бейнесі емес, сусынның реңі көрінеді. Міне осы сияқты жүреғіндегі Аллаһтың көрінісін көрген сопы, өзін емес, Жаратушысын көреді. Сондықтан ол өзін "әнә-л-Хақ" деп жар салуы мүмкін." (Сопылықтағы Уахдет-і Ужуд).

Кітаби ақын Жүсіпбек Шайхисламұлының «Қисса Мансұр әл-Халаж» шығармасы мазмұндық тұрғыда іштей жіктелген екі бөліктен тұрады деуге болады: алғашқы жартысы сопы Мансұр әл-Халаждың сопылық өмір жолы және сол жолда опат болуы болса, екінші бөлігі Мансұр мәйітінің суға шашылған күлінің көбік болуынан Алла Тағаланың құдіретімен жаралған шығармада әкесі Мансұрдың сопылық ілімін жалғастырған баласы - сопы Насим оқиғасы. Мансұр оқиғасының бастауы оның қарындасы Әнал туралы аңызды өзек етеді. Әнал оқиғасы Ясауи хикметтерінде жырланбайды. Мансұрдың аңыз бойынша сопы болып қалыптасуына Әнал оқиғасы себепкер болды делінсе де, оның бұл оқиғаға дейін де Хақ жолын берік тұтынған жас жігіт екендігі айтылады. Оны ақын былайша жырлайды:

Шейх Мансұр жас жігіт,
Көзге жастау болса да,
Ақыретке бас жіғіт.
Дайым Хақтан қорқады,
Екі көзден жас төгіп,
Тағат қылур Аллаға.

Қиссада Мансұр қарындасының шілтендер талабымен ұсынған бір ұрттам сопылық шараба таһур шарабының өзіне есінен танып қалады. Ғалым А.Әбдірәсілқызы Ясауи хикметіндегі «шарап» сөзін сопылық мәнде былай түсіндіреді: «Сопылық поэзиядағы тұрақты символдардың бірі – *шарап*. Жаратылыстың хикметін, Алла мен адам бірлігін бар болмысымен, рухымен сезінуден туған экстаз хәліндегі күйді сопылардың мастық хәлмен шендестірін, оны *"уахдат* (болмыстың бірлігі) *шарабынан"* мас болу деп сипаттаған. Сопылық тәжірибедегі мұндай халге рухани ұстаздың жанқиярлық жолбасшылық еңбегінің арқасында ғана жету мүмкін болып саналады. Сондықтан «*Пірмұған*» – шарап құюшының, яғни рухани ұстаздың символы болып табылады» [3, 236]. Қиссада шілтендердің шарабының әсерін ақын:

Ішкен соң жалғыз ұрттам ақыл танды,
Оттайын іші-тысы күйіп жанды.
Не айтып, не қойғанын бірін білмей,
«Һуа Хақ» деп ізімен қайта салды...
Бұ сөзге қосып айтты: «Әнал-әл-Хақ»,
Өзін-дағы қосады «мен – әл-Хақ», - деп.
«Қай жерде, қай пенденің ісі ақ болса,
Һәрқашан сол пендеге Құдай жақ», -

деп, Мансұрды өзгеше бір кейіпке түсіргенін, оның сопылық, дәруіштік сипатқа ие болғанын суреттеп береді. Қиссадағы бұл сәт - кейіпкер Мансұрдың шын сопылық биіғіне көтерілгенін көрсетіп, діни қиссаның тақырыптық идеясын ашатын тұсы. Осыдан кейін Мансұр елді, шаһарды аралап дәруіш болып жүреді. Оның бұл жаңа сипаты былайша бейнеленеді:

«Әнә-л Хақ» деп айтады көкке бағып,
Қызарып екі көзі көксін қағып.
Ақыл-һұшын білмейді диуана боп,
Бұрқырап ауызынан көбік ағып.
Әнал да Хақ, мен де Хақ, әдет болды,
Мансұрдың іші-тысы нұрға толды.

Түнде ұйқы көрмеді, күндіз – күлкі,
Тоқтаусыз кезіп жүрді шаһар-елді.

Мансұрдың бұл ахуалын, айтып жүрген сопылық әуенін молдалар естиді. Олар Мансұрды ортаға алады, Мансұр айтқан әуенінен қайтпайды. Мансұрдың айтқан сөзін, ұстанған сопылық жолын нәзиралық шығарма авторы дұрыс деп таниды. Молдалар оның сөзінің шын сырын түсінбеді деп береді. Шығармада:

Білмеділер молдалар,
«Әнә-л-Хақтың» мәнісін...
Зар қылып Хаққа зарлайды,
Өзі ғашық Тәңірге...
Кереметсіз надандар
Хақ сырды қайдан танысын
Жұртқа теріс болса да,
Мансұрдың көңілі Хаққа шын, -

деп Мансұрдың сопылық жолын қуаттап жырлайды. Шығарманың осы сәттері Ахмет Ясауи хикметтерімен үндесіп жатыр. 22-хикметте Ахмет Ясауи сопы Мансұр халін былайша суреттеп жырлайды:

Тынбай ғашық, үһлеп, деп Құдайына жалбарынып,
Жүрер ондай ғашықтар күндіз-түні сарғайып.
Зар жылатар ғашықты, ғашық жолында Құдайым,
Ғашық жолында маламат, оны көрер мұнасіб, -

деген үзіндіден Мансұрдың халі шын сопылық, ғашықтық деп бағаланып отыр. Осы хикметте айтылған Мансұр оқиғасы қисса оқиғасымен сабақтасып жатыр, мұнда да:

Мансұр бір күн жылады, жарандардан рақым келді,
Шілтен шарбат ішкізді, Мансұрға мейірін салып.
Мансұр айтар: «Ана ал-Хақ», еранлар ісі бір Хақ.
Молдалар айтар: «Нахақ» көңіліне иман алып.
Айтпағыл «Ана ал-Хақ» деп, кәпір болдың, Мансұр деп,
Құран ишара болды дер олар көптесін, - деп Мансұр оқиғасы баяндалады. Сопы ақын Мансұр ілімін қолдап: Білмес еді молда лар «Ана ал-Хақтың мағынасын, Хал ақылына Хал ілімін Хақ көрмеді мұнасіб, - деп түйеді. Бұл жолдар кітаби ақынның «Кереметсіз надандар Хақ сырды қайдан танысын» деген ойларына жалғасып жатыр. Ахмет Ясауидің Мансұр, Насим сопылардың ілімін қолдағаны және өз хикметтерінде қуаттап жырлап отырғаны көрінеді. Сонымен бірге, кітаби ақын Жүсіпбектің де Ясауи сопылық жолын ұстанғаны, сол ілімді уағыздап «Қисса Мансұр әл-Халажды» жазғаны аңғарылады. Қиссаның сопы Мансұр, Насим оқиғаларының өліммен аяқталуына молдалар себепші болады. Ахмет Ясауи хикметтерінде де дін өкілдері - молдалар қатты сыналады. Осыдан сопылық ілімнің тууы мен таралуында, дәстүрлі дін өкілдері тарапынан үнемі қудаланып отырғаны аңғарылады. Алланың Хақтығын, Бірлігі мен Барлығын, Хақ дидарына ғашықтықты, Алла елшісі Мұхаммедті, төрт шарияры, пәктік пен тазалықты, адалдықты, т.б. жырласа да, сопылық ағым қашан орныққанша, көп қиындық көргені, қудаланғаны танылады.

Кітаби ақын Жүсіпбек Шайхисламұлының «Қисса Мансұр әл-Халаж» туындысы - әрі көлемді, әрі қызықты оқиғамен өрілген діни сопылық шығарма. Шығармада он бір буынды қара өлең үлгісі, жеті-сегіз буынды жыр үлгісі алма-кезек қолданылып отырған. Кіріспеде кітаби ақын туындының түп негізі парсы тілді насыр сөзді, одан соң хорезм тілді назым болды, содан қазақи, түрки жазғым келді десе де, шығарманы жазу барысында көп пайдаланғаны - Ясауи хикметтері. Қисса оқиғасы мен Ясауи хикметтерінде жырланған Мансұр оқиғасы бір-біріне өте жақын өрілген. Бұл - ғасырларға жалғасып жатқан әдеби дәстүр сабақтастығы. Ясауи сопылық ілімі мен ақындық мектебінің дәстүрі Алтын Орда дәуіріне, діни әдебиетке ұласып, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында ерекше дамыған дәстүрлі жазба әдебиетке және оның өкілдері-кітаби ақындар шығармашылығына жалғасқаны, Ясауи хикметтері мен Рабғұзи қиссалары көптеген діни ғашықтық, хикаялық қиссаларға бастау болғаны анық көрінеді.

1. *Ахметбек А. Қожа Ахмет Йассауи. - Алматы: «Санат», 1998*

2. Қожа Ахмет Йассауи. Хикметтер (Шағатай тілінен аударылған). - Алматы: «Дайк-Пресс», 2000. -208 б.
3. Әбдірәсілқызы. Қожа Ахмет Йасауидің ақындық әлемі. - Алматы, 2007.

ХИКМЕТЫ ЯСАВИ, «КИССА МАНСУР АЛ-ХАЛЛАЖ» И ИХ ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ

С.С. Ергубек - *Международный казахско-турецкий университет им. Х.А.Ясави кандидат филол.наук, доцент,*
Ж. Ергубекова - *Южно-Казахстанский государственный педагогический пединститут доктор PhD,*
Г. Зияева - *Международный казахско-турецкий университет им. Х.А.Ясави магистрант*

Абстракт: В статье рассматривается проблемы воспевания казахских поэтов-книжников хикметов Ходжа Ахмета Ясави, которые означают суфийские каноны и основ его мировоззрения. В их творчествах воспевались значения и сущность хикметов поэта-суфи в гармонии времени. Поэзия Ахмеда Ясави имела огромное влияние на традиционную письменную литературу, которая сильно развивалась во второй половине XIX и начала XX вв. Суфизм Ясави и его хикметы стали главными направлениями в их религиозно-просветительском течении и их религиозно-литературных творчествах. Рассматривается преемственность произведении поэта-книжника Жусупбек Шайхисламулы «Кисса Мансур ал-Халлаж» с приключениями легендарного суфи Мансур в хикметах Ясави.

Ключевые слова: Хикметы Ходжа Ахмеда Ясави, суфизм, поэты-книжники, кисса, дастан.

Diwani Hikmet (Divine Wisdom) of Yassawi, “Kissa Mansur Al-Khalazh” and their continuity

S.S. Ergubek - *International Kazakh Turkish University named after A. Yassawi Candidate of Philological Sciences,*
Zh. Ergubekova - *South Kazakhstan State Pedagogical Institute PhD,*
G. Ziyaeva - *International Kazakh Turkish University named after A. Yassawi Master class student*

The article deals with the problems of glorifying of Kazakh poet-scribes the Hikmets of Khoja Ahmed Yassawi, which means his Sufi canons and the foundation of his world view. Their works glorified the value and essence of Hikmets of Sufi poet in harmony with time. The poetry of Ahmed Yassawi had a huge impact on a traditional written literature, which is highly developed in the second half of the nineteenth and early twentieth centuries. Yassawi’s Sufism and his Hikmets became the main directions in their religious and educational course and in their religious and literary creativity. We consider the continuity of work of the poet-scribe Zhusupbek Shayhislamuly "Kiss Mansur al-Hallazh" with the adventures of the legendary Sufi Mansur Hikmet Yassawi.

Keywords: Hikmets of Khoja Ahmed Yassawi, Sufism, poets-scribes, Kissa, Dastan.

ӘОЖ 821.512.122.0

FUNCTIONS OF METAPHORS IN ABAI'S POETRY

A.Zh. Zhaparova – *Al-Farabi Kazakh National University, Master of Philological Sciences, PhD doctoral student*

Annotation. The article is devoted to the actual topic in Philology - metaphors and its basic functions in the work. Metaphor is an integral part in the poetry of Abai, so it is important to give a descriptive assessment of their figurative aesthetic impact on the reader. The metaphor is not just image tool, metaphor - is the main way of learning about the outside world. Metaphors of Abai Kunanbayuly have special features, such as the nominative function, compressive function, emotional and expressive function, evaluation function. The various functions of metaphors are given here, they are supplemented by examples.

Key words: metaphor, metaphors' function, nominative function, compressive function, emotional and expressive function, evaluative function.

Abai's poetic work distinguishes with its unique, peculiar features. Metaphor is not only tool of creating poetic images, metaphorical meaning is concrete thought, idea, conclusion, result. No doubt that words with figurative meanings in Abai's work are used to transfer descriptive, figured beauty of his notions. Metaphor is used to donate ideas and thoughts with accurate and precise lucidity.

First of all, metaphor differs with cognitive content, its main purpose to create beauty, as well as to show some aspect of life from the other side [1, 15].

Principal functions of metaphors in Abai's poetry:

1. Nominative function
2. Compressive function
3. Expressive function
4. Evaluative function

Nominative function. Nominative metaphor creates nicknames and aliases of individuals, which can then turn into proper names, for instance, Owl, Gold, Speed. Assertaining the nominative function, the metaphor loses its imagery. The metaphor in this case is the technical method of extraction of the new name of the old vocabulary. Abai's poem "The tick of a clock is not something slight" ("Sagattyn shikildagy emes ermek") has deep philosophical significance. This oeuvre is complete metaphoric replacement. Magnificent picture of the poet's world is in the content-conceptual information of the text. "The clock is a theft ticking", / "Without showing it steals life day by day" are lines that depict main information of the text: "the clock's thievery", "it steals life" are metaphors, stylistic usages in figurative meanings. There is hidden implicit seme in the semantics of the word "Clock": it is the thing, which steals the most precious for you untocicebly, it is a robber, theft; it ticks not for pleasure and fun, a clock's ticking is an activity, stealing action. It behaves itself like a burglar, acts like him imperceptibly, insensibly, invisibly. "One minute" is a metaphorical change. "A minute resembles a man's life" / "Passed, died, there is no fate that returns". This is whole life of a person. Passing of a minute is like a human-being' s death. According to the author's conceptual perception, world's picture is seen exactly like this.

A distinguished scholar O.Kornylov said: "Each ethnic language is a unique collective work of art, integral part of culture of the people, the organ of self-reflection, self-knowledge and self-expression of national culture" [2, 133]. We can also see the following concept in individual-author's metaphors of Abai Kunanbayuly.

Compressive function. Metaphor's function, which presents huge, enormous, tremendous information or meaning in succinct, terse and concise way. "Abai's individual abilities, peculiarities differ him from other people, Abai can substantiate separate word combinations, people. Abai takes grammatical combinations and certain sentences, sometimes even words, makes them as an object, then substantiate them" [3,12]. For example, Abai's metaphor "Men kalayga salynbau" stands for not to hesitate, to be resolute and determined. This extract was taken from the poem "Zhastyktyn oty zhalindap". Other indicator words in the text also clarify the meaning "not to hesitate, not to doubt". Therefore, in order not to be hesitant, we should be willful and forceful, the following implicit context is presented like here: "Kayratka senip kaktikpay.../ Maydanga shiksa zharasar; Kayratpen kirip zhalinbay, / Akylmen tauip aylasin". These lines lead us to be decisive and strong, emphatic and forthright. It is kind of direction-position. In the language personality of Abai, every word has tangible, considerable, convincing weight. Pragmatic question, which comes from the thought of the text: "What gives us not to hesitate? What for is it? What purpose does it aim at?" Abai's response is on the 5th verse:

"Energy leaves the body,
The youth is not eternal,
The world is ancient.
Try to be happy in it"

Abai wanted to say us: "While we worry about not to doubt, life passes away, more important to reach your goal and take your place under the Sun." Abai's language personality can encompass many meanings, notions, the poet can submit complex, sophisticated, exceedingly difficult thought concisely. Owing to appropriateness of words economizing, a new metaphor appears, as a result, thought becomes wide and deep, word - brief and neat, conclusion - profound and insightful. This is an outcome of compressive function.

Expressive function. In comparison to the words, which have weak expressiveness, units with expressive-emotional coloring make greater influence on us. Among lots of methods that are used skillfully in the

thesaurus of language personality, metaphors actively sign in turnover. Expressive metaphors impact on a man's feelings, emotions, experience; they make him concern, bother, thrill, contemplate, muse. Expressive influence, undeniably, appear as a result of union of connotative components in the word's semantics.

We believe that unbounded, unlimited possibility of a man's cognition and his ability to think associatively can be soil for occurrence of expressions with emotional power, strength, emotionality. A person combines basic meaning of words and plenty of associations, then this process can open way for creating new metaphors, new concepts. It is clear that poetry's firepower is in its aesthetic loveliness. Let us take lexeme "drunkenness". In Abai Kunanbayuly's poem "Mensinbeushi em nadandi", core and mainstream thought is collected in lexemes like "drunkenness", "drunkard". These metaphors demonstrate author's ccomprehension and receptivity. The author tries to correct his people, his time, his epoch. Through the use of conceptual analysis, we comprehend that lexemes like "drunkard", "to be trunk" do not imply condition of a man, who drank too much. These metaphors possess figurative, indirect meaning. It stands for passion, temptation for being wealth; infatuation for fun, pleasure, enjoyment, amusement; keenness for authority, power. Metaphor "drunkenness" means an action in the meaning of craving, partiality, addiction, obsession. T.Zhurtbay expresses his opinion about the following poem thus: "Drunkenness is not being drunk due to strong beverages, addiction is not because of opium, drunked man is not, who uses alcohol. It is drunkenness for false and misleading praise, government, power, party. Speaking Abai's language, ...it is drunkenness for authority, revenge" [4, 107].

Evaluative function. In the process of metaphorization, influence of the poet's view predominates. The author states his opinion, he can give his right or wrong, positive or negative viewpoint on event or occasion. Thanks to the strong link of emotional and expressive components, a new side of language unit. During so many years, metaphor's this function is reviewed like image method. For instance, speaking Abai's metaphors, a sad person can have "zhabiranky soz" (which denotes sombre, gloomy, murky), or according to Abai's metaphors a word can be "kuatty soz" (potent ant robust word), "nurly soz" (radiant and luminous word), "erke soz" (warm word). Metaphors assist us to demonstrate our ccomprehension of the world around us. They append colouring, vivacious imagery and perhaps emotion to a sentence.

Nature pictures are used as poetic images in Abai's poetry. Scenery descriptions in the content structure of the poem are not simple, ordinary details, they play definite cognitive role. Language units, which turn up in metaphoric, figurative meaning present us new poetic images. Landscape descriptions in the text indicate grief and sorrow, depression and misery of a man, his delight and joyfulness, they fulfill cognitive function here. His poem named "Kolenke basin uzartyp" starts very short and brief, although it has deep, immense philosophical thought. When there is shadow, gloomy afternoon, when it is grey around, all these are descriptions of nature, as well as these are feelings of a person. 2 enormous worlds are bound, there is psychological parallelism between them. Shadow or shade is a dark, obscure area or shape cast on a surface by the interception of light rays by non-transparent body. When the Sun goes down, it is not bright and shiny outside, it reminds us that after spending pleasurable, cheerful days, a person also has some darkness and gloominess in his soul, spirit. Metaphoric combination "gloomy, murky mood" is a main cognitive mark described scenery or landscape, basic features of it - sorrow and affliction, despondency and depression. A man's physiological, social, moral singularities are closely linked with each other, one helps the second to develop. In this poem a person suffers, hurts, endures, we can notice his moral condition, he is like poisoned by all around. Major and principal semantical mechanism is a metaphor (gloomy mood, grey dusk). It is noticeable that a man in Abai's discourse differently accept time and space. Why does a man feel himself sad, tragic, deplorable, notorious, regrettable, lamentable, distressing? Because after sunset and sundown, one more moment finishes, it turns into past. As we observe, in the 3d verse it is written that "past life becomes " gloom and dusk, here a man's suffering begins, he turns into the past and tries to give a report to himself: What has he done? Who did he help? What good things has he done?

The connection and tie between the poet and the reader, those two great of one reality, depends upon skilful language—figures of speech, figures of thought. Poetry evokes a language that moves beyond the literal and, accordingly, a mode of thinking that moves beyond the literal. Abai's metaphor grant and bestow esthetic gratification and relish, enjoyment and delight. Metaphor is an effective tool in his poetry. His metaphoric combination is concrete thought, result of his view, glance, viewpoint, glimpse. It goes without saying that his metaphors have multiple functions, like nominative, conceptual or cognitive, descriptive,

pragmatic, contextualize, cultural, informative, predictive or hypothetical and many others. The above functions of metaphor confirm its central role in the structure of Abai's discourse.

1. Zaysanbaeva G. Metaphoraly atalymdardyn kognitivti aspektisi birikken zat ataulary nezininde: aftoreferat:10.02.02. - Almaty, 2004. - 26 pages

2. Kornylov O. A. Yazikovaya kartina mira kak proizvodniye natcnionalniye mentalitetov. - M. : Che Ro, 2003. - 349 p.

3. Syzdykova R. Abaidyn soz oneri. - Almaty:Sanat, 1996.- 208p.

4. Zhurtbay T.K. Kuyesin zhurek,...suyesin. - Almaty: Sanat, 2001. - 408p.

Түйін

А.Ж. Жапарова. Абай поэзиясындағы метафораның қызметі

Мақалада филология ғылымындағы өзекті мәселе – метафора және оның шығармадағы негізгі функциялары сөз етіледі. Метафора – Абай өлеңдерінің ажырамас бір бөлшегі болғандықтан, олардың көркемдің-эстетикалық әсеріне сипаттама беру жоғары маңызға ие құбылыс. Метафора - тілдік көркемдегіш құрал ғана емес, метафора сыртқы әлемді тану мен игерудің басты құралы. Абай Құнанбайұлының метафоралары да өзіндік функцияларға ие, атап айтқанда, ақын метафораларының атауыштық, компрессивтік, экспрессивті әсер ету, бағалауыштық қызметтері бар. Ақын өлеңдеріндері метафоралар функцияларына баға беріліп, мысалдармен толықтырылады.

Түйін сөздер: метафора, метафораның қызметтері, атауыштық қызмет, компрессивтік қызмет, экспрессивті әсер ету, бағалауыштық қызметтері

Резюме

А.Ж. Жапарова. Функции метафоры в поэзии Абая

Статья, посвящена актуальной теме в филологической науке – метафорам и ее основным функциям в произведении. Метафора является неотъемлемой частью в поэзии Абая, поэтому важно дать описательную оценку их образно-эстетическому влиянию на читателя. Метафора – не просто образный инструмент, метафора - это главный способ познания окружающего внешнего мира. Метафоры Абая Кунанбайулы обладают особыми функциями, такими как, номинативная функция, компрессивная функция, эмоционально-экспрессивная функция, оценочная функция. Приводятся различные функции метафор, они дополняются примерами.

Ключевые слова: метафора, функции метафоры, номинативная функция, компрессивная функция, эмоционально-экспрессивная функция, оценочная функция.

ӘОЖ 378.016:821.512.122

С. ШАЙМЕРДЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЖАЗЫЛУ ТАРИХЫ

А.Д. Ибраева – *Абай атындағы ҚазҰПУ, филол.ғ.к., аға оқытушы*

Аңдатпа. Мақалада қаламгердің шығармашылық әлеміне қатысты мәселелер сөз етіледі. Тақырыптан бастап, материал жинау, оны өңдеу, көркем шындықпен өмір шындығының арақатынасы қарастырылған. Протип пен көркем бейне, қолжазба және шығарманың түрлі нұсқаларының арасындағы ерекшеліктердің барлығы қаламгердің әдеби шығармашылық әлеміне әкелетіні қарастырылған. Мұндағы оқиғалар желісі мен кейіпкерлері жазушының өз өмірінде орын алған жағдайларымен, басынан өткерген оқиғалармен, көрген-білген адамдарымен салыстырыла отырып қаламгердің жазушылық шеберлігі, ондағы кейіпкерлердің өмірдегі прототиптері, кейіпкерлер өмір сүрген заманның шындығы, романның жазылу тарихына арқау болған мәселелер қарастырылады. Осы мәселелерді талдай келе, романға тақырып болған оқиғаның өзегі, негізі қайдан бастау алғанына көз жеткіземіз.

Түйін сөздер: шығарма, тақырып, көркемдік ерекшелік, шығармашылық зертхана.

Сафуан Шаймерденов – тереңге бойлатар туындыларымен танылған классик жазушы. Алғашқы көркем шығармасы «Болашаққа жол», кейіннен «Мінез», «Мезгіл», «Жыл құсы», «Мәжнүн тал»,

«Ағалардың алақаны» атты әңгіме-повестер жинақтарымен оқырман қауымның жүрегіне шуақты нұр мен терең талғамды тебіреніс орнатқан әдебиет жүйріктерінің бірі.

Суреткердің көркем туындысына негіз болатын жазу идеясы туғаннан бастап, нүктесі қойылған уақыт аралықтарын қамтитын кезең шығармашылық зертхана болып табылады. Бұл ұзақ процесті жазушы қалай жүргізді? Өмірге көркем туынды әкелген таланттың туындысы жөнінде қандай қыр-сыры, ашылмаған жайттары бар? деген секілді сауалдарға Сафуан ағамыздың творчествосынан іздеуді жөн көрдік. Айтылған процес тақырып таңдау, материал жинау, жиналған деректі салыстырып, қорыту, өмір шындығы мен көркем шындық, көркем бейне, жазу машығы мен өңдеп толықтыру секілді құбылыстарды қамтиды.

«Жазушының өмірі қиын, шытырман болған сайын, өмірбаяны бай болады» демекші, көз көрін, құлақ естіген, түйсікпен сезінген дүниені жазу әлдеқайда ұтымды. Өмір құбылыстарын саралағанда, өмір шындығын зерттеуде тақырып таңдау ерекшелігі жазушылық үрдістің қиын белесі болып табылады. Тақырыпқа З.Қабдолов: «Жазушының шындық болмыстан таңдап, талғап алып, өзінің көркем шығармасына негіз, арқау еткен өмір құбылыстарының тобын тақырып деп атар едік» [1, 75] деген анықтамасын назарда ұстай отырып, жазушы С.Шаймерденов өзінің өмірдегі бастан кешкен дүниесін, әсер еткен тұстарын саралап, тақырып етін таңдайтындығын мынадай сөздерінен танимыз. «Осы күнге дейін жазып келгендерімнің бәрі де не өзі мені іздеп тапқан, немесе ел аралап жүрін, ойда жоқта өзім кездестірген тақырыптар» [2, 9].

Әр жазушының материал жинау құбылысы әртүрлі. Біреу талмай ізденгеннің нәтижесінде қалталы қоржынына дерек жинаса, енді біреу ойда-жоқта кез келген, көз көрген жағдаяттарды материал етіп алады. Кейінгі аталған жағдайға жазушы С.Шаймерденовтың мына сөздері дәлел бола алады. «Жыл құсы» атты повесімнің тақырыбымен мен ойда-жоқта кездестім. Бұл шығарманың басты қаһарманы Битабар Елбаев өмірде болған адам. Ол 1885 жылы қазіргі Жезқазған облысының Жаңа-Арқа ауданында дүниеге келіп, сол жерде – Иманақ тауының бауырында 1964 жылы жетпіс тоғыз жасында қайтыс болған. Ол, шынында да, түйе көтерген, құдыққа түсіп кеткен сиырды суырып алған ерен адам. Мен онымен 1950 жылы наурыз айының алтысы күні «Лениншіл жас» ғазетінің тапсырмасы бойынша ел аралап жүріп, Иманақ тауының бауырындағы шарқы шағын Бірлік атты колхозда кездестім. Биекең сөзге сараң, біртоға адам болса керек, көпке дейін сұрақтарыма бар-жоқ деп, тоқ етерін айтып үнсіз қалып отырды. Кейін ақсақал көңілінің кілті ашыла қалған кезде қағаз – қарындаш алсам, қытығына тиіп, қисайтып алып жүрмес пе екем деп әңгімесін тек отырып тыңдадым» - деп, [2, 7] повеске керекті матералды, прототиптің өз аузынан естіген дүниесі көркем туындының арқауы болғанын айтады.

Творчество адамына кездескен өмірдегі жайттар, жүздескен жүздер, айтылған әңгімелер әсерлендіріп, көңілін толқытқан жағдаяттарды материал етін алады. Ондай айтылған әңгімені естігеннің бірі неге жазбайды? Осы тұста адамның ой қырағылығы керекті материалды дөп басады. «Бірде жолым түсіп Алматы облысының Кеген ауданына бардым. Кездескен адамдардың бәрі мынадай қызық бір оқиғаны айтып берген: күзде қой отарлары таудан қыстауға қарай көшкенде бір шопанның иті жоғалып кетіпті. Әрі іздеп, бері іздеп шақыра – шақыра таппаған соң, қасқыр жедіге жорыпты да ол байғұс көшіп кете берген. Қыс өтеді. Келер көктемде әлгі шопан бұрынғы үйреншікті ізімен таудағы жайлауға келе жатса, былтырғы қой жусатып, дем алған бір жерінен иті шыға келіпті. Өкпелеуге сондайлық, шақырса келмейді. Жақындаса, үреді де шеуіне береді. Бұған не болған деп бақса, шопан иті көшкен жұртта ұмыт қалған ескі тонды күзетіп қысты өткізіпті. Жазылар повестің кілті осы оқиғадан кейін табылды» - деп, [2, 9] қарапайым әңгімеден көркем туынды жасауда өз өмір жолында жолыққан құбылыстарды материал етін алғандығын көрсетеді.

Жазушының жұбайы Бағдат апамыз Сафуан ағамыздың өмірі, шығармашылығы туралы сұхбатында: «Сафуанның романындағы Инеш пен Мәулен арасындағы махабат хикаялары басымыздан өткен дүниелер, өмір шындығы. Романның өмірге келуіне өзіміз бастан кешкен көп жайттар әсер еткені жасырын емес» - деп С.Шаймерденовтың көркем туындыға қажетті дүниені, өмір шындығын материал етіп қолданатынын нақтылай түседі.

А.Фадеев әдебиеттік (жазушылық) процесті 3- кезеңге бөліп қарастырады.

1.Жазушының материал жинау кезеңі.

2.Жинаған материалды қорыту – ойлану.

3.Қорытылған материалды жазу кезеңі.

Жазу машығы осы аталған кезеңдердің соңғысын қамтиды. Біреулер: күнде жазу столына отырып еңбектенсең, туындыңды жақындатып, «жазып бітіресің» деген күнделікті отырып жазу машығын мақсат тұтады. Ал қайсыбір жазушылар көңіл құсының, шабыт құсының шарықтап, құйқылжи келіп қона қалатын кездерінде ғана қолына қалам ұстайды. Ұзақ ойланып, көкіректегі ойын көркем бір лепті қуат қысқанда қағаз бетіне қалам жүгіртетін жазушылардың бірі – С.Шаймерденов.

«Шабыттың құсы басқа жақта шалықтап жүрген кезінде өзімді өзім зорламаймын. Жазу столына келін отырамын, ештеңенің ыңғайы келмесе, тұрып жүре беремін. Өзімді-өзім күштеу деген менде жоқ мінез» - деп шабытсыз жазу процесін ары қарай жылжыту мүмкін еместігін айтады [2, 20].

«Жас кезімде түнде отырып жазушы едім. Өйткені, түнде істеген жұмыс өнікті келеді. Қазір өйте алмаймын. Жыл мезгілінен, әсіресе, көктем айлары ұғымды. Шабыттың құсы жыл құсы емес, шынтуайтқа келгенде маусым талғамайды» - деп шабыт, құштарлықтың мезгіл таңдамайтынын атап көрсетеді.

С.Шаймерденов көркем туындысын жазуға кеткен уақыт аралықтарын нақты көрсеткішпен көрсетеді. Ой өзегінде қорытылып, салыстырудан өтіп, көңілде жүріп тербелген дүние тез жазылатындықтан, жазушы: «Менің ойлануым, толғатуым ұзақ. Ал пісіп жеткен дүниелерді тіпті де тез жазамын. Айталық, он тоғыз жыл толғатқан Битабар хикаясын мен бір жарым айдың ішінде жазып тастадым. «Инеш» романының бірінші жартысы екі жыл жазылса, қалған жартысы екі жарым айда тәмамдалды. «Мәжнүн тал» он төрт күнде, «Қыр ғүлі» атты пьесам үш күнде дүниеге келген. Ал отыз бес жыл ойдан шықпаған «Дөкей келе жатыр» комедиясының «Сары Ағаш» санаториінде ем-дом қабылдап жүргенімде бас-аяғы жиырма күнде соңғы нүктесі қойылған» [2, 20] деп жазуға құрылған материал тізбектерінің санада, ой өзегінде пісіп жетілдіріп жазатындығын айқындай түседі.

Ой өзегінде материалдың (көп туындының) бір-бірімен қатпарласа, жарыса пісіп жетілетіндіктен, қайсысы жарық дүниенің есігін бірінші ашатынын уақыт-төрешінің еншісінде қалдырады: «Шынымды айтсам қазір басымда көп жылдан бері мазамды кетіріп жүрген, бірақ илеуі қанбаған жиырма шақты әңгіменің, он шақты повестің тақырыбы бар. Олардың қайсысы қай уақытта жарық дүниеге келеді? Оны келешек көрсетеді» [2, 20].

Көркем әдебиеттің қоғамдағы маңызы: оқырманын, оқушысын эстетикалық талаптарға тәрбиелеп, өмір құбылыстарын танытумен қатар жұмбақ жатқан шындықты ашып береді. Өмір шындығынан бет алып дамитын көркем шындық жазушы санасында біте қайнасып жатады. Олай дейтін себебім, көркемдік еркіндікте жасалатын шындық жазушының фантазиясы мен ұшқыр логикасының нәтижесінде көрініс табады. Авторымыздың жазушылық процесіндегі шындық-өмір дерек, өмір деректің-қиялға өрбуін ғалым Қ.Ерғөбек «Арыстар мен ағыстар» атты еңбегінде: «Сафуан Шаймерденов шығармасының бір ерекшелігі, өмірлік дерек бар. Жазылуына себепші болған жағдайлар – жазушының өзі көрген, бастан кешкен оқиғалар болып шығады» - деп, шындық деректің орнын көрсетсе, «жазушы шығармасы әу баста өмірлік бір дерек, болған жайға табан тірейді де келе-келе көркемдік арнасына бет бұрады»[3, 34] деген дерек арқылы қиялдың көркемдікке ие болуы деп түсінеміз.

Осы орайда С. Шаймерденов: «Өмір шындығы әдеби шындыққа тәуелді емес. Ал әдеби шындық өмір шындығына тікелей тәуелді. Өмір шындығына сүйенбеген, содан нәрленбеген шындықтың бәрі жалған» - дей келе, «Жыл құсы» атты повесінің басты кейіпкері Битабарды көркем шындыққа былайша неғіздейді: «Бұл повестегі басты қаһарман Битабар Балуан Шолақпен күрескен, ит жығысқа түскен балуан. Бұл 1903 жылы Иманақ тауының бауырында өткен оқиға. Битабар онда он сегіз жаста, ал Балуан Шолақ болса отыз сегізге қараған шағы. Мен мұны Битабардың аузынан естідім. Жалған деп күдіктене алмаймын. Өйткені, мен білетін Битабар мақтануды білмейтін адам. Екіншіден, сол Биекең әңгімесін сол кездесуде бірге болған, әлгі 1903 жылғы оқиғаның куәгері сексен жастағы Жұмаділда қарт растаған-ды. Бұл өмір шындығы. Өмір шындығы осылай екен деп, Битабарды Балуан Шолақпен күрестірін, ит жығысқа түсіруім керек пе? Иен күштің иесі, әнші-сері Балуан Шолақпен белдесін, тең түскен Битабардың оқырман алдында беделі өсер ме? » - деп жазу процесінде сұрақ қоя отырып, көркем шындықты былай суреттейді: «Балуан Шолақтың киелі жағасына қол апарғызбай Битабардың кісіліғін таныттым (кітапта Балуан Шолақ Битабарға түйе көтергені үшін бата береді). Соған орай теке жәуміт арғымақты сыйлаттырып Балуан Шолақтың да ұлылығын паш еттім. Дән риза болған Битабар бұл жерде сыпайылық білдіріп, жорға тізгінінің қолы тиген ғана жерін сүйіп алып, алғысын айтады » [1/19].

Автор көркем туындысын жазуда, яғни жазу процесі белгілі өлшемге келмейтін, үнемі динамикалық үдерісте болатындықтан қалам тартқан шығармасы өзгеріске ұшырап отырады. Мұндай құбылыс мынадай жағдайларда көрініс табуы мүмкін: а) материал жинақталып, толығып, молайған жағдайда; б) бір жазушы (адам) ақыл-кеңес бергенде; в) бір автордың көркем туындысын оқи отырып, әсерленген жағдайда.

Жазушы С. Шаймерденов «Инеш» атты романын аяқтауға жақын қалғанда оқылған көркем туындының әсерінен болған өзгерісті былай көрсетеді: «Творчестволық жолымның бастауында маған қатты әсер қалдырып, еліктіріп әкеткен бір жазушы болған. Ол – Юрий Трифонов. Мен «Инеш» романын аяқтап қалған кезде осы жазушының «Студенттер» деген повесі жарық көрді. Лиризмге тұнып тұрған, шуақты көктем күнінің бояуындай жұмсақ та тартымды туындыны оқығаннан кейін кейбір концепциямды өзгертуге, кейбір кейіпкерлерімді қайта мүсіндеуге мәжбүр болдым» [2, 17].

Және де проза жанрында драматургия саласында елеулі еңбек еткен С. Шаймерденов туынды үшін драматургияның, сахнаның жоғары талап-тілегі болуынан мынадай өзгерісті мысалға келтіреді. ««Ит ашуының» бас кезінде қырғыз Сәршеннің қаншығымен Марғаудың ылығысып қалатын жері бар. Мен басында мұны жай күлкі үшін, Айғанның еркектер туралы айтар әзіл-пікіріне тиек болсын деп ғана алған едім. Осы тұста драматургияның – сахнаға мылтық ілінсе атылуға тиіс, шеге қағылса, ең болмаса біреу асылып қалуға тиіс, - деген қағидасы түсті. Кейінгі бір эпизодқа Сәршеннің Қырғыны Марғаудың баласы болып орынымен суреттелуі, соның арқасында бұл көріністің ойнап кетуі драматургияның әсері» - деп, [2, 15] повесттің сахнаға лайықты болуын көздеп, туындысының өзгерген тұстарын байқатады.

Айта кетейік, С.Шаймерденов шығармашылығында романның аты өзгерген тұсы бар. Алғаш романын «Болашаққа жол» деп атап, кейіннен романдағы кейіпкердің есімімен яғни, «Инеш» деп атаған болатын. Не себепті? Романның аты оның басқа да тұстарына кері септігін тигізеді ме? Бұл сұраққа жазушы былай жауап береді: «Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университетінде оқыған жылдар бейнесін «Инештен» табуға болады. Осы романның әуелгі аты «Болашаққа жол» болатын. Оған пікір айтқандар «тым жалпылама, өте айқайлап тұр» деп ақыл-кеңестерін ортаға салды. Несі бар, кеңесін пішкен тон келте болатын ба еді?! Роман «Инеш» деген атпен жарияланып жүр» [4, 356] дегенін өзі өмір сүрген дәуірде қазақ классиктерінің (элиталарының) айтқан ақыл-кеңесін мақұл көруі деп білеміз.

«Адамды идея емес, идеяны адам ашады» деп теоретик-ғалым З.Қабдолов айтпақшы, көркем туындының ой салар идеясын жазушы шығарманың кейіпкері арқылы берін отырады. Прототип-кейіпкердің өмірдегі бейнесі. Образды ашқан кейіпкердің шын болмыстағы прототипі жазушы үшін аса маңызды және жете таныс. Көркем бейнеге ұласып, жинақталған типтік тұлғаны танытуда автор көркемдік қиялмен орайластырады. С.Шаймерденовтың «Жыл құсы» атты туындысындағы Битабар өмірде болғанын, автордың ол кісімен сұхбаттасқанын жоғарыда айттық.

Ал «Инеш» романындағы Инештің прототипі – Сафуан ағамыздың жары Бағдат Шаймерденкеліні. Бұған ағамыздың жары берген сұхбатындағы мына сөздер дәлел бола алады: «Инеш» - сенің прототипің. Саған арнаймын дейтін-ді» [5, 52].

С.Шаймерденов қазақ классиктерін, қазақ халқы биіктен көрер тұлғаларын ұстаз тұтқан. «Менің қазақ әдебиетіндегі ұстаздарым – Бейімбет Майлин мен Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов. Бейімбеттің реализмі, Мұхтардың қазақ сахарасындай кең құлашы мен тереңдігі, Сәбиттің халықтығы, Ғабиттің астарлап сөйлейтіндігі, юморы ұнайды. Ал Сәкеннің нақтылығына басымды исем де болады. Бірақ, бір қызығы, өзіме ұстаз тұтқан осы жазушылардың біріне де мен еліктеген емеспін» [2, 16].

Сафуан Шаймерденов – қазақ әдебиетінде елеулі еңбектерімен өз орнын, өз бағасын алған биік талғамды жазушы. Дәуір көрінісін, уақыт бедерін, жүріп өткен жолын, бастан кешкен қилы шытырман оқиғаларын материал етіп, қоғамдағы проблемалық жағдайды өз туындыларында көрсетіп, жастана оқитын шығармаларын өмірге әкелген әдебиет майданының жауынгері. Жазушының шығармашылық (лабораториялық) зертханасы тереңін бойлап, асылын тере түсетін ізденіс - еңбекті қажет ететін, қыр-сыры ашылмаған қатпарлы тұстары да оқырман қауымға белгілі [6]. Мол ізденісті керек ететін Сафуан Шаймерденовтің шығармашылық зертханасы өскелең жас ғалымдардың назарына ілігіп, тың ғылыми дүниелерді жарыққа шығарарына әбден сенімдіміз.

1. З.Қабдолов, «Жебе», Алматы, Жазушы, 1977ж.
2. С.Шаймерденов, Шығармалар жинағы, 2 том, Алматы, Жазушы, 1997ж.
3.Қ.Ергөбек, «Арыстар мен ағыстар», Астана, Таным, 2003ж.
4.С.Шаймерденов, Шығармалар жинағы, 3 том, Алматы, Жазушы, 1999ж.
5.Б.Шаймерденкеліні, «Жақсы жар бола білу - өнер», «Ерке-Нұр» журналы, №2, 2008ж.
6. Ибраева А.Д. Жазушының шығармашылық шеберханасының ерекшеліктері// ҚазҰПУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы 2014 №2.

Резюме

А.Д. Ибраева. История создания произведения С.Шаймерденова

В статье расматривается проблемы творческого лаборатории писателя. Определение темы, сбор материалов из разных источников, превращения жизненной правды в художественную правду, поиски в изучении характера персонажа – все эти уровни произведения показывают свойственный писателю художественный почерк. Сюжеты и герои здесь сопоставлялись с событиями в жизни писателя, приключениями и людьми, знавшими его, рассматривается острота пера писателя, прототипы героев, реальное время, при котором жили герои произведений, вопросы, ставшие темой истории его написания. Анализируя эти вопросы, убедимся в том, что откуда берется идея и начало событий, которые лежат на основе романа.

Ключевые слова: произведения, тема, художественная особенность, творческая лаборатория.

Summary

A.D. Ibraeva. The history of creation S.Shaymerdenova

Input a word in the article the problem of the creative laboratory of the writer. Definition of the topic, the collection of materials from different sources, transformations truth of life in the artistic truth, the quest to explore the nature of the character - all these works show the typical levels writer artistic handwriting. Plots and heroes were here compared with events in life of writer, by adventures and people, knowing him, the sharpness of feather of writer, prototypes of heroes, real time, the heroes of works, questions becoming the theme of history of his writing, lived at that, is examined. Analysing these questions, we will make sure in that from where undertakes idea and beginning of events that lie on the basis of novel.

Key words: artwork, theme, art feature art laboratory.

ӘОЖ 882. 151. 212.2

АҚЫЛ МЕН КӨРІК ҚҰЙЫНДЫСЫ

А.С.Кәрібаева - *Қазмемқызпу-дың 1 курс магистранты*
Л.М.Әділбекова - *ғылыми жетекшісі, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.*

Аңдатпа. Қай елдің әдебиеті болмасын, қанатты сөздер кездеседі, қай ұлтқа тиесілі болмасын, мазмұны мен құрылымы жағынан афоризмдер адам ойының ұшқыр жемісі, ақыл мен көрік құйындысы болып табылады. Антикалық дәуірден бері келе жатқан, адам санасына етене жақын көне жанр санатына жатқанмен, афоризмдер әлемдік әдебиет тәжірибесінде мүлдем аз зерттелген. Теориялық негізін ойшыл-философ Бальтасар Грасиан қалады деп саналғанмен, қанатты сөздер әдебиет теориясындағы жанрлық тұрғыдан толық жүйеленбеген, арнайы жан-жақты сараптауды қажет ететін объект болып табылады. Шағын жанр ретінде қанатты сөздердің мақал-мәтелдерге ұқсастығы мен айырмашылығы арнайы қарастырыла отырып, әдебиеттің өзге де парадокс, эпиграмма, эссе сынды түрлерінен айырмашылығын айқындауға тырыстық. Афоризмдердің суретшілдік, эмоциялық, стильдік тұтастығынан туып, оқырман жүрегіне жол табатын қасиетіне ғылыми баға беруге талпындық. Мақалада, сонымен қатар, қанатты сөздер туралы ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, қазақ әдебиетіндегі осы жанрда қалам тартқан санаулы ақын-жазушылар шығармалары туралы ақпарат беріледі. Қанатты сөздермен бүкіл ғұмырында айналысып, көлемді еңбектер қалдырған ақын Қадыр Мырзалиевтің афоризмдерге берген анықтамасымен келісе отырып, ізденушілер Ғабит Мүсіреповтің, Бауыржан Момышұлының, Мұзафар Әлімбаевтың бірқатар афоризмдерінің көркемдік ерекшеліктеріне тоқталады.

Түйін сөздер: Қанатты сөздер, афоризмдер, шағын жанр, Б.Момышұлы, Қ.Мырзалиев, ерлік тақырыбы, эссе, парадокс.

Қанатты сөздердің түсінік бойынша нақыл сөздер болып келетіндігі белгілі. Бір әдебиет жанрына жататындықтан бір-бірінен стилистикасы мен тақырып кеңдігіне байланысты ажыратып жатады. Адамзат ұғымында антикалық дәуірден бастау алатын қанатты сөздердің ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдермен де ұқсастығы мол. Сонымен қатар, әлемдік әдебиетте афоризмдер ойдың толық аяқталғанымен, эпиграммадан тематикалық тереңдігімен, парадокстан – ой ақиқатына жету құштарлығымен, эсседен – кішігірім көлемімен әрі лаконизмімен ерекшеленеді деген түсінік қалыптасқан. Афоризмдердің айқындауыштық құрамы ретінде – ақиқатқа жеткісі келетін терең ой, автордың күрделі мәселені айта отырып, оның көзқарасы бойынша тыңдаушыға ең дұрыс жолды жеткізуге тырысуы жатса керек. Сонымен қатар, афоризмдерді көптеген деректер мен сана-сезімнің синтезінен туатын тұжырым, ереже, ұстаным, қорытынды деп санаған дұрыс. Тәжірибені синтездеу ойдың тереңдігі мен ақиқатқа ұмтылысын қалыптастырады. Қанатты сөздердің үшінші белгісі саналатын ықшамдылығы – афоризмдердің ең байыпты өзгешілігі. Мазмұнның ықшамдылығы, ойдың қанықтылығы, ойда жақсы жатталынып қалатындай әсер етуі. Келесі белгісі – ойдың аяқталғандығы - афоризмдің дербес тіршілік ете алатындығын көрсетеді. Афоризмдер мағынасы аяқталған болуы керек және қосымша түсіндірмелерсіз түсінікті болуы тиіс. Соңғы белгісі – ұшқыр ой – бұл оның нақтылығының шегі, бейнелілік, кемелділікке жету деңгейі. Дегенмен, бұл белгілерді қанша санамалағанмен, афоризмдер туралы толық мағынаны бере алмайды. Ғылым бұл тұрғыда афоризмдердің суретшілдік, эмоциялық, стильдік тұтастығынан туатын алтыншы құпия қасиетін табуға тырысуда. Бұл пікір, әлбетте жаңалық емес. Бұл туралы XVII ғасырда әдеби афоризмдердің бірінші теоретиғі Бальтасар Грасиан [1] өзінің ұшқыр ойлар туралы трактатында жазған болатын. Грасианның афоризмдер туралы құнды ойлары әдебиетте байқалмастан өтіп кеткендей, дегемен ірі теоретик өз трактаттарында афоризмнің терең тапқырлық пен көреегендіктен туатынын толығымен тиянақты көрсеткен. Ғалым афоризмдер сөз бен ой тереңдігінен басқа, көркем-стильдік сұлулықтың көмегімен көркем ойға еге болады деген тұжырымға тоқталады[2].

Қорыта айтсақ, афоризм – ол кішігірім шедевр, ақыл мен көріктің құйындысы. Ол өте төзімді, әрбір сөзінің берік орналасқан орны болады, әрі оған сөз қосуға не алып тастауға болмайды. Сол себептен де афоризмдерді басқа тілге аудару өте қиын болып келеді.

Гомердің «Иллиадасы» мен «Одиссеясынан» бастау алған «қанатты сөздер» атауы халық жүрегіне құстай ұшып тез жететін «қанатты ой» ұғымына ие болғандығы белгілі. Қанатты сөздердің ауқымы қанша кең болса, тарихы да сонша терең. Адамзат тарихында қанатты сөздер - өз дәуірі тудырған замана таңбасын арқалайтындығын, оған қатысты барлық проблемаларды көтеретіндігін, кейде тарихи оқиғаларға нақты әсер ететіндігін ғылыми дәлелдеп шығуға болады. Өмір туралы, оның негізгі тіреті «Homo sapiens» - ой иесі, сөз иесі адам туралы жанр болып табылатын қанатты сөздер әдебиеттің бір қарағанда көне түріне жатқанмен де, интеллектуалдық өнердің теңдессіз түрі ретінде бүгінгі қоғамда нағыз ғұмырлы жанрға жатады. Бүгінгідей ақпараттар ағымы айрықша ағылған заманда, қашанда «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» бере білетін «оймақтай ой» - афоризимдердің мәні артуда десек қателеспейміз.

Ағылшын, неміс, француз, орыс әдебиеттеріне сүйенсек, қанатты сөздерге берілген нақты тұжырым әзірге жоқ. Ой тереңдігі мен кемелдігіне қатысты философтар, тілдік бірлік ретінде лингвистер, поэтикалық сұлу, әрі ықшам көркем сөз тіркесі ретінде әдебиетшілер афоризмдерді өз аясына тартып, өз тұрғысынан бағалауға тырысып келген, әрі бұл үрдіс жалғасуда. Әйтсе де, орыс филологтары тұжырымына сүйенсек, афоризм, ең алдымен әдеби жанр екендігін мойындауымыз керек.

- Афоризмнің бірінші ерекшелігі ақиқатқа ұмтылған терең ой.
- Афоризмнің екінші ерекшелігі олардың қысқалығы, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» екендігі.
- Афоризмнің үшінші ерекшелігі қосымша түсініктемені қажет етпейтіндей, аяқталған ой екендігі.

Афоризмдер туралы анықтамаларға бір мақала аясында шолу жасау мүмкін еместігін ескере отырып, 1998 жылы «Ана тілі» баспасынан шыққан Әдебиеттану терминдер сөздігіндегі [3]

анықтаманы келтірейік. «Қанатты сөз жанрлық белгісі жағынан мақал-мәтелдерге өте ұқсас. Айырмашылығы, мақал мәтелдердің авторы белгісіз, шыққан тегі белгісіз, халық шығармашылығына жатса, қанатты сөз авторы бар не нақты болмаған күнде аңыз күйінде ауызша болса да бүгінгі күнге жеткен қанатты сөздің мол болуы сол тілдің сөз байлығын, тіл орамдылығын және ұлттық бейнелік ерекшеліктерін байқатады».

Бұл анықтамадан фольклор мен афоризмдер арсындағы ұқсастық нақты көрсетілген. Әйтсе де «ауызша болса да бүгінгі күнге жеткен» деген пікірдің себебін әдебиетіміздегі бұл жанрдың арнайы қарастырылмағандығына, афоризмдердің өміршең жанр ретінде күннен күнге толығып келе жатқандығының ғылыми түсініктемесі қазақ әдебиетінде әлі жасалмағандығынан деп білуіміз керек. Ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдердің қысқалығына, ритмділігіне, мағыналығына қарап орыс ғылымының бір топ ғалымдары оларды афоризмдерден мүлдем ара жігін ажыратып қараса, екінші бір ғалымдар тобы, керісінше, мақал-мәтелдерді афоризмдермен бірге қарастыруды ұсынады. Ал әдебиеттің кейбір жанрлық түріне арналған сөздіктерде афоризмдерді тек тақырып аясына қатысты ғана алып, анықтама беруге тырысады. Мысалы А.Квятковскийдің «Поэтикалық сөздігін» алайық[4]. Афоризм (греч.) изречение, выражающее с предельной лаконичностью в отточенной форме какую-либо оригинальную мысль. Афористические строки нередки в стихах русских поэтов. Привычка свыше нам дана, Замена счастию она. (А.Пушкин); Поэтом можешь ты не быть, Но гражданином быть обязан. (Н.Некрасов); Мысль изреченная есть ложь. (Ф.Тютчев); Ненавижу всяческую мертвечину, Обожаю всяческую жизнь. (В.Маяковский); Чем продолжительный молчанье, тем удивительнее речь. (Н.Ушаков); Смелого пуля боится, Смелого штык не берет. (А.Сурков); Афоризмами насыщена комедия А. Грибоедова «Горе от ума», например «...Счастливые часов не наблюдают; ...Служить бы рад, прислуживаться тошно; ... Блажен, кто верует тепло ему на свете».

Сонау Тоныкөк, Күлтегін ескерткіштері мен көне түркі жазба ескерткіштеріндегі, бертін келе жыраулар поэзиясы мен қазақ әдебиетінің XIX, XX ғасырлардағы мол мұрасында кездесетін қанатты сөздер қазақ әдебиетіндегі бұл жанрдың тамырының тереңдігін, ауқымының кеңдігін көрсетеді. Қазақ халқының қаһарман ұлы, жазушы Бауыржан Момышұлының қанатты сөздері халық арасында кең тараған белгілі. Оқырман қауымға Құлмат Өмірәлиевтің «Абайдың афоризмі» [5], Әбділхамит Нарымбетов дайындаған «Ғабит Мүсіреповтің күнделігі» [6] жинақтары кеңінен таныс. Бұл тұрғыда баспасөз бетінде кезінде осы жанрда жиі көрінген Қадыр Мырзалиев, Мұзафар Әлімбаев қаламынан туған қанатты сөздерді айту орынды. 2006 жылы ұлттық «Ана тілі» газеті арамыздан озған ұстазымыз, сөз өнерінің жүйрігі Зейнолла Қабдоловтың біраз қанатты сөздерін келтіре отырып, редакция атынан оқырманнан ел арасына кең тараған басқа да ғалымның қанатты сөздерін білетіндердің хабарласуын сұрайды. Міне бұл үрдіс негізінен кемеліне келген әдебиеттерде қалыптасатын өнегелі үрдіс. Газет ұжымы келесі кезекте Қабдолов айтқан қанатты сөздерге тоқталады: «Әдебиет ардың ісі; Жазушы талант, тағдыр; Жазушы ұлттың ұяты, иманы, намысы; Жазушы өз дәуірінің ұлы, өз ғасырының үні; Махамбеттің әр сөзі құйылған құрыш, қорытылған қорғасын. Оны өңдеп жөндеймін деп жасытпақ керек; Махамбет пен Абайға редакция жүрмейді; Бүгінде Толстойды оқымай орысты, Бальзакты оқымай французды білдім деу қандай қиын болса, Әуезовті оқымай қазақты білдім деу сондай қиын; Жазушының ең жақсы шығармасы жазылмаған яки жазатын шығармасы; Жаза білу, жазғаныңды сыза білу шеберлік. Шеберліктен туатын шедевр осы әрекеттің астында жатыр; Ұлтсыздық имансыздық; Тамыры жоқ ағаш, тарихы жоқ халық болмайды; Мүсіреповті мадақтаудың керегі жоқ, Мүсіреповпен мақтану керек; Талант деген қыран секілді қанатты нәрсе; Ұстаз болу өз уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау» [7, 6].

Қанатты сөздің қыр-сырын терең ұғып, бұл салада өндірте қалам сілтеген Қадыр Мырзалиевтың афоризмдер туралы ақтарыла айтқан мына бір пікірі қашанда ақиқатқа ұмтылған қанатты сөздің шығу табиғатынан оқушысын хабардар ететіндей: «Афоризм дегеніміз - белгілі бір күні басталып, белгілі бір күні біте қалатын шығарма емес. Ол ғұмыр бойы айтылып, ғұмыр бойы қағазға түсіп, өмірдің соңғы сәтіне шейін созыла беретін дүние. Афоризм қызық жанр. Ол негізінен, ауыз әдебиетіне жатады. Ауызша тарайды. Біреу айтады, біреу қағып әкетеді. Содан кейін қағазға түседі. Өкінішке орай, ауыздан шыққанның бәрі қағазға түсе бермейді. Қағазға түскеннің бәрі бірдей кітапқа кірмейді. Кіргеннің бәрі бірдей тарихта қалмайды. Олар да екшеледі... қанатты сөз болуға лайық, татымды тіркес менің аузымнан бірінші рет қашан шықты. Ол жағы маған беймәлім. Есімде жоқ. Адам өз сөзін өзі бағалай бермейді. Сөзді қадірлеу қасиеті кейін, біраз кейін келді» [8, 4].

Ойының тереңдігімен, құрылымының көркемдігімен ерекшеленетін қанатты сөздер қай әдебиеттің болмасын қаймағы болып табылады, әрі ол жеке жанр ретінде сындарлы зерттеуді қажет етеді. Ал түркі тілдерінің ішінде тереңдігімен де, кемелділігімен де топ бастайтын қазақ әдебиетіндегі құнарлы қанатты сөздер ғылыми саралау мен бағалаудан кейін өз кезегінде орнын тауып, қазақ әдебиеттану ғылымының деңгейін әлемдік биік белестерге көтеруге өз үлесін қосатыны анық. Бұл жұмыстың ең алдымен қазақ қанатты сөздерінің толық антологиясын жасап, жинақтаудан басталуы қажет. Ал қанатты сөздерге қалам тартқан қазақ ақын-жазушыларының алып бәйтерегі болып майдангер жазушы Бауыржан Момышұлы тұрғандығы белгілі. Қан майданда қысқа да нұсқа бұйрықтарымен жауынгерлерін аман алып шығуға, ерлікке шақыруға, қас қағым сәттерде дұрыс шешім қабылдауға дағдыланған білімді де білгір, тәжірибелі басшының әр солдаттың жүрегіне жол табатын қанатты сөздері қаныңмен сіңген ана тілінің ұлағатты мақал-мәтелдеріндей қабылданып отырды. "Ерді ел үшін, жігітті жұрт үшін мақта. Именін жүрін көрген игіліктен, қарсыласып жүрін көрген бейнет артық. Орынды мысқыл оқтан да өткір. Опасызда Отан жоқ. Арлы адам ардақты. Ар – ардақтың анасы. Қайратыңа әдісіңді жолдас ет, Әдісіңе ақылыңды жолдас ет. Әдіссіздік – әлсіздік. Ептілік те – ерлік. Елсіз ер болмайды. Командир – ага, солдат – іні. Үміт өрге тартады,Үмітсіздік көрге тартады. Ел дегенде еміренін, Жұрт дегенде жүгініп қызмет еткін» - сынды Бауыржан Момышұлының өнегелі сөздері ұрпақтарға аманат болып, адамзат ақыл-ойының інжу-маржанына айналғандығын бүгінде дана уақыт дәлелдеп отыр.

1. *Gracian y Morales Obras completas. Estudio, bibliogr. y notas de A. del Hoyo. Madrid, Aguilar, 1960.*
2. *Baltasar Gracián Oráculo manual y arte de prudencia (Spanish Edition) Madrid,2014 ISBN-13: 978-1505570670*
3. *Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құрастырушылар З.Ахметов, Т.Шаңбаев –Алматы: Ана тілі. 1998. - 384 б.*
4. *Поэтический словарь. А.Квятковский. - Москва:Советская энциклопедия, 1996. -376 б.*
5. *Абай афоризмі. Құлмат Өмірәлиев -Алматы: Қазақстан баспасы, 1993, 124 б.*
6. *Ғабит Мүсірепов тің күнделігі. Әбділхамит Нарымбетов дайындаған -Алматы: Ана тілі баспасы. 1997, 288б.*
7. *Ана тілі газеті. №50. желтоқсанның 14-і, 2006 ж.*
8. *Мырзалиев Қ. Афоризмдер туралы/Егемен Қазақстан газеті. 2005 жыл, 6 қаңтар*

А.С. Карибаева, Л.М.Адилбекова. Сплетение разума и совершенства

Крылатые слова встречаются везде, в литературе всех народов и независимо от национальности, является плодом мудрой мысли. Ретроспективный взгляд на афористику показывает, что античные изречения, ничем не отличались от афоризмов. Если рассмотреть сходные по форме с афоризмами малые литературные жанры, от пословиц афоризмы отличаются своим генезисом, от крылатых слов – смысловой завершенностью, от эпиграмм и метких слов – большей тематической глубиной, от парадоксов – стремлением к истинности мысли, от эссе – меньшей объемностью и лаконизмом. В статье анализируются труды казахских афористов-писателей, как Г.Мусрепов, Б.Момышулы, К.Мырзалиев и др.

Ключевые слова: Крылатые слова, афоризмы, литературный жанр, Б.Момышулы, К.Мырзалиев, героическая тема, эссе, парадокс.

A.S.Karibayeva, L.M. Adilbekova. Interlacement of mind and beauty

Winged words can be found everywhere, in the literature of all peoples, and, regardless of nationality, are the product of wise thoughts. A retrospective look at aforistic shows that ancient dictum has no differece from aphorisms. If we consider a similar forms as the aphorisms small literary genres, from aphorisms proverbs differ in their genesis, from the winged words – the sense of completion, of epigrams and apt words – more thematic depth, of paradoxes – the pursuit of truth thoughts, of essays – less bulk and conciseness. The article analyzes the works of Kazakh writers-aphorists as G.Musrepov, B.Momyshuly, K.Myrzaliev and others.

Key words: Winged words, aphorisms, literary genre, B.Momyshuly, K.Myrzaliev, heroic theme, essay, paradox.

УДК 82´1

ҚАЗАҚ ЖАЗУШЫСЫ МІР ШАЙЫРДЫҢ ЖАҢА РОМАНЫ

Н.С. Қамарова – *Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, филология ғылымдарының кандидаты, доцент*

Аңдатпа. Еліміз тәуелсіздік алғалы қазақ әдебиеті жаңашыл туындылармен толықты. Ақын, жазушы Мір Шайырдың жаңа туындысы – «Періштенің сыбыры» романын жаңа ғасырдағы прозамызға қосылған құнды шығарма деп қабылдаймыз. Мір Шайырдың «О, Данышпан Дүние!» роман-трилогиясын оқыған оқырман жаңа романда да Адам мен Жаратылыс арасындағы байланыстың тың деректермен көмкерілгенін, негізгі идея астарында оқырманын қызықтыратын күш жатқанын анық байқайды. Тылсым дүниені тануға деген автор құлшынысы бұл шығармадан анық байқалады. Роман өміршеңдігімен ерекше. Жазушы замандастарының асқақ рухын, қазақтың қадірлі азаматы Төкен Танаұлындай ұлтының жарқын болашағын ойлаған, елінің тәуелсіздігін армандаған, елі үшін бар жан-тәнімен аянбай еңбек еткен тұлғаның жарқын образын ашып көрсетуге деген ізденісі, жазушының шеберлігі, суреткерлік рухы, құнарлы көркемдік бояуы айқын.

Түйін сөздер: Қазақ әдебиеті, қазақ романы, «Періштенің сыбыры» романы, қаһарман образы, ішкі әлем, жазушы шеберлігі.

Жазушы Мір Шайырдың «Періштенің сыбыры» романы – жаңа заманның жаңашыл туындысы. Қаламгердің осы романынан бұрын жазған «О, Данышпан Дүние» романындағы Әлиғер мен «Періштенің сыбырындағы» Таман тұлғаларының күрделі тағдыры қаламгерді ішкі монолог, түс, елес, толғаныс сияқты психологиялық тәсілдерге жүгіндіреді. «Періштенің сыбыры» романын оқи бастағаннан «...Бір әлемет аспанға әуелете көтеріп ала жөнелді...» [1, 13]. Дәл осылай басталатын романның алғашқы «Көкжалдың жүрегі» бөлімі сізді де аспанға әуелете көтерін әкеткендей. Дүниежүзі халықтары үшін аспан – мифтік сана бойынша жоғарғы әлем. Көкке табыну анимистік түсінікті басынан кешкен ежелгі дәуірдегі бүкіл халыққа тән қасиет екенін белгілі. Тәңір түрік-моңғол, жалпы Азияны мекендеген көп халыққа ортақ ұғым. Сәбиді осылай аспанға көтеріп әкеткен ғаламат күш әуеден сәбидің көзімен қарайды. Жердегі көріністерге таң-тамаша сәби төмендегі қым-қуыт жүгірісті қызықтай, шаттана күледі. Жан-жағы бұлдыраған алыстар көз алдынан аунай өте береді.

«...Аң-таң... қызық... Мына айнала дүниенің шаттығы кішкентай көкіреғіне лықси еніп, керней, бұның өзі де осынша асқақ, осынша тұңғиық, осынша көл-көсір әлемге, мына бұлттарға, ана жарқыраған айдынға, сілім-сілім тауларға, өзендерге айнала берғендей ме... ...Көз алдындағы кең әлем әсері кішкентай кеудесіне сыйыңқырамай, асып-төгілердей...» [1, 14-15]. Автор шығармасында адам жанының астарын, ішкі иірімдерін, сезім құбылыстарын сәби көзімен танытады. Сөйтіп сәби санасы арқылы қиял шексіздігіне жол береді.

«...Өзінің құспен бірге қалайша әуелеп келе жатқанын белгісі келетіндей... Мойнын бұрып жан-жағына қарап еді, құс мұны күрең мақпал сырмақ кеудешесінің қос иығынан шеңгелдерімен қармай көтеріп келеді екен...» [1, 15]. Сәби жылаудың орнына сықылықтап күле береді. Бұл – табиғаты қайсар нәрестенің бейнесі. Автор шығарма басынан жетектеп әкеле жатқан «бір әлеметтің» алып қыран құс екеніне көз жеткізесіз. Қырандарға байланысты бұл оқиға сәби Таман образын ашудағы алғашқы тәсілдердің бірі. Олимптегі Зевстің бүркіті болған, бұл – классикалық сипат, бірақ мұның өзі оның архаикалық сатыдағы зоомофты түрін анықтауға мүмкіндік береді. Ал бүркіт көптеген ғалымдардың байқауынша, Күннің символы. Бүркіттің әлемдерді байланыстырушылық қызмет атқарғаны Самұрық, алып қара құстардың кейіпкерлерге көмектесу, адам баласын өздеріне баулу идеясы қисса-дастандарда, аңыз әңгімелерде кездескенімен бұл шығармада шынайы көзбен көргендей әсерде боласыз.

«...Бойын қытық әсері билеген сәби, қазіргі халіне шаттанғандай, сүйкімді күлкісінен танбады... Мұнысымен ол мына зыңғыраған зеңгірді де, кіршіксіз ақша бұлттарды да – осы дүниені түгел беймаза да жұмбақ, сиқырлы да сыңғырлы әуендерге бөлей берердей...» [1, 17]. Жазушы романда періште сәби үнінің құдіретін, сүйкімді күлкісін ерекше мән бере сипаттайды.

Енді бір сәт нәресте қыранның ұясында. Кең ұяның ішінде екі балапан бар. Ата қыран ұясына кішігірім қасқырды балапандарына талғажау етуге әкеледі. Ана қыран қасқырдың төс тұсын қақырата ашып жіберіп, әлі бүлк-бүлк қозғалып жатқан жүректен тұмсығымен бір шымқып үзіп, сәбиге

ұсынғанда, ол балапандарша аузын ашып, түйір етті баяу, ұзақ талмайды. «Дәмі таныс секілді. Өзіне беймағлұм әлденені есіне түсіргендей ме... Таныс дәм оның аузына ту-у алыстан, өте алыстан жетіп жатқандай...» [1, 23]. «...Ол, әрине, бағзы ата-бабаларының, бағзы түркілердің ырым етін көкжал жүректерін жегенін, сәбилерін де көкжалдай батымды, алымды болсын деп осы жыртқыш жүрегімен ауыздандырғанын қайдан білсін... Бірақ сол дәмді сезінулі. Ол бағзыдан бойындағы қанмен жетін, жадында жаңғырып тұр еді...» [1, 23]. Жазушы бұл оқиға, құс пен сәби арасындағы қатынас арқылы үлкен тарихи ойды меңзеп отыр. Қазақ фольклорындағы классикалық батырлар жырларының қайсысын алып қарасаңыз да, батырлардың өмірге келуі, ғажайып туу сарыны бойынша дүниеге келуі, анасының тотем аңға жерік болуы белгілі. Жазушының «Таныс дәм оның аузына ту-у алыстан, өте алыстан жетін жатқандай...» деуі «Алпамыс батыр» жырында Алпамыс батырдың анасының қабыланға, «Манас» жырында Манастың анасының жолбарыстың жүрегіне жерік болғанын ойға оралтады. «Көкжалдың жүрегі» деп аталатын бұл алғашқы бөлімде жазушы бағзы замандардан келе жатқан қазақтың көкжалмен байланысын, алғыр мінездестігі жайындағы аңыздық сарынға психологиялық талдаулар жасайды. Өйткені, «Жаңашылдық, қашанда соны идеялық-көркемдік ізденістермен толығады. Тақырыптың жаңалығы барша табысқа кепіл емес. Жаңалық жазушының өмір құбылыстарына келу тұрғысынан, көз көрген, естіген фактілерді қорыту, ойлау позициясы мен суреттеу принциптерінен, белгілі бір идеяны жеткізу ерекшеліктерінен аңғарылмақ» [2, 52].

Сәбиге қасқыр жүрегін жегізуі, қыран ұясынан ұйықтап тұрғанда өзін қырандай сезіндіруі, көктен жерге ана қыран қанатымен ұшып келе жатып Таман жаратылыстың басқа бір қабатынан, өзгелерге беймәлім деңгейінен келе жатуы, Таман бойынан көкжал исін сездіруі, сәбидің жер бетіндегі мына тірліктің тым қарабайыр екенін сезуі, оның нәресте сезімдерін биіктік әлеміне қоюы – жазушының шеберлік қырлары. Батырлық жырлардағы батырлардай ерекше жаратылған образ.

Романды оқи отырып, тылсым күштің әсерінің бар екеніне көз жеткізесіз. Бұл психологиялық күй жазушының көркемдік ойлау жүйесінен лайықты орын алған. Романдағы тағы бір ғажайып образ – аппақ аруақ шал. Бұл да – аңыз, әпсаналар мен қазақ фольклорына тән образ. «Аппақ аруақ шал көздеріне сынаптай мөлтілдеп шоқ тұнғандай, жылы ишарамен сәбиге бұрылды. Бала оған мән бермеген, тек көзқарастары ұшырасқанда күлімсіреп, серпіліп қалды. Биік рухтағы адамдардың өзара түсінікті тілдерде лебіз алмасқанындай» [1, 49]. Аппақ аруақ шалдың сәби Таманға осылайша күш дарытуы басты қаһарманның болашақтағы асқақтығын көрсеткендей. Айбаттана зорайып, асқақтаған ірі тұлға аппақ құдай шал бірте-бірте пәсейіп, кішірейе беріп, бір кезде ол әбден семін, шүйкедей күйге жеткенде сескенбеген жан қалмайды. Тек кін-кішкентай нәресте Таман ғана көз алдында өткен жәйтке пәлендей мән бере алмағандай, бұрынғы жайбарақат қалпында жата береді. Бұл да – жазушы тәсілі. «Үшкір күректі сабына дейін сексеуілдің қызыл алаулы қалың шоғына көме тыққан тірі әруақ:

– Һе-е! Һе-е! – деп ентіккендей ме, толғана айбат жинағандай ма, біраз тым-тырыс бола қалды да, бірте-бірте тұлғасы бұрынғыдан да зорая, асқақтай түскені байқалды.

Танаға ымдап, қолына ұстаған сәбиімен қасына отырғызды. Оттағы болат күрек сексеуілдің шоғындай алаулаған сәтте оны суырып алған тірі аруақ, Таманның көз алдына көлденең жақындата ұстай:

– А-а-а-а! А-а-а-а! – деп қаһарлана дауыстады да, қып-қызыл күректі қып-қызыл тілімен бірнеше мәрте төменнен жоғары сыпыра жалай бастады. Болат күрек жаны алқымға келгендей «баж-баж» етіп, бебеулей жөнелді. Таман оқыс дыбыстан әуелі титіркене түсіп, оған лезде бойын үйретті де, қып-қызыл күрекке қызыға қарай берді. Нарттай күрек мөлдірлене қалғандай, оның аржағындағы төменнен жоғары от жалаған тірі аруақтың алақандай тілін, жалын атқан көздерін көрін қалулы. Бұл сәттерде аппақ құдай шал да алаулаған күректің арғы бетінен нәрестенің әуелі тіксіне түсіп, сосын жайбарақат қалыпқа енген бет әлпетін, оның сабырлы, ойлы көздерін қадағалап отырды... Күрекқызуы басыла, батар күндей күреңіткенде шал оны қайтадан шоққа көме тықты. Күш жиғандай бәсеңсіді» [1, 49].

Сәбидің қайтпас қайсар, жүректі боп өсіп келе жатқанындығының куәсі, беймәлім құдіреттердің делбеуімен соның бәрінің тезінен өткен кін-кішкентай сәбидің бойына дарыған қызулар мен жылулардың, биіктіктер ықыласы мен ілтипатының белгісі іспетті.

Аппақ құдай әулие шал жайлы талай аңыздар бар екені рас. Ақ түйесімен оның аспандағы бұлтармен араласа ұшып бара жатқанын көргендер болған. Біреулер оны Ұлығ Мұхаммедтен, Асан Қайғыдан бата алған деседі. Енді бір ескі құлақтар сол әулие шал Ұлығ Мұхаммедтен де, Асан

Қайғыдан да бұрын, түркі түркі боп жаралғалы, одан қазақ таралғалы өмір сүрін келеді деп дау айтады. Сол әулие Ман Атаның заманынан бүгінге жеткен. Заратуштраның көзін көрін, ақылшысы болған. Тана әулиенің: «Осы кісі біздің ұлттың, адам баласының мәңгілік мұратын көксеп, уағыздаушы», – деген байламы да осы туындының тарихи-аңыздық деректерінің түйіні сияқты.

Ағаш тостағандарға ыстық сорпа құюға ынғайланған Ханша ананың нәрестенің тірі екенін сезінуі, Бәтима әженің қырық бір құмалаққа ден қоюы, Тана қарттың көрінкел құмалақтардың құпия тілін ұғуы – қазақтың әдет-ырымының шынайы көрінісі. Сол сияқты бата беру, қазақтың әдет-ғұрыптары, жаңа айға сәлем беру, балқыған қорғасынмен қорықтық құю, балаға жерұшық беру сияқты қазақтың әдет-ғұрыптары шығарма шырайын арттыра түскен. Шығарманың негізгі идесы Аппақ құдай абыз шал, Тана әулие мен осы заман кейіпкерлерінің бейнелерінде ашылады. Мір Шайыр прозасында кейіпкерлер психологиясы шебер ашылады. Шығармада тура портрет немес тура мінездеу жоқтың қасы, кейіпкер психологиясын ашудың негізгі кілттерінің бірі әлемдік фольклорлық, сондай-ақ архаикалық сарын, аңыздық желі тәсілі романның басынан аяғына дейін желі тартып жатыр. Шығарманы оқу үстінде жазушының романды жазу барысында шындық құбылыстарды молынан жинап, сұрыптағаны, көп ізденгені, фактілерді дұрыс таңдай білгеиі көрінеді. Ғалым Ж. Дәдебаевтың айтуы бойынша: «Өмірдің шындық құбылыстары мен оқиғаларының қалың тасқыны арасынан қажетті, типтік сипаттағы маңызды, мағыналы фактілерді көре білу үшін де зерғерлік зерде қажет. Жазушының өмір материалдарының мол тобын іздеп тауып, оны байқап бақылауы да, танып байымдауы да қиындығы мол, қияметі көп жұмыс» [3, 160].

Романда өткен ғасырда еліміздің басынан өткен ауыр сындары, тәуелсіздіктің ақ таңына жетуіміз, алдағы күндерге деген ұмтылыс негізгі жиынтық бейне Таман бейнесі арқылы, оның еңбектегі ерен істері, ерліктері дәл сипатталған. Таман образын ашуда жазушы кейде қиял-ғажайыптық тәсілдермен оқырманын сендіреді. Ә деғеннен романды оқи бастасаңыз, сізді қалай жетелей жөнелгенін сезбей де қаласыз. Аңыз өрген елдегі таңғажайып оқиғаларға сенбеуіңіз де мүмкін емес.

Романның келесі бөлімі – «Кестелі орамалда» басты кейіпкердің бозбалалық шағы, алғашқы махаббаты, жолдастары, сатқындық пен достық сынды ұғымдармен етене танысуы жан-жақты суреттеледі. Қандай қиындықтан да мойымайтын көкжал мінезді, қыран сипатты, «бойында ізгілік пен мейірім, байыпты талдау ой мен кең пайым, суыт қыран мінез бен азулы көкжал жыртқыш тайталаса өрбіген» сабырлы, ойшыл Таман бейнесі көз алдыңа келеді.

«Заратустра күркесінде» бөлімі төрт мың жыл бұрынғы Ұлы Дала келбетін бейнелеуге арналған. Мұнда автордың тарих қойнауларынан сыр шертер деректері қызықтырады. Заратустра арқылы аңызға айналаған Ман Ата туралы жазушы ізденістері алға тартылады. Жазушы адам мүмкіндігінің шексіздігін көрсетуге бел байлап, кішкентай миымызға шексіз кеңістікті, Ұлы Даланы сыйдырған. Бірде періште сәби көзімен, бірде қыран көзімен Дала бейнесі көз алдымызға келеді.

«Құйын-өрттің ішінде» бөлімінде бас кейіпкердің нағыз азаматтық болмысы көрінін, өмірдің құйыны мен өртіне төтеп берген тұлғаның бейнесі асқақатай түседі.

«Періште жолдан тайған күн» бөлімі нағыз тартысқа құрылған. Саясат, билік, кеңестік заманның көріністері, қоғамдық-саяси шындық бұл бөлімде дәл көрсетілген. Шындықтың қандай да жалғандықты жеңіп шығатындығы тайға таңба басқандай көрінеді.

«Мәңгі мүдде». Бұл мәңгілік – баршаның Ел мен Жер үшін мүдделестігі. Роман соңында басты кейіпкердің өмірден түйген қорытынды ойлары пәлсапалық түйіндерге ұласқан. Зерттеуші Г. Пірәлиева осындай күрделі, жаңашыл туындыларды дер кезінде бағалай білуге шақырады: «Қазіргі қазақ прозасындағы әдеби психологизм, психологиялық талдау, т.б. секілді күрделі көркемдік категорияларды, құпия-қалтарысы мол адамның жұмбақ табиғатын, ішкі жан дүниесін зерттеуге тікелей қатысты әрбір көркемдік тәсілдерді жеке зерттеу, олардың әдебиеттегі алар орны мен атқарар міндеті, рөлі турасында жаңа бір сөз айтудың да мезгілі келген секілді. Сондықтан да өркендеген, кемелденген қазақ әдебиеттану ғылымындағы әрбір әдеби категорияларды, психологиялық бейнелеу құралдарын жеке және жете зерттеу – бүгінгі күннің көкейкесті міндеті деп білеміз» [4, 28].

Романға алғы сөз жазған белгілі ғалым, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті Уалихан Қалижанов романды байыппен оқып, әр бөлімде көтерілген идеяларға тоқталып, жазушының жаңашыл туындысын «Тәуелсіздік кезең әдебиетіне қосылған соны, жаңалығы мол, көтерген мәселесі өзекті туынды. Шығарманы оқи отырып, қайталанбайтын, ғылыми негізі бар көптеген деректерге тап

боласың. Романның ерекшелігі де осында» [5, 12], - деп бағалап, шығарма туралы «Мір Шайырдың «Періштенің сыбыры» романындағы басты ерекшеліктердің бірі – мұнда бүгінгі заман проблемаларын оқиғалар барысында мұқият талдай отырып, әдемі мәнермен оқырманды тақырыпқа сәйкес ежелгі заман мағлұматтарына қанықтырып, елдік, елжандылық, адамгершілік сезімдеріне үйіре береді. Адам баласының бүгінгі сана-сезім деңгейі мен алғашқы қауымдық сана ойната салыстырылатын тұстар үлкен ойларға жетелейді» [5, 10-11], - деп осыған дейін ел аузында аңыз боп келген, тарихымыздың құпия көмбелері мен сырлы мұрағаттары ашыла бастаған жаңа заманда ағылшын, француз, неміс, орыс hәм қазақ ғалымдары зерттеулеріне сүйене отырып, Мір Шайыр Ман Ата сүйегі Маңғыстаудың Ман Ата тауында жатыр деп білетіндігін атап айтады.

Романның бас кейіпкері Таман бейнесі – нағыз патриот, ұлтжанды тұлға, өнегесі мол образ. Прототипі – елге тұтқа азамат тұлғалардың бірі Төкен Танаұлы Жұмағұлов. Жазушы ел азаматының бейнесін көркем туынды арқылы шынайы ашқан. Тағы бір аяулы образ Динар – талғампаз, еңбекқор, нәзік, сезімтал, рухы биік адал жар, жолдасына тар жолдан шығар жолды нұсқай алатын нағыз ақылды әйел. Динардың енесі Ханшаның басына келіп, мұң шағуы, психологиялық параллелизм тәсілін қолдана отырып, оқырманына үлкен ой тастайды.

«– Шеше-ау... шеше-ау... сірә, біліп жатырсың ба, Таманды кінәлап жатыр ғой... Ол қиналып жүр ғой, жақыннан дау шығып... Танисың бәрін... Бір-біріміздің мерекелерімізге қатысып, дәм татысып жүріп...» [1, 299]. Динар бар шерін қабір басында шығарады. «Динар толып келген көкірегін қапелімде босата алмай, үні жүрегінің түбінен леки, тасқындай, ah ұра шыққандай» [1, 299]. Табиғат құбылысы да кейіпкер психологиясымен астасып, әлгінде ұйтқи соққан жел басылып, аспан үн-түнсіз егілуде. «Жылы нөсер Динардың тұлғасын ғана емес, оның уайымға булыққан жүрегін де мәпелей шайып, жұбатып, аялағандай» [1, 299]. Міне, жазушы тәсілі сәтті шыққан. Әлгіндегі зіл батпан ойлардан арылған кейіпкерді табиғат та тына қап, мәпелей жұбатып, аялай түскен.

Қорытындылай келе, романға енген әрбір эпизод өз орнын тауып, жымдасып, жазушының айтар идеясымен ұштасып жатқанын дәлелдедік. Қазіргі қазақ әдебиеті көркемдік дамудың жаңа сатысына көтерілгеніне тағы бір көз жеткіздік. Роман жанры өмір шындығын көркемдік шындықпен беруде негізгі рөл атқарып келеді. Талантты қаламгерлер барда егемен еліміздің туған әдебиеті әлі де талай тамаша туындылармен толыға түсері сөзсіз.

1 *Мір Шайыр. Періштенің сыбыры. - Алматы: ҚазАқпарат, 2013. – 340 б.*

2 *Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. Алматы: Санат, 1996. – 336 б.*

3 *Дәдебаев Ж. Көркем шығарма және оның негіздері.// Кітапта: Нұрғали Р. Әдебиет теориясы. - Астана: Фолиант, 2003. – 344 б. – 160-162-бб.*

4 *Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.*

5 *Қалижанов У. Аңыз бен адам. // Кітапта: Мір Шайыр. Періштенің сыбыры. - Алматы: ҚазАқпарат, 2013. – 340 б. – 5-12-бб.*

Резюме

Н.С. Камарова. Новый роман казахского писателя Мира Шаира

С получением независимости казахская литература стала заполняться инновационными трудами. Новое произведение поэта, писателя Мира Шаира «Шепот ангела» являющется одним из ценных работ, внесенных в новом веке в казахскую прозу. В романе Мира Шаира «О, гениальный мир!» читатель ясно определяет естественную связь между Человеком и тайнами Мироздания, силу, кроющуюся под основной идеей. Мы ясно видим желание автора раскрыть тайны мира. Личностный характер возвышенного гражданина Тукена Танаулы, выражающий высокий дух писателя среди его современников, почетного гражданина Казахстана, приветствующего нравственность, переживающего за светлое будущее нации, болеющий за нее сердцем и душой, мечтающего о суверенитете и независимости народа, не жалеющего для него своих сил – это признание мастерства, художественного духа, изобразительного таланта писателя.

Ключевые слова: Казахская литература, казахский роман, роман «Шепот ангела», образ героя, внутренний мир, мастерство писателя.

Summary

N.S. Kamarova. New novel of Kazakh writer Mir Syaiyr

After obtaining independence Kazakh literature began to fill up with innovative productions. New work of the poet, writer Miyr Shaiyr "Perishtenin sybyry (Whisper of theAngel)" which belongs to one of the valuable works included to the Kazakh prose in the new century. In the novel of Miyr Shaiyr "Oh, brilliant world!" the reader clearly defines the natural connection between man and the mysteries of the universe, the power which coated under the main idea. We clearly see the author's desire to uncover the secrets of the world. The personal nature of the sublime citizen Tuken Tanauly expressing high spirit of the writer among his contemporaries, honorary citizen of Kazakhstan, who supports morality and worries about the bright future of the nation, cares for it with his heart and soul, dreaming of sovereignty and independence of the people, not pitying his strength for the country - it is the recognition of excellence, artistic spirit, fine talent of the writer.

Key words: Kazakh literature, Kazakh novel, novel “Whisper of the angel”, image of the hero, inner world, the skill of the writer.

УДК 82.01

ПОРТРЕТНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ГЕРОЕВ РОМАНА «ӨЗ ОТЫҢДЫ ӨШІРМЕ»

К.Б. Кубдашева – *Алматинский университет энергетики и связи, кандидат филологических наук*

Аннотация: В статье рассматривается портретная характеристика героев романа О. Бокеева «Өз отынды өшірме». Внутренний портрет персонажей может быть передан через те или иные черты в облике героев, детали. Описание внешнего облика персонажей – это один из способов раскрытия их характера, отражающий душевное и эмоциональное состояние.

В романе О. Бокеев не описывает черты лица, внешний облик героев, а ограничивается характерными деталями. Детальная характеристика – это когда портретные данные представлены всего несколькими чертами. Портретная характеристика героев дана с позиции автора-повествователя и других персонажей, что помогает проследить взаимоотношения между персонажами. В произведении душевный, внутренний мир героев разносторонне раскрывается благодаря тому, что автор вовлекает своих героев в различные жизненные и конфликтные ситуации.

Ключевые слова: внешний портрет, внутренний портрет, персонаж, номинация.

Рассмотрим портретную характеристику главных героев романа «Өз отынды өшірме».

Имя «Дархан» означает совершенно свободная жизнь, просторный мир, добродушный, щедрый человек [1, с. 73]. Герой О. Бокеева Дархан подтверждает этимологию своего имени. Он добродушен, щедр, отдаст последнее, что у него есть. Он обладает широкой душой, которая вмещает в себя огромную любовь к своей земле, Родине, людям.

Портрет Дархана «алпамсадай сымбатты әрі өте ұяң жігіт» («большой, статный и очень робкий, застенчивый джигит»), «еңгезердей жігіт» (здоровенный джигит), «тепсе темір үзетіндей» (способный ударом ноги согнуть железо). Неразговорчивый, внешне грубый человек, крупного крепкого телосложения. Восхищаясь его физической силой, выносливостью, трудоспособностью, люди прозвали его Қара нар (Черный верблюд). Верблюд – животное, которое может долгое время обходиться без воды, поднимать тяжести. У казахов он символизирует силу и выносливость.

Главный герой романа Дархан – простой рабочий, обходчик разъезда Куланды. Дархан – смелый, мужественный человек, который работает во благо народа, во благо Советской власти. Дархан – добросовестный человек, любит свою работу и поэтому относится к ней с душой, ответственно. Это подтверждает эпизод, где Дархан, обходя свой участок, находит в рельсах трещину. Маленькая трещина могла быть причиной крушения поезда. В лютый мороз, ночью Дархан сторожит ее, чтобы предупредить и остановить проезжающий поезд. Этот поступок стоит ему здоровья, он обмораживает себе все пальцы ног. Честный, простодушный человек, которому чужды такие поступки, как угодничество, подхалимство. Храбрый и отважный, он ничего не боится и просится на фронт. У него упрямый характер, из-за которого ни любимая жена, ни близкий друг не смогли уговорить его получить образование.

Бокеев показывает поведение героев в различных жизненных ситуациях, что помогает полнее раскрыть характер героя. Положительного героя Дархана мы также видим с другой стороны. Дархан предстает перед нами, как бессердечный, жестокий человек, которого не трогает смерть родного ребенка, рожденного от Дурии.

Так как роман описывает судьбу Дархана, то его телесный облик дан в разные периоды жизни. Человек, достигший возраста пророка, это не тот выносливый, крепкий «Черный нар». Тяжелый физический труд, работа без устали в любую погоду сильно отразились на здоровье пожилого Дархана.

Индивидуальное пространство старика Дархана – это дом и мазар на холме Кенгира, который он воздвигает для жены и для себя.

Противоположностью Дархана в романе является Оспан. Это разные люди, которые не могут сосуществовать вместе, настолько их духовный, внутренний мир отличен друг от друга. Дархан думает о судьбе своего народа, а Оспан – о своей личной выгоде.

Невежественный, малограмотный Оспан – отрицательный персонаж, противостоит всем другим героям. Сын бедняка он рано лишился родителей и был на побегушках у бая. Внешний портрет Оспана дан одной деталью – одноглазый. Одноглазый Оспан видит и знает обо всем, что происходит вокруг и за чужими стенами. Под личиной честного, преданного, работящего человека скрывается подлец, лицемер, ханжа.

В отличие от тысячи и тысячи бедняков, которые ожидали от Советской власти изменений своей жизни в лучшую сторону, в сторону справедливости, равенства, Оспан приход новой власти использовал для достижения своих личных корыстных целей. Изворотливый, хитрый Оспан считает, что в этой новой жизни при новой власти, для достижения своей цели надо осторожно ползти, подобно змее. Ему безразлично, при какой власти жить, главное чтобы он мог процветать. Видя, как этот человек далеко пошел при новой власти, бай Омар и его сын Еркин ошибочно полагают: «Заман осынікі екен» [2, с. 47] («Это его время»).

Оспана ненавидят, презирают, но все его боятся. Этот отрицательный персонаж вобрал в себя все человеческие пороки. В нем нет ни одной черты характера, которая вызывала бы уважение или сочувствие, только брезгливость.

Огромная любовь к Гулие является лейтмотивом, определяющим все действия Оспана. Он надеется, что, достигнув положения, богатства, признания, сможет завоевать сердце красавицы. Он считает, что для достижения своих целей, все средства хороши, даже причинение боли и горя любимому человеку. Оспан обезображивает лицо Гулии, надеясь, что Дархан не захочет на ней жениться. Не достигнув желаемого, Оспан еще больше озлобляется и решается на убийство Дархана. Но пуля, предназначенная для Дархана, попадает в Гулию. Оспан своими руками убивает свою мечту, цель, ради которой он жил.

«Итаяққа аузы жетпей қыцсылаган байлаулы иттей, сілекейі шұбырып отырган Оспан «қатқаныцныц басы» деп, шіренген байды ішіпен келістіріп балагаттап алды да, туралап жатқан жамбасқа жабысты» [2, с. 7] («Подобно скулящей привязанной собаке, которая не может дотянуться до миски, захлебывающийся слюной Оспан, обругал про себя важного бая и принялся за ляжку»). Здесь автор сравнивает поведение Оспана с собакой и в этом наблюдается его пренебрежительное отношение к герою.

У Оспана тонко развито чувство интуиции, помогающее ему угадывать чужие мысли, события. «Осы соқыр иттіц адамныц ойын оқитын көріпкелдігі бар ма», - деп іштей сескеніп қалды» [2, с. 47] («У этой слепой собаки есть дар предвидения что ли, читающий человеческие мысли», - встревожился он про себя»). В легендах и мифах часто одноглазые существа являются порождением зла. Жестокий циклоп Полифем имел единственный глаз.

В переводе с арабского языка Оспан означает – героизм, смелость, преданность. В романе «Өз отыцды өшірме» Оспан профанирует этимологию своего имени. Это трус, для которого не существуют такие понятия, как – Родина, совесть, справедливость. Для него Родина – это любое место, где ему хорошо, где он может процветать. В произведении у Оспана имеются вторичные номинации: негативное - «алаяқ» (пройдоха, проходимец), брезгливое - «соқыр ит» (слепая собака), «қу соқыр» (хитрый слепой), уважительное - «Осеке» (когда от него хотят чего-то, так его называют Еркин, бай), по занимаемой должности - «аулнай». Но часто слово «аулнай» звучит иронически, тем

самым словно указывая на то, что человек недостоин занимаемого места. Но справедливость должна восторжествовать, так как такие люди, как Оспан, должны получить по заслугам. И тогда даже осторожный, хитрый и изворотливый Оспан когда-нибудь споткнется, и возмездие настигнет его. Карает Оспана табунщик Бати, который ловит его на месте преступления.

Другой персонаж – Еркин, одногодок Оспана. Еркин и Оспан представляют разные слои общества. Еркин – образованный, интеллигентный, обходительный сын бая. Оспан неграмотный, но очень хитрый, ловкий и изворотливый сын бедняка. Между этими абсолютно разными людьми есть и много общего. Что же может их объединять? Это возраст и нравственные качества. Еркин и Оспан – одногодки, вместе выросли, вместе играли в асыки, дрались. Но разная судьба, определяющаяся с рождения, разнесла их в разные стороны.

В переломные исторические эпохи, когда «ел басына күн туғанда», является проверкой истинной сущности, нравственных качеств каждого человека. И в такие моменты человек словно просвечивается рентгеном. В это время он способен проявить все свои скрытые, далеко запрятанные мысли и желания, обнажая свое истинное лицо.

Все знают, что за человек Оспан, знают все его пороки, эгоистичность, стремление разбогатеть любой ценой. Но никто не догадывался, что злобность, подлость и эгоистичность могут быть присущи и уважаемому в ауле Еркину. В этом они и схожи. Умный, образованный Еркин по своим внутренним человеческим качествам стоит на одной ступени с Оспаном.

Еркин Кенжин – талантливый юрист, адвокат Семипалатинского уезда, один из образованнейших людей своего времени. Он владеет в совершенстве русским, арабским, турецким, английским языками. Имя Еркин с казахского языка переводится как непринужденный, вольный, без трудности. Внешний портрет тридцатисемилетнего Еркина дан глазами отца: «Сайтан, шешесіне тартқан көрікті-ақ» [2, с. 32] («Красивый, похожий на мать»), и автором: «…көзілдірігі жылтырап, қасы қиылып отырған бұйра шаш аппақ сазандай Еркін…» («...высеченные, изогнутые брови, вьющиеся волосы, белый как сазан Еркин сидел, поблескивая очками»). Деталь портрета: перед тем как начать разговор, Еркин всегда поправлял очки. Аульчане относятся к нему с уважением, обращаясь к нему ласково «Ереке». Еркин – воспитанный, вежливый, любезный, обходительный, скромный и учтивый.

Всю свою жизнь казах жил в единении с природой. И в связи с этим складывались бытовые, моральные, этические и психологические характеристики народа. Еркин не согласен с реформами власти, считая их преждевременными и опасными для всего народа, нельзя разрушить в один миг то, что складывалось веками. К такому переходу народ еще не готов и не созрел для этих изменений. Нельзя сразу конфисковать весь скот у баев, а нужно брать по несколько лошадей в год. Только казахи, которые всю жизнь пасли скот, могут уберечь его от падежа, углядеть за ним. А у новой власти нет специалистов, которые могли бы за ними смотреть, и где они разместят весь конфискованный скот – вот какие мысли одолевают и не дают покоя Кенжину. Он понимает, что ему нет места в новой власти и связывает свое будущее с заграницей.

Образ Еркина – один из значимых в произведении. Через этот образ автор доносит нам настроение, думы и размышления образованнейших людей того времени.

Несмотря на то, что Еркин беспокоится о судьбе своего народа, он все он все же остается байским сыном, эгоистом, который думает о себе, о своих землях и скоте. Поэтому болезненно воспринимает весть о конфискации, что отражается и на его внешнем виде: «ұрты суалып» («высохшие щеки»), «тостағандай екі көзі шүқірек тартып жүдеген екен» («большие глаза впали, похудел»). Ненависть к новой власти у Еркина так велика, что он готов взорвать людей, собравшихся на собрании, среди которых должен быть и муж сестры Дархан. Еркина, таким образом, мы узнаем не только как образованного, болеющего за судьбу народа, но и как жестокого эгоиста, который готов ради своих интересов убить невинных людей. Автор ставит героев в такие ситуации, через которые раскрываются различные грани характера.

Отец Еркина Омар бай – один из влиятельнейших и богатейших людей степи. По характеру Омар бай – уравновешенный, спокойный, умудренный жизненным опытом, тонкий дипломат. Внешний портрет передается одной деталью: «алпамсадай шомбал денесін» («болшое толстое тело»). Удачная женитьба помогла расчетливому, умному Омару приумножить свои богатства, а умение ладить с барымтачем Танатаром – значительно увеличить свой скот.

Имя «Омар» означает всепомнящий, долгожитель. В переносном смысле Омар бая можно назвать «долгожителем». Несмотря на новую власть, Омар бай еще долгое время остается на «коне», владея огромным количеством скота.

Но в этом мире ничего не стоит вечно, и до Омар бая дошла очередь конфискации. Привыкший повелевать, решать людские судьбы, он видит безысходность ситуации и свою беспомощность. Автор показывает, как гордый, жадный, хозяйственный бай становится абсолютно равнодушным ко всему. Жизненные неурядицы, переживания о своем будущем, подтачивают здоровье бая. «Омардың соңғы кезде кеудесі сырылдап, тамағы жиі-жиі жыбырлап, екі кеудесінен қысатын болып жүр» [2, с. 95] («У Омара в последнее время стала хрипеть грудь, часто першит горло и сдавливается грудная клетка»).

Психологическое состояние Омар бая передано через интерьер юрты: «Бұдан соң жосамен боялған керегеиі сипалап, көктердің түйіншек басына кигізген күміс шытырашты шұқылады. Бұл әлі мықты екен... Баянсыздығын уайымдағандай қабағын кіржитін барып саусағымен сырт еткізін шертін қалды» [2, с.109] («После этого он погладил кереге, покрашенное охрой, поковырял завязанные узелки с серебряными жучками. Они еще прочные… Нахмурив лоб, как человек, думающий о бренности, щелкнул пальцами по домбре») Беспокойствие бая передается через глаголы действия – погладил, поковырялся, щелкнул.

Очень трогателен эпизод прощания Омара со своей семьей. Нелегко человеку в годах, бросив семью, на старости лет пускаться в бега. Но он не видит другого выхода. «Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді» [2, с. 115] («Хорошая собака умирает вдали от дома»), – считает бай. Лучше жизнь на чужбине, чем изгнание с позором с собственных земель. «Қарқарадай қасқайып етінен ет кесін алсаң қан шықпайтын Омардың мол пішілген ақшыл беті жыбырлап, иегі кемсендеді. Алгаш рет, әлде мүмкін ақыргы рет, көңілі босап, сақалы тұштаңдап көзіне жас алды» [2, с. 121] («Обычно ничем невозмутимое, наглое, широкое светлое лицо Омара зашевелилось, подбородок начал дергаться. Впервые, а может и в последний раз расстроился, задергалась борода, и он заплакал»). Бокеев через внешнее описание портрета показывает внутреннее состояние героя, всю гамму его переживаний.

Тяжелые думы, мучившие Омар бая, подрывают его здоровье. На границе Бати обнаруживает косяк угнанных лошадей. Здесь и проявляется алчность и жадность бая, который вместе с драгоценностями решил угнать за кордон и косяк лошадей. «Апыр-ай, - деп жагасын ұстады Бати. - Қабан шошқа өлгелі жатса да қорс еткенін қоймайды деуші еді, қандай дәл айтылған сөз» [2, с. 124] («Япырай! – удивленно пробормотал Бати. – Не зря говорят, что, даже подыхая, свинья продолжает хрюкать!»). В самый ответственный момент бая подводит здоровье, и он навеки закрывает глаза.

Трагична судьба бая, который умирает вдали от родных мест, на руках у батрака. Автор подробно описывает состояние Омар бая, положение тела, последние слова произнесенные им. «Төтеден келген, оңдырмай тиген кесел атандай адамды кірпік қаққанша алып ұрды. Бір ысып, бір суыған қан, баяулап соққан жүрек, мұздай бастаған аяқ-қол енді қайтін икемге келуі мүмкін емес дене - бәрі-бәрі жарық әлеммен қоштасар алдында жанталасып сыңар сәт болса да өмір әнін шырқап қалгысы келгендей, өмір нұрын ақыргы рет таусап қалгысы келгендей, ей... ей... бәрібір үнсіздік, құлаққа ұрган танадай тыныштық, мәңгілік толастыққа жетелеген өлім атты суық та ыстық абзал Ана бірте-бірте жақындай берді; әне қолын созып, қойнын ашты» [2, с. 124] («Болезнь, пришедшая прямой дорогой, не пощадившая пожилого человека, брала свое до самого последнего вздоха. Кровь, которая то кипит, то холодит, медленно стучащее сердце, холодные руки и ноги, тело, которым уже не можешь управлять – все-все перед прощанием с этим светом, даже в агонии, хоть на пару моментов, как будто хочет запеть песню жизни, как будто хочет в последний раз окунуться в лучи жизни, эй…эй… все равно безмолвие, непривычная для ушей тишина, холодная и горячая, справедливая мать с именем смерть, ведущая к вечной непрерывности, постепенно приближалась; вот протянула руки, открыла объятия»). Омар бай вначале даже не понял, что с ним случилось, он не ждал смерти. Казалось, вот только недавно весь мир лежал у его ног. В руках он держал свои драгоценности, неожиданно найденный косяк лошадей, который он собирался забрать с собой, его ждала новая жизнь. Но не суждено ему было пожить за границей. В чужом месте в возрасте шестидесяти пяти лет умирает самый знаменитый и самый богатый бай степи.

Омар бай – богач, имеющий огромное количество скота всех четырех видов, прислугу, противостоит бедному, не имеющему ничего кроме посоха, старику Кулашу. У них разные взгляды

на жизнь. Если Омар бай различал людей по их состоянию, сословию, положению, то для Кулаша не существовало ни богатых, ни бедных – для него все были равны. Если вся степь принадлежала баю, который своим богатством затмевал всех, то для Кулаша степь была его домом: куда несли его ноги, туда он и шел. Когда наступают тяжелые времена, именно Кулаша вспоминает бай и понимает, насколько он был прав. Бай понимает, что, если Кулаш и бродяжничал, но ходил он по родной земле, а ему придется умереть вдали от родных мест.

Дочь Омар бая Гулия (в пер. с каз. гүл – цветок, красота, изящество, миловидность) была нежным цветком, выросшим в окружении роскоши и заботы. Автор характеризует ее как «салмақты» («серьезная»), «сабырлы» («спокойная, тихая, сдержанная»). Гулия была образованной девушкой, умной, трудолюбивой и любящей. Байская дочь ради того, чтобы быть рядом с любимым человеком, готова пойти на все: жить в доме бедняка, заниматься хозяйством, работать. Гулия работает в школе на железной станции, учит детей бедняков. Ни единого слова жалобы, сожаления нельзя услышать от нее. Гулия, непривыкшая к тяжелому физическому труду, к лишениям, сильно худеет. Душевная чистота, справедливость, порядочность отличают Гулию, а также сострадательность, доброта и отзывчивость. Несмотря на то, что их семья еле сводит концы с концами, она оставляет у себя осиротевшего сына дяди, заменив ему родителей.

Гулия – дитя природы, выросшее на ее лоне, не может смириться с тем, что люди начнут взрывать родные холмы, выравнивать горы, распахивать долины, сотрясая сердце земли. Все ее существо противится этому. Душа ее просит тишины, ей по нраву усеянное звездами ночное небо, тихий звук родника, пасущийся скот.

Гулия между Дарханом и Оспаном выбирает честного, трудолюбивого и скромного Дархана. Для нее важны душевные, человеческие качества, а не богатство.

Автор ставит Гулию в такие конфликтные ситуации, благодаря которым раскрывается характер героини и ее внутренний мир.

Помимо главных героев в романе имеются и второстепенные персонажи – Камбар, Дурия, Бати, Кулаш, Толеген и другие. Введение второстепенных персонажей в ткань повествования связано с авторским замыслом, помогающим раскрытию характеров главных героев.

1. Казахские имена. – Алматы: «Кочевники», 2004. – 344 с.

2. Бөкей О. Екі томдық таңдамалы шығармалар.– Алматы: Жазушы, 1994. – Т. 2. – 496 б.

Түйін

Қ.Б. Құбдашева. «Өз отыңды өшірме» романындағы кейіпкерлердің бейне сипаттамасы

Мақалада О.Бөкейдің «Өз отыңды өшірме» романындағы кейіпкерлердің бейне сипаттамасы қарастырылады. Кейіпкерлердің ішкі бейнесі түрлі келбеттер, детальдар арқылы берілуі мүмкін. Кейіпкерлердің сыртқы бейнесінің суреттелуі – олардын мінезінің жан-сезімін және эмоциялық күйін ашатын әдістің бірі. Романда О. Бөкей кейіпкерлерінің бет әлпеті, сыртқы түрін суреттемейді, ерекше детальдармен шектеледі. Детальді сипаттама деґеиіміз шығармада бейне мәліметтері бірнеше ерекшелікпен ұсынылған. Кейпкерлердің бейне сипаттамасы автор-баяндаушы және басқа кейіпкерлердің позициясынан берілген, бұл кейіпкерлердің карым-катынасын қадағалауға көмектеседі. Шығармада кейіпкерлердің жан-сезімі, ішкі жан дүниесі жан-жақты ашылуыныц себебі автор өз кейіпкерлерін түрлі-түрлі өмірдің кикілжің жағдаяттарына еліктіреді.

Түйін сөздер: бейне сипаттамасы, сыртқы бейнесі, кейіпкер, номинация.

Summary

K.B. Kubdasheva. Portrait feature the heroes of the novel «Өз отыңды өшірме».

The article discusses the portrait feature the heroes of the novel O. Bokeev «Өз отыцды өшірме». Inner portrait of the characters can be transmitted through certain features in the appearance of the characters, details. Description of the external appearance of the characters is one of the methods of the disclosure of their nature, reflecting the mental and emotional state.

In the novel does not describe facial features, the appearance of characters, and is limited to typical details. Detailed characterization is when the portrait data presented are just a few features. Portrait characterization of the characters is given from the perspective of the author-narrator and other characters, which helps to trace the relationships between the characters. In the work of the soul, the inner world of heroes versatile disclosed due to the fact that the author engages his characters in various life and conflict.

Key words: external portrait, domestic portrait, character, category.

ӘОЖ 882.151.212.4

КӨНЕ ТҮРКІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МИФТЕР

Г.А.Рахышова – *Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, магистрант,*
Л.М.Әділбекова – *ғылыми жетекші, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, ф.ғ.к., профессор м.а.*

Аңдатпа: Түркі ескерткіштеріндегі фольклорлық мифтер әдебиет саласының өзекті мәселелерінің біріне жатады. Себебі, бүгінгі таңда әлі толық зеріттеле қойған жоқ. Бұрынғы ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігіне тірек болып, әдеби көркемдік әдістерін сақтаған. Айналадағы табиғат құбылыстар: күн, ай, жер, жұлдыз, тау т.б құбылыстарды киелі санаған. Космостық бейнелер бір кездері ертедегі адамдардың мифтік түсінігінен, келе-келе ауыз әдебиетінің тұрақты поэтикалық образдарына айналған. Бұл ғылыми мақалада негізінен түркі ескерткіштеріндегі фольклорлық мифтердің зерттеулеріне талдау жасалып, олардың қаншалықты маңызды екені анықталады. Алдағы уақытта әлі де ашылмаған құнды дүниелер күтілуде.

Түйін сөздер: Тұрақты поэтикалық образдар, космостық бейнелер, әдеби көркемдік әдістер, ежелгі наным-сенімдер, космогониялық мифтер.

Адам танымының алғашқы кезеңдеріндегі айнала табиғатты тұтас жан деп ұғыну, адам мен табиғаттың бір-біріне оң және теріс әсерлері туралы түсініктер бұрынғы ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігіне тірек болып, бүгінгі заман ой-танымында, әдеби көркемдік әдістерінде сақталған. Айнала табиғаттағы Күн, Ай, Жер, Жұлдыз, Тау т.б. құбылыстарға қасиет беріп, киелі санау, олармен қарым-қатынаста белгілі бір заңдылықтарды сақтаудың мәні – ол шарт бұзылса адам кеселге, ауруға, өлімге ұшырайды деген сенім. Сондықтан отқа, суға түкірме, аттама, айға қол шошайтпа, күн батарда ұйықтама, жер сабалама деген сияқты түрлі ұғымдардың әрқайсының өзіндік мәні бар.

Өйткені дүние жүзінің көптеген халықтары, солардың ішінде түркі, монғол халықтары да, ерте кезде табиғат сырларын түсінбеген. Ертедегі адамдардың дүниетану шама-шарқы төмен болғандықтан жаратылыс көріністерінің әр алуан түрлерін (ай мен күн, бұлт пен дауыл т.б.) жарылқаушы күш ретінде қабылдап, оларға сиынған, медет тілеген. «Шамандық сенімнің дүниеге келуі, – деп жазады Ш.Уәлиханов – жалпылай немесе жекелей табиғатты қадір тұту, қастерлеу болып табылады» [1,171]. Осындай арғы замандардың айғағы болған Ай, Күн, Аспан, Жұлдыз сияқты космостық бейнелер бір кездері ертедегі адамдардың мифтік түсінігінен сәйкес туып, келе-келе ауыз әдебиетінің тұрақты поэтикалық образдарына айналған [1,172].

Алайда бұл ұғымдар аталып отырған ескерткіште тікелей негізгі кейіпкер болмысымен тығыз қабысып жатады. Өйткені, ол күннің нұрынан пайда болады. Жалпы, дүниежүзі тарихында атақты адамдар мен Құдайлардың дүниеге келуі жайлы мифтерден көбіне күн нұрынан туу мотивін жиі кездестіруге болады.

Ежелдегі адамдар басында сәулесі болған, текті адамды нұрдан жаратылған етіп көрсету, ол құбылыс келе-келе мақсатты түрдегі қолданылатын фольклорлық әдіске айналған. Күн нұрынан пайда болу мотиві Шыңғысханның дүниеге келуіне байланысты т.б. қазақ жырларында көрініс табады.

Ежелгі түркі аңыз, әпсаналарында бақытты болатын адамның төбесінен нұр жауатыны туралы көп айтылады. Бұл дәстүр түркі халықтарының ерлік дастандарынан да орын алған. Мәселен, қырғыздың «Манас» атты эпосында болашақ батыр Манас та жолына нұр төгілген ал, өзін көкжал бөрі қорғап жүрген қаһарман болып келеді [2,101].

Түркі-монғол халықтарының аңыз-ертегілерінде кейіпкердің күн нұрынан туу мотивінің орын алуы ежелгі наным-сенімдерге байланысты. Жалпы, дүниежүзі халықтары фольклорында атақты адамдар мен Құдайлардың дүниеге келуі көбінесе күн нұрымен байланыстырылады. Фольклортанушы ғалым В.Я.Пропп: «Адам баласы мәдениеттің неғұрлым төменгі сатыларында болған уақытта «ғажайып туу» елдің бәріне талғаусыз таныла береді. Патша мен Құдайлардың бұлай тууы олардың артықшылығына айналды. Ал қарапайым адамдар қалыпты жағдайда дүниеге келеді. Ежипет патшалары өздерін «күннің құдайы Раның тұқымымыз» деп санайды. Осындай сеиім Үнді патшалары мен ханзадалары және Қытай императорларында да бар», – деп жазған [3,207-208].

Ол «Фольклор и действительность» атты еңбегінде бүкіл дүниежүзі фольклорының ең көне жанрларында пайда болған ғажайып туу мотивінің пайда болу принциптерін ертегі наным-сенімдермен, культтік, рәсімдік мәселелермен тығыз байланысты қарастырады және бұл мотивтің фольклорлық шығармалар сюжетін толықтырушы көркемдік тәсілге айналғанға дейінгі даму тарихын қалпына келтірді.

Түркі халықтарының фольклорында осындай Ай, Күн әсерімен дүниеге келуін баяндайтын сөздеріне орайлас тұрақты дәстүрдің қалыптасуы тегін емес. Ол түркілердің ең көне дүниетанымына, яғни, олардың көне наным-сенімдеріне Ай мен Күн культінің маңызды рөл атқарғандығын әрі сенім көріністері халықтың эстетикалық қалыпты нормасына айналғанын байқатады.

С.П.Толстов зерттеулеріндегі пайымдауларға қарағанда түркі тайпаларында Ай мен Күн тотемдеріне табынушылық ұзақ уақыттар сақталып келген. Сол себепті түрікмен тайпаларының шығу тегі баяндалатын шежірелерде түрікмендердің Әли-или, Ерсары, Шах, Теке тайпаларында «Айтолды», «Күнтолды» ру тайпалары кездесетіні сөз болады [4,7].

Жүсін Баласағұнидың «Құдатғу білік» дастанындағы басты кейіпкерлердің есімдері де Айтолды және Күнтолды болуы бұл дәстүрдің түркі фольклорында мықтап орныққанын аңдатады. Талданып отырған «Оғыз-наме» ескерткішінде Оғыз қаганның өзі ғана емес оның үйленуі, Ай, Күн, Жұлдыз, Тау, Көк, Теңіз деген балаларының тууында космогониялық мифтердің мәиі көркемдік рөл атқарады.

«Оғыз қаганның оны көргенде жаны қалмады. Ол осы қызды алып үйіне кетті. Оны сүйді, алды. Бірге жатты. Тілегі қабыл болды. Сол қыз жүкті болды. Күннен күн өтін, түннен түн өтіп, көзі жарыды, үш ер бала туды, біріншісіне Күн деп ат қойды, екіншісіне Ай деп ат қойды, үшіншісіне Жұлдыз деп ат қойды» [5,205]. Бұл мысалдар неғізінде көне түркі тайпаларының Көк Тәңіріге табынып, жақсылықты да, жамандықты да Көктен яғни, аспаннан күткен дүниетаным сақталған.

«Көк тәңірі – көк аспан деп аталады. Қазақтар ұғымындағы бірінші аталатын сын есім «көк» – көріністі бейнелейді және заттық түсінікті білдіреді, ал зат есім (тәңірі) «көк» атауының (синонимі) баламасы... – (Алланы) және құдайды (худда). Сондай-ақ, даланың алыс түкпірлерінде, мысалы қазақ ордасында «Көке-Тәңірі» – деген атау әлі кездеседі» – деп жазады Ш. Уәлиханов [1, 181].

Қазақ мифінде хаостың космоска айналуындағы басты бір шарт – жер мен аспанның жекеленіп пайда болуы жайлы мифтерде сақталған. Мысалы: Аспан мен жердің бөлектенуі, яғни әлемді қаптаған судан аспанның және құрлықтың бөлініп жасалғаны жайында түсінік бар. Көне заманда, мифтік сана кезінде адамдар бүкіл әлемді, аспанды да су деп білген. Қазақ тілінде «Тәңір» деп көкті, «теңіз» деп суды айту тегін емес. Екеуінің түбірі «көк», «аспан» ұғымымен байланысты, демек, «Тәңір» – көктегі (яғни жоғарыдағы) су болса, «теңіз» – жердегі (яғни төмендегі) су. Басқаша айтқанда, аспанның өзі әуелде су деп түсінілген, оның «көк», «тәңір» болып аталуы содан. Ал, жердегі су да түсі жағынан аспан, яғни Тәңір сияқты көк болғандықтан теңіз деп аталған. Екінші аспан мағынасында айтылған («із» – жұптықтың белгісі). Аспан мен жердің телеғей теңізден бөлінін жаралғаны туралы түсінік жаһанда үш түрлі әлем (аспан, жер, жер асты) бар деген сенім тудырған. Ш.Уәлиханов мұндай сенімнің қазақта да бар екенін айтқан: «Аспанда ел бар. Ондағы адамдар белдікті тамағынан тартады, біз ортада, жер бетінде тұрамыз, сондықтан белдікті белімізге байлаймыз, ал, жердің астындағы адамдар белдігін аяғына орайды, олардың өздерінің күиі, айы, жұлдыздары бар» [1, 180].

Кейінгі замандарда, миф ертегіге айналғанда осы үш әлем ертегі кейіпкерінің шарлайтын мекеніне айналады. Бұл үш әлем шамандар дінінде де сақталған.

"Қазақтың көне мифінде болуға тністі ілкі ата-демиург бейнесі Тәңір образымен алмастырылған. Ал, Тәңір аспанның әміршісі саналған. Яғни, Тәңір – ең жоғарғы құдай, ол аспан мен жердегі тылсым мен тіршіліктің иесі. Аспанды да, ондағы жұлдыздарды да, адамды да, жер бетіндегі нәрселердің

бәрін де, жаратушы – Тәңір деп саналған. Міне, мұның бәрі – көне мифтік ілкі ата – демиурғтың, жасампаз қаһарманның атқаратын істері. Бұл қызметті түркілер заманында Тәңір, ал ислам келгенде Алла атқарады. Қазақтың көне мифінде ілкі ата – демиург образының толық және айқын сақталмау себебі осында деп білуіміз керек" – дейтін С.А. Қасқабасов пікіріне сүйенсек, "Оғыз-наме" эпосындағы тәңірлік сенімнің негізгі сюжеттік өзек болғанын байқау қиын емес. Оның дүниеге келуі де ғана емес, жар таңдап сүюінде де Тәңірлік сипат басым. Ғашық болған жары да тылсыммен тығыз байланысты екендігіне мәтін арқылы көз жеткізуге болады.

"Оғыз-намеде": "Күндерде бір күн Оғыз қаған бір жерде Тәңіріге жалбарынып отыр еді. Қарауы болды. Көктен бір жарық (сәуле) түсті. Күннен аян, айдан қуқылырақ еді. Оғыз қаған (көк жарыққа қарай) жүрді, көрді. Көрсе, әлгі жарықтың арасында бір қыз бар екен, жалғыз отыр екен. Артықша көрікті бір қыз екен. Ол қыздың маңдайында оттай сәуле шашқан бір меңі бар екен. Алтынқазықтай екен. Яғни, қыздың жаратылысында адамзаттан бөлек тылсымдық қасиет бар. Осы қыз сондай көрікті еді: күлсе Көк Тәңірінің (өзі) күлетіндей, жыласа Көк Тәңірінің (өзі) жылайтындай еді" [5, 56].

Сондай-ақ, түркі тілдес халықтар мифіндегі Тәңірлік сенімнің ерекшеліктері жайлы "Ерлі зайыпты баба-құдайлардың ең көне универсальды тараған түрі аспан-әке мен жер-ана. Бұл образдарда, бір жағынан, рулардың бабалары болып саналатын ілкі адамдардың космостанғанын, ел екінші жағынан, неке мен семьялық қатынастардың табиғат дүниелеріне көшірілгенін көруге болады", – дейтін пікірін шындығында, бүкіл түркі жұртында Тәңір – көктегі ер рөлінде, ал Ұмай –жер-ана болып қабылданады [6, 73]. Сонда, жоғарыда Е.М. Мелетинский айтқандай, қазақта да аспан – әке, жер – ана ретінде (Тәңір – Ұмай түрінде) алғашқы ерлі – зайыпты құдайлар болып саналған деуге әбден болады, – деп тереңдей қарастырған С.А. Қасқабасов пікірлерінің дәйегін осы ескерткіштен анық көруге болады.

Себебі, «Оғыз-наме» ескерткішінде тек Ай мен Күн, Жұлдыз секілді аспан денелеріне қатысты ұғымдар ғана емес, Көк, Тау, Теңіз ұғымдары да басты мән иеленеді. Оғыз қаганның екінші рет үйленіп, ол әйелінен тағы үш ұлдан дүниеге келуі, төмендегідей баяндалады: «Бір күндері Оғыз қаған тағы да аңға кетті. (Аңда жүрсе) бір көлдің ортасынан бір ағаш көрді. Бұл ағаштың қуысында бір қыз жалғыз отыр екен. Артықша көрікті бір қыз екен. Ол қыздың көзі көктен де көгірек, шашы теңіз толқынындай, тісі інжудей екен.

Осы қыз сондай көрікті еді: жер басқан ел-жұрт оны көрсе: «Ай, ай! Ах, ах! Өлерміз!» – деп сүттен қымыз болатындай еді. Оғыз қаганның оны көргенде ынтығы кетті, жүрегіне от түсті. Оны сүйді, алды. Бірге жатты. Тілегі қабыл болды. Сол қыз жүкті болды. Күннен күн өтін, түннен түн өтін көзі жарыды, үш ер бала туды. Біріншісіне Көк деп ат қойды, екіншісіне Тау деп ат қойды, үшіншісіне Теңіз деп ат қойды» [5,56].

Оғыз қаганның аң аулап жүрін тапқан теңдесі жоқ сұлуды көргені, қызға ғашық болып, оған да үйленгені, одан үш ұл бала туылғаны, есімдерін «Көк» (Аспан) «Тау» және «Теңіз» деп қойғаны тартымды етіп баяндалады. Осындағы «Көк» – Тәңірлік сенімнің негізі.

Шаманизмнің негізін құрайтын тотемдік және анимистік түсініктердің көк түріктерге дейін жан-жақты таралғанын ешкім де жоққа шығармайды. Ал тәңірліктің көне түрік дәуірінде тұтас жүйеге түсіп, дін дәрежесіне көтерілгенін дәлелдеуші ғылымдардың бірі Л.П. Потапов. Бұл дәуір біздің заманымыздың VI-XII ғасырлар аралығын қамтиды. Түрік қағанаты (551-744 жылдар) мен ұйғыр қағанатының (745-840 жылдар) этникалық ядросын құраған түрік тайпаларының Тәңірі, Ұмай, Жер – Су аталатын құдайлары қазіргі көптеген түркі халықтарында сақталуы кездейсоқ емес.

Жалпы, Тәңірлік сенімнің көшпелі түркілердің мемлекеттік бір ізділікке түсіп үлгермегендігі, тек түркі қағанаты тұсындағы бірдей қалып иеленгендігі, бірақ кейінгі мұсылман дінінің ықпалына байланысы көктегі "Тәңір – иенің" орнын "Жалғыз Алланың" басуы, кейбір көп тәңірлік ұғымдардың мұсылмандық ұғымға сіңісіп кеткені белгілі.

Оғыз қаған жаратылысындағы тәңірмен байланыстылық көне түркілік ескерткіштердің тұрақты мотиві екендігі белгілі. Ол жөнінде Ш. Ыбыраев:

Қаңым Елтеріс қағануғ,
Өгім Ілбіге қатұнұғ,
Теңрі тепесінте тұтұп
Иөгеру көтермүс ерінч.
(Әкем Елтеріс қаганды,

Шешем Елбіге қатынды
Тәңір төбесіне ұстап
Жоғары көтерген екен) [7,40], –

дейтін мысалдарды келтіре отырып, "Демек, қағанның тәңірлік жаратылысы алдымен алдымен өзіміздің байырғы төл тарихымыздан мықтап орын алған дүниетаным болып шықты. Біз үшін мұның маңызы зор деп" – деп ой қорытады.

Оғыз қағанның жарын Тәңіріден тілеуі және оның бірінің ағаш қуысында отырған сұлулығы керемет қыз болуын сипаттайтын тұстарда түрлі фольклорлық наным-түсініктер тоғысқан. Осындағы ағаштың қуысындағы сұлу қыз көзінің көктен де көгірек, шашының теңіз толқынындай (ол да көк) болуы – тәңірлік нанымның көріністері. Себебі, Жаратушы Көк Тәңірінің мекені көкте болғандықтан, ең әдемі де қасиетті түс – Көк Тәңірінің нышаны. Ал, фольклорлық туындылардағы қаһарманның ағаш қуысында дүниеге келу мотивінің негізінде ежелгі адамдардың ағашты тотем тұтқан наным-сенімінің ізі бар.

1. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы, 1985. – 172б.

2. Фольклор шындығы. – Алматы: Ғылым, 1990. – 264 б.

3. Пропп В.Я. Фольклор и действительность. – Москва: Наука, 1976. – 325 с.

4. Толстов С.П. Пережитки тотемизма и дуальной организации у Туркмен. Проблемы истории докапиталистических обществ. 1935. № 9-10. С. 3-14.

5. Өмірәлиев Қ. Оғыз қаған эпосының тілі. – Алматы: Ғылым, 1988, – 279 б.

6. Мелетинский Е.М. Поэтика мифа. – Москва, 1974 С.193.

7. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1991. – 296б.

Резюме

Г.А.Рахышова, Л.М.Адилбекова. Фольклорные мифы в древних тюркских памятниках

Тюркские памятники народных мифов является одним из важных вопросов в области литературы. Потому что, сегодня, по-прежнему не в комплекте с исследований. Первое основано на повседневной жизни наших предков, чтобы сохранить литературные и художественные приемы. Ближайшие природные явления: солнце, луну, землю, звезды и т.д. явления, рассмотренные на святой горе. Спутниковые изображения людей в одно время в начале мифической понятия, вскоре стал регулярным художником в поэтической устной форме. Это исследование статья в основном тюркские памятники анализ народных мифов, они решили, что это было важно. Тем не менее ценные вещи не были ожидать в ближайшем будущем.

Ключевые слова: Постоянные поэтические образы, спутниковые изображения, литературные, художественные методы, древние верования, мифы космогонические

Summary

G.A.Rahyshova, L.M. Adilbekova. Folkloric myths of ancient turkic monuments

Turkic monuments of folk myths is one of the important issues in the field of literature. Because, today, is still not complete with research. The former is based on the daily life of our ancestors, to keep the literary and artistic techniques. Surrounding natural phenomena: the sun, moon, earth, stars, etc. phenomena considered holy mountain. Satellite Images of people at one time early mythical notion, soon became a regular artist in a poetic oral. This research article is mainly Turkic monuments folk myths zerittewlerine analysis, they determined that it was important. Still valuable things were not expected in the near future

Keywords: Permanent poetic images, satellite images, literary, artistic methods, ancient beliefs, myths cosmogonic.

УДК 398.9

МАҚАЛ-МӘТЕЛ – ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ

Б.С. Сарбасов – *Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.*

Аңдатпа. Фольклор жанры ішінде халық арасына ең көп тарағаны және ұзақ өмір сүретіні де осы мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдер бір дәуірдің жемісі ғана емес, олар халықтың тарихымен тығыз байланыста. Мақал-мәтелдер – халықтың ғасырлар бойы атадан балаға мұра ретінде қалдырып келе жатқан асыл қазынасы.

Мақал-мәтелдер жөнінде Қажым Жұмалиев былай деген: «Мақал-мәтел – халықтың тек қана көркем сөз өнері ғана емес, әрі философиясы, әрі ғылымы, әрі тәрбие құралы».

Мақал мен мәтел – халықтың ғасырлар бойғы іс-тәжірибесінен, өмір тануынан қорытылған, тұжырымдалған ой-түйіні және бір ойды ұтымды, өткір етіп айтып беретіп нақыл сөз.

Мақал-мәтелдердің тілі қарапайым және өте көркем, сөздік құрамы бай. Сөйлем құрылысы жағынан жеңіл, әсерлі болып келеді. Халық мақал-мәтелдеріндегі қолданылған сөздердің тек қана сыртқы сұлулығын қарамайды, сонымен қатар құрамындағы сөз мағынасын шебер, орынды қолданылуына да назар аударады.

Түйін сөздер: халық оқулығы, фольклор жанры, сөз нақышы, нақыл сөз.

Мақал-мәтел қай халықтың болсын ауыз әдебиетіндегі көлемі шағын, мазмұны бай, тілі көркем жанрға жатады. Мақал-мәтелдер халықпен бірге жасайды. Біреулері ескірін, қолданудан шығып, екіншілері жаңарып, туындап жатады. Мақал мен мәтелді де әуелде жеке адамдар шығарды. Оны біреуден біреу естін, айтып таратады, өңделеді, өзгертіледі, сөйтін, халықтық мұраға айналады. Демек, мақал-мәтелді де белгілі бір халықтың өмірде көрген-білгені, жасаған қорытындысы, ақыл-ойы деуге болады. Мақал-мәтел көркем шығармада көп қолданылады. Ақын-жазушылар шығармаларында халық даналығын пайдаланумен бірге, сол үлгілермен өздері де жаңа мақал-мәтелдер шығарады. Мысалы, Ы.Алтынсаринның «Аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш болам деп ойламайды» - дейтін сөзі мақалға айналып кеткен [1, 21].

Мақал – нақыл, өсиет түрінде айтылатын философиялық ой түйіні, сөз мәйегі. Мақал, көбінесе, өлеңдік өрнекпен, сабырлы, салмақты ырғақпен айтылады. Қара сөзбен, шешендікпен айтылатын мақалдар да бар.

Қазақ – сөз қадірін біліп, қасиетті сөзді қастерлеп, аузынан тастамай, данышпандығын өнеге ретінде өлеңмен өрнектеп, терең мағыналы сөздермен зерлеп келе жатқан халық. Сөз зергерлерінің аузынан шыққанды үздіксіз үлгі етін, ұрпақ тәрбиесіне парықтап пайдалану дәстүрге айналған. Әсіресе қариялар мақалдап, маңызды сөйлеуді борышым деп санайды, онсыз қарт адамның сөзінің қадірі болмайды.

Отбасында ата-аналар бала тәрбиесіне лайықтап: «Ана тілін алмасаң, арың кетеді», «Әке – тіреегің, ана – жүреегің», «Сабыр түбі – сары алтын», «Еріншектің ертеңі таусылмайды», «Көзің ауырса, қолыңды тый, ішің ауырса, асыңды тый», «Іс істесең, ретін тап», т.б. мақалдарды жиі айтады.

Баланың өмір тәжірибесі аз, сондықтан, оған айтылатын ақыл-насихат, өнеге, өсиет әрі әсерлі, әрі ойда қалатындай мәнді болуы керек. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деңгендей, ана тілін ардақтауға үйретін, ой қисындарын сөз жүйесіне келтіре алу қабілетін дамыту үшін, ата-ананың мақалдап сөйлеуінің маңызы зор [2, 15].

Фольклордың басқа түрлері сияқты мақал-мәтелдер – халық оқулығы, өсиеті. Олар жастарды тәрбиелейді, жамандықтан сақтандырады. Ең алдымен қарапайымдылыққа, ұйымшылдыққа меңзейді, еңбекке, ерлікке баулиды. Адалдықты, адамгершілікті мақтап, насихаттай отырып, оған қарама-қарсы арамдық, қараулық, өтірік-өсек, жалқаулық, ұрлық, екі жүзділік секілді жарамсыз мінез-құлықтар сыналады.

Мақал-мәтел – халықтың сан ғасырлық көрген-білгенінен, бастан кешкен уақиғаларынан қорытқан ақыл-ойының жиынтығы, анықтамасы, табиғатта, өмірде үнемі қайталап тұратын уақиғалармен, құбылыстармен байланысты туған тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні [3,6].

«Тіл – халықтың ең ұлы байлығы» деген еді заманымыздың көрнекті жазушысы М.Шолохов. Тыңдаушы адамға тіл, әрине, сөз арқылы жетеді. Халқымыз «Сөздің көркі – мақал» дейді. Тарихи-әлеуметтік өмір тәжірибелерінен алып, терең де зерделі тұжырым жасап, асылдай қорытып,

алмастай шыңдап айтатын мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді (нақыл сөздерді; қалыпты, орнықты, қалыптасқан тіркестерді; афоризмдерді; ұтымды, жинақты, образды, айшықты өткір сөз орамдарын) халық өлшеусіз көп шығарған. Әрбір тіл де, сол тілде сақталып жүрген сөздің інжу-маржаны да – атам заманнан бері жасалып келе жатқан өте көне мәдениеттердің көзі. Ол халықпен біте қайнасып, бірге жасайды. Сондықтан да ол – ел-жұрт өмірінің айнасы, табиғи шындықтың өзі. Мақал-мәтел – халықтың ғасырлар бойғы іс-тәжірибесінен, өмір тәжірибесінен қорытып ереже, өмір заңы түрінде тұжырымдалған аталы сөз халықтың ой түйіні.

Мақал-мәтелдер – халық творчествосының төл жемісі. Әуелі әрбір жеке адам ойлап шығарғанмен, жүре-бара олардың авторы ұмтылып кетеді де, жұрт сынынан өткендері халық қазынасына – фольклор (ауыз әдебиетінің) шығармаларына айналып отырады. Осыдан барып мақал-мәтелдер көбінесе «халық даналығы» деп аталады. Көне түркі тілдерінде «аталар сөзі» деп атайды, яғни бұл – атадан «атадан балаға мирас болып келе жатқан қазына» деген сөз [4, 36].

Халық – суреткер. Ол өз өмірін, табиғат аясы мен өз ортасын жан-жақты сипаттап берін отырған. Мақал-мәтелдердің ұзын-ырғасы мен мазмұн-көлемін түгел қамтып суреттеу мүмкін емес. Табиғат көріністері мен тарихи уақиғалар саяси-қоғамдық құбылыстар мен тұрмыстық жағдайлар (еңбек, оқу, өнер, білім, отбасы, тәрбие т.б.) моральдық қасиеттер (жақсы-жаман т.б.) тағы басқа да толып жатқан тақырыптар туралы лайықты мақал-мәтелдер шығарылған.

Мақал-мәтел ойды қысқа да ұтымды, өмір тәжірибесін туғыза айтатын сөздер. Онда ел, халық, Отан, ерлік, бірлік, өнер-білім, еңбек, отбасы, бала тәрбиесі, төрт түлік мал, жан-жануар, ас-азық, ауру-сырқау, дау-шар, жақсылық пен жамандық, адамгершілік парыз жайында айтылған өнегелі сөздер өте көп. «Туған жерге туын тік», «Ер өзі үшін туады, елі үшін өледі», «Ел іші – алтын бесік» дейтін мақалдар ертедегі батырлардан бастап, Отан соғысы күндеріне дейін елді ерлікке шақырып, патриотизмге баулыған асыл сөздер болған. Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақтың сансыз ұлдары еліміздегі басқа да туысқан халықтардың өкілдерімен майданда асқан ерлік, қаһармандық көрсетіп, фашизмді күйретті. Қазақ мақалында «Ырыс алды – ынтымақ», «Бірлік болмай, тірлік болмас» сияқты толып жатқан мақалдардың тәрбиелік мәні зор.

Мақалда бала тәрбиесіне де үлкен мән берілген. «Баланы жастан», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің», «Қызды асырай алмаған күң етеді, ұлды асырай алмаған құл етеді», «Сіз» деген сыпайылық, «сен» деген «анайылық» деген мақал-мәтелдердің мәнісі жас ұрпақты жақсылыққа баулу болмақ. Жастарға өнер-білім, тіл үйретуде мақал-мәтелдің мәні аса зор. Білім-өнер еңбектің бір түрі болса, аз сөйлеп, көп тыңдаған, көп оқып білімін байытқан бала ғана өмірден өз сыбағасын алмақ.

Мақал-мәтелдер қоғам өміріндегі әлеуметтік құбылыстарды, адам мінезін, табиғат пен тіршілік сырын, оның қайшылығын таныта отырып, адамға терең ғибрат берген. Мақал осындай құбылыстарға берілген баға, ойдың тобықтай түйіні ғана емес, өзінше бір ереже.

Ұл мен қыз, жалпы мінезі қандай болуға тиіс дегенге де халық мақалы бұлжымас нұсқау береді. «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Жақсы адам – ел ырысы», «Бір кісі мың кісіге олжа салар», «Ақ жүрген адам – азбас», «Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында», «Кісі болар баланың кісенінен белгілі, ат болатын құлынның мүшесінен белгілі», «Тау тауға қосылмас, адам адамға қосылады», «Әдептілік – адамдық белгісі, тұрпайы мінез – надандықтың белгісі» деп келетін мақалдардың тәрбиелік-этикалық мән-мағынасы әлі күнге өз күшінде.

Халқымыздың мақал-мәтелдерінің шешендігін лингвист В.В. Радлов былай бағалаған: «Қазақ ақындарының қабілетінің зор екеніне барған сайын көзім жете түсуде, қалай әсем сөйлейді. Айтқысы келгеннің бәрін тез түсіндіреді, қарсыласының да сөзіне шебер тойтарыс бере біледі, балаларының ақыл-ой, есі де тез жетіледі. Ойын дәл ұғындыра алады» [3, 64].

Халқымыздың мақал-мәтелдерінен оның ғасырлар бойы қалыптасқан даналығы көрінеді. Осындай қасиеттеріне қарай мақал-мәтелдерді тәрбие және оқу үрдісінде орынды пайдалану, еліміздің тарихын, тілін жетік білуде үлкен рөл атқарады.

Қазақ энциклопедиясында мақал-мәтелдерге төмендегідей анықтама берілген: «Мақал-мәтелдер – қазақ ауыз әдебиетінің ежелгі жанрларының бірі. Мазмұны халықтың тұрмысын, кәсібін, салтын, санасын бейнелейді, табиғат, қоғам, адам жайындағы ұғымдарын, сенімдерін түйіндеп көрсетеді. Дидактикалық шағын жанрлардың аз сөзбен көп мағына беретін ең қысқа және көркем түрі» [1, 14].

Мақал-мәтелдер құрылысы жағынан ықшам, әрі көркем, мағынасы жағынан терең ой, кең мазмұнды қамтитын, асқан шеберлікпен жасалған сөз өрнегі. Халқымыздың ерте заманнан бері

тырнақтап жиып, сақтап, атадан балаға мұра ретінде қалдырып келе жатқан асыл қазынасының бірі - мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдердің ауыз әдебиетіне жататын жанрлардан өзгешелігі, көне заманның мұрасы ретінде кітапханаларда, мұрағаттарда сақталып жатпай, оның өмір талабына сай жаңарып, толығып отыратындығында және күнделікті өмірге икемділігінде. Мақал-мәтелдер қай кезде болмасын халықты жақсылыққа, адамгершілікке, кішіпейілділікке, өнер-білімге уағыздайды. Бұдан, біз мақал-мәтелдердің тәрбиелік маңызы зор екендігін байқаймыз. Сонымен қатар, мақал-мәтелдер – тіліміздің лексикалық қорын байытуға әсерін тигізеді. Жазба әдеби тілінің көркейіп өсуіне ауыз әдебиеті негізгі тірек болады [5, 28].

Мақал-мәтелдер фольклор жанрының бір түрі. Осыған байланысты мақал-мәтелдер, біріншіден, халық ауыз әдебиетінің ерекшеліктерін бойына сақтаса, екіншіден, қазіргі жазба әдебиетіне өзінің халық тілінде жасалған формасын ешбір өзгертпей еніп отыр.

Жоғарыдағы мысалдардан мақал-мәтелдердің бірнеше түрлі болатынын және жасалу әдістері де алуан түрлі болып келетінін аңғарамыз. Бірақ, бұлардың барлығына тән қасиет - өмір құбылыстарының мәнін, сыр-сипатын ашып, қорытынды жасауға бейімділігі. Мақал-мәтелдерді шығарушы, әрі таратушы – халық. Мақал-мәтелдер халықтың рухани бай өмірінен, ой-қиялынан, ақылынан туады. Халық – мақал-мәтелдерді өте жоғары бағалайды. Бұған дәлел ретінде: «Сөздің көркі – мақал», «Мақал – сөздің атасы» деген мақал-мәтелдерді мысалға келтіруге болады.

Мақал-мәтелдердің табиғатының күрделілігі, оның көнелігі мен қолдану аясының кеңдігінде. Белгілі бір жағдайға, тақырыпқа байланысты шебер айтылған ұтымды, тиісті нақыл сөздер ауыздан-ауызға көшіп, ел арасына анау айтқандай, мынау айтқандай деп шешеннің есімімен қосарлана жүрген еді. Ал, кейін шығарушының есімі ұмытылып, ұтымды, орынды қолданылған сөздер халық сынынан өтіп, өңделіп, мақал-мәтелдерге айналып кеткен [5,76].

Қазақ фольклорының көне жанрларының бірі мақал-мәтелдер ата-бабаларымыздың өткен өмірінен мол мағлұмат беретін мұралардың қатарына жатады. Өйткені, халық сан ғасырлық тәжірибеден көрген-түйгендерін қорыта келіп, ұрпақтарына «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» ұсынады. Адамзаттың өскелең өміріндегі қажеттіліктерді екшелеп, ел жадында өшпестей қашалады. Бейнелі кестелермен өрілген мақал-мәтелдерде халықтың наным-сенімі, әлеуметтік құрылысы, өмірлік қағидасы, дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі жан-жақты көрініс табады.

Қорыта айтқанда, мақал-мәтелдер жанры бұрынғы мақал-мәтелдердің жақсы да қадірлі қасиеттерін және өздеріне тән ерекшеліктерін бойына сақтай отырып дамып келеді. Фольклор жанры ішінде халық арасына ең көп тараған және ұзақ өмір сүретіні де осы мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдер бір дәуірдің жемісі ғана емес, олар халықтың тарихымен тығыз байланыста. Мақал-мәтелдер – халықтың ғасырлар бойы атадан балаға мұра ретінде қалдырып келе жатқан асыл қазынасы.

1. Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы: Ғылым, 1976. – 187б. – 21б.
2. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. Алматы: Білім, 2009. – 272б. – 15б.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы: Ғылым 1987 – 368б. – 6б.
4. Әлімбаев М. Өрнекті сөз - ортақ қазына. Алматы: Жазушы, 1967. – 185б. – 36б.
5. Әлімбаев М. Халық – ғажап тәлімгер. Алматы: Жазушы, 2001. – 212б. – 76б.

Резюме

Б.С. Сарбасов. Пословицы-поговорки – средства воспитания

Жанры фольклора с древних времен широко распространенные и существующие до наших дней это пословицы и поговорки. Пословицы и поговорки плод не только одной эпохи, они выражают истину, проверенной многовековой историей народа. Пословицы и поговорки – это бесценное достояние нашего народа, которая осталась от наших предков, в которых накоплен опыт многих поколений.

В этом направлений по этому поводу академик Кажым Жумалиев свое мнение выразил так: «Пословицы и поговорки не только искусство слова народа, в них заключен итоги и философии и науки они являются средствами воспитания».

Пословицы и поговорки начиная с древней практикой нашего народа, продолжают служит качечтве средств познания жизни и существуют, устойчевое в виде кратких, устойчивых и образных речевых изречении.

Язык пословиц и поговорок очень простой, он художественен, состав словаря богат. Состав предложений этого жанра прост обладает, впечатляющим. В народе ценится не только строй и выражение красивых, литературных слов. Но и их четкое и уместное употребление.

Ключевые слова: учебник народа, конкретный смысл, речевых изречении, жанр фольклора.

Summary

B.S. Sarbasov. Proverbs, sayings – means of eduction

In the genre of folklore among the people is highly prevalent and reached BC - proverb, sayings. Proverbs – sayings are offspring of not only one epoch, they express the truth, proven long history of the people. Proverbs, sayings - a priceless heritage of our people, which remained from our ancestors, the experience of many generations.

In this direction Kazhym Zhumaliev says: Proverbs, sayings are not only the art of words of the people, and it is a philosophy, it is science, and it is a means of education.

Proverbs sayings from the ancient practice of our people continue from the recognition of life and represent itself a short, stable in speech figurative saying.

Language proverbs and sayings are very simple, it's art, the composition is rich in vocabulary. Composition offers simple, impressive. The people appreciated not only structure and expression of the beautiful, literary words. But also a clear and relevant use.

Keywords: textbook of nation, specific meaning, speech utlerance, genre of follclore.

ӘОЖ 122

БАЛАЛАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ БАСТЫ ТАҚЫРЫПТАРЫ

Г. Сатыбалдиева – *Абай ат. ҚазҰПУ, 2 курс магистранты*

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ балалар әдебиетіндегі негізгі тақырыптар жайында сөз болады. Коммунистік идеологияның қысымы салдарынан ұлтымыздың әдеби дамуындағы ұлттық көзқарас пен ұлттық ой, сипат қалтарыста қалып, тиісті деңгейде сөз етілмей келді. Бұл қазақ балалар әдебиетіне де айтарлықтай әсер етті, көркем дүниелерді негізінен идеологияның көзқарасымен бағалау мәжбүрлігі орын алды. Мұндай біржақты пайымдаулардың салдарынан қазақ балалар әдебиетіндегі ауыз әдебиеті мен фольклорымыз рухындағы көркемдік ізденістер, ұлттық сипатпен жаңаша даму жолындағы қадамдар ескеріле бермегені де рас. Бұрынғы көзқарастар мен ғылыми пайымдаулардың орнын жаңаша ғылыми көзқарастар басып, жалпы рухани әлемімізді ұлттық сипат пен жаңаша мақсат тұрғысынан байыптау уақыт сұранысынан туындап отыр. Осы ретте мақалада бүгінгі қазақ әдебиетіндегі соны тақырыптар мен ізденістер, көркемдік дәстүрлер мен сан алуан жанрлық ерекшеліктер қарастырылады.

Түйін сөздер: балалар әдебиеті, көркемдік ізденістер, ұлттық сипат, уақыт сұранысы.

Балалар әдебиеті – балалар өмірінің энциклопедиясы. Басты мақсаты – балалардың рухани мәдениетін дамытып, туған елі мен жерін сүюге, ата-анасын сыйлау, үлкенге құрмет көрсету мен имандылыққа тәрбиелеуге үйретеді.

Әлемдегі қай елде болмасын балалар әдебиетіне, балалар ақын-жазушыларына деген көзқарас пен құрмет ерекше. Өйткені, балаларға арнап қызықты шығармалар жазу екінің бірінің еншісіне тие бермейді. Балаларға арналған өлеңдер барлық жырдың нәрі, барлық жырдың басы. Өйткені, ол бала бойына ана сүтімен таралатын «Бесік жырынан» бастау алады. Осы орайда балалар әдебиетін зерттеуші Қ.Ерғөбектің: «Поэзия – қазақ халқы үшін бесіктегі баласынан данасына дейін эстетикалық ләззат, тәрбие берген, тіршіліғіне араласқан, әлденеше міндетті бір өзі атқарған жанр. Кішкентай бөбек қабылдауы сезім арқылы өтеді екен. Ал, поэзия оқушысына сезім арқылы әсер етеді. Демек, бұл арада өлең мен бүлдіршін қабылдауы аралығында сәйкестік бар. Бала өлеңге әуес, өлең бала қабылдауына оңтайлы. Бірақ, өлеңнің де өлеңі бар. Әр алуан табиғатты поэзия бар. Үлкендер поэзиясын кішкентайларға таңа алмайсың. Бөбектер поэзиясының, оқушысына орай, өз сатылары, сатыларына сай сан алуан талабы бар», [1] – деген пікірі осыған дәлел.

ХХ ғасырдың 50-жылдарына дейін балалар әдебиеті деген ұғым Ө.Тұрманжанов, С.Беғалин, М.Әлімбаев есімдерімен байланысты болды. Ал 50-жылдардан кейін балалар әдебиетіне Ж.Смақов, Ә.Дүйсенбиев, Қ.Мырзалиев, Қ.Баянбаев, Ж.Кәрбозин, М.Жаманбалинов келді. 60-жылдары

Е.Өтетілеуов, Ж.Әбдірашев, А.Сопыбеков, С.Қалиев, Қ.Жұмағалиев, Е.Елубаевтар көрінді. Бұл есімдер қатарын 70-жылдары Е.Ерботин, Н.Айтов, А.Сәрсеков, С.Оспановтар молайтты. 80-жылдардан бері балалар поэзиясында Байбота Серікбаев, Көмек Ыбыраев, Өтепберген Ақыпбеков сияқты ақындар еңбек етті.

60-70-жылдары қазақ балалар поэзиясында бала характерін ашатын әдеби әдіс-тәсілдер молайды. Бұл кезде жалаң үгіт, насихат тежеліп, бала характері алдыңғы орынға шықты. Бұл табыс бірқатар дарынды ақындардың бірыңғай балалар әдебиетіне маманданyынан, бала жанын тереңдеп, шындап зерттеуінен туған болатын. Ә.Тәжібаев, Қ.Бекхожин, С.Мәуленов, Ж.Молдағалиев, Ғ.Қайырбеков, Т.Молдағалиевтер балалар поэзиясын өркендетуге атсалысты. 60-70-жылдар аралығында анаграмма, шарадалардан бастап, лирикалық, сатиралық, фантастикалық поэма, ертегі, ертегі-поэма үлгілері пайда болды.

Өткен ғасырдың 90-жылдарына дейін ақындар балалар әдебиетіндегі тұрақты тақырыптар:ауыл, оқушы мен мектеп, бейбітшілік, ақ көгершін, балалардың ерліктері туралы болды. Кеңес одағы балаларының үлгі тұтары – Қазан төңкерісі кезінде қызылдардың мүддесі үшін атасы мен әкесіне өзі жау болып, дұшпандарына ұстап берген П.Морозов сияқты пионерлер еді. Бұлар жайында ғалымдарымыз «Кеңес дәуірінде қойылған қатаң талаптарға сай жазылған балалар шығармалары, ең алдымен, интернационализмді, патриотизмді, қоғамдық еңбекті, мемлекеттік билікті мақтауға тиісті болатын. Әрине, бұл саяси мәжбүрлік кей жазушыларда өлшеулі түрде шамалап байқалса, кейбіреулерінде басымырақ суреттелген» [2], – деп жазады.

Сол уақыттағы балалар өлеңдерінен көбінесе ұран тастауды, жар салуды көреміз. Балаларға арналған өлеңдерінде ақындар астарлы ой мен адамгершілік нақыштарымен партиялық идеологияны бүркемелеп көрсеткен. Кеңес кезінде балалар поэзиясы негізгі үш тақырыпта жырланды. XX-ғасырдың 50-жылдарында пионерлік ерліктер жырланды. Ал 60-80 жылдары коммунистік тақырыпқа сай өлеңдер пайда болды. Ал үшіншісі – Ленин тақырыбына арналған поэзия болды. Міне, осы үш тақырыпты жырлау қазақ балалар лирикасын ұлттық тамырынан алыстатты деп тұжырым жасау ұлттық кейіпкердің тарихи-әлеуметтік жағдайын ашады [3].

Өткен ғасырдың 90-жылдарынан кейін балалар поэзиясындағы негізгі тақырыптар туған жер, тіл; отбасы; өнер-білім; достық; табиғат, жыл мезгілдері аясында болды.

Жыл мезгілдері – балалар поэзиясында бұрыннан келе жатқан орнықты тақырып. Көктемде ағаштар бүр жарып, Жер-Ананың құлпыратыны, жаздағы жарқыраған тіршілік көрінісі, қыста қар жауып, бар дүние ақ мамыққа оранатыны, күзде жапырақтар сарғайып, ағаштардың қурайтыны сияқты құбылыстардың шынайы суреттелуінен бала әсер алып, айналасындағы дүниені сезінеді, көз алдына елестетеді.

Балаларға арналған патриоттық поэзия халқымыздың ел болу, ел қорғау жолындағы ерлік дәстүрін, күрес-тартыстарын арқау еткен туындылардан тұрады. Ел қорғау, елдік тұтастықты сақтау, ел амандығы жолындағы ерлік тақырыбы – ұлттық әдебиетімізде халқымыздың күрес-тартыстарға толы тарихымен етене тұтастықта қалыптасқан дәстүрлі тақырып. Ерлік, елжандылық тақырыбын түрлі жастағы балалардың түсінік-біліміне лайықтай, бейнелі де әсерлі жырлаудың сәтті үлгілері ретінде Ә.Тәжібаевтың “Толағай”, Ә.Ахметовтің “Халықбек” ертегілерін, М.Хакімжанованың “Мәншүк”, Ә.Сәрсенбаевтың “Ұлым туралы ой”, “Намыс ұлы”, Қ.Аманжоловтың”Ақын өлімі туралы аңыз” поэмаларын, Ө.Тұрманжановтың “Батыр ата”, “Атаң қаны – қып-қызыл қызғалдақтар”, Ә.Сәрсенбаевтың “Сен құрметте оны”, Д.Әбілевтің “Қазақ қызы”, Ғ.Ормановтың “Аманкелді атамыз”, Қ.Бекхожиннің “Жиырма сегіз”, “Жігіт”, Ж.Өмірбековтің “Нүркен батыр”, М.Әлімбаевтың “Мәншүк апай”, М.Жаманбалиновтың “Батыр”, І.Мәмбетовтің “Менің көршім”, Ә.Дүйсенбиевтің “Балдақты адам”, “Еске сақта”, “Ер Төлеген”, “Жеңіс туы”, Ж.Смақовтың “Ғани ата”, Т.Молдағалиевтің “Дубосеково разъезінде”, “Бауыржан батыр”, “Партизан”, Қ.Баянбайдың “Белгісіз жауынгер”, Е.Өтетілеуұлының “Тоқтар – тұңғыш ғарышкер”, Ж.Әбдірашевтің “Махамбет” т.б. өлеңдер мен тақпақтарды атауға болады. Балаларға арналған қаһармандық поэзияның басты ерекшелігі тақырып пен көркемдік мазмұны бала болмысына, жасына сәйкес жазылуымен байланысты.

Балалар поэзиясындағы өнер-білім тақырыбы дегенде, баланы өнер мен білімге жақындастыруды көздейтін туындылардың барлығы да назарға алынатынын ескерген абзал. Себебі бұл тақырыптағы туындылар өнер саласына, білім саласына қатысты үлкенді-кішілі мәселелерді арқау еткен, мектеп

өмірімен, өнер дүниесімен сабақтасып жатқан тақпақтар мен өлеңдерден құралады. Мәселен, Ж.Смақовтың "Портфель", "Қоңырау", "Кішкене "Әлінпе", Ж.Кәрбозиннің "Сурет сала білемін", "Ісмерлік", "Жасаймын шана", Т.Молдағалиевтің "Мектебім", "Келдім мен де мектепке", "Сәлем, саған мектебім!", М.Жаманбалиновтың "Баға", "Сурет", "Ақын бала", "Бұл қандай әрінтер?", Ә.Дүйсенбиевтің "Мектеп − Ана", "Ақылшым − мұғалім", "Әліппе", Қ.Баянбайдың "Қиын есеп", "Менің апам мұғалім", "Мектеп", т.б. да балалар ақындарының өлең-жырларынан өнер-білім туралы әр түрлі тақырыптар ашылған.

Қоғам өзгерген сайын тақырыптар мен бағыттардың өзгеретінен айта келіп Л.Қоныс былай деп ой түйеді: «Тәуелсіздік кезеңінде дамып, жетіліп келе жатқан бүгінгі қазақ балалар лирикасының бір сипаты – діни сарындағы жырлармен толығуы – бұл кезеңдегі әдебиетіміздің өзгеше бір даму сатысын көрсетеді және мұны жаңалық негізінде қарастырамыз».

Соңғы жылдары қазақ балалар поэзиясының көрнекті өкілдері Өтепберген Ақыпбекұлы мен Ермек Өтетілеуов өз шығармаларының көбін ислам дінінің шеңберінде жазды. Балаға тән қызықты тілімен, көркем суретімен шариғат заңдарын жеткізуге тырысқан екі автордың бұл дүниелері қазақ балалар әдебиетіндегі үлкен жаңалық. Ермек Өтетілеуовтың «Он сабақ – Санамақ» деп аталатын санамақтарында: «Бірінші сабақ – Отан», «Екінші сабақ – Достық», «Үшінші сабақ – Ұрпақ», «Төртінші сабақ – Уақыт», Бесінші сабақ – Дін», – деп, дін ұғымдарын кішкентай оқырмандарымызға түсінікті етін жеткізеді. Ө.Ақыпбекұлының діни сипатта жазылған – «Мұсылман болдым мен енді...», «Көрімдік», «Сүндет той», «Сенім», «Мұсылмандықтың алғы шарты», «Құбылам – Қағба киелі», «Құран», «Намаз», «Азан», «Нанымым – бір Алла», «Рамазан айы», «Ораза», «Сәресі», «Ауызашар», «Пітір-садақа», «Құрбан айт», «Зәмзам суы» дейтін өлеңдерін ерекше атауға болады. Бұл қатарда ақынның «Тозақ оты». «Пайғамбардың жолдасы» дейтін ертегі, балладалары да бар.

Балалар поэзиясы – тәрбие құралы екенін ескерсек, қоршаған ортаның баланы үлкен қиял әлеміне, асқар-асқар асуына, тазалық, сұлулық секілді қасиеттерге жетелеу мақсатында жырлануы тәрбие берудің бір жолы. Шындықты қарапайым күйінде нанымды және түсінікті бейнелеп жеткізу, сол арқылы бала сезіміне әсер ету – балалар поэзиясына қойылатын негізгі талап.

1. Қ.Ергөбек. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1994.

2. Ақыш Б. Балалар прозасындағы жеткіншектер бейнесінің жасалуы (рухани әлем және адамгершілік мұрат): ф.ғ.к. ... дис.: 10.01.02. – Алматы, 2006.

3. Қоныс Л.Б. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ балалар лирикасы (1991-2005): ф.ғ.к. ... автореферат. – Алматы, 2010.

4. А.Әлтай. Қазақ балалар поэзиясы. – Астана: «Фолиант», 2009.

Резюме

Г. Сатыбалдиева. Главные темы детской поэзии

В статье рассматриваются главные темы, которые затрагивает казахская детская литература. Национальные взгляды и национальные идеи, которые сформировались в процессе развития литературы, в течения долгих лет оставались без внимания и недостаточно исследованы из-за негативных последствии советской идеологии. Эта отрицательная тенденция повлияла и на казахскую детскую литературу, в результате такого воздействия имела место принудительная оценка художественных произведении в основном с позиции господствующей идеологической системы. Впоследствии таких односторонних осмыслении не учитывались художественные искания в казахской детской литературе, которые осуществлялись в духе устной литературы и фольклора нашего народа, игнорировались творческие попытки, которые были направлены к созданию произведении, имеющих национальные особенности, способствующих развитию новых прогрессивных направлении в литературе. В данной статье определены различии между темами, идеями современной казахской литературы и темами, идеями прошлых эпох, фиксированы новаторские особенности в сравнительном отношении, определены своеобразные особенности современных идей, тем.

Ключевые слова: детская литература, художественные поиски, национальный характер, спрос времени.

Summary

G. Satybaldiyeva. The main themes of children's poetry

The article deals with the main topics related to Kazakh children's literature. The national attitudes and national ideas that emerged in the course of development of literature, for many years have been neglected and under-explored because of negative consequences of Soviet ideology. This negative trend has also affected Kazakh children's literature, and as a result of such impact the forced evaluation of artistic works took place, mainly in terms of dominant ideological system. Due to such unilateral understanding the artistic quests in Kazakh children's literature, which were done in the spirit of oral literature and folklore of our people have not been considered, creative attempts that were aimed at creating the works which have national characteristics contributing to the development of new progressive directions in literature have been ignored. This article defines the differences between the themes and ideas of modern Kazakh literature and themes and ideas of the past eras, innovative features have been fixed in comparative aspects, and unique features of modern ideas and themes have been identified.

Key words: children's literature, art searches, the national character, the demand of time.

ӘОЖ 821

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ЛИРИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Г. Сатыбалдиева – *Абай ат. ҚазҰПУ, 2 курс магистранты*

Аңдатпа. Балалар поэзиясы тек көркем шығарма емес, сондай-ақ ол үлкен идеологиялық және тәрбие құралы. Осыған орай қазіргі қазақ балалар поэзиясындағы баланың қоғамдағы орнының көріністері сияқты күрделі де өзекті мәселе туындайды. Тәуелсіздік алғаннан бергі балалар әдебиетіндегі негізгі тақырып – келешек ұрпаққа тәуелсіздіктің нәтижесі ретінде ұлттық құндылықтарды насихаттау болып табылады. Бұл туындыларда кеңес кезеңіндегі белсенді лирикалық кейіпкер жоқтың қасы, себебі олардың сана-сезімі ұлттық тәрбиеге емес, биліктің ықпалына бағынған. Қазіргі заманғы көркем әлемнің жаңа кейіпкеріне көңіл аударсақ, онда ұлттық ерекшеліктер басым көрінеді, сондықтан біз бұрынғы әдебиетке қарағанда қазіргі қазақ балалар әдебиетінде жаңалықтар мен жандануды сезінеміз. Міне, осындай ерекшеліктер – бүгінгі балалар лирикасындағы ізденістер жаңа көркемдік әлемінің айқын айғақтары. Бұл мақалада қоғам мен уақыттың зәру болған тақырыбы қарастырылған.

Түйін сөздер: Тәуелсіздік, балалар поэзиясы, ұлттық құндылықтар, көркем әлем.

Балалар поэзиясындағы көркемдік әлем − көркемдік-эстетикалық талаптар тұрғысынан иғерілген және баланың таным аясы мен білім деңгейіне сәйкестендіріле шығармашылықпен өңделін, жаңаша бейне иеленген баланың өзі, оның жан-дүниесіндегі сан қилы құбылыстар, санасы мен сезіміндегі түрлі өзгерістер, оның идеалы, арман-мұраты, бала жанарына іліккен әлеуметтік өмір мен қоршаған табиғаттың алуан қырлары. Ол әлемнің тіршілік ортасы − өзара біріге келін, біртұтас балалар поэзиясын құрайтын жеке-жеке шығармалар. Осы тұрғыдан келген жағдайда, балаларға арналған поэзиялық шығармалардың әрқайсысы өнер туындысы болып табылатынын айқын көреміз. Демек, поэзиялық туынды мазмұнын құрайтын көркемдік әлем бала оқырманның өлеңнен ұмытылмас әсер алуына, сол әсер негізінде айналасына жаңаша көзқараспен қарауына, айнала дүниемен жаңаша қарым-қатынас жасауына жол салуы қажет. Балаларға арналған әрбір туындыда жасалған үлкенді-кішілі көркемдік әлем баланың жанына жақын, ұғым-түсінігіне лайық, әсерлендіру қуаты мол болған жағдайда ғана, бала көңілінде жатталып қалады, балалық қиялын қанаттандыра алады. Басқаша айтқанда, балаларға арналған поэзиялық туынды өз оқырманының көңіліндегісін қапысыз тауып, дәл жеткізуі шарт. Ол үшін балалар поэзиясында жасалатын көркемдік әлем баланың өз болмысынан бастау алуы, бала түсінігіне лайық болуы қажет. Балаларға арналған поэзиялық туындыда сыртқы пішін − тілдік қолданыс, ішкі пішін − көркемдік шындық және мазмұн − бала болмысы өзара ұштаса көрініс табуы қажет. Ең бастысы − балаларға арналған поэзиялық туындының қай-қайсы да өз оқырманына жалпылама түрде (кез-келген жастағы бала) емес, нақтылай (белгілі бір жастағы бала) бағытталуы шарт. Себебі бөбек үшін қызықты дүние сәби үшін қызықсыз болуы, балдырған үшін

тартымды дүние жеткіншек үшін мүлдем қажетсіз болуы ықтимал. Оның сыры бала жасының өсуіне байланысты оның ой-санасында болып жататын психикалық құбылыстарға байланысты.

Қазақ балалар лирикасы – қазақ әдебиетінің кенже дамыған саласы болғанымен, руханиятымызды көркемдік кеңістігін байытуымен қатар, тәрбиелік-тағылымдық жағын да толықтырып отырған әдебиет әлемінің үлкен бір қанаты. Қазақ балалар лирикасын көп жанрлы, көп сипатты кең арнаға балауымыз – әдеби әлем мен педагогикалық тәрбиенің ұштасуы, бала танымына қуатты әсер ете алатын үлкен идеологиялық құрал ретіндегі мән-маңызына байланысты. Осындай күрделі мәселелердің сабақтастығы нәтижесінде бұл сала қоғамдық-тарихи-рухани құбылыс есебінде тарихи-қоғамдық ықпалға орай әр қилы дамып келді. Қазақ балалар лирикасының тарихы әдебиетіміздің кеш дамыса да, кеңге қанат жайған сала екенін әйгілейді. Балалар поэзиясының бастауы іспетті XIX және XX ғасыр басындағы ағартушы-демократ қаламгерлеріміздің шығармашылығындағы қоғамдық ой-пікір ұлттық сипат негізінде бой көрсетсе, кеңес одағы тұсында айтарлықтай алға қадам жасап, кеңестік идеологияның мәнді құралы болды. Ал, еліміз тәуелсіздік алған кезеңнен бастап, ұлттық таным мен ұлттық пайым, діни сипаттар көкжиегінен көрінген қазақ балалар лирикасы тағы да жаңару мен жаңғыру үдерісін бастан кешті. Әйткенмен де, осынау үш кезеңде қазақ балалар лирикасының жалпы көркемдік әлеміне қарап, балалар поэзиясы қай уақытта да халық ауыз әдебиетінің тәжірибесін пайдалана дамығанын көреміз. Жаңа эстетикалық, адамгершілік мұраттарды нысанаға алған тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ балалар лирикасы осы дәстүрлі дамудың жолын жалғастырып келе жатқан өзіндік көркемдік әлемі.

Балалар әдебиетінің ендігі басты мұраты – тәуелсіздік алып келген ұлттық құндылықтарды өскелең ұрпаққа насихаттау болып табылады.

Кеңес заманының белсенді, ақылы мен ойы ұлттық тәрбиеге емес, биліктің ықпалына бағынған лирикалық кейіпкері бұл туындыларда жоқ, бүгінгі көркемдік әлемдегі ұлттық ерекшеліктері мол кейіпкерлерге назар аударсақ, өткен әдебиетімізге қарағанда бүгінгі қазақ балалар әдебиетінің қаншалықты жаңара, жандана түскенін аңғарамыз.

Тәуелсіздік жылдарында қазақ поэзиясында жасындай жарқ етіп, жұлдыздай сөнген жас талантты ақындардың бірі – Н.Мәукенұлы еді. оның балаларға арнап жазған өлеңдері кезең қаламгерлерінен ерекшелігі бар тың дүниелер. Мысалы, «Түнгі жаңбыр» өлеңінде:

Жауады жаңбыр түнде,
Сөйлейді тамшы кімге?
Гүрілдеп тұрған піл ме?
Сыбырлап тұрған гүл ме?

Бас-аяғы бір-ақ шумақ өлең жолдарына ақын қаншама суретті сыйдыра білген. Тамшының тырсылы – оның сөйлегені, пілдің гүрілдегені – бәлкім найзағай атқан күннің күркірі болар? түнгі жаңбыр кезіндегі дала дыбыстарын бала түсінігіне лайық әрі нәзік дүние иесі гүлдің сыбырлауы мен тамшының тіл қатуы етіп, суретті бейнеде бере білуі ақын ойының ұшқырлығы мен жырларының көркемдігін білдіреді. Жаңбыр астындағы гүлге деген жанашырлық, тамшының сөйлегеніне таңырқаулық жас оқырманның қиялын ұштап, көз алдына елестету, салыстырып көру секілді танымдық деңгейін көтеру мақсатында қолданылған әдіс.

Ғасырлар бойы ата-бабамыз армандаған азаттық таңы өткен ғасырдың соңына қарай атып, шуағын барша әлемге шашты. Бүгінгі таңда тәуелсіздігімізді алып, көшімізді түзей бастағанда қазақ балалар поэзиясы да жаңа тақырыптарды жырлай бастады. Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі, тәуелсіздік идеяларынан бастау алатын Отан, туған жер ұғымдары, Астана туралы жырлар, бүгінгі күн батырлары – Т.Әубәкіров, Т.Мұсабаевтар және спорт саңлақтарымыздың бейнесі, тәуелсіздікпен бірге келген құндылықтарымыз – қазақ тарихындағы батырларымыз, хандарымыз бен билеріміз, шешендеріміз секілді тұлғаларымыздың әдеби тұрғыда қайта тіріліп жырға қосылуы және ислам дінінің қайта салтанат құруына байланысты пайда болған имани жырлар – әдебиетіміздің үлкен табысы.

Тәуелсіздік тақырыбына балалар ақыны Мұзафар Әлімбаев та қалам тартты. Ақын «Бірлік және сақтық жырында» өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленеді.

Түбірі тозған ағашты
Торғай да теуін құлатар.
Бірлігі тозған Алашты

Кез келген тармақ жылатар.
Бірлігіңді нықта: күн түгіл,
Айдың өзі де нұр атар.
Бірлігің нықта: қар түгіл,
Бетпақдалаң да гүл атар.

Бірлік бар жерде тірлік бар дейді дана халқымыз. Бір кездері елдіктен айрылып өзгеге бодан болган Алаш жұртын тек қана бірігуге шақырады.

Бүгінгі қазақ балалар лирикасындағы айтулы тақырыптар мен жаңалықтар: ұлтымыз бастан кешкен тарихи кезеңдер, ауыл, жайлау өмірі, гуманизм шарттары, ұлттық кейіпкер мәселесіне кері сипаттағы, болмысына жаһандану үдерістері әсер ете бастаган бала бейнесі. Міне, осындай ерекшеліктер – бүгінгі балалар лирикасындағы ізденістер жаңа көркемдік әлемінің айқын айгақтары.

1. Қоныс Л.Б. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ балалар лирикасы (1991-2005): ф.ғ.к. ... автореферат. – Алматы, 2010.

2. А.Әлтай. Қазақ балалар поэзиясы. – Астана: «Фолиант», 2009.

3. ХХ ғасыр әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының көркем шешімі. – Алматы: Арда, 2011.

Резюме

Г. Сатыбалдиева. Художественные особенности детской лирики эпохи Независимости

Детская поэзия не только художественная литература, но и большое идеологическое и воспитательное средство. В связи с этим возникает такая актуальная и основная проблема современной эпохи, какой является проблема показа в современной казахской детской поэзии места ребенка в обществе. Основным идеалом современной детской литературы, которая берет свое начало с момента приобретения независимости, является пропаганда национальных ценностей, которые являются результататами независимости, подрастающему поколению. В этих произведениях отсутствует активный лирический герой советской эпохи, у которого ум и мысли подчинялись не к национальному воспитанию, а к влияниям власти. Если мы обратим свои внимания к новому персонажу нынешнего художественного мира, в котором преобладают национальные особенности, тогда мы замечаем ощутимые обновления и оживления в современной казахской детской литературе в сравнении с литературой прошлого. Актуальность темы данной статьи обусловлена такими потребностями общества и времени.

Ключевые слова: Независимость, детская поэзия, национальные ценности, художественный мир.

Summary

G. Satybaldiyeva Artistic features of children's poetry era of independence

Children's poetry not only fiction but also of major ideological and educational facility. In this regard, there is a current and the main problem of the modern era, which is the problem of the modern Kazakh children's poetry of place of the child in society. The main ideal of modern children's literature, which originates since independence, is the promotion of national values, which are the rezul′tatatami of independence, to the younger generation. In these works, there is no active lyrical hero of the Soviet era, whose mind and thoughts were not for national education, and to the effects of power. If we turn our attention to the new character of the current art world, which is dominated by national realities, then we notice a significant renovation and revival in contemporary Kazakh children's literature in comparison with the literature of the past. The relevance of the topic of this article is due to the needs of society and times.

Key words: Independence, children's poetry, national values, artistic world.

ӘӨЖ 378.016.82-87

ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВТІҢ «СОҢҒЫ КӨШ» РОМАН-ДИЛОҒИЯСЫНЫҢ ТАРИХИЛЫҒЫ

Н.А. Спанқұлова – *Абай атындағы ҚазҰПУ, 2 курс магистранты*

Аңдатпа. Әдебиеттану ғылымының аса мән беретін мәселелерінің бірі – тарихи шығармалардағы тарихи шындық пен көркемдік шындықтың арақатынасын ашу. Көркем шығарманың тарихилығы өткенді, бүгінгіні, болашақты жалғастыратын жазушы танымының дәнекері ретінде көркем әдебиет дамуының дәстүрлі жолын шынайы шындықпен, нақты дерекпен көрсетуге негізделеді. Қабдеш Жұмаділовтің «Соңғы көш» роман-дилоғиясының негізгі ерекшелігі – тарихи дерек көздерінің дәлдігі мен оқиға орнының нақтылығы, көшпелі ұлттың мәдениеті дәстүрлі сипатымен, ұлттық бояуының қанықтығымен көрніс табуында. Мақалада Қ. Жұмаділовтің «Соңғы көш» романындағы, кейіпкерлердің басынан өткен жағдайлары мен баяндалған оқиғалардың тарихилығы қарастырылған.

Түйін сөздер: тарихи шындық, тарихилық, соңғы көш, дерек көздер.

Әдебиеттану ғылымында тарихи роман жанрына тән сипаттың бірі оның тарихилығы болып табылады. Ал тарихи романның поэтикалық ерекшеліғінің өзі осы тарихилық пен деректіліктің көркемдік тұтастығынан келін шығады.

«Тарихи шындық – өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармадағы көркемдік көрінісі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақтылы құбылыстар, болған уақиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады. Тарихтың, халық өмірінің шынайы болмысын елестету арқылы өткеннің сипаты танылады. Алайда, әдеби шығармадағы тарихи шындық – көркемдік бейнелеу тәсілімен берілетін өмір шындығы, яғни көркемдік шындық» [1]. Мұнда өмір шындығы мен тарихи тұлғалар көбінесе көркем қиялға бағынады, яғни ойдан шығарылған оқиғалар мен қиялдан туған кейіпкерлер қатар жүреді. Бірақ қалай болғанда да тарихи шындық бұрмаланбай, нанымды шығуға тиіс.

Халқымыз басынан кешкен қилы жол, тайғақ кешу, тас босатар өткелдердің трагедиялық оқиғалары, ел қамын жеген ойшыл даналар, жұртын сүйген жүректі батырлар образдары, әр дәуірде әлеуметтік күрес сахнасына шыққан хандардың, айыркөмей, жезтаңдай билердің, қилы-қилы көзқарас өкілдерінің бейнелері, халықтық бірлік, елдік ұйытқы, отансүйгіштік, патриотизм сарындары-осылардың бәрі жанды түрде тұтас келіп, Қабдеш Жұмаділовтің тарихи романдарының идеялық-эстетикалық сапасын, поэтикалық, жанрлық қасиеттерін құрап, олардың әдебиетіміздің төріндегі орнын белгілесе керек.

Ғаламдану белең алған заманда қазақ халқының тарихын, мәдениетін, өмір сүрген аймағының тұрмыс-тіршіліғін танып-білу – еліміздің тәуелсіздіғін баянды етудің маңызды шарттарының бірі болуға тиіс. Қ. Жұмаділовтің ұстанымы кеңес өкіметі тұсында да, қазірғі уақытта да өз халқының өзекті проблемасымен ұласып жатты. Бұл жолда ол ең алдымен халықтың ауыз әдебиетіндегі тозбайтын, ескірмейтін тағлымды түйіндерді ескерді. Бұдан кейін әлемдік әдебиеттер үлгісін меңгере отырып, өткен тарихты суреттеуде ұлы жазушы М. Әуезов тағылымын арқа тұтты.

Тарихи роман авторы әрбір кейіпкердің сипатына, мінез-құлқына, психологиясына тән типтік оқиғаларды оңтайлы талдап ала білуі шарт, яғни сол өзің ойлап тапқан шытырман оқиғаның миллионнан бірін екшелеп алудың өзі өзінше ауыр жұмыс екенін ескерсек, Қабдеш Жұмаділов кейіпкерлерінің көтерер жүгі де ауқымды.

Қ. Жұмаділовтің "Соңғы көш" роман-дилоғиясы – адамзат баласы жылап келіп, жылап кетіп жататын мына жарық дүниедегі қазақ деген халықтың бүкіл болмыс-бітімінің, кескін-келбетінің шежіресі. "Соңғы көш" – ғасырлар бойы аузынан "тәубасы" мен "қанағаты" түспеген, ешкімге ұқсамас төлтума мәдениет жасаған, мына жарық дүниеде барша жұртқа ғуманизм мен шынайы демократияның жарқын үлгісін көрсеткен, өмірге адамның қонақ екенін терең түйсінген, "қонып бір өтер сай үшін, арам өлер тай үшін" бет жыртыспауға үндеген, жаны жайсаң, жүрегі мәрт жұрттың шынайы тарихы [2].

«Соңғы көш» роман-дилоғиясының бірінші кітабы «Қарсаңда», «Қат-қабатта», «Сарыжайлау», «Ақпанда» деген төрт бөлімнен, екінші кітабы «Қара қақпа», «Киелі қан», «Кісен ашқан» деген үш

бөлімнен тұрады. Сырқы композицияның элементі ретінде қызмет атқарып тұрған бұл тақырыптардан суреттеліп отырған дәуірдің басты сипатынан хабардар еткендей болады. Жазушы Шығыс Түркістан ежелден ұйғыр, қазақ, қалмақ, дұнған секілді халықтардың ата-мекені, бұлар ешқандай қашып, ауып келген жоқ деген ойды айтады. Осы халықтардың тілінде қойылған қала, қыстақ, тау-тас, өзен-көл, жер-су аттары, ғасырлар бойы сақталып келе жатқан ата-баба бейіттері, тарихи құжаттар, көне ескерткіштер – мұның бәрі қашан болса да, кім үшін болса да бұлтартпас дәлелдер.

Роман басталғанда Қытай мемлекетіне қарайтын Тарбағатай аймағындағы қазақтың Найман елінің бір тармағы Төртуыл ішіндегі ру таласынан туған жұлыс-тартыстың үстінен түсеміз. Үлкен мақсатқа, ұлттық тұғырға әлі жетпеген жандардың берекесіз, мәнсіз тайталасы. Екі рулы елдің әңкі-тәңкісін шығарып, өртке от қойған болымсыз, бір кішкентай оқига. Бұл кезде бүкіл Қытайда дүние жүзілік мәні бар тарихи оқигалар жүріп жатқан.

«Соңғы көш» романының экспозициясының өзі көшпенділер өмірінің қанына сіңген дағдысынан басталады. «Шығар күнді төбе басында тұрып қарсы алып, батар күнді төбе басында тұрып ұзатып салу – сақарада мал өсіріп, көшіп-қонған халықтың қанына сіңген ғадет» екендігі авторлық баяндау арқылы ой елегінен өткеннен кейін жазғытұрым қыстаудан жылжып, осы қонысқа келгеннен бері бір айдай уақыт сүзекпен ауырып, төсек тартып жатып қалған Қанағат бидің күн еңкейе төбе басына көтерілген сәтінен басталады. Сай табанындағы «Қанағаттың қара шобыры» атанып кеткен көп қоңыр үйлі, мол ауылдың абыр-сабыр көрінісі мамыржай тіршіліктен белгі берсе, жаңадан қосылған бірнеше үй Қанағат көңіліне алаңдатушылық туғызады. Күндегі әдеттері бойынша кешкі малды жайлап болған соң, ауылдың үлкендері мен көшіп келіп жатқан Әкпардың қарамағындағы Төлеубай шешіреші шал да, ауылдың бетке ұстар Байжұма, Бахтиярдай жігіттері де дөң басына келе бастайды. Әңгіме барысында Қанағат би сол жердің ірі байлары Әкпар мен Нұғыманның тепкісіне шыдамаған малшы-жалшыларының бірнешеуі өз аулына келіп пана сұрап отырғандығын біледі. Романдағы Әкпар бай бейнесі – айналасына мазасыз, озбыр, небір оғаш қылықтар шығарып жүретін жайсыз адам. Тақауда ғана Төртуылдың екі табы – Жұмықтогас мен Қараменде яғни Әкпар мен Әбілғазыға қарасты елдің арасындағы үлкен бүлік ауырып жатқан биді де тыныш жатқызбай, қатты алаңдатқан еді.

Күн әлдеқашан батып, ымырт үйіріле бастаған кезде ауылға түсіп келе жатқан Әкпар бастатқан екі-үш салт аттыны көріп, бәрі орнынан тұрады. Әкпардың Қанағат аулына келу себебі Қанағаттың атасы Ысмайылға Сібеті өзенінен берілген осы тоғанның мөр басылған қағазын сұрай келіпті. Бірақ Қанағат би Төртуылдың түгеліне жетіп отырған атасынан қалған киелі мұраны таласқан иттердің талқысына сала алмайтындығын, қолмен істегенді мойынмен көтеру қажеттігін, қара күш пен барымтаның заманы келмеске кеткенін айтып, қағазды бермейді [3].

Жазушы шығармада жаугершілік қиын-қыстау заманда екі бірдей баласынан тірідей айырылған Қанағаттың атасы Ысмайылдың жан қиналысын, өмірден күдер үзгенім бе деп жүргенде ұлының дүниеге келген және жоғалған бір баласының табылған кездеріндегі бақытын, ұлт мүдесі үшін Сібеті өзенінен берілген тоғанның мөр басылған қағазына қол жеткізген қуанышын көркем, әсерлі етіп суреттеген.

Жаугершілік кезде талай қиын-қыстау шақтарды басынан кешірсе де мойымаған Ысмайыл екі бірдей баласының қайғысына шыдамай, аш күзендей бүгіліп, төсек тартып жатып қалған екен. Ел-жұрт жиналып, не бір ділмар шешендер тілдің майын тамызып, жалынса да жұбата алмайды. «Ата жауым менің жемісімді жеп, бұтағымды қырқып түсірді. Қу томардың енді кімге керегі бар?» деп, батыр жастықтан басын да көтермеген... Сонда жасы тоқсанға келген бір данышпан жұртты оңаша шақырып алып, мынадай ақыл айтқан екен. «Шын батырды дұшпанына кеткен кегі ғана сергітер болар. Бірнешеуің атқа мінін, түн ішінде: «Жау келіп қалды» деп, аттан салыңдар. Бәлем, сонда қалай атып тұрмас екен» - дейді қу мүйіз қария... Ақыры қарттын айтқаны орындалады. Бірнеше жігіт түн ішінде дабыл қағып: «Ойбай, жау шапты!» деп аттан салады. Сонда неше күннен бері нәр татпай, төсекте жатқан Ысмайыл орнынан атып тұрып, шашақты найзасын ала салып ұмтылған екен деседі.

Ай артынан ай, жыл артынан жылдар өтіп жатты. Ысмайыл «бұл дүниеден, шынымен-ақ, тұяқсыз өтем бе?» деп жүргенде Айтолқын жүкті болып, шекесі торсықтай тағы бір ұл табады. Ысмайыл ат шаптырып, той жасап: «Күдерімді үзгенде жанған шамшырағым гой» деп, жаңа туған нәрестенің атын Күдері қойган екен.

Бакыт кісіге бір қонбайды, бір қонса, өші бардай үсті-үстіне қонады. Күдері үш жаска келгенде, Ысмайыл тағы зор қуанышқа кенеледі. Күндердің күнінде алыстан ат арытып, ауылға бір жолаушы келеді. Бұл – Ысмайылдың ауылында көп жыл тұрып, кейін жауғершілік жылдары жоқ болып кеткен қалмақ кемиірі еді...

Ойда жоқта ғайыптан пайда болған кемиірді Ысмайыл бір жақсылық нышанындай қуана қарсы алды. Үйге кірін амандық-саулық сұрасқан соң-ақ, ол Ысмайылға қарап:

- Ішімде көптен тас түйін боп жатқан бір құпия сырым бар еді, өлін кетсем мойныма қарыз болмасын деп, сол сырымды айткалы келдім... Уа, батыр, сүйіншімді бер! Кайыңбайың тірі - дейді.

...Ысмайыл кемиірді бірнеше күн қонақ етін, сүйіншіге бір ат, бір түйе мінгізеді де, қасына жолдас ертіп, Дөрбілжін қаласына жүрін кетеді. Уаңға барып жолығады. Мәртебелі ұлық басында шапшып, маңайына жолатпайды. Бірақ жосылып жатқан ізге түсін, бұлтартпас дәлелмен келген Ысмайыл ұлықтың адымын аштырмай, сөзбен жеңіп, тығырыққа қамай береді.

- Біздің қазіргі қарап отырған ханымыз – сенсің. Хан өтірік айтпауға тиіс, тақсыр. Егер хан өтірік айтса, қара бұқара қайда барып күн көреді. Менің баламның сенің сарайыңда екеиінде титтей күмәнім жоқ, - дейді.

Уаңның амалы таусылып, ақыры мойындаған екен:

- Жарайды, сөзіне сендім. Қазақтың бір баласы менде екені рас. Ол қазір оқып, үлкен азамат болды. Бірақ, бір шартым бар. Біркелкі киінген қырық баланың ішінен өз баланды жазбай танып аласың. Тани алмасаң, жалған айтқаның үшін жазаға тартамын.

- Әміріне құлдық, - дейді Ысмайыл қуанып - Тек, менің де бір тілегім бар. Өзім қартайған адаммын. Жаза басуым мүмкін. Ауылда Қайынбайдың бірге туған әпкесі бар еді. Соны алдырайын, тануын сол танысын.

Уаң бұған да көнген. Арада екі күн өткенде Ысмайылдың адамдары қос атпен барып, үйден бойжеткен қыз Мөржанды алып келеді. Уаң уәде бойынша, үлкен залдын ішінде біркелкі киінген қырық оқушыны қаз-қатар тізін қояды да, сырттан Ысмайыл мен Мөржанды ертін кіреді. Сонда зерделі сұлу Мөржан көп баланың ішінен мүлт кетпей, қақ ортада тұрған Қайыңбайды аңырап барып бас-салған екен...

Баланың Ысмайылдікі екеніне Уаңнын титтей де күмәиі қалмайды.

- Дауым жоқ, бала сеиікі,- дейді уаң Ысмайылды оңаша шакырып алып. – Бұрын да сырттай атыңа қанық едім, баланды өзіне қайтарайын. Қазақ арасында Қайыңбай сияқты қытайша тіл білетін, оқыған адам өте қажет, ол жалғыз сенің балаң боп қалмас, бізге де көмектесер. Ал енді не тілегің бар? Балаға мен де бауыр басып қалып ем, оған қандай енші берейін? Мал аласың ба? Әлде алтын-күміс жағы тиімді ме? Өзің шеш...

Сонда Ысмайыл тұрып:

- Тақсыр, малыңның керегі жоқ. Сол малды өсірін жатқан – өзіміз. Алтын-күмістің де керегі жоқ, ол біздің жеріміздің кез-келген қуысынан табылады. Қазақта: «Алтын-күміс тас екен, арпа-бидай ас екен» деген мақал бар. Біздің де отырықшы ел боп, егін салғымыз келеді. Бірақ жер-судың бәрі сіздердің Халдайларыңыз бен Кеғендеріңіздің иелігінде. Егер мүмкін болса, Қайыңбайға енші етін, Сібеті өзенінен бір тоған су беріңіз. Және Арқарлы мен Үштөбенің кең жазығына егін салуға рұқсат етіңіз! - деген екен.

- Сен, шынында, ақылды қазақ екенсің, - дейді уаң Ысмайылға сүйсіне қарап. – Тілегің орындалады. Сібеті өзенінен өмір бойы алты құлақ су ішін тұруға қағаз жасап берейін. Оны жеке өзің пайдаланасың ба? Әлде қол астындағы елге бөлін бересің бе – өз ыктиярың... [3].

Автор шығармада Ысмайылдың жоғалған баласын тауып қана қоймай, жеке басының жағдайын ысырып тастап ұлты, ел-жұрты үшін бір тоған суға қағаз жасатып алып, өз халқын жаңа бір белеске көтерін, үзіліп қалған егіншілік кәсінтің қайта жанданғанын, жалпы адамзатқа тән рухани құндылықтардың эстетикалық жағынан мәнін ашып көрсеткен.

Көлемді дүние – «Соңғы күш» атты романды автордың ұзақ уақыт зерттеп, тексерін, сұрыптап алған материалдарының негізінде жазғандығы байқауға болады. Жазушы романға өзек етін алған өмір құбылыстарын сырттай бақылап, анық, жақсы білетін жағдайларды, бастан кешкен, көзбен көрін, қолмен ұстаған дүниелерді жазған. Шығармада қазақ әдебиетінде бұрын шет пұшпақтап қана айтылған қиын, әрі тың тақырып көтерілген. Мұнда Шығыс Түркістан аталатын аймақты мекендеген

қазақтардың тағдыры бейнеленеді. Автор арғы, көне замандар оқиғасын қозғамайды, шығарма өзегі – XX ғасырдың елуінші жылдарының шындығы.

Шығармадағы бас кейіпкердің ролін Естай (прототипі жазушының өзі) атқарғанымен, Естайдың әкесі Қанағат би, шешесі Балжан, атасы Күдері, ұстаздары алашшыл азаматтар Нұрбек, Тұрсын, Шәкендер мен атақты бай Жасыбай, қоғам қайраткері Жағыпар, халық батырлары Оспан мен Нартай, досы Жолбарыс, тіпті жасында атақты ұры болған Шаштығалидың өзі – алмағайып кезеңде уақыт тізгінін уыстарынан шығарып алмауға тырысқан, өскен орта тағдырын қолына ұстаған нақтылы болған адамдардың көркем ғалереясын құрайды. Тіпті романда Күдері би, Оспан батыр, Тұрсын мұғалім, Шәкен әнші аттары өзгертілмей сол қалпында алынса, басқа кейіпкерлердің прототиптері де – тарихта өзіндік орны бар тұлғалар. Жекелеген адамдарды былай қойғанда, Шыңжаң өлкесіндегі ең бір ауыр кезең шындығын ашатын оқиғалардың дені ең алдымен автордың өз басынан өтетіндіктен, кейіпкерлермен бірге автордың өз ойы да романда шешуші роль атқарады. Халық басына жаппай төнген «мәдениет төңкерісінің» күрделі сипаты Естай дүниетанымы арқылы көрінетіндіктен, ол шығарманың бас кейіпкері ретінде қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтардың барлығымен тікелей рухани байланысқа түседі. Ал романдағы жер-су, қала-қыстақ, тау мен даланың да еш өзгеріссіз қаз-қалпында алынуы шығарма болмысын тануға және жеке тұлғалардың тарихтағы орнын айқындауға өз септігін тигізген.

Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы – тарих. Тарихтың мақсаты – бүтін адам баласының өмірі нендей табиғат заңымен өзгеретінін білу... Тарихтың қызметі – бүтін адам баласының, яки бүтін бір жұрттың иә бір топтың өткен өмірін болған күйінде айнытпай айту» деп А. Байтұрсынов тарихтың «сымға тартқандай» мінсіз түзілуіне ерекше көңіл аударған еді [4].

«Соңғы көш» романына арқау болатын тіршілік көріністерін тарихи деректерден, мұрағат қазыналарынан, ғазет-журнал беттерінен, ескі көз, кәрі құлақ естеліктерінен алу бір арна болса, өзі басынан кешкен, көрген, жақсы білетін жайларды қағазға түсіру – екінші арна. Қ.Жұмаділов те өз ғұмырын халықтың өмірімен қатар бейнелеп, шындыққа лайық тарихи проңеспен, ел өмірімен тығыз байланыста алып, қаламгерлік өмірдің шындығын суреттеуге тырысқан. Реализмнің ежелден келе жатқан дәстүрі де осыны талап етеді.

1. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі /құрас. З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.

2. Қ. Жұмаділов шығармашылығы: тарихилық, деректілік және көркемдік шешім/ Зайкенова Р.З./ докторлық диссертация/ Алматы-2010

3. Жұмаділов Қ. Соңғы көш. Роман-дилогия.– Алматы: Жазушы, 1998.– 448 б.

4. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы /жауап. редак. А. Ісімақова. – Алматы, 2004. – 1-2 т. – 480 б.

Резюме

Н.А. Спанкулова. Историчность романа-дилогии К. Жумадилова «Последнее кочевье»

Один из важных вопросов в науке литературоведение, которому придается особое значение – это определение связи между исторической действительностью и художественной правдой в исторических произведениях. Историчность художественного произведения, являясь связующим звеном познания писателя и продолжающее прошлое, настоящее и будущее, основывается на представлении традиционных путей развития литературно-художественного произведения истинной правдой и конкретными фактами. Особенность романа дилогии «Последнее кочевье» писателя Кабдеша Жумадилова это – точность источников исторических фактов и реальность мест событии, традиционное описание с национальным колоритом культуры кочевого народа. В статье рассмотрена историчность изложенных произошедших событии с персонажами романа «Последнее кочевье» писателя Кабдеша Жумадилова.

Ключевые слова: историческая действительность, историчность, последнее кочевье, источники.

Summary

N.A. Spankulova. History of novel the “Songy kosh” written by Kabdesh Zhumadilov

One of the mostimportantquestions in the science literature study is the definition of relation between historical reality and artistic truth in historical compositions. The historical side of artistic composition being therelating link of writer's cognition and the continous past present and future are based on the presentation of traditional ways of development of literal artistic composition of the true reality and concrete facts. The article deals with the historical side of described and happened events by personages of the novel "Сонгы кош" by K.Jumadilov.

Key words: historical reality, the historicity, the last nomadic sources.

ӘОЖ 811.512.122'373

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДА АТ ҚОЮДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

К.Қ. Таженова – *Алматы қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы*

Аңдатпа. Мақалада осы дүние есігін ашқан адам атаулының барлығының есімі болатындығы, адамның аты ешбір себепсіз қойылмайтындығы, есімнің мәні болуы керектігіне тоқталады. Қазақ ұлтына тән сонау ғасырлардан қалыптасқан есім қоюға, әрбір адам өзінің атын айтқанда ұялмайтындай, мағынасын білуі қажеттігіне назар салады. Қазақ және түркі тілдеріндегі антропонимдердің барлығы дерлік ұлт болмысын білдірумен қатар, халықтың діни дүниетанымы мен ат қоюға байланысты түрлі наным-сенімдерінен, әдет-ғұрыптары және салт-дәстүрлерінен лингвомәдени ақпарат береді. Балаларға жарасымды да сұлу есім беруде ешбір шек болмаған. Есімдер тарихында ғасырлар бойы жаңару, ескіру, архаизмге айналу процесі болып отырады. Бұл заңды құбылыс. Қазіргі қазақ есімдері құрамы мен саны жағынан өте бай әрі көп. Есім қоры негізінен сырттан келген есімдермен (сөздермен) және қордағы бар есімдерді аффикстермен түрлендіру жолымен молайып, толығып отырады.

Түйін сөздер: антропонимика, жаңаша есім, адамның аты, тіл, этнос, ономастика.

Адамға ат қою мәселесіне назар аударуымыздың бір себебі, жаңа дәуірдің келуімен жаңаша есімдер пайда болып, қазіргі қазақтардың балаға ат қоюда таңдауы молайды. Балаларға бүгінгі жарық өмір, бақытты дәуір талабына сай жарасты да лайықты есім қою халық діттеп отырған мүдделі де маңызды мәселелерінің бірі болып саналады. Ата-ана дүниеге келген перзентке мағынасы айқын, әдемі де айшықты сұлу есім беруді қалайды, бірақ олар қай атты таңдауда, одан кейін оны жазуда қиналысқа ұшырап отырады. Бұл – өмірлік мәселе. Сондықтан адамдарға есім беру мәселесі барлық уақытта қоғамды толғантып келді, қазіргі кезде өзекті күйінде қалып отыр.

Психолог мамандар адамның аты оның өміріне тікелей әсер ететіндіктен мағыналы есім қойған жөн дейді. Сонымен қатар тарихта есімі қалған ұлы адамдардың атын балаға қоюға әуес болмауға кеңес береді. Балаға ұлы адамдардың есімін қою мамандардың айтуынша, психологиялық тұрғыдан алғанда белгілі бір жауапкершілікті жүктейді [1].

Қазақстанда ономастика, соның аясында антропонимика ғылымы айтарлықтай дамыды. Қазақ ономастикасы мен антропонимикасы туралы арнайы зерттеулер жүргізген И.Износков, Н. Катанов, А. Самойлович, Н. Бравин, И. Беляев, Н. Аристов, М. Тынышбаев, С. Аманжолов, Г. Қоңқашпаев, А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақов, В. Потапова, Е. Қойшыбаев, О. Сұлтаньяев, В. Махпиров, Г.Жәркешева, Д. Жүнісов, Е. Керімбаев, С. Қондыбай сияқты ғалым-зерттеушілердің еңбектері аталмыш тақырыпты жан-жақты талдап, саралай зерделеуімен назар аудартады. Атап айтқанда, қазақ ономастикасының лексикалық-семантикалық жүйесі, тіл мен этнос тарихына қатысы, аппелятивті лексика мен тарихи диалектологияның ономастикамен байланысы, сөз туындатушы және морфологиялық типтердің заңдылықтарын саралау, қазақ тілінің сөздік қорындағы ономастикондарды анықтау, ономастиканың тарихи-мәдени өмірмен, этнографиямен және географиямен байланысы сияқты біраз тақырыптарға қатысты байсалды зерттеу жұмыстары атқарылды. Мұндай ізденістер барысында қазақ ономастикасының аясындағы антропонимдерге (кісі есімдері), топонимдерге (географиялық объектілер атауы), теонимдерге (тәңірлік немесе киелі атаулар), зоонимдерге (жан-жануарлар атауы), астронимдерге (аспан денелерінің атауы), космонимдерге (космос кеңістігіне қатысты атаулар), фитонимдерге (өсімдік атаулары), хрононимдерге (тарихи оқиғаларға қатысты уақыт-межелері), идеонимдерге (рухани мәдениет объектілерінің атаулары), хрематонимдерге (материалдық мәдениет объектілерінің атаулары) дербес таным салалары ретінде ден қоюға жол ашылды.

Белгілі бір атау-есім дүниеге келген адам атаулыға да беріледі. Адамға берілер төл атау-есімдердің барша түр-тұлғалары (адамның төл есімі, лақап аты, бүркеншік аты, әкесінің аты, ата тегі, фамилиясы) ономастика ғылымының бір саласы болып табылатын антропонимикалық жүйені құрайды. Осы антропонимика аясында қолданылатын антропоним, антропонимия терминдері болса тілдегі кісі аттары, яғни төл есімдер туралы материалдар деген ұғымды білдіреді [2, 40 б.].

Адамзат тарихында адам аты-жөнінің алар орыны ерекше. Бұл ретте тарих – адамның аты-жөні белгілене бастаған кезден басталады деуге де болады. Байырғы сана айғағы – мифологиялық жүйеде алдымен мифтік кейіпкерлер (персонаждар) назар аудартады. Бұл ретте, кейіпкерсіз мифті ұшырастыру қандай қиын болса, атау-есімі жоқ кейіпкерді ұшырастыру да сондай қиын. Яғни, кейіпкердің атау-есімі мифологиялық жүйе туралы таным-түсінік қалыптастыру жолындағы бірден-бір деректік негіз болып табылады.

Басқа халықтар сияқты қазақ халқының да ұзақ тарихында адам есімдерінің алуан түрлі үлгісі жасақталып, ұлт болмысын айғақтайтын төл есімдер жүйесі қалыптасқан. Дүниеге келген сәбиге ат қоюдың қазақ ұлтына ғана тән төлтума дәстүрі орныққан. Бұл ретте, қазақ антропонимикасы қазақ ұлтының төлтума қасиеттерін, дәстүрлі дүниетанымын, арман-аңсарын (идеалын), тарихи кезеңдердегі саяси-әлеуметтік ахуалын, экожүйемен қойындасқан өмір салтын, ең арғысы қоршаған орта мен жан-жануарлар дүниесіне дейін айғақтай алатын аса мәнді тарихи дерек көзі болып табылады. Яғни, қазақ антропонимикасының ұлттық төлтумалықты танытуға қатысты мән-маңызының айрықша екендігі соншалық, бұл мәселеге тек этножаралымның тарихи айғақтарының бірі деп қана қарау жеткіліксіз, сонымен бірге дербес даму жолын бастаған қазақ ұлтының төлтума болмысын қалпына келтіруге және орнықтыруға мұрындық болатын аса мәнді тарихи-рухани тетік ретінде де көңіл бөлу қажет.

Халқымыз үшін баланың дүниеге келуі ең үлкен қуаныш. Сондықтан да баланың атын қоюға асқан жауапкершілікпен қараған. Дәстүр бойынша баланың атын атасы немесе сәби өскенде жұртына қадірлі болсын деген ниетпен елге сыйлы ақсақал қоятын болған. Кейде ат қою құрметі жақсы тілекпен үйге келген құтты қонаққа берілген. Жалпы қазақтар балаға ат қою рәсіміне үлкен мән берген. Балаға әдемі, мағыналы ат қойған немесе сәл де болса сол адамдарға ұқсасын деген ниетпен елге танымал адамдардың есімін берген.

Қазір де көп адам баласына ғұлама болсын деп – Марғұлан, Қаныш, ақын болсын деп – Абай, батыр болсын деп – Едіге, Жәнібек, Алпамыс деп ат қойып жатады. Кейінгі кезде Нұрсұлтан есімді балалар да көбейе бастады. Ал, кейбір отбасылар баласының аты ерекше болуын қалағанымен мағынасына мән бере бермейді. Мысалы, Зина деген есім негізінен орыс ұлтына тән болғанымен, өкінішке орай, осы атты иемденін жүрген қаракөздеріміз де бар. Ал, бұл сөз діниіміздегі ауыр күнәлардың бірінің атауы екендігі белгілі. Сондай-ақ, құдайсыз идеологияның негізін қалаған адамдардың атымен аталып жүрген Мэлс есімді қазақтардың да бар екені өкінішті. Радамира, Руфинат, Лилида сияқты есімдер де өзгенің жылтырына қызығушылығымыздан туған дүниелер. Оның үстіне, бүгінгі телесериалдар да қазақ есімдерінің бұрмалануына айтарлықтай ықпалын тигізуде.

Жазу түгіл бір естігенде айтылуы да қиындау есімдер елімізде кездеседі. Мысалы, Мухаматабдульахап, Әбілфайыз, Иринеюс, Константаймсейсар, Габриэль Юсеф, Дэмел, Ямила, Мұхамедсалин, Абдулалим, Алиар, Ляян, Шамир, Сивинна, Махсумя. Дегенмен, ерекше болса да көп кездесетін есімдерде баршылық. Радий, Антонио, Ливия, Талисман секілді кісі аттары елімізде жетерлік. Бір ғана Үндістанның ұлттық қаһарманы Индира Ганди құрметіне қойылған есім елімізде 10 000-нан асатыны статистикалық тұрғыда дәлелденген.

Ертеде қазақтар бала дүниеге келген кездегі жағдайлармен байланысты да ат қойған. Мысалы: жыл мезгіліне байланысты - Қыстаубай, Наурызбек, шөп шауып жатқанда дүниеге келсе - Шөптібай, ауа райына байланысты - Жаңбырбай, өңірдің топонимикасына байланысты - Арал, Теңізбай, Қосқұлан дене тұрқы (Дәуқара, Байсары) мен денсаулығына, сондай-ақ түрлі ырым-сенімдер (баласы тұрмаған үйлер біреуден сатып алдым деп Сатыпалды, ақысын төледім деп Төлеген) мен айтулы жағдайларға да - Айтбай, қызы көп ұл күткен үйлер келесі бала ұл болар деген үмітпен қыздарына Ұлболсын, Ұлтуған, Ұлдай деп ат қойған. Қыздарға ең әдемі, нәзік, айтуға жеңіл есімдер қойылған.

Қазақ есімдері санаулы жыл ішінде тосынан пайда бола қоймаған. Оның өзіне тән тарихы, шығу, пайда болу жолы бар. Сонымен антропонимдердің басқа жалқы есімдермен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері бар, себебі адам есімдері ғасырдан ғасырға сақталып, қайта жаңғырып, қайталанып қойылып отырады. Әсіресе, меморатив есімдер: хан, бай, патша есімдер. Мысалы: Абылай, Шыңғыс, Темірлан, Томирис, т.б. Қазақтың төл есімдері – Қарлығаш, Болат, Арман, Әсем, Айнұр, Бақыт, Шолпан, Серік, Қайрат, Ермек, Жанар, т.б. [3, 91 б.].

Есім беруге сәбидің ата-анасы гана емес, туган-туыс, дос-жарандармен қатар азаматтық хал актілері мекеменің қызметкерлері де мүдделі. Дүниеге келген сәбилерге қуана отырып, ат қойып, жаңа өмір иесіне болашақта мынадай бол деу арқылы, өз армандарының да орындалуын да тілек ете білген. Сонымен қатар қарабайыр сөзбен емес өрнектеп, жүректен терең орын алардай есім таңдаган. Есім таңдауда халық түрлі сенімге сүйенген. Оның ішінде көктен сұраган сәбиіне нұр бақыт пен ақ пейілділіктің белгісі деп баласының болашақ өмірінің ашық болуын мақсат еткен [4, 18 б.].

Бұл күнде ата-ана балаларына – бай, бек, би, сұлтан, төре сөздері арқылы жасалган есімдерді сирек беріп, балаларга мән-магынасы айқын да анық, сұлу да көркем есімдер береді. Ал қазіргі халық тілінде есім берудің ауқымы дүниежүзілік есімдердің көптеп араласуымен байланысты сан сала болып кетті. Мысалы, Салидат, Джони, Беррин, Басат, Азат, Артур, Айбек, Серік, Алма, Дина, Мира, Сәуле т.б.

Кейбір есімдердің мән-магынасы (семантикасы) мен дыбыстық сипаттарынан белгілі бір аймақ тұргындарының тілдік ерекшеліктерін анық байқауга болады. Сол жергілікті тілдер негізінде қойылган есімдердің алуан түрлі тұлгалары мен тұрмыстық варианттары да ерекшеленіп тұрады. Атап айтқанда, оңтүстік тұргындары есімдеріне дауыссыз еріндік және сонар м дыбысының қолданылуы есімдер мен фамилиялардың тек басқа буындарында гана емес, ортасында да кездесіп отырады. Мәселен, Пақтагүл, (әдеби тілдегі Мақтагүл орнына), Палым (Балым), Полат (Болат), Палымбет (Болымбет), т.б. Алматы, Жамбыл, Талдықорган облыстарында, сондай-ақ, Семей, Шыгыс Қазақстан облыстарының кейбір аудандарында әдеби тілімізге дауыссыз ұяң ш дыбысы орнына тіл алды ч дыбысы қолданылады. Мәселен, Ақчал, Чегебай, Чотбай, Чойбек, т.б.

Мақалада ат қоюдың өзектілігімен қатар, халық арасындагы еліктеушілік, ат қоюдың өзіндік ерекшеліктері, тарихи себептері қарастырылды. Өмірге келген әрбір сәбидің есімі елден ұялмайтындай магыналы да, мәнді болу мәселелерінің бір парасы гана қаралды.

1. http://erkin.ucoz.kz/load/adam_esimine_ta_dyry_zhasyryl_an_ba_internetten/1-1-0-69
2. *Жанұзақов Т.Ж. Есіміңіз кім? Ваше имя? – Алматы : Қазақстан,1989. – 260 б.*
3. *Жанұзақов Т.Ж. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы : Қазақстан, 1997. 188 б.*
4. *Ержанова Ү.Р. Қазақ антропонимдерінің этнолингвист. сипаты. – Алматы, 2010. – 80 б.*

Резюме

К.К. Таженова. Некоторые проблемы казахских народов на имя человека

Антропонимы – одно из видов науки ономастики, изучающая этимологию, языковую особенность имен людей. В этой статье рассматривается, как присуждают имя будущему поколению, соблюдая древние традиции нашего народа, некоторые аспекты современных имен.

Антропонимы любого народа аккумулируют знания о мировоззрении данного народа и отображают национально-культурные, социальные явления, рассматриваемые дифферинцированно по отношению к мужчине и женщине. Определение антропонимического фонда двух языков, сложившегося на основе древнетюркских антропонимов, а также типологических сходств и национальных особенностей принципов имянаречения определяет актуальность нашей работы.

Ключевые слова: антропонимика, новые имена, имя человека, язык, этнос, ономастика

Summary

K.K. Tajenova. Some problems of the Kazakh people in the name of a person

This article deals witz the givinq namez to fhe sutuke generation of the karahh people. Which vefers to fhe worid onomastics The avticie aiso feiisus ahout fhe veseavch description of giving names. Anthroponyms of any nation collect knowledge of world view of this nation, depict national cultural, social phenomena peculiar to a man or a woman in the semantics. If one view from this aspect, definition of anthroponomical fund of two languages formed on the basis of Old Turkic anthroponyms and typological compliances and national peculiarities of the tradition determines timeliness of our work. The research materials of interest to a wide audience of historians, orientalists, regional study. Along with this, and the conclusion of the thesis can be used in the preparations of summary of various works, they can be used directly in the learning process in higher educational institutions to develop and conduct special courses on onomastics, antroponomics, lexicology, language and culture studies, ethno linguistics and linguistics. Research materials can be used in the preparations of various kinds of dictionaries and reference books of feminine names.

Key words: anthroponomyc, new name, surname homo, language, etnoce, onamastic.

ӘОЖ 82.091

ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ЖЕРҒІЛІКТІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Н. Шарыпқазы – *әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, филология магистрі*

Аңдатпа. Бір тұтас қазақ әдебиеті деп аталатын мәуелі бәйтеректің мол жемісті бұтағының бірі – Шығыс Түркістан қазақтары немесе қытайдағы қазақтар әдебиеті болып табылады. Алайда ол түрлі тарихи, саяси, еларалық қарым-қатынастардың өзгермелі жағдайларына байланысты еліміздегі қазақ әдебиеттану ғылымында да, тұтас түркілік әдебиеттану тарихында да өзіне лайықты орын ала алмай келді. Бұл ретте қытай қазақтары әдебиетінің жерғілікті ерекшелігі мен жазба әдебиетінің қалыптасуы, жазба әдебиетінің негізін салушы аға буын, жалғастырып дамытушы орта, кейінгі буындардың, көрнекті қаламгерлер мен олардың шығармашылығы туралы қысқаша таныстырылады.

Түйін сөздер: қазақ әдебиеті, қытай, жазба әдебиет, фольклор.

Бір тұтас қазақ әдебиеті деп аталатын мәуелі байтеректің мол жемісті бұтағының бірі қытайдағы қазақтар әдебиеті болып табылады. Алайда ол түрлі тарихи, саяси, еларалық қарым-қатынастардың өзгермелі жағдайларына байланысты еліміздегі қазақ әдебиеттану ғылымында да, тұтас түркілік әдебиеттану тарихында да өзіне лайықты орын ала алмай келді.

Қытайдағы қазақтан шыққан зерделі, ұлтжанды әдебиетші, зерттеуші ғалымдар бұл тұрғыдан аса ауқымды ізденістерге барып қыруар жұмыс тындырып үлгерген еді. Олар өз зерттеулерінде Қытайдағы қазақтар әдебиетінің пайда болуымен қалыптасу, кемелдену тарихын бір тұтас түркілік әрі тұтас қазақтық ауқымда қарастырудың ұтымды ғылыми теориялық негіздеріне арқа сүйейді.

1996 жылы «Шынжияң халық баспасынан» шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты үш томдықтың «Халық ауыз әдебиеті» делінген I - томында ол принцип былай көрнекіленген: «Халық ауыз әдебиеті мейлі қайсы елде жасап отырғанына қарамастан тұтас қазаққа ортақ мұра екені жұртқа аян. Сондықтан оны мемлекет шекарасымен шектемей кеңінен қамтып жазуды дұрыс деп қарадық» [1].

Ал қазақ әдебиеті тарихының классикалық жазба әдебиетіне арналған екінші томы “Ежелгі заман әдебиеті” (жаңа эраның Y ғасырына дейінгі дәуір), «Ерте заман әдебиеті» (YI ғасырдан XIX ғасырдың кейінгі жарымына дейінгі дәуір), болып екіге бөлін қарастырылады [2]. Мұнда XY ғасырдың орта шенінде қазақ хандығы құрылғанға дейінгі түркі тілдес халықтар мен олар құрған ұлыстық хандықтар дәуіріндегі әдебиет пен белгілі әдебиет қайраткерлерінің айтулы еңбектерінің қазақ әдебиеті тарихында лайықты орны бар екендігі басты назарда болады. Оларды дәйек-дәлелсіз белгілі бір түркі ұлтына тәуелдеуге ұрынатын өзімшілдікке сын көзбен қарау бүгінгі тұтас түркілік бірлікке жетудің алғы шарты ретінде деп қарастырылуға тніс.

Таяу заман қазақ жазба әдебиеті жөнінде сөз болғанда әлемдік классика деңгейіне көтерілген ұлы кемеңгер ақынымыз Абай Құнанбаевқа ерекше орын берілуі керектігі баса айтылады. Қытайдағы қазақ әдебиетіне оның ықпал-әсері былай бағаланады: “...Абайдың шығармалары мемлекет шекарасымен шектелген жоқ. Қазақтар қай елде тұруына қарамастан оны күллі қазақтың ақыны деп қарайды.[1]. Оның Қытайдағы қазақ жазба әдебиетінің жарыққа шығуы, қалыптасуы және дамуындағы ықпалы терең, ұстаған орны бөлекше”. Жоғарыдағы айқын тұжырымдар нағыз ғылыми, обьективті ізденістер арқылы қорытылған азаматтық, әрі байсалды ғылыми ақыл-ойдың жемісі деп қараймыз.

Қытайдағы қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуы тұтас қазақ әдебиетінің қалыптасу, өркендеу барысымен тікелей байланысты қарастырыла отырып әдеби процестегі жеке тұлғалар жөнінде сөз болғанда алдымен Әсет Найманбаев, Жүсінбекқожа Шайхислам шығармашылығына айрықша орын беріледі. Өйткені бұл ақындардың шығармашылық ғұмырының мол жемісті жылдары осы ел өміріне тікелей байланысты болды. Ел ішінен шыққан дарынды ақындар Ақыт Үлімжіұлы мен Таңжарық Жолдыұлы шығармашылығына тікелей ықпал еткен. Қара шаңырақпен бөлінін жарылған азғана қазаққа рухани көпір болған солар еді.

Қытайдағы қазақтар әдебиеті үлкен қазақ-түрік халықтары әдебиетінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылғанда оның өзіне тән, қайталанбас ерекшеліктері мен жасампаздық туындыларына баса назар аудару керек болады.

Қытайдағы қазақтар 20-ғасырдың алғашқы жарымына дейін бәз-баяғы көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтымен өмір сүргендіктен ауыз әдебиетімен жазба әдебиет мұраларын сақтап, дамытуда тарихи қызмет атқарды деуге болады [3]. Дәстүрлі халық ауыз әдебиеті ондағы жазба ақындар шығармашылығының қалыптасуына құнарлы негіз болды. Айрықша көзге түсер бір ерекшелік – бұл өңірдегі әдебиет бай араб, парсы, түрік, орыс, еуропа, қытай әдебиетінің озық үлгілері мен қара шаңырақтағы таңдаулы әдеби туындылардан сусындап өскендіктен тел емген төлдей тез марқайып, құлашын кеңге жая алғанынан байқалады.

Қазақ жазба әдебиетінің алтын тұғыры, мол қайнар көзі болған халық ауыз әдебиетінің үлкенді-кішілі алуан үлгілері қытай қазақтары арасында кеңінен таралуының сыртында, жергілікті ақын-жыраулар оның кейбір тармақтарын өздерінше қайта жырлап отырған. Сондай-ақ халқы бастан кешірген тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалар, батырлар өміріне арнаған төл дастандар мен жыр-аңыздар дүниеге келді. “Арқалық батыр”, “Жәнібек батыр”, “Есенкелді батыр”, “Қабанбай батыр”, “Бердіқожа батыр”, “Қошқар батыр”, “Әтікей-Нұржекей”, “Ахмет Кәшім”, “Дариға”, “Бақтиярдың қырық бұтағы” және “Жеті қаған” [4] т.б. көлемді дастандар ілгеріндi-кейінді жазылып алынып кеңінен таралды.

1996 жылы “Шинжияң халық баспасы” шығарған “Қазақ әдебиеті тарихының” І-томында: ауыз әдебиетінің жиналып, жариялануы жөнінде мынадай қомақты есеп көрсетілген: “Қазақ хиссалары” 14 том, оған, ерлік жырлары, тарихи дастандар, ертеғілік дастандар, қиссалардан 118 нұсқасы енгізілген. Оның ең көлемдісі 10 мың жолдан асады. Төрт томдық “Қазақтың ғашықтық жырлары”, екі томдық “Қазақ халық ертеғілері”, үш томдық “Қазақтың тұрмыс-салт жырлары”, екі томдық “Қазақтың шешендік сөздері”, бір томдық “Қазақтың байырғы айтыстары”, екі томдық “Ақындар айтысы”, бір томдық “Қазақтың қара өлеңдері”, бір томдық “Қазақ мақал-мәтелдері”, бір томдық “Қазақ жұмбақтары”, “Күй аңыздары”[1] т.б. кітаптар баспа бетін көрген.

Мұның сыртында бүкіл Шинжияңның аймақ-аудандары бойынша жиналып, жарияланған кітаптардың жалпы саны 150-ден асып отыр.

Осынау бай фольклорлық мұраны тақырып-мазмұны бойынша екі үлкен топқа бөлуге болады. Оның бір тобы бұрыннан айтылып, жырланып келген дайын сюжеттер неғізінде қайта жырланған “Елзақ сұлу”, “Ғазезжанның хиссасы”, “Ер Досан” “Жарылға мен Ағанзы”, “Алтын басақ ақ сұңқар”, “Самұрық”, “Арық мерген мен жоян мерген” қатарлы аңыз-ертеғілік дастандар. Ал, екінші тобына 18-19 ғасырда өмір сүрген жау жүрек халық батырларының ерлігіне арналған дастандар мен хиссалар жасады. Ондай шығармалардың дені қазақ батырларының отаршыл Манжу-Қытай үстемдігіне және жоңғар шапқыншыларына қарсы күресіне арналған “Арқалық батыр”, “Ер бұлан”, “Бөке батыр”, “Тәуке батыр”, “Демежан”, “Нүсіпхан”, “Көбен батыр”, “Көмеш батыр”, “Есболаттың ерлігі”, “Сағындық”, “Ахмет-Нүрила”, “Сұлубай батыр”, “Сәлиха-Сәмен” қатарлы дастандарды атауға болады. Сонымен бірге патшалық Ресейдің отаршыл озбырлығына қарсы ұлт азаттық күресін арқау еткен “Қарақас Кене Сары”, “Кешубай-Жәмила”, “Ер Сәтбек”, “Шернияз”, “Әли батыр”, “Рамазан хиссасы” дастандары кең таралған.

Қытайдағы қазақтар арасына 20-ғасырдың басында кең таралып, молынан жырланған дастандарының бір парасы – хиссалар болды. Сюжет сорабын араб, парсы, үнді және туысқан түрік тілдес халықтар ауыз әдебиетінен, классикалық шығармаларынан ала отырып, оны қазақи мәнермен жырлаған хиссалардың қарасы қомақты. Солардың арасында өзіндік жырлау ерекшелігі мен және ауқымды көлемінен дараланып тұрғаны әйгілі әкелі-балалы жыраулар Жанұзақ пен Әріпжандар жырлаған “Бақтиярдың қырық бұтағы” деуге болады. Белгілі хиссагер ақын Жүсінбек Шайхисламұлы да Бақтиярдың 18 бұтағын жырлағаны мәлім.

“Бақтияр” және оның қырық бұтағының түп төркіні орта ғасырда парсы тілінде жазылған “Бақтиярнама”-дан орбиді.

“Бақтиярнама” шығыс және орта Азия халықтарының біразының тіліне аударылып тарқалғанымен олардың ішіндегі ең көлемдісі әрі жергілікті жағдайға бейімделе көркем жырлағаны Қытайдағы қазақтар нұсқасы болса керек.

Қазақ халық ауыз әдебиетіндегі қомақты олжаның бірі – соңғы кезде ғана табылған "Жеті қаған" эпосы еді. Жеті ұрпақ тізбектеле жырланатын көлемді эпостың 15 мың жолдық алғашқы томы "Қызыл Арыстан хан" (Түктабан батыр) жыры 1993-жылы Үрімжіде жарық көрді. Оны әйгілі қырғыз Манасшысы Жүсіп Мамай жырлап қағазға түсірткен. Жыр қырғызша жырланғанмен оның түп нұсқасы қазақтікі екенін жыршы Жүсіп Матайдің өзі баспа сөзде (1993, "Жеті қаған" 1-5 б. "Шынжияң халық баспасы") растаған. Қалған томдарды да қағазға түсірілуде.

ХХ ғасырдың екінші жарымына дейін Ресей мен Манжу-Қытай империясының темір құрсауынан шалғай шетте көшпелі және жартылай отырықты өмір кешкен Қытайдағы қазақтар арасында ауыз әдебиетімен дәстүрлі өнердің аса бай мұрасы молынан сақталып қалғаны тарихтың бір оқыс сыйы ретінде бағаланып, оны күллі түрік халықтарының ортақ иғіліғіне айналдыру жолында жұмыла ат салысқан жөн демекпіз.

Жазба әдебиетінің қалыптасуы. Қытайдағы қазақтардың жазба әдебиеті 19 ғасырдың аяғымен 20 ғасырдың алғашқы жартысында қалыптаса бастады. Халқымыздың бай ауыз әдебиетін неғіз еткен жазба әдебиетке поэзия жетекші жанр болып қала берді. Өлеңдері мен хисса-дастандары Қазан-Уфа баспаларында басылып, елге танылa бастаған Ақыт Үлімжіұлы мен Жүсіпбек Шайхисламұлы қатарлы ақындар жазба әдебиетінің алғашқы қарлығаштары болды [5].

Ал, шығармалары баспа бетін көрмесе де қағазға түсіріліп қолдан-қолға өтіп елге танымал бола бастаған ақындар қатары молайды. Олар: Әріпжан Жаңузақұлы (1878-1946), Шылбы Көбекұлы (1860-1936), Асылқан Мыңжасарұлы (1893-1918), Кодек Маралбайұлы (1888-1937), Отарбай Дүйсенбіұлы (1834-1931), Кәрібай Таңатарұлы (1873-1924), Арғынбек Апашбайұлы (1883-1946), Асқар Таңатарұлы (1906-1994), Күтбай ақын (1876-1936), Сұлтан Мәжитұлы (1911-1982) т.б. ақындар еді.

Аталған ақындардың ауызша және жазбаша шығарған өлең-дастандарының біразы Іле, Тарбағатай, Алтай аймақтарында жарық көре бастаған ғазет-жорналдарда жарияланып оқырмандармен бет көрісті.

Сондықтан бұл ақындар шығармалары Қытайдағы қазақтардың ауыз әдебиеті негізінде қалыптаса бастаған жазба әдебиет үлгісі қатарында қарастырылады.

Қытайдағы қазақтар әдебиетін дәуірлеудің де өзіндік тарихи, саяси, мәдени ерекшеліктері бар екені ескерілуі керек. Мәселен қытайдағы қазақтар әдебиетінің қазіргі заманғы әдебиеті 19-ғасырдың соңымен 20-ғасырдың алғашқы жартысын (1949-жылға дейінгі) қамтыса, осы заманғы әдебиеті 1949-жылдан бүгінге дейін дәуірді назарда ұстайды. Біз бұл дәуірді өз ішінен мынадай үш кезеңге бөлін қарастыру керек деп қараймыз:

Бірінші 1949-1958 жыл аралығы. Бұл кезеңде Шинжияңдағы ұйғыр-қазақ әдебиеті шын мәнінде ғүлденін дамыды. Екінші кезең 1958-1976 жылдар аралығындағы тоқырап, күйреу кезеңі ретінде тарихта қалды. Бұл кезең - бүкіл қытайды дүрліктірген "Оңшыл-ұлтшылдыққа қарсы күрес" науқаны және он жылға созылған "Мәдениет зор төңкерісі" деп аталған сойқанды науқандар жүргізіліп ұлт мәдениеті мен ұлт зиялыларына аяусыз соққы берілген қаралы кезең болатын.

Ал үшінші кезеңге, 1976 жылғы диктатор Мао Зыдуң өліп оның орнына реформатор Дың Шау Пиң билік басына келген 1978 жылдан бергі қайта өрлеу кезеңі жатады. Осы соңғы отыз жылға таяу уақыт ішінде жиырма жылдық қуғын-сүргіннен елге аман-сау оралған аға буын қаламгерлер шығармашылықпен жаппай айналысып, өнімді еңбек етті. Аға буын өкілдерінің иғі ықпалымен ұстаздығын бағдар тұтқан кейінгі жас толқын да тез марқайып әдебиеттің барлық жанрларында өздерін көрсете бастады.

Қытайдағы қазақ жазушылары қаламынан соңғы отыз жылда жүзден аса роман, алты жүздей әңгіме повесттер, 250 өлең дастандар, 150 сын зерттеулер туған екен.

1979 жылы Жақып Мырзаханның "Арман асуында" атты көлемді романнан басталған романшылдық белгілі дәрежеде өз жемісін берді деуге болады. Әзірге толық жарияланып үлгірмесе де Қаржығұмар Шабданның тұтас ғасыр жүгін арқалаған алты томдық "Қылмыс" романдар легі, Сұлтан Жанболаттың үш томдық "Үйсін хикаялары" (Елжау күнби, Саншора күнби, Оңғай күнби) тарихи роман трилогиясы, Батырхан Құсбеғиннің "Жан" атты төрт томдық романдары қазақ әдебиетіне олжа салған табысты шығармалар деуге болады.

Бұл күндері бүкіл қытайға танымал болған прозашылардан Рахметолла Әпше, Оразқан Ахмет, Жұмабай Біләл, Ғаппар Біләл, Оразбек Әбділ, Мағаз Раздан, Шәміс Құмар, Әкпар Мәжит, фантаст жазушы Болат Кәрібай және Шаймұрат Замза қатарлылар бар.

Бұл авторлардың шығармалары негізінен екі бағытта немесе екі шығармашылық ұстанымда жазылған деп қарауға болады:

Бірінші тарихи тақырыпты негіз еткен реалистік – халықтық тұғырдағы шығармалар, ал екіншісі социалистік реализм мен әдебиеттің партиялылығы мен таптық күрес рамкасынан шыға алмаған әрі-сәрі күйдегі шығармалар. Сондай-ақ бүгінгі әлемдік әдеби шығармашылық үрдіске талпынған жаңа бағытты ұстанушы талантты қаламгерлер қаламынан туындаған жаңашыл әдебиет те күш алып, өркен жайып келеді.

Қалай болғанда да, Қытай қазақтарының осы заманғы әдебиеті негізінен Қазақстандағы үлкен қазақ әдебиетінің құнарлы қойнауынан нәр алып, өркендеп келе жатқан мәуелі бәйтеректің жемісті бір бұтағы екені анық.

Тұтастай алғанда Қытайдағы қазақтар жазба әдебиетінің негізін қалап, тұғырын биіктеткен ақындардың көш бастаушы, ең көрнекті тұлғалары – Ақыт Үлімжіұлы (1868-1940) мен Таңжарық Жолдыұлы (1903-1947) екендігі әдебиет тарихында айқындалып лайықты бағасын алып отыр.

1. Бексұлтан Кәсейұлы. Қазақ әдебиетінің тарихы I том. Шыңжаң Халық баспасы, 1996 жыл, 9 бет, 11 бет. 880 бет

2. Жақып Мырзахан. Қазақ халқы және оның салт-санасы. Шыңжаң Халық баспасы, 1994 жыл. 563 бет.

3. Су Бихай. Қазақ мәдениетінің тарихы. Шыңжаң Халық баспасы, 2005 жыл. 745 бет.

4. Әлімғазы Дәулетхан. Шығыс Түркістан халықтарының ұлт-азаттық дәуір әдебиеті 1679-1949. «Мир» баспа үйі, 2013 жыл. 138 бет.

5. Ахметбек Кірішбаев. Қазақ әдебиеті тарихынан таңдамалы үлгілер. II том. Шыңжаң Университеті, 617 бет.

Резюме

Н. Шарыпказы. Формирование казахской литературы в Китае и локальные особенности

Одной из ветвей казахской литературы является литература казахов Восточного Туркестана или же литература казахов в Китае. Но из-за неустойчивости исторических, политических, международных отношений литература казахов Восточного Туркестана не смогла найти свое достойное призвание в нашей казахской литературе, и в литературе тюркских народов. В связи с этим, данная статья рассматривает особенности литературы казахов в Китае, а также формирование письменной литературы. Рассматриваются писатели старшего поколения, которые являются основоположниками письменной литературы казахов Восточного Туркестана, произведения писателей последующего поколения которые продолжили развитие литературы казахов в Китае.

Ключевые слова: казахская литература, китай, письменная литература, фольклор.

Summary

N. Sharypkazy. Formation of Kazakh literature in China and its local features

One of the branches of Kazakh literature is a literature of East Turkestan kazakhs or literature of Kazakhs in China. But literature of East Turkestan kazakhs could not find a worthy place in kazakh literature and in literature of Turkic people. The reason is the instability of the historical, political, international relations. This article concerns formation of written literature and local features of literature of East Turkestan kazakhs. Also, article considers writers of the older generation who are the founders of written literature of East Turkestan kazakhs and the works of the next generation of writers who continued the development of literature of Kazakhs in China.

Key words: Kazakh literature, china, written literature, folklore.

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ

УДК 378.016.81

ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ СТУДЕНТОВ НА ОСНОВЕ РАЗВИТИЯ НАВЫКОВ АУДИРОВАНИЯ В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Н.Б. Абдираманова – *магистрант Казахского национального университета имени Абая*
Ш.И. Нургожина – *д.ф.н, профессор*

Аннотация. В статье рассматриваются пути формирования коммуникативной компетенции студентов на основе развития навыков аудирования в обучении иностранному языку. Проблема формирования коммуникативной компетенции учащихся является наиболее важной в связи с тем, что в мире происходит значительное расширение масштабов межкультурного взаимодействия, когда факторы коммуникабельности и толерантности приобретают актуальный характер. В условиях коммуникативной направленности обучения учащихся иностранному языку, формирование коммуникативной компетенции при обучении аудированию приобретает особую актуальность. Процесс общения невозможен, при отсутствии у его участников умений и навыков восприятия, осмысления и критической переработки звучащего материала, не развита слуховая память, отсутствует интерес к приобретению новой информации. Вот почему проблема обучения пониманию иноязычной речи как одному из видов речевой деятельности постоянно находится в фокусе методических исследований и является актуальной в свете формирования у учащихся коммуникативной компетенции.

Ключевые слова: Компетентность, компетенция, коммуникативность, иноязычная речь, аудирование.

Высшее образование становится необходимым и важным фактором развития как отдельных сфер (экономики, политики, культуры, науки) так и всего общества. Высшие учебные заведения

концентрируют образцы социокультурной, учебно-познавательной и научно-исследовательской деятельности человека определенной эпохи. Поэтому непрерывно изменяется содержание высшего образования: специализации и направления подготовки специалистов; соотношение фундаментальных курсов и прикладных дисциплин, ориентации кафедр, научных отраслей. Каждая учебная дисциплина, образовательная технология, сфера общения студентов и преподавателей, личность преподавателя как ученого и педагога и другие факторы имеют огромное значение в общекультурном, профессиональном, интеллектуальном и личностном развитии выпускников ВУЗов.

Современные ВУЗы готовят своих выпускников не только к научно-исследовательской деятельности, но и к различным профессиональным обязанностям. При этом традиционная – духовная и культурологическая миссия ВУЗов остается неизменной.

Профессиональная культура личности – система усвоенных специальных знаний и ценностных ориентаций, интересов, сформированных навыков и умений мастерской, свободной и самостоятельной творческой трудовой деятельности по специальности.

В основе профессиональной культуры лежат принципы социального сознания и поведения, диктуемые особенностями технологии деятельности по правилам той или иной профессий, зафиксированные в учебниках и навыках профессиональной подготовки. Сюда же входят элементы социальной этики, целей и социальной ответственности за последствия данной деятельности, профессиональные традиции, статусные роли, профессиональный язык. Профессиональная культура личности выступает основой для систематизации профессионально важных качеств специалиста, для создания идеальных профессиональных моделей личности, что имеет важное теоретическое и практическое значение для культуры труда и профессиональной деятельности.

1. Чернова Ю.К. Профессиональная культура и формирование ее составляющих в процессе обучения. - Москва – Тольятти. Изд-во Тол.Пи, 2000г – 163с.

2. Крылова Н.В. Культурология образования – М.: Народное образование, 200 – 272 с.

3. Зиятдинова Ф.Г. Социальные проблемы образования. - М.: Изд-во государственного гуманитарного университета, 1999 – 282с.

Түйін

Кәсіптік мәдениет – болашақ мамандарды даярлаудағы маңызды фактор ретінде

Мақалада болашақ мамандардың кәсіптік мәдениетін қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Кәсіптік мәдениет маманның кәсіби маңызды қасиеттерін жүйелеудің негізі болып табылады.

Тұлғаның кәсіби мәдениеті – мамандық бойынша шығармашылық еңбек қызметінде дербес, шебер, еркін ептілік пен қалыптасқан тәжірибелерді, қызығушылықтарды, бағалы бағыттар мен арнайы білімді иғеру жүйесі.

Кәсінтік мәдениеттің негізіне әлеуметтік сана мен тәртіп қағидалары жатады, олар өз кезегінде кәсіби дайындық дағдылары мен оқулықтарында кездесетін сол немесе басқа мамандықтардың ережелері бойынша қызметтің технологиялық ерекшеліктерімен анықталады. Бұған сонымен қатар берілген қызметтің салдарының әлеуметтік жауапкершілігінің, әлеуметтік этиканың, мақсаттардың элементтері, кәсіби дәстүрлер, дәрежелі рөлдер мен кәсіби тіл жатады. Тұлғаның кәсіби мәдениеті тұлғаның идеалды кәсіби моделін қалыптастыру үшін негіз болып табылады. Кәсіби мәдениет кәсіби қызмет пен еңбек мәдениеті үшін маңызды теориялық және практикалық мағынаға ие.

Түйін сөздер: кәсіби мәдениет, білім беру, рухани, мәдени құндылықтары, әлеуметтік-мәдени қызметтері

Summary

A.M. Saparbaeva, E.A. Raeva. Professional culture as an important factor in the training of future specialists

The article deals with the formation of professional culture of future specialists. Professional culture is the basis for systematization of professionally important qualities of the specialist. Professional culture of a personality is a system of learned expertise and values, interests, formed skills and abilities, free and independent, creative working activity in the specialty. At the basis of the professional culture the principles of social consciousness and behavior dictated by the peculiarities of the technology activities by the rules of a profession recorded in textbooks and training skills are included. It also includes elements of social ethics, objectives and social responsibility for the consequences of this activity, professional traditions, status and a professional language. Professional culture is the basis to create the ideal

professional models of personality. Professional culture is of great theoretical and practical significance for the culture of labor and professional activity.

Key words: Professional culture, education, spiritual and physical health, cultural values, sociocultural functions.

ӘОЖ 811.512.122:147 (574)

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОРЫНДАЛАТЫН ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Ғ.М. Текесбаева - *п.ғ.м., PhD докторант, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілі сабақтарында орындалатын жаттығу жұмыстарының түрлері туралы айтылады. Теориялық материалдарды берік меңгерту жаттығу жұмыстарының тиімді де жүйелі құрылуымен байланысты. Жаттығуларды орындау негізінде оқушылардың ақыл-ой әрекеттері, ақыл-ой қызметінің белсенділігі қалыптасып, дамытылады. Жаттығулар – бір мақсатқа бағытталған, өзара байланысты әрекеттердің тұтастығын көрсетеді. Ол әрекеттер тілдік және ой операциясының күрделенуіне баланысты бірінен соң бірі орындалады. Жаттығулар белгілі бір іс-әрекеттің негізін қалайтындықтан, оқушының білімді меңгеру үдерісінде маңызды орын алады. Жаттығуларды орындау барысында оқушылар үнемі ізденіс үстінде болып, алдына қойылған міндеттер мен мәселелерді шешудің өзіне таныс жолдарына сүйене отырып, жаңа жолдар табуға ұмтылыс жасайды. Қазақ тілі сабағында орындалатын жұмыстар негізінде оқушылар тілдік материалдарды иғере отырып, оны сөйлеуде, әр түрлі сөйлеу жағдаяттарында колдана білуге дағдыланады.

Түйін сөздер: қазақ тілі, тұлға, жаттығу, ауызша, жазбаша, әдістеме, әдіс, оқыту, оқушы, үдеріс

Қазақстан Республикасында білім беру саласында жүрін жатқан реформаның басымдық алуы, мемлекет дамуындағы ұзақ мерзімге межеленген мақсаттарға жету бағытындағы қоғамдық прогрестің заңдылықтарынан туындайды. Болашақ ұрпақтарға әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлай білу мүмкіндігін жетілдіру қоғамның басты міндеттерінің бірі болып табылады. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Ата заңында жеке тұлғаның білімге деген сұранысын (қайтару үшін) қанағаттандыру үшін өз ұрпақтарына кепілдік береді,- деп көрсетілген. Ата заңда көрсетілген бұл міндетті жүзеге асыру үшін білім беруді тұлғалық-бағдарлық, іс-әрекеттік тұрғыда ұйымдастыру қажет деп санаймыз.

Қазақстан Республикасының ғуманитарлық білім беру тұжырымдамасында: «Білім берудің ғуманитарлық сипаты, онда адам тек зерттеу объектісі ретінде ғана емес, ең алдымен, шығармашылыққа құлшынысымен оқушылардың баурап жететін субъектісі ретінде көрінуімен бедерленеді», - делінген.

Білім беруде оқушы мұғалімнің объектісі ғана емес, білімді меңгеруде жеке субъект ретінде көрінеді. Мектеп оқушыларының шығармашылығын қалыптастыру үшін мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, шәкірттерінің жас және жеке ерекшелігімен қатар оның неге қызығатынын жете білуі маңызды болмақ.

ХХ ғасырдың басында белгілі ғалым Ж.Аймауытов «Мектеп бітірін шыққан соң, бала бүкіл әлемге өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарайтын болса, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты – осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз болуы керек», - деп айқындап берген. Мұның өзі білім мазмұнының жалпы азаматтық құндылыққа бағдарлануы білім беруді ізгіліктендірудің міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыруды қамтамасыз етуін көздейді.

Қазақ топырағында тұңғыш педагогика оқулығын жазған педагог-ақын М.Жұмабаев мектеп жөнінде: «Әрбір ел келешегіне негізді балаларын тәрбиелейтін, даярлайтын мектебін салмақ. Бір елдің тағдыры мектебінің құрылысына байланысты нәрсе. Бұл ескірмейтін иғі сөз, өзгермейтін бір шындық. Тарихты аз ғана болса да, атқарған кісі мұны біледі. Қазақтың тағдыры, келешегі, ел болуы да мектептің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізде сау, берік hәм өз жанымызға

қабысатын, үйлесетін негізде құра білсек, келешеғімізге тайынбай серттесуге болады. Сондай негізде құра алмасақ, келешеғіміз күңгірт», - деп көреғендікпен айтып кеткен.

Мектеп оқушыларының терең білім алуы мұғалімнің педагогикалық шеберлігі мен ізденімпаздығына тікелей байланысты. Қазақ тілінің құрылымдық жүйесін меңгерту барысында оқушылардың қабілеттерін арттыру мақсатында жұмыс түрінің кешенді жүйесі жасалуы тиіс.

Оқулықта берілетін жаттығулар оқушыларға берілетін білімнің оңай және өз дәрежесінде иғерілуін қамтамасыз етеді. Әр жаттығуда нақты оқу материалының мазмұны ашылып, білім берудің тиімділігі айқындалады. Оқушылардың танымдық сипаты бір жағынан олардың табиғи қабілеті мен психикасына байланысты болса, олардың дамуы оқулықта берілетін жаттғулардың мазмұнына да байланысты. Неғізінен әр жаттығу мазмұнымен ғана емес, оқушыға тиғізетін пайдасымен де маңызды, яғни оның ойлау қызметінің дамуына, адамғершілікке баулуға септіғін тиғізеді. Жаттығулар оқулықтың мазмұнын анықтайды, оқу материалын жүйелілікпен қамтамасыз ете отырып, неғізгі ақпаратты беруші рөлін атқарады.

Ғылымда жаттығулардың жүйеліғі өзара байланысқан түрлі аспектіде зерттеледі:

- Философиялық;
- Психолоғиялық:
- Дидактикалық және әдістемелік.

Оқушылар тіл пәнінен жаттығуларды орындау барысында алған білімдерін түрлі жағдайлар мен түрліше байланыстарда бірнеше рет және вариациялармен қолданады. Жаттығудың орындалу барысында оқушы әрдайым ізденіс үстінде болып, алдына қойылған міндеттер мен мәселелерді шешудің өзіне таныс жолдарына сүйене отырып, жаңа жолдар табуға ұмтылысын қалыптастырады. Әдістемелік сөздікте жаттығуды «оқу материалын меңгеруді ұйымдастырғанда, оқу үдерісінде қолданылатын әдістемелік жүйенің құрылымдық бөлігі» деп анықтайды [1, 154]

Қазақ тілі сабақтарында жаттығу жұмыстарының алатын орны ерекше. Жалпы әдістеме ілімінде жаттығулар жүйесін жасау мәселесі – оқыту жүйесіндеғі күрделі мәселелердің бірі. Оқулықтар мен оқу құралдарына талдау жұмыстарын зерделесек, XX ғасырдың 60-жылдарына дейінгі тілдік, яғни, ғрамматикалық жаттығуларға көп мән беріліп, оқыту үдерісінде оның үлес салмағының басым болғанын байқаймыз. Бұны сөйлеу әрекеті ғрамматиканы иғеру неғізінде ғана жүзеге асады деген пікірдің басым болғанымен түсіндіруімізге болады.

Жаттығулар әдісінің негізгі қызметі – оқушының алған білімі мен іскерлеғінің дағдыға айналуы және практикалық жағдайда орындай алуға мүмкіндік жасау. Жаттығу жұмысын жүргізу – әр пәннің міндетті бөліғі. Теориялық материалдарды берік меңгерту жаттығу жұмыстарының тиімді де жүйелі құрылуымен байланысты. Жаттығу жұмыстары жеңілден басталып, бірте-бірте күрделене түсіп, оқушылардың ізденімпаздық қабілеттерін арттыратын шығармашылық деңгейдеғі жаттығуға дейін көтерілуі тиіс.

Әдістемелік еңбектерде жаттығу жұмыстарын әртүрлі топтайды. Әдіскер ғалым Ә.Әбілқаев: «Жаттығу тілді оқыту процесінің қажетті құрамды бөліғі болып табылады. Жаттығуларсыз қазақ тілі сабағын өткізу мүмкін емес», - дей келе, қазақ тілін оқытумен байланысты жаттығуларды орындай түріне қарай ауызша, жазбаша, қиындық дәрежесіне қарай оңайдан қиынға қарай деп бөлінеді де, жаттығулардың түрін көрсетеді [2,87].

Хасен Арғынов сөз тіркестерін меңгертуге байланысты төмендегідей жұмыстарды атап көрсетеді:

- берілген сөйлемдердегі сөз тіркестерін тапқызу, олардың бағыныңқы, басыңқы компоненттерін атату, қай сөз табынан болғанын дәлелдету;
- сөздер беріледі, солардан сөз тіркестерін жасату, олардың қайсысы есімді сөз тіркесі, қайсысы етістік сөз тіркесі деп аталатынын айтқызу;
- есімді сөз тіркестерінің бағыныңқы компоненттерінің қай сөз табынан жасалғанын сұрау;
- етістікті тіркестерінің бағыныңқы компоненттерінің қандай тұлғада, қай сөз табынан жасалғанын сұрау;
- өлеңді сөйлемдердегі сөз тіркестерін атау, олардың сөз тіркесінің қай түрі болып тұрғанын айтқызу және дәлелдету [3,54].

Профессор С.Рахметова: «Грамматикалық жаттығулар оқушылардың қандай тілдік материалдармен жұмыс жасауына қарай, фонетикалық, морфолоғиялық, синтаксистік және лексикалық болып бөлінеді» [4,63], - дейді.

З.Бейсембаева: «Сабақтың дидактикалық мақсатына қарай жаттығулардың түрі де (дайындық жаттығу, байқау-сынау жаттығулары, машықтану жаттығулары, т.б), өткізу формасы да (ауызша, жазбаша) әр түрлі» [5, 47], - дейді.

Н. Құрманова өз еңбектерінде жаттығуларды аналитикалық (теориялық материалдарды иғеруде оны дағдыға айналдыру мақсатында), синтетикалық (ғрамматикалық ішкі заңдылықтарын тілде қолдана білуге), аналитика-синтетикалық (стильді ажырата білу, редакциялау, шығармашылығын арттыру мақсатында жаттығулар) деп бөлінеді [6, 76].

Грамматикалық жаттығулар оқылатын ғрамматикалық формалардың дифференцациялануына мүмкіндік береді. Олар нақты бір ереже бойынша жасалған мәтіннің мазмұнын, стилін, формасын анықтауға көмектеседі.

Грамматикалық жаттығулардың басты міндеті – сөз құрамын өзгертуге, сөздердің бір-бірімен тіркесу амалдары мен тәсілдерін үйренуге жол ашады.

Грамматикалық жаттығуларды орындау арқылы оқушыларға сөз тіркесін құрауына, жалғаулар мен жұрнақтардың қызмет ерекшеліғіне назар аудартылады. Қазақ тілі сабақтарында меңгертілетін ғрамматикалық минимум ғрамматикалық жаттығулар мен тапсырмалар арқылы дамытылып, таза тіл ғылымы – лингвистикадан, дидактикалық бейімдеуден өткізілген жаттығуларға жатады.

1-жаттығу. Көп нүктенің орнына бағыныңқы сөз қойып, сөз тіркесін жасаңыздар.

... мекеме, ... еңбек, ... студент, ... басшысы, ... бала, ... бағу, ... көше, болжау, ... тұру, ... үйрену, ... қатынасу, ... шөп, ... дәптер, ... даусы, ... жүру, ... шұғылдану, ... уағыздау.

2-жаттығу. Кестеде берілген сөз тіркестерін байланысу түрлеріне қарай ажыратыңыздар.

№	*Мысалдар*	*Қиысу*	*Матасу*	*Меңгеру*	*Қабысу*	*Жанасу*
1	Алғашқы ойлар					
2	Табиғат сыйы					
3	Уақыттан озған					
4	Сендер сөйлеңдер					
5	Былтыр тапсырды					
6	Білгенге маржан					
7	Екі дос					
8	Біздің ауыл					
9	Сен таныссың					
10	Көпір арқылы өту					

3-жаттығу. Төмендегі сөз тіркестерінің қайсысы тұрақты сөз тіркесі, қайсысы мақал-мәтел, қайсысы еркін тіркесі екенін ажыратыңыздар. Олардың қандай мағына беретінін айтып беріңіздер.

Ас - адамның арқауы; аулаға шығу; түймедейді түйедей ету; жүрегі тас төбесіне шығу; өнерлі бала сүйкімді; білімді адам; жүрек жұтқан; көз қорқақ, қол батыр; көзі ауырды; қолды болды; ұлық болсаң, кішік бол;жасы кіші; ағаштан түйін түйген; жүрек жұтқан; темірді қызғанда соқ; кең болсаң, кем болмассың; ит өлген жерде; еңбек етсең емерсің; еңбек ету; санын соғып қалу; қырғи қабақ болу; көппен көрген ұлы той; қаны қайнау.

Грамматикалық жаттығулардың мазмұны – сөздерді дұрыс тіркестіруге дағдыландыруға, сөйлемнің құрылуы мен айтылуын меңгертуге байланысты анықталады. Грамматикалық жаттығулар жүйесі бірізділікпен, жеңілден қиынға қағидасымен іске асырылады.

1. Азимов Э.Г., Щукин А.И. Словарь методических терминов. – Санк-Петербург, 1999 ж

2. Әбілқаев Ә. Қазақ тілін оқыту әдістемесі, Алматы,1998 ж.

3. Арғынов Х. Жай сөйлем синтаксисін оқытудың методикасы. Алматы, 1987 ж.

4. Рахметова С. Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытудың ғылыми әдістемелік негіздері (Ауызша және жазбаша тіл дамыту әдістемесі): п.ғ.д. автореф. – Алматы, 1994 ж.

5. Бейсембаева З. Қазақ тілінің сөзжасамдық жүйесін модульдік технология негізінде оқыту. – Алматы, 2006 ж.

6. Құрманова Н. Қазақ мектептерінде сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері: п.ғ.д. .. автореф. – Алматы, 2004 ж.

Резюме

Г.Т. Текесбаева. Виды упражнений выполняемых на уроках казахского языка

В статье говорится о видах упражнений, которые выполняются на уроках казахского языка. Прочное освоение теоретических материалов связано с эффективным и систематическим созданием работы с упражнениями. В процессе выполнения упражнений формируется у учащихся умственная деятельность и развивается активность умственной функции. Упражнения – совокупность взаимосвязанных деятельностей, направленных на единую цель. Эти деятельности в зависимости от языковой и мыслительной сложности ыполняются по очередно. Так как упражнения закладывают основы какой-либо деятельности оно занимает существенную роль в процессе освоения знаний учащимися. В ходе выполнения упражнений учащиеся находятся в постоянном поиске. Опираясь на свои знания ученики пытаются найти новые пути решения поставленных задач и проблем.

На основе упражнений, выполняемых на уроках казахского языка учащиеся усваивая языковые материалы учатся их применять в различных языковых ситуациях.

Ключевые слова: казахский язык, личность, упражнение, устно, письменно, метод, методика, обучение, ученик, процесс

Summary

G. Tekesbayeva. Types of grammar exercises at the lessons of kazakh

The article deals with the types of exercises Kazakh language. Good understanding theoretical materials connected with building effective and systematic work. When pupils do grammar exercises, they improve and develop their mental-moral qualities. Grammar exercises are totality interconnected activities, aimed at the goal. These actions depending on of language and mental complexity perform step by step. Grammar exercises are too important in order that, pupils could understand, because exercise creates certain activity. In the process of doing grammar exercises, pupils are always try to solve their tasks and problems.

At the lesson of Kazakh language, pupils become able to learn language skills and also they apply these skills on different language situations.

Key words: Kazakh language, personality, exercise, orally, written, method, methodology, training, pupil, process.

ӘОЖ 81'243

ОРЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІН ОҚИТЫН ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРДІ СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУ (ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛЕР)

Д.С. Толмачева – *ф.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,*
Е.Р. Игнатова – *ф.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,*
А.Е. Саденова – *ф.ғ.д., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

Аңдатпа. Мақалада орыс және қазақ тілдерін оқитын шетелдік студенттердің сөйлеуін қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Сөйлеуге үйретудің психологиялық мәселелері сөз болады. Сөйлеу үшін қажетті жайттардың арасындағы жағдаят мәселесіне және оның компоненттеріне назар аударылады. Оқу үдерісі барлық шынайы жағдаяттарды көрсете алмайды, сондықтан да шынайы тілдік қатынасқа жақын коммуникативтік оқу жағдаяттарының үлгілері ұсынылады.

Мақалада оқудың түрлі кезеңдеріне тиесілі түрлі әдістемелік ұсыныстар берілген. Айтылымның тілдік қана емес, сондай-ақ мазмұнды жағына да назар аударылады.

Сөйлеуге үйрету үшін көрнекі нысандар, диалогтар мен полилогтарды қолдану ұсынылады.

Мақалада ұсынылған жаттығулардың жүйесі ауызша сөйлеуді дамытуға көмектеседі.

Түйін сөздер: сөйлеу, психологиялық алғышарттарды саралау, коммуникативтік жағдаяттар, айтылымның мазмұнды нысаны.

Орыс және қазақ тілдерін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінің мақсаттары практикалық, жалпы білім беру, тәрбиелік, дамытушы болып табылады. Дегенмен соңғы жылдардағы зерттеулерде оқытудың тағы бір инновациялық мақсаты стратегиялық (ғаламдық) туралы сөз болуда.

Стратегиялық мақсаттың мәні тілді оқыту үдерісіндегі сөйлесуде тілдік құрал арқылы қоршаған орта туралы өз ойын жеткізін бере алу және қоршаған шынайы әлемде белгілі бір мақсаттарға жете алу деңгейіндегі екінші тілдік тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Жоғарыда айтылғандардан, сөйлеу – бұл әлеуметтік феномен және оның туындауы – ойлау міндеттерінің тұжырымы деп қорытынды жасауға болады. Сондықтан қарым-қатынас жасай алу және оны дұрыс бағалай алу дағдысы сөйлеуді тудырудың негізгі компоненттерінің бірі болып табылады, сонымен қатар өзінің лингвоқоғам өкілдерімен қарым-қатынас жасай алу дағдысы тұлғаның қоғам мәдениетін игеру аясындағы, табиғи әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу барысында қалыптасады деп айта аламыз.

Коммуникативтік бағыт бойынша тіл үйрену ана тілін меңгерудегі ұстанымдарға негізделеді. Әрбір тіл үйренуші бірінші кезекте сөйлеуді үйренуі тиіс. Ал грамматика коммуникация барысында дамиды. Демек тіл үйрену мазмұнын грамматика емес, қатысым табиғаты айқындайды.

Сөйлеу үдерісінің өз алдына мақсаты мен міндеті болады, ол қалайда психологиялық тұрғыдан белгілі бір тілек пен себепке байланысты болады. Бұл мақсат бойынша сөйлеуден өзге де мәселенің жайын тілдік құрал арқылы шешу талап етіледі. Сонымен, тіл меңгерудегі сөйлеу дегеніміз – тіл үйренушінің өз ойын құрастырып, оны ауызша тұжырымдап айтуы. Психологтардың пікірінше, ол – өте күрделі және көп қырлы үдеріс. Сөйлеу басқа сөз әрекетінің түрлеріне қарағанда тіл үйренушінің психикалық жағдайына көбірек байланысты болып келеді. Сөйлеу тіл үйренушілердің бұл әрекетке көзқарасына, дайындығына, қарым-қатынас жасау актісіне қаншалықты қатысу ниетіне тығыз байланысты туындайды.

Әдістемелік міндеттерді шешу үшін бұл бағытта сөйлесуге қатысушының бірден немесе біраз уақыттан соң жауап бере алу әрекетімен анықталатын сөйлеудің нәтижесі маңызды мәнге ие болады. Мұндай нәтиже тыңдаушының мінез-құлқынан, әрекетінен, әсер етуінен және сөйлеу ниетін практикалық жүзеге асыруынан көрінеді.

Сөйлеуге үйретуге қысқаша психологиялық талдау жасаудан мынадай қорытынды шығаруға болады, яғни қатынас жасаудың осы түрінің нәтижелі дамуы келесі жайттарға байланысты болып келеді. а) сөйлеудің техникалық дағдысының қалыптасуы – фонетикалық және лексика-грамматикалық түрлерінің болуы, ішкі сөйлеудің редукциялануы, балама сөздерді ауыстырып қолдана алу дағдысының болуы; б) оқыту уәждемесінің болуы; в) жағдаяттық шарттылықты жүзеге асыру; ғ) тілдесуде сөздің орнын дұрыс ауыстыра білу.

Осы жоғарыда аталғандардың ішінде жағдаят ерекше мәнге ие. Бұл уәж бен қажеттіліктің пайда болуына себепші болады, сонымен қатар ойлау қызметін күшейтеді, оқу үдерісін табиғи ауызша сөйлеуге жақындатады.

Жағдаяттың компоненттері мен белгілері туралы көптеген авторлар сөз қозғаған. Нақты жағдаятқа және қатынас жасау түріне байланысты түрлі түсініктемелер немесе компоненттерінің көлеміне сай түрлі анықтамалар беріледі.

Жағдаяттылық – тіл үйренушінің үйренуге, меңгеруге, білуге қызығушылығы – меңгеру жүйесіндегі маңызды стимул. Жағдаяттылық (ситуативность) – сөйлеуге үйретудің маңызды шарты. Жағдаят дегеніміз – сөйлеудің түрткісі. Жағдаят сөйлеушілер айналасындағы заттар емес, сөйлесушілердің өзара қарым-қатынас жүйесі. Әңгімелесу дегеніміз – шындық өмірде бір нәрсені сұрау, түсіну, сендіру, таңдану, ренжу және т.б. Сөйлеу жағдаяттарының олардың іс-әрекетімен байланысты болуы баяндау, әңгімелеу үшін түрткі болып табылады. Тіл үйренушінің сөйлеу дағдысын және сөйлеу шеберлігін қалыптастыру үшін жағдаяттылықтың маңыздылығы қажет.

Тіл үйренудегі сөйлеу жағдаяттығының мақсаты – тіл үйренушілерді тілдесімге дайындау, сөз арқылы, диалоғтық сөйлесу арқылы тілдік қатынасқа, диалоғтық тілдесімге шығару. Оның негізінде жағдаят жатады, басқаша айтқанда тілдесім жағдаят арқылы жүзеге асады. Тіл үйренушінің әртүрлі жағдаятқа байланысты қатысымдық құзыреттілігін қазақ және орыс тілдерін үйретудегі әрбір сабақтағы лексикалық минимум арқылы елтану, мәдениеттануға қатысты білімдері арқылы қалыптастыруға болады.

Ең көп айтылатын Д. Вундерлихтің үлгісі болып табылады, ол сегіз компонентке бөлінеді: сөйлеуші, коммуникативтік серіктес, сөйлеу уақыты, сөйлеу орны, фонологиялық-синтаксистік ерекшелік, сөйлеудің когнитивтік мазмұны, әңгіме бастаушы, сөйлеушінің сөйлеу ниеті. Оқыту үдерісі тіл үйренушілерге барлық шынайы сөйлеу жағдаятымен қамтамасыз етіп, толық көрсете алмайды, сондықтан сөйлеу дағдысы коммуникативтік шынайы сөйлеу қатынасын оқу жағдаятында қолдану барысында қалыптасуы қажет.

Оқу жағдаятының табиғи жағдаяттан ерекшелігі жағдаят компоненттерін сипаттаудан және вербалды стимулдың болуынан, бірнеше рет айтылу мүмкіндігінен, тірек сөздің болуынан көрінеді.

Оқытудың түрлі кезеңі жағдаятты сипаттаудағы оқытушының қатысуының түрлі дәрежесін көрсетеді. Бастапқы кезеңде оқытушы жағдаяттарды әдетте көрнекі құрал мен тақырыпқа сүйене отырып, коммуникативтік міндеттерді және тілдік материалды анықтай отырып құрады. Бұл жағдайда тақырыпты, уақытты, тілдесу орнын және ішінара тілдік материалды оқытушы береді. Тіл үйренушілер бұрын меңгерген материалды, сонымен қатар сөйлеу, этикалық және сөзтудырушы формаларды өз еркімен қолданулары керек.

Еркін жағдаятты тілдесу кезінде тіл үйренушілер өзін-өзі ұстау және сөйлеуді тілдік толықтыру стратегиясын таңдайды, ал оқытушы өтіп жатқан үдерісті бақылайды. Оқытудың жалғастырушы кезеңінде еркін, рөлдік ойын барысында пікірсайыста, пікірталаста тосыннан туындайтын айтылымдары бар жағдаяттарды оқытушы қадағалап отырады.

Ауызша сөйлеуге үйрету үшін жүйелі түрде арнайы құрылған жағдаяттардың үлкен мәні бар.

Қазіргі орыс және қазақ тілдерін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінің тіл үйренушілерді сөйлеуге тиімді үйрету үшін интерактивті түрлері қолданылады. Тіл үйренушілер жұптық, топтық және ұжымдық тапсырмаларды орындай отырып, сөйлеудің тілдік формасына емес, мазмұнына назар аударады. Мұнда бірлескен әрекеттің мақсаты бір-бірімен танысу, жаңа қажетті мәлімет алу, белгілі бір мәселені бірге талқылау, пікірсайысқа, коммуникативтік ойынға қатысу маңызды болып табылады. Мұнда диалоғ та, полилоғ та болуы мүмкін.

Араларында бірнеше пікір алмасу жүретін коммуникативтік акт моделінде екі немесе одан да көп тұлғалар қатысады. Мұндай қатынас үшін айтылымның қысқалығы тән (эллиптілік) болып келеді. Жағдаяттың бірдей болуы әңгімелесушілердің байланысы, бейвербалды элементтерді кең көлемде қолдану жорамалдың пайда болуына себеп болады, сөйлеушілерге тілдік бірліктерді қысқартуға мүмкіндік береді. Диалоғтық сөйлеудің басқа да ерекшелігі оның кенеттен пайда болуы, қалай дегенмен, әңгіменің мазмұны және оның құрылымы әңгімелесушілердің репликасына байланысты болады. Диалоғқа эмоциялық пен экспрессивтілік тән болып келеді, ол субъективті бағалай сөйлеуде, бейвербалды құралдарды кең қолдануда, әр түрлі клишеде, ауызекі сөйлеу түрлерінде, сонымен бірге еркін құрылған сөйлемде көрінеді.

Сондықтан тіл үйренушілерді сөйлеуге үйретуде әртүрлі коммуникативтік жаттығулар (дайындық және сөйлеу) көмегімен бақылау арқылы қалыптасқан дағдыға, тілдесу үдерісінде қолданылатын көптеген компоненттері бар сөйлеу механизміне мән береміз.

Орыс және қазақ тілдерін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінде сөйлеуге үйрету үшін табиғи сөйлеуге ұқсас сөйлеуді қалыптастыруға арналған жаттығулар жүйесі бар. Ауызша тілдесудің формасы ретінде сөйлеудің ерекшелігін есепке ала отырып, тілдесу үдерісінде дайындалмаған айтылым келесі жүйеде қалыптасады. Дайындалған сөйлеу келесі кезеңдерге бөлінеді: 1) түрлендірілген мәтін-үлгісі. 2) еркін сөйлей алу: а) вербалды сөйлеуге сүйену (түйін сөздер, жоспар, тезистер, тақырыптар және т.б); б) мәлімет негізіне сүйену (сурет, көркемфильм, телебағдарлама ж.т.б.); в) оқылған тақырыпқа сүйену.

Дайындалған сөйлеуді үйрету үшін келесі сөйлеу жаттығулары ұсынылады: сұрақтарға жауаптар (қысқа, толық, кеңейтілген); мәтінге негізгі сұрақ қою; тыңдалған немесе оқылған монолог мәтінін диалогқа айналдыру; берілген жағдаятқа және оқылған тақырыпқа диалог құрау; диалогты толықтыру немесе түрін өзгерту; көркемфильм, әңгіме мазмұны бойынша диалог құрау (немесе өз бетінше) және т.б.; сұраққа оң немесе теріс жауап беру және оны түсіндіру; болжау арқылы диалогты аяқтау (кім кіммен сөйлесті, қайда, қашан, не туралы) және т.б.

Дайындықсыз сөйлеудің даму кезеңдері: а) мәлімет көздеріне сүйену (кітап, мақала, сурет, көркем немесе деректі фильм); б) тіл үйренушілердің өмірлік немесе сөйлеу тәжірибесіне сүйену (бір кезде көрген немесе оқыған, өзінің түйгені, жеке қиялына); в) пікірсайыстағы және рөлді ойындардағы күрделі жағдаяттарға сүйену. Дайындықсыз сөйлеуді дамытуда келесі сөйлеу жаттығуларын мақсатты түрде қолдану: а) сұрақтарға дәлелді жауаптарды құрау; б) аралас диалогтарды өткізу (басқа қатысушылардың түсіндіруімен және репликасымен); в) рөлдік ойын немесе викторина өткізу; г) пікірсайыс пен пікірталас өткізу; д) дөңгелек үстел, коммуникативтік ойындар өткізу.

Ауызша сөйлеуді дамытуға бағытталған, басқа жұмыстардың алдында басым тұратын, коммуникативтік, сондай-ақ рөлдік ойындардың ерекшеліктері болып, аталған жаттығуларда сөйлеу әрекеті әлеуметтік мәнмәтінде қарастырылады, мұнда әңгіме тақырыбы, әңгімелесуші серіктестердің арасындағы қатынасы, әрекеттің орны мен уақыты, серіктес туралы алдына ала білуі есепке алынады, осының бәрі сөйлеуге оқыту үдерісін шынайы өмірге жақындатуға себепші болады.

Сөйлеуге үйретудің бөлінбейтін бөлігі болып келесі параметр бойынша сөйлеу дағдысын қалыптастыру деңгейін бақылау болып табылады: ұсынылған репликаға кері әсер ету тездігі; сөйлеу формуласын дұрыс жүзеге асыру; репликаның орынды болуы және оның әртүрлілігі; лексикалық және грамматикалық құрылымды қолданудың дұрыстығы: диалогтың сипатын қадағалау (элиптілік, жағдаяттық, эмоционалды-бағалы сөз бен сөйлемнің болуы).

Диалогтық сөйлеуге үйретуде тілдік және тілдік емес құралдарды әлеуметтік және психологиялық рөлдермен байланыстыра отырып жүзеге асыру маңызды болып табылады. Жағдаят элементін кең тұрғыдан талқылауға, әңгімелесушілердің әлеуметтік рөлін көрсету, олардың әңгімеге түсудегі психологиялық стратегиясы мен тактикасын жасауда әріптестің алдын ала біле алуына болатын диалогтың көлемін және оның барысын мүмкіндігінше анықтай алуына ықпал етеді. Мұнда ең алдымен айтылымның туындауы, оның коммуникативтік мәні мен тілдің нормасына сай келуі дамытылады. Диалогқа үйретуде бір жағынан репликалардың кезектесе алмасуына үйрету көзделсе, екінші жағынан жағдаяттың өзгеруі көрінетін қарым-қатынасқа түсуге, диалогтық сөйлеуге үйрету көзделеді.

Сонымен сөйлеу – сөйлеу әрекеті үдерісіндегі қатынас жасаудың ауызша формасы және тіл үйренушілердің оқу мақсаты болып табылады. Сондықтан біздің көзқарасымыз бойынша, әсіресе, осы сөйлесудің өзара әрекет ету формалары мұқият зерттелуі, оқытылуы және өмірге ендірілуі қажет.

1 Шамова А.Н. Методика преподавания иностранных языков. – М., 2008. – 196 б.

2 Васбурд М Л. Использование учебно-речевых ситуаций при обучении устной речи на иностранном языке. – Обнинск, 2001. – 243 б.

3 Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика. – М., 2007. – 257 б.

4 Саденова А.Е. Диалогтық дискурс: теориядан меңгеруге дейін. – Алматы: «Әрекет-Принт», 2009. – 150 б.

Резюме

Д.С. Толмачева, Е.Р. Игнатова, А.Е. Саденова. Обучение говорению иностранных студентов, изучающих русский и казахский языки (традиционная и инновационная методики)

В статье рассматриваются приёмы формирования говорения иностранных учащихся, изучающих русский и казахский языки, даётся анализ психологических предпосылок обучения говорения. Важное место среди условий, необходимых для говорения отводится ситуациям и их компонентам. Учебный процесс не может отразить все реально существующие ситуации, поэтому предлагается моделировать учебные коммуникативные ситуации, которые имитируют реальное речевое общение.

В статье предложены разные методические рекомендации, соответствующие разным этапам обучения. Акцентируется внимание не только на языковой форме высказывания, но и на содержательной.

Для обучения говорению предлагаются интерактивные формы, использование диалогов и полилогов.

Система упражнений, представленная в статье, способствует развитию устного общения.

Ключевые слова: говорение, анализ психологических предпосылок, коммуникативные ситуации, содержательная форма высказывания.

Summary

D.S.Tolmachyova, Y.R.Ignatova, A.E. Sadenova. Communication practices for foreign students studying Russian and Kazakh (traditional and innovative methods)

The article covers the methods of communication techniquescreationfor foreign students studying Russian and Kazakh as well as psychological analyses of communication problems. The major role in successful communication is creating the favorable condition for productive speaking. The current studying techniques cannot include all real life scenarios. Therefore it is recommended to develop series of real life situations imitating real conversations helping the learning process.

The article covers different methodological recommendations, which correspond to different studying stages. The emphasis is not only on usage of the words in conversation but also the logical meaning of the content.

The different interactive forms of studying, dialogs, polilogsare proposed in the article for communication practices.

The exercises provided in the article facilitate communication practices application.

Key words: communication, psychological analyses of communication problems, communication life situations, logical meaning of the content.

ЖУРНАЛИСТИКА

УДК 811.512 122·42

МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНДЕГІ ЭКСПРЕССИЯ МЕН ЭМОҢИЯНЫҢ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР, МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР ЖӘНЕ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕР АРҚЫЛЫ КӨРІНУ СИПАТЫ

Г.Е. Дюсембина – *Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің III курс PhD докторанты*

Аңдатпа. Қазіргі баспасөзде экспрессия мен эмоцияның тілдік құралдар арқылы берілетін эмоционалдық реңкі оны саяси маңызды, магынасы терең, халыққа ұғынықты және демократиялық принципке сай деп айтуға толық мүмкіндік береді. Мерзімді баспасөз тілінің лексикасы барынша стандартты келеді десек те, әдеби тілге тән экспрессивтік тілдік құралдар баспасөз тілінің де шарайын кіргізіп, эмоционалдық реңк үстемелейді. Аталмыш мақаламызда мерзімді баспасөздегі экспрессия мен эмоцияны білдірудегі психолингвистикалық құрылымдар, ягни фразеологизмдер, мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер сынды тілдік құралдардың қолданылу ерекшелігі мен түрлері, жасалу жолдары мен рөлі турасында сөз қозғалады.

Түйін сөздер: экспрессия, эмоция, саяси дискурс, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, таным, «әлем суреті», баспасөз, адресант-адресат, инварианттар.

Баспасөз және насихат құралдары тілдің бағалауыштық мүмкіндігін пайдалана отырып, құндылықтар жүйесін реттеп, сол арқылы аудиторияға әсер етуді көздейді. Аудиторияның ақпаратты қабылдауы, түсінуі ақпараттық хабарламада адресант жеткізгенген оқиғаға берілген бағаға байланысты болады. Тілдік бағалауыш құралдарды реттеу арқылы тек ақпараттың қабылдануы мен түсіндірілуін ретке келтірін қана қоймай, шынайы өмірдегі саяси мәні бар оқиғаларға деген көзқарасқа бағыт беруге болады [1; 6].

Танымдық процесс негізінде дамыған адам санасы объекті мен субъектінің арасындағы эмоционалдық қатынасты қалыптастырады. Эмоция, психолоғтар мен философтардың айтуынша, объективті шындықты бейнелеудің, танып білудің және бағалаудың түрі әрі ол адам әрекетінің негізі болатын қажеттілікпен тікелей байланысты.

Танымдық процес сананы дамытады, өйткені объекті мен субъекті арасындағы күрделі қарым-қатынас адамды ойға жетелейді. Қоғам бар жерде адам, адам бар жерде таным процесі жүрін жатады.

Публицистика мәтіндеріндегі экспрессия мен эмоцияның тілдік құралдар арқылы берілу жайы назар аударарлық мәселе. Публицистикалық шығармалардың тақырыптары әр алуан, заман қажеттігіне орай әр қилы болып келеді.

А.Н. Гвоздев бұл стильдің интелектуалдылықты, көркем тілдік құралдарды таңдап алу мен оларды орынды қолдануды талап ететін, оқырмандар мен тыңдармандарды тәнті ететін қатал логикалық ой-тұжырымның, көркемдіктің және оқырманның терең толғанысы мен күреске ұмтылысын оятатын эмоционалдылықтың жүйесін құрайтынын нақтылап көрсеткен [2; 25].

Күрделі мазмұнды өмірдің ырғағы әрбір публицистен шұғыл ойлауды, әлеуметтік шындықты терең түсінуді, ой-тұжырымын халыққа ықшам түрде әрі көркем, әрі ұғынықты жеткізуді талап етеді. Ал мұндай әрекеттің публицистикалық стильдің лексикалық сипатын қоюландыра түсері сөзсіз [3; 197].

Газет тілінің маңызды функциялары ақпараттық болумен қатар, үгіт-насихаттық, әсер етушілік және экспрессивтік болмақ. Соңғы екі функция ғазет тілінде мағыналық жағынан аса жақын: үгіт-насихат батыл айтылғанда, әсер етушілік пен экспрессивтік қатар жүретіні анық. Сондықтан мерзімді баспасөз тілі стандарттан, штамптан ауытқып, журналистің ойы экспрессивті түрде жеткізіледі.

Газеттің экспрессивті функциясы үгіт-насихаттық бағыттан айқын көрінеді және ол сөздің ашық бағалауыштық сипатын танытады.

Мәселен, қазақ тілі лексикасында мақал-мәтелдер, фразеологиялық тіркестер мен қанатты сөздер мағыналары терең болғандықтан, адресанттың ойын әріден толғап, адресатқа анағұрлым нақты әрі әсерлі етін жеткізеді. Бұлар сөз бен сөйлемдерге экспрессивтік реңк беретін болғандықтан адресант үшін аса ыңғайлы. Айшықтық, бейнелік, көркем суреттеу мүмкіндігі мол мұндай стилистикалық қолданымдар публицистикалық саяси дискурстардың экспрессивтік-эмоционалық мағынасын тереңдете түседі.

Билік жауырды жаба тоқимын десе де, бірталай дүниенің беті ашылды («Жас Алаш», 31.12.2009).

Дәл қазір республиканың барлық аймағында қымбатшылық қос бүйірден қысып тұр («Жас Алаш», 10.11. 2011).

Болашақ ұрпақ "осындай бассыздыққа қарсы бас көтермей, не қарап қалдың?" деп бетіме түкіргенін қаламаймын («Жас Алаш», 07.05.2013).

Мұны құлағына құйып өскен ұрпақ ұлтшыл, отаншыл болып ержетті. Қазақ хал-қына да сондай тәрбие құралы керек. Ол соғыс немесе өткен тарих болмай-ақ қойсын, бірақ қоғамды біріктіретін, үміт ұялататын құндылық табу қажет-ақ («Жас Алаш», 28.12.2010).

Осы сөйлемдердегі қара курсивпен көрсетілген идиомалық тіркестер - автордың сөзіне түрлі эмоционалық реңк берін тұрған көркемдеу тәсілдері.

Ал, ***беті ашылу*** *(«мәлім болу, анықталыу»),* ***қос бүйірден қысу*** *(«қинау»),* ***бас көтермеу*** *(«қарсы келмеу»),* ***бетке түкіру*** *(«өкпелеу, ренжу»),* ***құлағына құйып өсу*** *(«естіп, тыңдап өсу»),* ***үміт ұялату*** *(«үміттену»)* фразалық тіркестерін қолданылу арқылы адресант өзінің ішкі ойын өте әсерлі жеткізген.

Ауылдан қалаға ағылғандардың, ***айлығы шайлығына жетпей*** *отырған ата-аналардың,* ***екі қолға бір күрек таба алмай*** *сандалған жұмыссыздардың, зейнетақыға* ***күні қарап қалған*** *отбасылардың, мемлекеттің болмашы жәрдемақысын* ***талшық етіп жүргендердің қалтасы көтереді*** *дегенге сену қиын-ақ («Жас Алаш», 30.08 2011).*

Дәл қазір толық електен өткізетін болса, республикада мемлекет белгілеген дәл осы талаптарға сай келмейтін білім ошақтарының саны ***жыртылып, айырылады****. Әйтсе де, жасыратын несі бар, танымал тұлғаларымыздың барлығы дерлік денсаулық саласындағы кем-кетіктерді ашық айтуға жасқанып,* ***жауырды жаба тоқитыны*** *анық («Жас Алаш», 30.08.2011.)*

Мәселен, Қызылорда облысындағы ***көлік ізі сирек түсетін*** *қашықта жатқан елдімекендер баршылық. Ондағы мектептерге қай чемпион немесе жүлдегер спортшы* ***ат басын бұрып****, "денсаулық" тақырыбында сабақ оқымақ? («Жас Алаш», 03.12.2009).*

Енді ҰҚК-нің төрағасы қайтер екен? Қарамағындағыларды шынымен де ***отқа тастай ма****, әлде... («Жас Алаш», 03.12.2009).*

Шындығында, бүгінгі қазақ зиялысының ***сөзге қыры болғанымен****,* ***табанында бүрі жоқ****. Нысанаға алған бетімен қасқайып тұрмай,* ***жеме-жемге келгенде тайқып шыға береді****. Осыдан кейін елдің шеті мен* ***желдің өтінде*** *тұратын ұлт азаматтары "қазақтың ұл-қыздары кімнен үлгі алуы тиіс?" деп ойлайсың. Ұрпаққа талғамды тәрбие, салиқалы саясат, салауатты өмір мен сындарлы тарихты қалыптастыратын қазіргі қоғамның* ***келбеті неге мың құбылады****? («Жас Алаш», 13.10.2011).*

Мұның астарында бүгінде ***дәуірі жүріп тұрған*** *Құлыбаевтың ықпалынан жасқану жатқан сияқты («Жас Алаш», 13.10.2011).*

Ал ***айлығы шайлығына жетпеу*** *(«қаражаты ішіп-жеміне жетпеу»),* ***екі қолға бір күрек таба алмау*** *(«жұмыссыздық, жұмыс тапшылығы»),* ***күні қарап қалу*** *(« »),* ***талшық етіп жүру*** *(«күнелту, асыраау, өмір сүру»),* ***қалтасы көтермеу*** *(«жағдайы келмеу», «ақшасы тапшылыға тап болу,белгілі бір нәрсеге тәуелді болу»),* ***көлік ізі сирек түсу*** *(«өте шалғай, алыс»),* ***ат басын бұру*** *(«көңіл болу»),* ***отқа тастау*** *(«сатқындық жасау»),* ***жауырды жаба тоқу*** *(«кемшілігін жасырды»),* ***сөзге қыры болу*** *«сөзге шешен, сөзге шебер»,* ***табанында бүрі болмау*** *(«айтқанына тұрмайтын жалтақ, табансыз»),* ***жеме-жемге келгенде*** *(«бірме-бір келгенде, мезгілі жеткенде* ***тайқып шығу*** *(«өз сөзінде тұрмау, жалтақ болу»),* ***келбеті мың құбылу*** *(«келбеті сан алуан түрге түсті») т.б* сияқты сөйлем құрылыстары да адресанттың өз қаламынан туған шеберлік деуге болады.

Бейнелі, астарлы мағынада қисынды жұмсалатын осындай фразеологиялық құрылымдар көркем дүниенің поэтикалық деңгейін биіктетеді. Белгілі ғалым Р. Сыздық Абай өлеңдеріндегі

фразеолоғизмдердің поэтикалық экспрессиясын көрсетудегі маңызыдлық турасын айқындай отырып «Фразеолоғиялық тіркестер – семантикалық шоғырлар, яғни жеке сөз мағыналарының бір-бірінен түйсуінен туған жаңа мағыналық дүниеліктер. Демек белгілі бір қаламғерлердің жалпы тілдік қазынасын және көркемдік байлығын зерттеуде оның фразеолоғиясын тауып, тану ерекше орын алады» - деген пікірі өте орынды айтылған [4; 95].

Белгілі ғалым Г. Смағұлова адамдардағы түрлі сезімдік қатынастар мен эмоцияны білдіру үшін фразеолоғизмдердің мағыналық қызметінің жоғары екендігін баса айта отырып «Әрбір жеке адамның өзіндік қабылдауынан туатын сезімдік «дүние суреті» әсерінің көрінісі лексикаға қарағанда, фразеолоғизмдердегі эмоция мен экспрессияда анағұрлым көбірек қамтылады», - дейді автор [5; 6].

Жоғарыдағы зерттеулерге сүйенсек, ***ұнатпау-жақтырмау-жек көру*** сезімін білдіретін фразеолоғиялық тіркестер тобы баспасөз дискурстарында өте көп ұшырасатынына көз жеткіздік. Сөзіміз негізсіз болмас үшін еліміздегі *«Жас Алаш», «Дат»* сынды мерзімді баспасөз беттерінен жинақталған материалдар бойынша бірер мысалдармен дәлелдей кетейік. *Мыс: Дағдарыстың қарқынынан үрейленген билік Ұлттық қордың* ***қамбасын ашуға мәжбүр*** *болды. («Жас Алаш», 31.12.2009)* Осындағы ***қамбасын ашуға мәжбүр болу*** *(«қаражатын пайдалануға мәжбүр болу»)* - автордың ұнатпау сезімін білдірін тұрған фразеолоғиялық тіркес.

Бюджеттің 495 млрд. теңгеге жетіспейтін қаржысының орнын қалай толтыруды қазірден қолға алмаса, зейнет жасын ұзарту, декреттік төлемдерді қысқарту арқылы ел қазынасының ***бір бүйірі де жамала қоймайды****. («Жас Алаш», 07.05.2013)* деген сөйлемдегі ***бүйірі жамала қоймау*** - деген фразиолоғиялық тіркесі жақтырмау сезімін білдірін тұрумен қатар *кемшіліктердің түзеле қоймауы, жойылмауы,* тәрізді сөз қолданыстарының орнына ұтымды қолданылып, сөйлемнің экспрессивтілігін арттырып тұрғандығын анық байқауға болады.

Мәселен, келесі мысалға назар аударып көрелік. *Жауап алудан қашқан экс-әкім* ***елден безіп, шетел асты. Түйені түгімен жұтқан*** *оған «бюджет қаражатын жымқыру және қызметтік өкілеттіктерін асыра пайдалану» бойынша* ***айып тағылды****.* («Жас Алаш», 04.04.2013).

Қазақ жерінде ***жеңі ұшынан жалғасқан*** *жемқорлықтың жайлағаны соншалықты санамалап үлгермейміз.* («*Дат*», 04.04.2014).

Нұрсұлтан Назарбаев шын мәнінде мүмкін емес істерді жүзеге асыра алған, тарихта талай есесі кеткен туған елінің арғы ғасырдағы бодандықты қозғап, қозғағанның өзінде осыдан ширек ғасыр бұрын Мәскеу ***көлденең көк аттыны*** *жібере салатын елдің* ***есіктегі басын төрге алып шыққан*** *адам. («Жас Алаш», 28.12.2010)*

Осы мысалдардағы экспрессиясы аса жоғары жек көру сезімін білдіретін ***елден безіп, шетел асты, түйені түгімен жұтқан, жеңі ұшынан жалғасу, көлденең көк аттыны жібере салу, есіктегі басын төрге алып ш ығу***деген мысалдарда нақты жағдайда дойыр әрекет жасайтын объектілер мен субъектілерге деген менсінбеу сезімін жоғары экспрессивті реңкте сипаттап тұр. Бұл жердегі *«елінен алшақтап, шетелге қашып кету», «ойсырата жеген, параны көп алған», «кім көрінген», «тығырқтан алып шығу, мерейін көтеру»* сынды тіркестерге қарағанда бояу-реңкі анағұрлым басым. Ал егер осындағы әсерлі сөз қолданыстарды *«елінен алшақтады», «параны көп алған»* деген тіркестермен алмастырса, сөйлемнің эмоционалдығы солғындап, тіпті байқалмай да қалар еді. Бұл жерде адресант қара сөзге поэтикалық сарын берін, оны экспрессоид ретінде *стилема* етін пайдаланған. «*Стилема* – белгілі стильдік жүк артылып қолданылған тілдік элементтер: жеке сөздер, фразеолоғизмдер, ғрамматикалық тұлғалар»,- дейді белгілі ғалым Х. Махмудов [6; 288]. Осы тұрғыдан келгенде Л.А. Васильевтің жай сөз заттың, көзқарастың раңионалды бағасын ғана білдіретін болса, фразеолоғиялық тіркес бұған қоса сөйлеушінің айтып отырған оқиғасына айрықша қатысын, сезімін білдіретіні, яғни сөз мағынасының импликативті компоненті эмоционалдық-бағалауыштық жағынан ашыла түсетіні туралы пікірін құптауға болады [7; 181].

Жалпы жоғарда көрсетілген фразеолоғиялық тіркестердің қайсысын алсақ та, автор ойының түрлі эмоциялық көріністерін сипаттап тұр. Адресант болып жатқан жағдайды ұнатқандығын немесе жиренгендігін, яки болмаса сол әрекетті нақтылап, әсерлі етін көрсеткендігін қолданып отырған тіркестерден анық байқадық.

«Өтпелі кезеңдегі» қоғамдық-әлеуметтік жағдайларды образды түрде бейнелеу үшін адресант басқа тілдік құралдар сияқты, фразеолоғизмдерді де авторлық өзгеріске түсірін (окказионал тұлғада)

қолданып отырады. Соңғы кездегі баспасөз беттерінен мұндай бір қолданар идиомалық тіркестерді өте жиі кездестірін жататынымыз анық.

Мәселен авторлар өз тарапынан да бейнелі сөз өрнектерін жасаған. Атап айтсақ:

Ауыл тұрғындары жекешелендіру науқаны кезінде жұмыстан, үлестен құр қалып, амалсыздан ***кедейшілік қамытын мойындарына киді*** *(«Жас Алаш», 28.04.2011).*

Зәкең ***аттан түспей тұрғанда*** *қазақтың талай-талай жігіттеріне көмектесті. («Жас Алаш», 10.11.2011).*

Доктринаны түгелімен, ***астын сызып отырып*** *оқып шықтым. Орысша жазылған, оның қазақша аудармасы қалай боларын білмеймін. Мұндай құжат әуелі қазақ тілінде дайындалуы тиіс емес пе? («Жас Алаш» 15.12.2009).*

Бейбіт күнде шеру өткізгенше, соған жұмсалатын қаражатпен шенеуніктер бюджеттің ***жыртығын жамаса болмас па*** *еді? («Dat», 07.05.2013)*

«Алматы» телеарнасындағы «Тіл сақшысы» деген жаңа бағдарламаның да ашылғанын ***көзіқарақты көрермен*** *көріп, біліп жүрген болар. Қаншама мекемемен соттасып, қаншама мекеменің қатесін түзетіп, қазақтың қасіретімен* ***бетпе-бет алысып жатыр****. («Жас Алаш», 28.12.2010 ж.).*

Тәуелсіздік көкбайрағы желбірегелі *табаны күректей 19 жыл өтті. («Жас Алаш», 28.12.2010)*

Путин ***қоғамның көкірегіндегі*** *осы бір* ***қылдарды шертіп ойнағысы келеді****», – дейді Азаттық радиосына Мәскеуде орналасқан Саяси бағалау орталығының сарапшысы Павел Савин («Жас Алаш», 13.10.2011).*

Мұның астарында бүгінде ***дәуірі жүріп тұрған*** *Құлыбаевтың ықпалынан жасқану жатқан сияқты («Жас Алаш», 13.10.2011).*

